Барың аян, күн мен айдай **жарықсың**,

Ақыл, көңіл жетпес, тегің алыс тым [1, 86 б.].

Түнек түнде шамы болды халықтың,

Саған, жұртқа **нұрын** шашты ол **жарықтың** [1, 88 б.].

Ақыл – шырақ қара түнді ашатын,

Білім – **жарық**, **нұрын** саған шашатын [1, 103 б.].

Ақын «жарық» сөзін ел басқарған әділетті басшылардың, білімнің пайдасын ашып, мейлінше дәл суреттеу үшін қолданған.

«Нұр» сөзінің қолданылуы жайлы шәкәрімтанушы ғалым С. Ізтілеуова былай деген: «Шәкәрім поэзиясы түрлі парадигмалық ұғымдарға бай. Оның танымында «Нұр» сөзі көп қолданылады. Бұл сөздің мәнісі тереңде. Өлең сөздеріне әдемілік пен ізгіліктің, мазмұндық тұрғыдан жаратушы мен адам арасындағы бір байланысты сездіретін «нұр» сөзінің қолданысы ақын шығармашылығының рухани көркем деңгейін ашуда ерекше оң беріп тұр. «Нұр» сөзі Алладан келер мейірімділік, шындық, сұлулық, ізгілік дүниелерінің мәнін ашып, дәнекерлік қызмет атқарып тұрғандай [2, 53 б.]. Шәкәрімде:

1. Кетпестей сәуле бар,

Ойымда **нұрыңнан** [3, 43 б.].

2. **Нұр** көзің сүзіліп,

Ойма от салар [3, 44 б.].

3. Кісі бағын деме бағым,

Өз дененді **нұрлы** қыл [3, 117 б.].

4. Көңлің соқыр, надансың, бейлің қара,
Нұр, жарығын қалайша көрсін көзің [3, 143 б.].
5. Сайтанға беттен сүйгізбей,
Жүрегінді **нұрмен** жу [3, 237 б.].
6. **Нұрға** байсың. **Нұрыңнан** - зекет, парыз,
Мен кедеймін, нұр сұрап қылдым арыз [3, 260 б.].
7. Жүзіңді көргелі,
Күн шықты қайтадан [3, 45 б.].
8. Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,
Жарқырап қараңғыдан туып **күнім** [3, 143 б.].
9. **Таң** артынан
Хақиқат **күн** шығады [3, 185 б.].
10. Кетгі сұм түн, шықты **нұр күн**,
Мінді көңіл шын пырақ [3, 204 б.].
11. Сер бергем еңбек етем деп,
Алдағы атар **таң** үшін [3, 176 б.].
12. Бостандық **таңы** атты,
Қазағым, көріндер [3, 185 б.].
13. Жаңа тілек,
Жарық **таң** атты, міне [3, 211 б.].
14. Бостандық **таңын** көргенім –
Кемеліме келгенім [3, 269 б.].
15. Жас көңілде **жарық** бар,
Кәріде кемдік анық бар [3, 29 б.].
16. **Жарығың** өшіп көңілден,
Кәрілік жаман өлімнен [3, 30 б.].
17. Жарқырап **нұрын** шашып, жанады шам,
Талайлар пайда алады **жарығынан** [3, 207 б.].
18. **Жарық** алып, жалғанды тексерсең де,
Таза жүрек таппайсың, сол уайым... [3, 207 б.].

Бұл мысалдардан ақынның осы сөздердің әрқайсысын түрлі мағынада қолданғанын, түрлі стильдік бояу тудырғанын байқай аламыз. Мәселен, «нұр» сөзін бірде арудың сұлулығын сипаттау үшін пайдаланса, бірде адамның жақсылығы, ізгі қасиеттері деп, ал бір жерде иман деп келтіреді. Ал «таң» сөзімен барлық жерде халық жақсы өмірінің бастауы, бостандығы, егемендігін атап көрсетілген. «Жарық» сөзін түрлі мәнде: жас адамның бойындағы күш-қайрат, жақсылық жиынтығы, тіпті иман мағынасында да пайдаланған. Ақынның елі үшін белі қайысқан азамат екендігін осы мысалдардан тағы бір байқай аламыз. Ал енді Мәшһүр Жүсіптің мысалдарына көңіл бөлсек:

1. Табылса мұндай әйел **нұр** болады,
Басқадан дәрежесі зор болады [4, 187 б.].
2. Ішпей-жемей тойғызып **нұрыменен**,
Көрінгенді бастас қып өзіменен [4, 188 б.].
3. Көз, көңіл құлын жастан **нұрға** тойған,
Таусылмас көл, теңіз қып Құдай қойған [4, 392 б.].
4. Бесінші: екі дүние **нұры** – ғылым,
Ғамалдан, ұстамасаң, жойылмағы [4, 269 б.].
5. Жалғанға жетемін деп қуа берсең,
Таң атып, жарық сәуле, шықпайды **күн** [4, 139 б.].
6. Алды-арты бұл дүниенің – қараңғы **түн**,
Үміт бар болар деген бір **жарық күн** [4, 191 б.].
7. Сіз сондай **күн** едіңіз бұлт алған,
Надандар тат боп жұғып кіршік шалған [4, 249 б.].
8. Көресің өз бойыңды өзің сонда,
Жарқ етіп ақыреттің атса **таңы** [4, 139 б.].
9. **Жарық** сәуле көре алмай, бір **таң** атып,
Кеткен **күнді** айтасың қашан батып! [4, 43 б.].
10. Майымды көп қыл-дағы жағып қара,
Тамаша **жарығыма** қалмайсың ба? [4, 152 б.].
11. Жақсы көрген кісіңнен хат алғанда,
Серпіліп, болар **жарық** әжептеуір [4, 271 б.].

Ақын «нұр» сөзімен жақсы жардың сипатын, оның жақсылығы мен ізгі қасиеттерін, бар жақсылық атаулының жиынтығын сипаттаған. Ал «жарық» сөзі бірде «жарқын болашақ, келелі келешек» мағынасында қолданылса, бірде адам бойындағы жақсы қасиет, ізгілік, сонымен қатар күш-қайрат, қуат мәнінде де көрініс тапқан.

«Кезең стилі», «ақын стилі» – өзара бір-бірімен ұштасып жатқан дүние. Өйткені кезең стилі ақын стилін айқындайды, дамытады. Ал адамның жағымсыз дүниелерге деген ынтықтығы, нәпсілігі қай кезеңде болмасын өзекті тақырыптардың бірі болып келді. Қожа Ахмет Йассауидің де хикметтерінен осы сөздерге байланысты жолдарды кездестіреміз:

- Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,
Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым, міне [5, 31 б.]
Сопылардың мақамына жақын болдым,
Нәпсіні көңіл найзасымен шаныштым, міне...
Нәпсім мені жолдан бұрып қор етеді,
Телміртіп халайыққа зар етеді...
Зікір салдырмай шайтанға жар етеді,
Дайынмын деп нәпсі басын жаныштым, міне [5, 32 б.]

«Көңіл найзасы», «нәпсі басы» секілді метафоралық тіркестерді орынды қолдана отырып, нәпсіні жандандыра отырып, ақын көңілдегі нәпсіні тыю туралы сөз етеді.

Қос ақын өмір сүрген ғасырлар тоғысында халық арасында қайшылықтар мен озбырлық әрекеттер көп болғаны белгілі. Осы жайттардың барлығы азаматтықты, елдікті алға қойған ақындар стиліне айрықша әсер етті. Әсіресе, осы заманда шегіне жеткен «нәпсі» сөзін екі қаламгер де барынша көп айтқан. Дәлелмен келтірсек. Шәкәрімде:

1. Қазақта жоқ ақылмен ой бекітпек,

Нәпсі ұнаса болғаны, бәрі бітпек [3, 59 б.]

2. Неменені қимайсың,

Нәпсіні неге тыймайсың? [3, 84 б.]

3. Адамның бәрі бір,

болмайды аласы.

Оларды бұзатын

нәпсінің аласы.

Ар билейтін заманда

нәпсі өліп,

Бірігер еңбекте

барша адам баласы [3, 186 б.]

4. Бас көзімен қарасаң, **нәпсі** жалған,

Бір сұлу қыз сықылды жұрт таңдаған [3, 192 б.]

5. Мына жақта **нәпсі** жағыр,

Қиянатты жастанып [3, 205 б.]

6. Таймай өлсем, жолым осы,

Нәпсі қалсын зар жылап [3, 206 б.]

7. **Нәпсіге** ерген сұмдар бар,

Адамды аңша аулатқан [3, 226 б.]

8. Жар сипатын білсеңіз де,

Нәпсің өлмей деме жар [3, 244 б.]

9. **Нәпсі** сонда қуанып жүр,

Айтанымды қылды деп [3, 245 б.]

10. Залымды ұндай илейін,

Нәпсі болсын маған құл [3, 250 б.]

11. **Нәпсі** көзін байлаған адамзаттан,

Айуан артық біледі өмір жайын [3, 262 б.]

12. Ары **нәпсіні** жеңсе тазарып,

Құтылар қорлықтан [3, 271 б.]

Байқағанымыздай, Шәкәрім ақын осы сөз арқылы түрлі троп түрлерін жасаған. Алғашқы екі жолда халықтың бойын нәпсі билеп кеткендігін, оны тыю қажеттігіне налыса, үшіншіде алдағы болашақ жарқын өмірде

осы нәпсіден құтыламыз деген ой айтады. Ал кейінгі жолдарда нәпсінің бейнесін аша түседі: ол бірде нәпсіні «сырты бүтін, іші түтін» сұлу қыз секілді алдамшы, жалған десе, бірде оны жандандырып, оны «қиянатты жастанып жатқанын», бір жерде сол нәпсі адам тура жолға түскенде «зар жылайтынын», ал құлқыны орындалса, «қуанатынын» бейнелейді. Оныншы мысалда лирикалық қаһарманның ашуға булыққаны сонша – ол залымды «нанша илеп», нәпсіні «құл» ететіндігін айтады. Ал негізгі ақын идеясы соңғы жолда айқын көрінеді, яғни адам осы нәпсіден құбылғн күнде ғана жақсылық, ізгілікке жол ашады дейді.

Ал Мәшһүр Жүсіп ақын осы сөзді қалай бейнелегеніне назар аударайық:

1. **Нәпсіні** құрбан қылып бауыздасақ,

Құдайға жетеді екен сонда ғарыз [4, 160 б.]

2. Дүние-ай, талмай қуып жете алмадым,

Нәпсімен болдым даулы, біте алмадым [4, 121 б.]

3. Жаяу қыл, **нәпсіңді** атқа мінгізбей бақ,

Міне қалса, жортқызбай, желгізбей бақ [4, 339 б.]

4. **Нәпсім** жүр надақтықтан әлі қайтпай,

Еркіне жіберген соң басын тартпай [4, 347 б.]

5. Біз – түлкі, ажал – бүркіт қоймайтұғын,

Нәпсіміз – бір аждаһа тоймайтұғын [4, 355 б.]

6. Ол күнде алаңдатып әуре қылды,

Ғақылдың көзін шалып **нәпсі** буы [4, 369 б.]

7. Ол **нәпсің** – бойыңдағы жанның жауы,

Жалғанда екеуінің бітпес дауы [4, 377 б.]

Нәпсіңнің аудауына ере берсең,

Білінбес өз басыңның ауру-сауы [4, 348 б.]

Осы үлгілерден ақынның өзіндік жазу мәнерін көруге болады. Алғашқыда ұлттық нақышты қолдана отырып, ақын нәпсіні жандандырып, оны құрбандыққа шалып, бауыздағанда ғана жақсылық жолына түсуге болатынын айтса, екінші жолда жандандыру тәсілін қолданып, лирикалық қаһарман өмір бойы осы нәпсімен күресіп өтетінін дйттесе, осы идеяны бесінші мен жетінші жолдарда да дамыта түскен. Нәпсі мен жан өмір бойы жау болып, араларындағы дау мәңгі бітпейтінін тағы бір рет айқындаса, нәпсіні ешқашанда тоймайтын аждаһаға балау арқылы тамаша метафора үлгісін жасаған. Ал үшінші мысалда осы нәпсіні ерікке жібермей ұстау қажеттігін жандандырудың озық үлгісі арқылы жеткізген. Төртінші жолда да осы ұлттық нақышты, жандандыру тәсілін қолдана отырып, басын тартып отырмасаң, нәпсі өз бетімен кетеді деген тұжырым тастайды.

Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіптің ақын ретіндегі өзіндік даралығын тануға, лирикасының көркемдік қуатын ашуға тілдік, бейнелілік мәселесі арқылы келуіміз өз нәтижесін берді. Қос ақын лирикасы ұлттық әдебиетімізде

өзіндік орны бар көркем шығармалар екенін зерттеу жұмысы ашып бере алды деген тұжырым жасай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Баласағұн, Ж. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 208 б.
- 2 Ізтілеуова, С. Шәкәрімнің сөз әлемі. Алматы : Инжу-маржан, 2007. – 240 б.
- 3 Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, А. Құдайбердиев. – Алматы : Жазушы, 1988. – 560 б.
- 4 Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Шайтанның саудасы. – Павлодар : ЭКО, 2011. – 588 б.
- 5 Екімыңжылдық дала жыры. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2000 – 752 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 20.04.14. редакцияға түсті.

M. N. Baratova., K. E. Abushakhmanova

Особенности употребления слов «луч», «день», «ночь», «рассвет», «свет», «вожделение» в стихах Шакарима и Машхура Жусипа

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 20.04.14.

M. N. Baratova., K. E. Abushakhmanova

Features of the use of the words «Beam», «Day», «Night», «Dawn», «Light», «Desire» in Shakarim and Mashkhur Zhusip's verses

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 20.04.14.

В статье проведен анализ проблемы художественного мастерства Шакарима и Машхура Жусипа на основе слов «луч», «день», «ночь», «рассвет», «свет», «вожделение». Стилевая особенность поэтов оценена с точки зрения образности, проанализировано влияние стиля эпохи на поэтический стиль.

In article the analysis of a problem of art skill of Shakarim and Mashkhur Zhusip on the basis of the words «beam», «day», «night», «dawn», «light», «desire» is carried out. Style feature of poets is estimated from the point of view of figurativeness, influence of style of an era on poetic style is analysed.

ӘОЖ 811.512.122' 373

Т. Қ. Бәлкен

ДҮНИЕНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ КОННОТАТИВТІ МӘНДІ ЗООНИМДЕР

Осы мақалада қазақ этносы әлемінің тілдік бейнесінің бір бөлігі болып табылатын зоонимдік жүйе қарастырылған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы зоонимдерді зерттеу негізінде аталмыш тілдік бірліктердің коннотативтік мағыналарына лингвомәдени тұрғыдан сипаттама берілді.

Қандай да тілдің болмасын, құрамында жан-жануар атауы бар фразеологизмдер этностың жағрапиялық жағдайын, экожүйесін, кәсібін бейнелей келе, қоршаған ортаны танып-білудегі дүниетанымынан мол хабар беретіні сөзсіз. Қазақ этносы әлемінің тілдік бейнесіндегі зоонимдік жүйесі көбінесе төрт түлік мал және қыран құс, бүркіт бейнелерімен байланысты болып келеді. Көшпелі өмір сүру салты біздің ұлттық рухани қазынамыздан бай мағлұмат беретіні белгілі. Қазақ халқының рухани қазыналарының ішінде символдық мәнге ие болған дүниелер көп кездеседі.

Құрамында жан-жануарлар атаулары бар фразеологизмдер адам өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің барлық салаларын қамтып қана қоймай, сонымен қатар адам баласының іс-әрекетін, көңіл-күйін, ақыл-парасатын, зейін-қабілетін білдіреді. Мысалы, епті, пысық адам туралы «ат құлағында ойнайды», «киіктей ұшқыр» десе, момын, жуас адамды «қой аузынан шөп алмас», «қойдай момын», «жас ботадай», «бұйдааланған тайлақтай» деп, ақылсыз, топас адам туралы астарлап «қойдан надан», «ит құтырса, иесін қабар», «есек мақтанып, тұлпар болмас», арам пиғылды адам жайында «ішінде ит өліп, түлкі тұншығады», «қой терісін жамылған қасқыр» дейді, ал тәжірибелі, көрген-білгені көп адам туралы «кәрі тарлан», «қырқылжың түлкідей» деп сипаттайды. Зоокомпонентті фразеологизмдер адамның эмоционалдық қалпын да білдіреді, мысалы: қуанған адам туралы «жерден жеті қоян тапқандай», «бәйгеден аты озып келгендей», «ақ түйенің қарны

жарылды» десе, ашулы адамды «арыстандай долданды», «ит жыны ұстады», «бурадай бұрқырады» деп сипаттайды. Сонымен қатар зоокомпонентті фразеологизмдер адамның бет-пішінін сипаттайды: «ат жақты», «қой көзді», «бұқа мойын», «тана көз», «теке сақал»; дене бітімін сипаттайды: «нар атандай», «іннен шыққан суырдай», «бағылан жігіт», «ешкінің асығындай», «өгіздей өңкиген», «түйенің жарты етіндей»; адамның жас мөлшерін білдіретін зоокомпонентті фразеологизмдер: жасы үлкендеу адамды «ит көйлекті бұрын тоздырған» деп, қарт адам туралы «кәрі қойдың жасындай жасы қалды», ес тоқтатқан, ересек болған адам жайлы «тарлан тартқан» деп айтады. Молшылық өмір жайында «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», «айранын ұрттап, қойын құрттап отыр», «ит басына іркіт төгілді» десе, жоқшылық туралы «ит қорлықты өмір», «үрерге иті, сығарға биті жоқ», «тышқақ лағы жоқ» дейді. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы жайлы айтқанда қолданылатын фразеологизмдер: тату болса, «ауыл – аралас, қой – қоралас», «егіз қозыдай», «кұлын-тайдай айқасу», «төл қозыдай өсу», «тай-құлындай тебісу», «қоян қолтық аралас», араз болса, «ат құйрығын кесісу», «ат кекілін кесісу», «итше ырылдасу», «ит пен мысықтай», «итше таласу», «сиырдай мүйіздесу». Адамның біреуді ұнатпау сезімін білдіретін зоокомпонентті фразеологизмдер: «ит етінен жек көру», «кірпідей жиырылу», ал біреудің ренжіткені, қорқытқаны туралы «аузын бақадай ашты», «итін шығарды», «аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты», «ит қылды, «ит сорпасын шығарды» десе, біреу өз әмірін жүргізсе, әуреге салған адамды сипаттауға «астынан ат жүгіртіп, үстінен құс ұшырды», «қойдай қырды», «қазық қағып, көлеңкесіне бұзау байлады», «үйреншікті иттей жұмсау» сияқты фразеологизмдер қолданылады.

Құрамында жан-жануарлар атауы бар фразеологизмдердің өмір шындығын бейнелейтіні жайында, олардың қолданылу өрісінің кең болатыны туралы және ондай фразеологизмдердің көбіне адамға бағытталатыны жайлы жазған Р.К.Смағұловамен толық келісеміз [2, 72].

Зоокомпонентті фразеологизмдерді Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің де шығармаларында ұтқыр пайдаланғанын көреміз. «*Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз*» атты өлеңінде адамның жағымсынып, үнсіз келіскен әрекетін жылқыға теңеп, былай көрсетеді:

«Сен кімнен қорқасың?!» - деп, жел береді,
Кісі жоқ, қой дейтұғын, жұртты басқан,
«Пәленше солай дейді, мен қайтем?!» - деп,
Жылқыша изеп басын, ақылдасқан.
Біреудің адасуын біреу құттап,
«Пәлі, -деп, - бәрекедді!», - мақұлдасқан. [1,5]

Ал ел басындағылардың қарапайым адамдарды қанағанын былай суреттейді:

Үлгісі чиновниктер осы болып,
Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан.
Құрметлі ел билеген әкімдер де
Жыландай зәрін төгіп, сорып жатқан, [1.7]
Бас салып мұңлы- зарлы, кем-кетікті,
Буркімтей тырнағымен бүріп жатқан.
Әркімді арбауына түсірем деп,
Түлкіше құйрықтарын бұлаңдатқан. [1.8]

«Қазақтың қылып жүрген жұмысы» атты өлеңінде [Екінші рет сөз] адамды сипаттауда пайдаланған зоонимдері :

Жыртылды байға ерумен кедей таңы,
Есінен адастырып байдың шаңы.
Күлпілдеп [Елді алып], үйде отырып күжілдейді,
Жігіттің *қоразданған* кейбір паңы. [1,15]
Мойнына жеңгенінің әбден мініп,
Семірген шайтанымен көңілі тынып.
Бозарған *сұр жыландай* , іші зәрлі,
Сүзектен тұрған жандай, өңі сынып. [1,16]
Басына бостандық жоқ, дамыл алмай,
Сапырылып ертеңді-кеш жүрген талмай.
Сықылды ұзақ-қарға, шу-шу етіп,
Аттанар көтеріле бірі қалмай. [1,16]

Жалаңдап *аждаһадай* ауылнайлар,
Беліне ақ кигізден күйек байлар.
Цифрын бес тиынның бес теңге деп,
Кедейдің хат білмеген соры қайнар. [1,16]
Мойнына сары жезден қарғы салып,
Алдына неше түрлі дау – шар барып,
Жиылып *қара құстай* билер отыр,
Жемтігін өлексенің қоршап алып. [1,17]

Бұл жерде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерін айқындай түсу үшін теңеу стилистикалық фигураларын қолданғанын көреміз.

Теңеу - бір затты басқа затпен ұқсастырып, олардың ортақ ортақ белгілерін жорамалдап айқындайтын әдеби сөз айшығы.

Теңеу арқылы адам өзін қоршаған ортаны танып біледі, заттар мен құбылыстардың арасындағы байланысты, олардың ұқсас және айырым белгілерін түсінеді. Теңеу - тек таным құралы емес, эстетикалық категориялардың бірі. Табиғат көріністерін, әдеби кейіпкерлердің портреттерін жасауда, іс-әрекетін сипаттауда бұл ұтымды стильдік тәсіл жиі қолданылады.

Қазақ тілі сөздігінде: «Қораз – тауықтың еркегі; әтеіш», «Жылан – Бауырмен жорғалаушылар тобына жататын, уы бар жәндік» «Ұзақ – зоол. Қарға тұқымдас денесі кішілеу келген жыл құсы; ұзақ қарға», «Аждаһадай ысқырды – қорқыныш пен үрей белгісі, апат пен қырғынның нышаны», «Қарға – қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын еті арам құс», «Қара құс – даланы мекендейтін ірі жыртқыш құс», деп түсіндірілсе, «қоразданып» деген сөз қоразға ұқсап, қораз сияқты деген мағынада қолданылған, бұл жерде ортақ қасиет – адам мен қораздың қоқырайып, қоқиып қимыл көрсетуі, яғни адамның мақтанғанын, мамасаттанғанын көрсетеді [3].

«Сұр жыландай» дегендегі ортақ қасиет – улы болуы, удың адамның өміріне қауіпті болуы, «сықылды ұзақ-қарға» дегендегі ортақ қасиет – у-шу болып, шулағандығы, келгенінен кеткеніне дейін қарабайыр адамдардың мазасын алғандығын көрсетеді, «қара құстай», «бүркіттей», «қасқырша» деген теңеулердегі ортақ қасиет - жыртқыш құсқа, аңға тән жауыздық, қанішерлік, «түлкіше» деген теңеуде адамға түлкінің айлакерлік, қулық қасиеті үстеледі.

Қорыта келгенде, қандай да болмасын ұлттық реңктегі фразеологизмдер қоры – сол халықтың дүниетанымынан, мәдениетінен құнды мағлұмат беретін, атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын рухани қазына.

Бүгінгі күні халқымыздың дүниетанымы мен мәдениеті көрініс тапқан, құрамында зоокомпоненті бар фразеологизмдердің лингвомәдени астарын ашу – тіліміздің бай қорының осындай бір бөлігі болашақта тілден мүлдем жоғалып кетпеуін қамтамасыз етуінің кепілі деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4-том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 535 б.

2 Смағұлова, Р. «Жалпы және салғастырмалы фразеологияның өзекті мәселелері» // Неміс және қазақ тілдерінің құрамында жан-жануарлар атаулары бар фразеологизмдерінің номинативті-ономазиологиялық табиғаты. Алматы: «Альянс-2» баспасы, 2003 - 165 б.

3 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы : Дайк, – 1999. – 776 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 15.02.14 редакцияға түсті.

Т. К. Балкен

Зоонимы с коннотативным значением в языковой картине мира

Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 15.02.14.

T. K. Balken

Zoonyms with connotative meaning in the linguistic picture of the world

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 15.02.14.

В данной статье рассмотрен зоонимический фрагмент этнической языковой картины мира казахов. На основе лингвокультурологического анализа корпуса зоонимов, отобранных из произведений Машихур Жусупа Копеева, были охарактеризованы коннотативные значения названных языковых единиц.

The given article views the zoonymous aspect of ethnic linguistic picture of the world of Kazakh people. Based on the linguocultural analysis of zoonyms, taken from Mashkhur Zhussup's work, connotative meanings of the named linguistic units were characterised.

ӨОЖ 372.416.2:371.3

А. Ж. Досанова*, Ф. М. Кадирова**

КОММУНИКАЦИЯ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ТАКТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақала тіл біліміндегі коммуникация ұғымының мәніне арналған. Атап айтқанда, коммуникация ұғымының газет мақалаларында, ғалымдардың зерттеулері мен қорытындыларындағы коммуникативтік тактика жөнінде айтылған.

Адамзат бір-бірімен өзара қарым-қатынассыз өмір сүруі мүмкін емес. Өмірдің мәні – ақиқат әлемін әр алуан құбылыстарын танудан басталады.

Осы әртүрлі құбылыстарды тану барысында адамзат санасында өзі танып білген дүние бейнесін ойында қорытып, тіл арқылы жарыққа шығарып, тыңдаушыға жеткізу барысында өзара тілдесім әрекетінің көмегіне жүгінеді. Тілдесім әрекеті барысында тілдік коммуникацияның негізі болып табылады. Сөйлеуші және тыңдаушы, автор және оқырман, коммуникатор және коммуникант, адресат пен адресант, т.б. рөлі мен орны қандай маңызды болса, олардың ойы мен пікірін жеткізуде, тілдік бірліктердің атқаратын қызметі де өте маңызды. Жалпы, коммуникация сөзі латын тілінде – сөйлесу, тілдік қарым-қатынас жасау, мағлұмат алмасу формасы деп танылады. Бұған ғалымдар *conditio sine qua non* (жойылмайтын, міндеттелген шарт) адам өміріндегі қоғамдық тәртіп дегенді білдіреді деген ой айтады [1, 5]. Сонда коммуникация әлеуметтік ғылымға ХХ ғасырдың 20- жылдарында радио пайда болғаннан бастап қолданысқа ие. Американдық әлеуметтанушы ғалым Чарльз Кули 1894 жылы «Қоғамдық ұжым» деген еңбегінде адамзаттың өмір сүру барысында өзара қарым-қатынастың механизмі ретінде «Коммуникация» терминін алғаш рет қолданды [2, 5]. Ал, «коммуникация» ұғымын 1935 жылы ғалым Л. Ельмслев глоссематикада тіл таңбалары арасындағы парадигматикалық қатынасты анықтау үшін қолданған. Бірақ коммуникацияны алғаш Аристотель өз зерттеулерінде адамдардың тілдік қарым-қатынас барысында «шешен-сөз-жамағат» деп топтарға бөлгенін біз білеміз. Ғалым Н.В. Назарчуктың айтуынша, коммуникация ұғымы кемінде үш түрлі бағытта өрбіді. Біріншісі, ағылшын-американдық ғалым Л. Витгенштейн лингвистикалық бағыттағы «тілдің тәжірибесін анықтау» атты сараптамасында, екіншісі, француздардың тілдік коммуникациясында тек бір бағытта емес, әлеуметтік мәселелеріндегі қоғамдық ұғымда қолданылып, идеология және өкімет, капитализмге сын айту, дискурс ұғымында, үшіншісі, «диалог философиясы» бойынша зерттеулерде қолданылды.

Коммуникация ұғымы туралы И.П. Яковлев коммуникация ғылым ретінде қоғамдық қатынасудың рөлі мен орнының ғылыми тәртібі, оның дамуы мен құрылымын қатынасу барысындағы амал-тәсілдері деп түсіну керек десе, М.С. Андрианов коммуникация әлеуметтік қарым-қатынастардың мағыналық көрінісі деп көрсетеді.

Тілдік қарым-қатынас жөнінде А.Байтұрсынов: «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп, айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады», - деген пікірді айтқан [3, 28]. Ғалым З.К.Ахметжанова: «Қарым-қатынас барысында жасалған коммуникатив әрекет – бірнеше коммуникативті тактика факторларына байланысты болады: коммуникативті жағдаяттарға, әлеуметті-демографиялық қатынас саласына, (әлеуметтік мәртебесіне,

жынысы, жасы, білім деңгейі, эмоциялық жағдайы, қатынас уақытына және т.б.) байланысты мақсатты көздеу арқылы жасалады» [4, 111].

Қатынасу немесе тілдесу барысында әр тіл ұстанушының тілдік бірліктерді өз түпкі ниетіне сай етіп іріктей білуі, қай сөзге баса мән беретіндігі, өз сөзінің тыңдаушыға қандай дәрежеде әсер етуін көздейтіндігі, соның нәтижесінде коммуниканттың қандай да бір әрекеттерге баруына түрткі болатындығы, сондай-ақ айналадағы адамдарға өз сөзі арқылы өзін белгілі бір қырынан таныстыруға, көрсетуге тырысатындығы т.б. жинала келе оның бір мақсатқа жетудегі тәсілі деуге болады. Бұл тұрғыда ғалым О.С. Иссерс коммуникация тәсілі туралы: «кез келген бизнес, саясат, білім беру, күнделікті қолданыс аясындағы коммуникациясы БАҚ-тағы қатынасу функциясында (радио, телеарна және газеттер) хабар жеткізу әдісі бір мақсатты көздеу арқылы жасалатын әрекет. Бұл жерде тек әр коммуникант қай мақсатта коммуникативтік тактиканы интерпретация арқылы шеберлікпен қолдануына байланысты» - дейді [5, 23]. Ғалым А.Алдашева: «Қазіргі қазақ мерзімді баспасөз тілі-коммуникативтік қызметі жағынан үлкен аудиторияны қамтитын беделді жазба нұсқалардың бірі, сондықтан да ол сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеудің бірден-бір доминант үлгісіне айналып отыр», - деп көрсетеді [6, 173].

Тіл – тарихи құбылыс. Қоғамның өзгеруіне байланысты публицистикалық стильдің де күрт өзгергендігі анық байқалады. Мәселен, ғылым мен техниканың, мәдениеттің өркендеуіне, әлеуметтік өмірдегі жаңалықтарға, халықаралық ынтымақтастыққа байланысты жаңа сөздердің туындауы барысында сөздердің бірігуі тәсілі арқылы жасалған инфрақұрылым, трансұлттық, төл сөздеріміздің бірігуі арқылы жасалған іссапар, шәкіртақы, жеделхат, саябақ, шипажай. Шетел сөздердің қосарлануы арқылы газет беттерінде жиі ұшырасып жүрген шоу-бизнес, интернет-кафе, хит-парад, акция-пакет деген сөз тіркестері. Бір компоненті шет тілінен, ал екінші сыңары қазақ тілінің сөзі: интернет-бекет, факс-хат; екі компоненті де қазақ сөзінен: әкім-шенеунік, мәдени-көпшілік, әкімшілік-шаруашылық, алғашқы сөзі қазақ сөзінен, екінші компоненті шет тілі сөзі болып келетін: қаржы-экономикалық, ғылыми-практикалық. Сөздердің қысқаруы арқылы жасалып, барлық салада пайдаланылып жүрген жаңа қолданыстар: ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу, ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік, СМЖ – сапа менеджменті жүйесі.

Бүгінде жылдамдықты талап ететін заманда публицистикалық жазу стильдері, газеттің халыққа ұжымдық, насихатшылдық, үгіттеушілікке арналған тұжырымы жаңа бағыттарға өзгеріп, ой пікірге еркіндік беріліп, жоғары сатыға көтерілді. Кез келген баспасөз қызметі өздерінің белгілі бір мүддесіне орай, мақсатқа жету жолында яғни, халыққа ақпаратты беру барысында әр түрлі тәсілдерді қолданады. Яғни, адамдар бір-бірімен тек

ақпарат алмасып қана қоймай, әлеуметтік қатынасын да реттейді, бір-біріне ықпал етеді. Ол мақсатқа жету үшін түрлі тәсілдерді қолданады. Бұл тұрғыда ғалым Ф. Жақсыбаева «Коммуникативтік мақсаттан коммуникативтік тактика туындайды. Ал, коммуникативтік мақсат дегеніміз – кез-келген адресанттың тілдік қарым-қатынасқа түскенде алға қоятын, көздейтін негізгі мүддесі. Жарияланым авторы бұқараны белгілі бір жағдайдан хабардар етуді, үгіттеуді, қандай да бір пікір қалыптастыруды, нақтылы әрекетке бастауды көздейді. Адресанттың алдына арнайы коммуникативтік мақсат қоюының өзі әлеуметтік, идеологиялық, экстралингвистикалық факторларға негізделеді [7, 14].

АҚШ ғалымдары Силларс және Вангелисти: «коммуникация – адамдардың қарым-қатынас ұстаудағы қолданылатын тәсіл», - деп көрсетеді. [8, 331]. Бұл тұрғыда ғалым М.Маклюэн: «қатынасы, тілдесу (communication) - қатысушының екеуіне де ақпараттың түсініктілік шарты орындалған кезде бір қатысушыдан екінші қатысушыға ақпаратты жеткізудің екі жақты процесі; екі немесе одан да көп адамдардың әлеуметтік-психологиялық өзара әрекет ету процесі» - дейді. [9]. Коммуникациялық қызметте тіл танымдық-белгілік мәнге ие болып, мұнда коммуниканттар өзара еркін түсінісе алу дәрежесіне жетеді. Г. Лассуела классикалық коммуникацияны бес элементке: Кім (хабар беруші), коммуникатор; не туралы? (берілуші), хабар; қалай? (орындау барысы), канал, кімге? (хабарлау бағыты), аудитория; қандай хабардың тиімділігі), нәтиже деп көрсетіп берді [10, 29]. Т.А. ван Дейк прагматикалық мәтіндерді зерттей келе адамзаттың тілдік қарым-қатынас процессінде сөздерді қабылдау және түйсіне білу, оны ары қарай жетілдіру тұрғысында когнитивті психология зерттеушісі Кинчпен, сонымен қатар, Шенк, Абельсон сынды ғалымдармен түрлі зерттеулер жүргізді. 1983 жылы Т.А. ван Дейк пен Кинч екеуінің «Стратегия восприятия дискурса» атты еңбегі шықты. Ары қарай, Т.А. ван Дейк когнитивті психология теорияларының мәселелерін қарастыра отырып, этникалық және Бұқаралық ақпарат құралдарына қатты көңіл бөле бастады. Ғалымды адамзат қандай жолмен білім алады? Олар қалай тілдік жүйе арқылы ой қалыптастырады?- деген ойлар қызықтырды. Ал, басты принципі коммуниканттардың ақпаратты қабылдау барысында берілген мәнмәтіннің стратегиялық амалдың берілу маңыздылығына ерекше назар аударды. [11, 6].

Қорыта айтқанда, адамзат тілдік коммуникация арқылы бір-бірімен тілдеседі, пікірлер мен ой алмасылып, әрі қарай қоғамдық, әлеуметтік, ұлттық құндылықтарды тіл арқылы ұғынуға жетелейді. Осы әрекет жасалу барысында бір мақсат көзделінеді, оған жету барысында коммуникант әр түрлі тәсілдерді – коммуникативтік тактикаларды қолданады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Вацлавик, П., Бивин, Д., Джексон, Д.** Прагматика человеческих коммуникаций: Изучение паттернов, патологий и парадоксов взаимодействия. Пер. с англ. - М. : Апрель-Пресс, ЭКСМО-Пресс, 2000. - С. 5.
- 2 **Кули, Ч.** Общественная организация. // Тексты по истории социологии XIX-XX вв.: Хрестоматия. – М. : Наука, 1994. – С. 379.
- 3 **Байгүрсынов, А.** Әдебиет танитқыш. Зерттеу мен өлеңдер. - Алматы : Атамұра, 2003. – 208 б.
- 4 **Ахметжанова, З.К.** Новые направления социальной лингвистики. Учебное пособие. – Алматы, 2011. – 120 с.
- 5 **Иссерс, О.С.** Коммуникативные стратегии тактики русской речи. Изд. 3-е. – М. : Едиториал УРСС, 2003. – 284 с.
- 6 **Алдашева, А.** Мерзімді баспасөз тілінің лексикалық құрамы жайында // Вопросы тюркского языкознания. Матер. 1-межресп. конф. молодых лингвистов-тюркологов. – Алматы : Наука, 1985. – С. 173-180.
- 7 **Жақсыбаева, Ф.** Газет мәтінінің прагматикалық функциясы. Филол. ғыл. канд. дисс.. авторефераты. – Алматы, 2000. – 31 б.
- 8 **Sillars, A.L., & Vangelisti, A.L.** (2006). Communication: Basic properties and their relevance to relationship research. In A. L. Vangelisti & D. Perlman (Eds.). - New York: Cambridge University Press.
- 9 **Маклюэн, М., Фьоре К.** Вся суть в средстве. - Лондон, 1967.
- 10 **Бориснёв, С. В.** Социология коммуникации: Уч. пособие для вузов. - М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – С. 29-31.
- 11 **Дейк ван, Т.А.** Язык, познание, коммуникация. – Б. : БГК им. И.А.Бодуэна де Куртенэ, 2000. – 308 с.

*“Тұран-Астана” университеті, Астана қ.;

**Сүлейман Демирел атындағы университеті, Алматы қ.
Материал 05.04.14 редакцияға түсті.

*А. Ж. Досанова, **Ф. М. Кадирова

Понятие коммуникации и исследование коммуникативной тактики

*Университет “Туран-Астана”, г. Астана;

**Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 05.04.14.

*A. Zh. Dossanova, **F. M. Kadyrova

Concept of communication and investigation of communicative tactics

*“Turan-Astana” University;

**Suleyman Demirel University.

Material received on 05.04.14.

Статья посвящена сути смысла коммуникации в языкознании. А именно понятию коммуникации, коммуникативной тактике в газетных статьях, исследованиям и выводам (формулировкам) ученых.

The article is devoted to the essence of the meaning of communication in linguistics. Exactly, the concept of communication, communicative tactics in newspaper articles, research, and conclusions (formulation) of scientists.

ӨОЖ 370.15Д77

М. М. Дүйсенова

СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Қатысымдық құзыреттілікке үйрету әдіс-тәсілдерінің мазмұны тек мұғалімдерге ғана емес, қатысымдық мұқтажықтарына бейімдей алатын оқушыларға да арналған. Қатысымдық құзыреттілік – шығармашылық тіл қызметі үшін патенциал болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу, On-line тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажеттігіне баса назар аударса [1], «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында “Білім беру саласын жаңғыртуды жалғастыруымыз қажет, өмір бойы оқу – әрбір қазақстандықтың жеке ұстанымы айналуы тиіс. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» дегенді айтады [2].

Бастауыш мектепте қазақ тілі сабақтарында грамматиканы оқыту маңызды болып есептеледі. Себебі, қазақ тілін үйрену арқылы тілдік білім, білік, дағдыларға игереді, бұл дағдыларын басқа пәндерді үйрену кезінде де,

күнделікті тілдік қатынаста да қолданады. Сондықтан тілді оқыту баланың мектепке келген күнінен бастап жүргізіледі. Бастауыш сыныптарда балаға тілдің фонетикалық құбылыстары, лексикалық ерекшеліктері, грамматикалық заңдылықтары үйретіледі.

Бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің тарихи қалыптасуында Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов, Ғ.Бегалиев, Ә.Садуақасов, С.Жиенбаев, И.Ұйықбаев, Ш. Сарыбаев, К. Бозжанова, М.Жұбанова, С. Рахметова, Г. Уәйісова, Қ. Молдабек, Ә. Жұмабаева және т.с.с ғалымдардың еңбектерін ерекше атап көрсетуді қажет етеді. Өйткені, аталған ғалымдардың еңбектері бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда ғана емес, жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесінде елеулі орын алады.

Ұлы педагог Ы. Алтынсарин есімімен бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі тығыз байланысты. Ы.Алтынсарин: «Мектеп - қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана», – деп өзінің туған халқының өркендеуі мен дамуы оның алдыңғы қатарлы білім алу мәселесімен тығыз байланысты екенін ерте кездің өзінде-ақ атап көрсеткен. Ы. Алтынсарин қазақ балаларына арнап алғашқы «Қырғыз хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» және «Мақтубатты» жазып, қазақ балаларының сауатын ашуда дидактиканың соңғы жетістіктерін орынды қолданған. Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясында» қазақ дыбыстарын орыс әріптерімен таңбалап, қазақ тілінің төл алфавитін жасауға ұмтылды.

Ы.Алтынсарин тілді оқыту барысында оқушыларға сөз мағыналарын, грамматикалық заңдылықтарды жүйелі үйрету қажеттілігіне баса назар аударған: «Қазақ баласы кітаптарда кездесетін сөздердің мағынасын, олардың грамматикалық өзгеруін жүйелі емес тәртіппен бірден және бір мезетте оқу қажеттігі туған кезде түйыққа тіреліп, кезігетін ережелердің әр алуан күрделілігі себепті ештеңені естерінде сақтай алмайды, тіпті мүлдем ештеңе түсінбейтін халге жеткен кездер де болады- дейді [3, 224].

Сондықтан оқушылардың тілін дамытуда, сөздік қорын молайтуда, қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруда сөз тіркестерін оқытудың маңызы ерекше. Сөз тіркестерін дұрыс тіркестірген оқушы сөйлемді дұрыс құрап, сөздерді мағыналарына қарай қолдана алады.

С.Жиенбаев сын есімдерді оқушыларға сөз тіркестері ұғындыру тиімді әдіс ретінде қарастырады. Ғалым: «Ағаш үй, тас көше, аудандық мекеме, қысқы күн, білгіш адам сияқты тізбектерді мысалға алып, балаларға алдыңғы сөздердің сын есім сұрауына жауап болып тұрғандығы айтылады. Енді бұл сөздер о баста заттың сынын көрсетіп тұрған сөз бе, емес пе деген

сұрау тастап, мынадай бақылау жұмысы жүргізіліп, мынадай нәрселер анықталады: Алдыңғы ағаш, тас деген екі сөз жеке алғанда зат есім сөздер, олар заттың сынын көрсетпейді, атын көрсетеді. Мына жерде үй, көше деген заттардың қандай екенін (неден жасалғанын) көрсетіп, сын есім болып тұр, ал тұлғасында еш айырмашылық жоқ, тек анықтайтын сөзінің алдында келіп, анықтауыш болғаннан ғана сын есімге айналып тұр» - деп, сөздердің мағыналық топтарын сөз тіркестіру арқылы ұғындырудың маңызына ерекше мән береді [4, 115].

Оқушыларға сөз мағыларын ұғындыру үшін ең алдымен олардың басқа сөздермен тіркесу қабілеттерін көрсетудің мәні зор. Ендеше сөз тіркестері сөз мағынасын, сөйлем құрылымын түсіндіруде ерекше маңызды рөл атқарады.

Тілді оқытудың қызметі мен тәсілі жалпы тілдерге оқытудың қатысымдық бағыт пен қатысымдық құзыреттіліктердің мәнін түсінуге көмектеседі. Ол үшін бұларды, біріншіден, қызметтік тәсілде және қатысымдық бағытта оқыту объектісі ретінде тұрған тіл қызметін (тыңдалым, жазылым, айтылым, сөйленім) жалпы емес, жеке оқушы қатысымына сәйкес қарастыру керек. Бұл мағынада да қатысымдық құзыреттілік пен тіл қызметінің ұғымдары сәйкес келеді. Екіншіден, егер тілді меңгерудің объектісі мен мақсаты қатысымдық құзыреттілік жеке адамның тіл қызметі болып табылса, онда тіл жүйесін оның тілдегі қызметінен бөлудің қажеті жоқ. Себебі қатысымдық құзыреттілік құрамын іске асырудың тәсілдері мен әдістері болып табылады. Тілдік қатынаста тіл қызметінің құрылымын құрайтын көптеген сипаттамаларға байланысты. Оларға жататындар:

- а) қатысымның ауызша немесе жазбаша түрі;
- ә) сөйлеуде және жазуда, тыңдауда және оқуда белсенділік, бағыттылық, кері байланыстың сипаты; олар түрлі анализаторлармен іске асырылады;
- б) сөйлеудің үш формасы: сыртқы ауызша, сыртқы жазу және ішкі;
- в) тіл тудырудың үш фразасы: қозғаушы-мотивациялық, бағыттық-зерттеушілік және орындаушы;
- г) пәндік мазмұны;
- ғ) жалпы қатысым жағдаяты.

Мысалы, қатысымның ауызша жағдаятында ойлар қысқа және бөлшектеңіп тұжырымдалатыны соншалықты, оларды басқаларға арнайы түсіндіру керек. Әңгімелесушілерге бәрі түсінікті, өйткені олардың интеллектуалдық өзара байланысы, бірлесіп істеген қызметтерінің алдыңғы тәжірибесі және жағдаятының өзі жетіспейтін тіл тәсілдерін толықтырады. Оларды құру және тұжырымдаудың тәсілдеріне әсер ететін сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу үдерістерінің бұл сипаттамалары мен оларды айту үшін алынған тіл тәсілдері тіл қызметінің түрлері арасында ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаудың алғышарттарын жасайды. Үшіншіден, жеке адамның тіл қызметін «тіл белсенділігі», «тіл практикасы» деген

терминдермен араластыруға болмайды. Тіл қызметіне қатысуға қажет білім мен шеберліктер міндетті түрде тіл қызметі саласынан тыс жатқан мұқтаждықтың мотивациялық мүдделерімен негізделеді. Ойды құрастыру тәсілдерінің тіл қызметінің құрылымын құрайтын көптеген факторларға тәуелділігі және оларды айту үшін шексіз таңдау мүмкіндігі мен тілдік қатысымдық біліктілігі бірдей емес. Өйткені, олардың қоғамдық-қатысымдық қызметі жоқ қоғамдық-қатысымдық қызметтің қандай да бір бөлігінде мазмұны бір тіл бағдарламасын орындай отырып, оқушылар ойларын әр түрлі құрап, тұжырымдайды. Бір оқушының қатысымдық құзыреттілігі тіл қызметінің төрт түрінде бірдей бола бермейтін фактісіне назар аудару керек. Тіл иелерінің арасында сөйлеу барысында естіліп, оқылатынды қабылдау жазба тілде қолданбайтын сөйлемдердің жүздеген, мүмкін мыңдаған семантикалық құрылымдарын түсінеді. Бәріне жақсы таныс бұл фактілер тіл қызметінің төрт түрін меңгерудегі өзара негізделу деңгейі оқушының қатысымдық құзыреттілік туралы интеграциялы механизм ретінде айту үшін үлкен мәселе емес. Оны сөйлеуде, жазуда, тыңдауда, оқуда төрт жеке қатысымдық құзыреттіліктің комбинациясы ретінде қарастыру ойға қонымды. Бәлкім қатысымдық құзыреттілікті сөйлеу және қабылдау деп екіге бөліп қараған дұрыс болар. Себебі әдіскер ғалымдардың негізін қалаған қатысымдық-жекешелендірілген тәсілде тілді қатысым құралы ретінде оқытудың қатысымдық бағыттылығы қатысымдық мазмұнды іріктеу проблемасын тұтас шешуге арналған идеялар жүйесі ережелерден, фактілерден, мәліметтер мен практикалық ұсыныстардан тұратын маңызды концептуальды негіздердің бірі болып табылады. Қатысымдық біліктілік сөйлеушілерден тыс қарала алмайды. Себебі адамға кез-келген қызметке өзіндік, жалпыға ортақ тілдесу ережелерімен сәйкес келетін жаңа бірдеңені қосу тән. Қатысымдық құзыреттілік оның иесінің шығармашылық тіл қызметі үшін потенциал болып табылады. Әрбір оқушының есінде сақталатын сөздердегі семантикалық компонентті оның интеллектуалдық дүниесін білдіру және қабылдау ретінде қарастыру керек. Семантикалық таңдау жасай отырып, сөйлеуші сөйлемнің белгілі семантикалық құрылымдарына немесе қайтадан құра алатындарға әр уақытта сенімді болады. Соңғылары жағдаяттарда әлеуметтік қатысымдық мағына алып, ойлаған ықпал әсерін көрсетеді, егер де қатысымдық біліктілік динамикалық тудырушы (өнімді, генеративті) жүйе болмаса мазмұнды меңгеруде және оны айту тәсілдеріндегі варианттық, жаңалық, шығармашылық тілдесу де болуы мүмкін емес. Бірақ қатысымдық біліктілік потенциалдарын қолдану оқушының өзіне байланысты. Себебі, ол қоғаммен, қоғамдық-қатысымдық қызметте оның орындайтын әлеуметтік және қатысымдық рольдерімен негізделеді. Қатысымдық құзыреттілікті сөз тіркестері арқылы меңгеру қатысым жағдаяттарының қайталанатын варианттарында бірнеше рет қатысу жағдайында жүреді. Тілді оқытуда

шығармашылықтың басталуы тіл қатысым құралы ретінде қатысымның барлық ойлау жағдаяттарында кез-келген қатысымдық мұқтаждықтарды қанағаттандыру үшін қолданыла алатынынан көрінеді. Қатысымдық құзыреттілік мазмұнының көптеген объективті және субъективті факторларға тәуелділігі оқушылардың әр түрлі категориялары үшін вариантты етеді. Оқушылардың барлық категориялары үшін қатысымдық біліктілік мазмұнында шеберліктердің міндетті жинағын бөліп көрсету оқу тобының ішінде жеке мүдделерді ескеру мүмкіндігін береді. Жүйелі түрде жинақталған топ мүшелерінің қатысымдық мұқтаждықтылығы кейбір оқушылардың мазмұнды іріктеу кезеңінде алдын ала құрастырылмаған тақырыптармен танысуға деген ықыластарымен байланысты болады. Бұл тақырыптарды енгізу сол топтың қатысымдық біліктілік мазмұнына жаңа ұғымдарды қосып, бір-екі тақырыпты ауыстыру жолымен біршама модификациялауын талап етеді. Нәтижесінде оқушылар таңдаған тақырыптарында тілдік қатысымға жақсы дайындығымен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 28 ақпан 2007 ж. www.akorda.kz

2 «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 28 қаңтар 2011ж. www.akorda.kz

3 Ы.Алтынсарин. “Таза бұлақ”. - Алматы : Жазушы, 1988. - 224 б.

4 **Жиенбаев, С.** Қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы : Қазақстан мемлекеттік баспасы, 1946. - 115 б.

Қ. А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.
Материал 08.04.14 редакцияға түсті.

М. М. Дуйсенова

Роль словосочетания в развитии культуры языка

Международный казахско-турецкий университет
имени Х. А. Ясауи, г. Туркестан.
Материал поступил в редакцию 08.04.14.

М. М. Duisenova

The role of a phrase in development of language cultures

International Kazakh-Turkish University after H. A. Yasawi, Turkestan
Material received on 08.04.14.

Содержание методов обучения коммуникативной компетенции предназначено не только для преподавателей, но и для учащихся, способных освоить коммуникативные навыки. Коммуникативная компетенция представляет собой потенциал для творческой языковой деятельности.

Content of teaching methods of communicative competence is not only for teachers but also for students who can master communication skills. Communicative competence is a potential for creative language activity.

УДК 39=943.42

**А. Д. Жакупова, Б. А. Газдиева,
Ж. О. Сагындыкова, Г. Т. Фаткиева**

К ВОПРОСУ ОПИСАНИЯ ЯЗЫКОВЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ В ПОЛЬШЕ

Исследование казахского языка в Европе представляет значительный интерес для ученых, поскольку специфика родного языка казахской диаспоры характеризуется, прежде всего, функционированием в инациональном окружении в течение многих лет, что не могло не оказать воздействия на язык. В статье представлено описание языковых особенностей казахской диаспоры в Польше. Данные, полученные в результате анализа языковой ситуации на территории данного государства, помогут выявить ряд факторов, связанных с вопросами би- и полилингвизма.

Ключевые слова: диаспора, полиязычие, билингвизм, языковая картина мира.

Динамика развития современной языковой ситуации вызывает особый интерес лингвистов, историков, социологов, политологов. Особенно

интересно наблюдать изменения, происходящие в языке народа, который находится в окружении другой культуры, языка, социальных факторов. Это находит отражение в разнообразных проявлениях жизни этноса, маркируя ее таким образом, чтобы сохранить присущее ему своеобразие с актуализацией наиболее значимых для этноса культурно-этических, нравственных и психологических категорий.

Данное исследование осуществляется в рамках проекта «Казахская диаспора в Европе» и направлено на изучение функционирования языка казахской диаспоры в условиях инокультурного, иноязычного окружения. Исследование казахского языка в Европе представляет значительный интерес для ученых, поскольку специфика родного языка казахской диаспоры характеризуется, прежде всего, функционированием в инонациональном окружении в течение многих лет, что не могло не оказать воздействия на язык. Поэтому важным представляется изучение вопросов современного состояния и динамики развития казахского языка, которые рассматриваются нами в указанном научно-исследовательском проекте.

Для изучения этноязыковой ситуации в Европе, анализа историко-культурных предпосылок появления казахов в Финляндии, Германии, Великобритании, Польше, описания особенностей функционирования казахского языка и государственных языков рассматриваемых стран, участниками проекта был совершен выезд в указанные государства. В данной статье представлено описание языковых особенностей казахской диаспоры на территории Польши.

Исследование языка казахов, проживающих в Польше, вызвано долгими историческими, политическими и экономическими связями Казахстана и Польши. Подтверждением этому, стал двухтомник на русском, казахском и польском языках, посвященный 20-летию установления дипломатических отношений между Казахстаном и Польшей. «История казахстанско-польских связей – это летопись отношений двух братских народов, дружественных государств, в которой есть страницы особого подъема, интенсивного наращивания взаимодействия» [1].

Изучая казахскую диаспору Европы с социологической точки зрения, Б.И. Ракишева подчеркивает, что «этнические казахи в странах Западной Европы являются в нашем понимании диаспорой, а для их каждодневного окружения они являются рядовыми гражданами своей страны, неся в свою очередь также и дополнительную нагрузку как представители своей Исторической Родины» [2, с. 2]. Казахская диаспора сегодня является частью имиджа Казахстана, особенно в тех странах, где нет официальных представительств Казахстана в виде Посольств и Консульств.

Настоящее исследование отражает социолингвистический мониторинг и аналитическое описание языка казахской диаспоры в Польше с точки зрения

релевантных социолингвистических параметров, представляющих собой исходный пункт для дальнейших размышлений о ее причинах.

Для реализации поставленной цели нами были решены следующие задачи: 1) было проведено анкетирование и интервьюирование казахов, проживающих в Польше; 2) по результатам анкетирования выявлены особенности функционирования языков в смешанных семьях (казашка-поляк) Польши; 3) продемонстрированы этнокультурные особенности проживания казахов в иноязычной среде.

В анкетировании приняли участие казахи, проживающие в Польше, в основном, это женщины в возрасте от 19 до 50 лет. Для реализации цели были определены вопросы анкетирования, отражающие языковую и этнокультурную идентичность респондентов. В результате анкетирования выявлено, что родным языком респонденты считают казахский язык (77,8%) и русский язык – 22,2%. Дальнейший анализ данных свидетельствует о том, что казахский язык считают родным опрошенные, у которых и отец, и мать по национальности казахи. Русский язык считают родным представители интернациональной семьи (отец – поляк, мать – казашка) – 11,1% и 11,1% – респондент, которая по национальности казашка, считает своим родным языком русский язык. Результаты анкетирования по данному вопросу представлены в таблице 1.

Таблица 1 – Родной язык респондентов (%)

Казахский	77,8
Русский	22,2
Казахский/русский	-
Польский	-

Данные таблицы 2 подтверждают, что большая часть опрошенных (77,8%) понимает родной язык и говорит на нём, меньшая часть (22,2%) – понимает, но не говорит. Среди опрошенных респондентов, которые отметили «понимают, но не говорят», выделились те, которые считают родным языком казахский, это два представителя казахской диаспоры, остальные, пять человек, и понимают, и говорят. Такое соотношение является доказательством того, что казахи, проживающие за рубежом, стараются сохранить традиции и культуру родного народа.

Таблица 2 – Знание родного языка (%)

Понимают и говорят	77,8
Понимают, но не говорят	22,2

«Өмір шындығы және көркемдік шешім» атты еңбегінде ф.ғ.д. Ж. Дәдебаев: «Өмір шындығы мен көркемдік шешім диалектикасын, соның нәтижесінде қол жететін шынайы шеберлік үлгісін көркем бейнелеудің барлық негізгі құралдарының өзара ұйымдасып, іштей қорытылып, тұтасуы ғана қамтамасыз ете алуы мүмкін. Сонда ғана шығарма келіскен, жаратылысы жағынан толық аяқталған шынайы сипатқа иелене алады» дейді [5, 204 б.]. Өмір шындығын көркем кестелеу немесе көркемдік шындыққа айналдыру – ересек оқырмандарға арналған әдебиетте түрлі тұрғыдан жүзеге асырылып жататыны мәлім. Ал балалар әдебиетінде бұл принциптің өзіндік ерекшелігі бар. Өйткені қанша сезімтал, зерек болғанымен, баланың өмірлік тәжірибесі аз, өмір құбылыстарын зерделеу, оларға талдау жасай білу қабілеті ересектерге қарағанда шектеулі. Осыған орай жас оқырман көркем шығарманың күрделі әлемін нәзік түсініп, идеялық сыр-сипатын жете пайымдап отыруға әлі даяр емес. Ойымызды мына пікір шегелей түседі: «Балалар өзі өмір сүріп отырған кезеңді сәулелі, жақсы қырынан көруге құмар, өз ортасы бақытты заман деп ұғынуға бейім. Балалар қаламгерлері, міне, осы өзгешеліктерді ескеріп, жағдайды көрсете білуі шарт» [6, 30 б.].

Қазіргі қазақ балалар прозасында көркемдік ойды бейнелеудің тәсілдері әрқилы. «Топтап шолсақ, негізгі бағыттар деп былайша бөлуге болады:

1) Балалардың өзіндік өміріне, өзіндік әлеуметтік тіршілігіне зер салу, олардың тыныс-тірлігінің талай мәселелері ересектердің әлеуметтік-моральдық атмосферамен де байланысты екенін ескеру;

2) Балалардың жан дүниесіне бойлауға ұмтылу, детальдарды, штрихтарды, т.б. көркемдік құрал-тәсілдер мен бояуларды кейіпкердің психологиясын тереңдеп тануға жетелейтін кілт есебінде пайдалану, психологизмге ден қою;

3) Балалардың мінез-қылықтарынан туындайтын іс-әрекеттердің эстетикалық-педагогикалық мәніне назар аудару;

4) Табиғат әлемі арқылы авторлық-көркемдік ойды бейнелеу;

5) Тарихи кезең, тарихи тұлғалардың сыр-сипатына үңіліп, тағылым аларлық сәттерге назар аудару, жас ұрпаққа отаншылдық тәрбие беруге ұмтылу.

Бүгінгі балалар прозасында, оның ішінде балалар әңгімесіндегі көркемдік ойға құйылатын негізгі арналар осылар» [7, 118 б.].

«Алғашқы айлар», «Таныс қыз», «Ақмоншақ», «Көк белес» секілді көркем туындыларымен оқырман қауымның жылы лебізі, ыстық ілтипатына ие болған Мұқан Иманжановтың «Ақмоншақ» деген атпен шыққан әңгімелер жинағындағы кейіпкерлер әр түрлі. «Қорқақ» деп аталатын әңгіме кейіпкерлерінің бойында әр түрлі қасиеттер бар: Руфик – қорқақ, жасқаншақ, Едик – бұзақы, тентек, Коля – батыл, бірбеткей.

В.Г. Белинский балаларға арналған әңгімелер туралы: «Сізде адамгершілікті уағыздайтын ой бар екен – оның болғаны жақсы-ақ, бірақ оны балаларға сол күйінде айта бермеңіз, оны балалар сезетіндей етіңіз, әңгімеңіздің соңында одан қорытынды жасамаңыз, қорытындыны балалардың өздері жасайтындай етіңіз; егер әңгімеңіз оларға ұнаса немесе оны қызыға, сүйсіне оқитындай болса, онда сіздің өз ісіңізді ақтап шыққаныңыз» дейді [8, 239 б.].

В.Г. Белинскийдің пікіріне бақсақ, балаларға бос уағыз сөзден гөрі, өмірді шынайы суреттермен елестету, сезімге әсер ету арқылы тәрбие беру әлдеқайда тиімді. Б. Әділовтің «Ұмытшақ» әңгімесінің кейіпкері Ақтайдың өз қателігін мойындауы өз алдына, бұған қоса үйшікті көрген сәтте үйден бірден атып шығып, Дариғадан кешірім сұрауы оның өз қателігін мойындай алатын, ұяты бар, ізгі жан екендігін көрсетеді. Ақтайдың үйден дәл сол күні, ертеңге қалдырмай, еш мүдірместен Дариғадан кешірім сұрауға баруы, барғанда да жай, әшейіндегідей сыздатып бармай, үйден атып шығып жүгіре жөнелуі – кейіпкер мінезін ашатын деталь. Бұл әрекеттің психологиялық мотивировкасын М. Жұмабаевтың сөзінен табамыз: «Адам өзінің әрбір ойына, әрбір ісіне баға беріп отырады. Ізгі ойы, ізгі ісі адамда жағымды сезім тудырады. Адамға қалайда болса, қашанда болса, пайда келтіретін ой мен іс ізгілік деп аталады. Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе» [9, 134 б.].

Б. Соқпақбаевтың «Компас» әңгімесіндегі Бодан мен Б. Әділовтің «Ұмытшақ» әңгімесіндегі Ақтайды өзара бір-бірімен салыстыру арқылы адамгершілік мәселесінің әр адамда әр қилы болатындығы туралы ойды баланың әрекеті арқылы шебер сомадаған автордың ізденісін көреміз. Әңгіменің бас кейіпкері Бодан есімді бала досының компасына қызығып, балалық оймен компасты ұрлап алады. Боданның өз қылығына өкінетін тұстары бар, тіпті компасты Қанат досына қайтарып бермек те болады, бірақ аяғында компасты не өзіне, не Қанатқа бұйыртқызбай, суға лақтырып құтылады. Адамгершілік мәселесіне келгенде, Ақтай Боданнан әлдеқайда биік тұрғанын көреміз. Ендеше, Ақтайдың әрекетінің ізгілігі астарында

бір жағынан тәрбие жатса, бір жағынан жаратылысынан бар адемгершілік қасиет жатыр.

1950-60 жылдары жазылған балалар әңгімелерін талдау арқылы сол дәуірдегі кейіпкер туралы мынадай байлам жасадық: кейіпкер сомдауда бірқатар балалар жазушылары адамның бойындағы жаман мінез-құлықтарға баса назар аударып, ізгілік, адалдық, мейірімділік, жалпы адамгершілікке бастаса (М. Иманжанов «Қорқақ», Ө. Тұрманжанов «Қараш неден ұялды»), Б. Соқпақбаев «Компас»), бірі жеткіншектер арасындағы сүйіспеншілік мәселесіне соғып өтеді (Б. Соқпақбаев «Хат», Л. Қоныс «Бала ғашық»), ал енді біреулері балалық шақтың балғын сәттеріндегі алуан қызықты жайларды (Қ. Қайсанов «Мәтіш шешей», «Көк ат көпірден құлады», т.б.) шертеді.

1970-80 жылдар - балалар әдебиетіндегі гүлдену, дамудың кезеңі, сонымен қатар, балалар прозасы бұл кезеңде басқа кезеңдермен салыстырғанда біршама кеңірек зерттелді. Балаларға арналған әңгімелерде балалар өмірі әр түрлі қырынан суреттелгенін көреміз. Балалар фантастикасының дүниеге келуі де бұл дәуірдің межесінде. Бұл жылдардағы фантастика саласындағы ізденістер Т. Баймаханов, А. Мархабаев, Т. Сүлейменов шығармаларынан аңғарылады. Бала психологиясы, ішкі жан дүниесі, ойлау, қимылдау әрекеті, сол әрекеттердің психологиялық мотивировкасын дәл беруге тырысу байқалады.

1970-80 жылдардағы қазақ балалар әңгімелерінің кейіпкерлерін саралау үшін, осы кезеңде жазылған М. Мағауиннің «Биік үйдегі Бөрібасар», С. Жүнісовтің «Сақау бәткенке», Ж. Дәуренбековтің «Сабақ», С. Әбдікәрімовтің «Жол үстіндегі жекпе-жек», т.б. шығармаларды нысанға алдық.

Аталған әңгімелерден әр түрлі кейіпкерлермен танысамыз. «Биік үйдегі Бөрібасар» әңгімесіндегі Марат, «Сабақ» әңгімесіндегі Өркен, «Жол үстіндегі жекпе-жектегі» Мақсұт, «Алтын баладағы» Зәукен, «Шапалақтағы» (Ш. Күмісбай) Білтай, «Көршінің кесіріндегі» (С. Шаймерденов) Тұрар, Қамбарлар әрқайсысы өз алдына жеке тұлға, бір-бірін қайталамайтын, өзіндік болмыс-бітімі, көзқарас пен түсінігі бар, жасына сай пайымы бар кесек кейіпкерлер деуге болады. Бірі өзінің оғаш қылық, қисынсыз ісімен көрінсе, бірі тартымды мінез, сүйкімді қылығымен тартады. Мінездері, өмірлік талаптары, ойлары қарама-қайшы кейіпкерлер күресте, өзара қақтығыста, бір-бірімен әрекетке түсу барысында шынайы ашылған. Шағын жанрда кейіпкерлердің бүкіл рухани әлемін немесе сол дәуірдің қоғамдық, әлеуметтік келбетін толық ашу қиын болса да, балалар әдебиетінің осы бір гүлденген шағында жазушылар бұл талапқа өзіндік жол тауып жете білді. Осы кейіпкерлер арқылы аталған дәуірдің, сол заманның келбетін көреміз.

М. Мағауиннің «Биік үйдегі Бөрібасар» атты әңгімесінен балалар мен үлкендер, балалардың өз арасындағы қарым-қатынас, байланыс, баланың дүниетанымы, жеткіншектердің мінез-қылығы, бала жанының терең де нәзік, күрделі иірімдері, бала көзімен көрінетін шындық тамаша келтірілген.

3. Қабдолов әңгіменің тәрбиелік мәні туралы: «Кітаптан оқып отырғаныңызды ұмытып, кейбіреуін қолыңызбен дауыстап шақырып алғыңыз келеді. Бірінің қимылына сақылдап күлесіз, бірінің мінезінен түңлесіз, бірін аяйсыз, біріне сүйсіне қарайсыз. Енді біреулерінің кейбір кеспірсіз қылығы кездейсоқ та болса өз бойыңыздан табыла қалса, сәл ұяла беріп... сабақ аласыз. Енді бір алуан ұнамды типтердің жақсы қасиеті сізге дари түседі» деген екен [1, 303 б.]. «Биік үйдегі Бөрібасарды» оқығанда дәл осындай күй кешесіз. Әңгіменің өң бойы толған тартыс. Тартыстың себептері, тудырушылары да әр түрлі: үлкенге сөз қайтарудан туған тартыс, қызғаныштан туған тартыс, қызығудан туған тартыс, табалаудан туған тартыс. Негізгі тартыс әңгімедегі Марат есімді баланың төңірегінде өрбіп, тартыстың себепкері де Марат болады.

XXI ғасырдың кейіпкерлерін көрсетуде балалар жазушыларының өзіндік талпыныстары байқалады. Ш. Күмісбайұлы шығармалары жас оқырмандарға балалар өміріндегі әр түрлі жағдайларды көрсетсе, Б. Сүлейменов әңгімелері балалар арасындағы қылаң беретін теріс сипаттарды тартымды суреттейді. Сонымен қатар, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне мұқият көз жіберіп, образ үйлесімділігін жеткілікті беруге тырысқан шығармалар да бар. Жаңа заман кейіпкерлері сезім тереңділігімен ерекшеленеді. Кейіпкерді ашуда авторлардың диалогке салмақ салғаны байқалды.

Б. Ыбырайым «Сырлы әлем» кітабында [7, 64 б.]: «Бүгінгі балалар әңгімесі тақырыптық-проблематикалық жағынан кешегі кеңестік өмірдің барлық салаларын дерлік қамтыған деуге болады. Жетпісінші жылдарға дейінгі балалар прозасында жиі кездесетін үгітшілік, арзан өнегелілік, қарадүрсінділік пен қарабайырлық, өмірлік мысалды көркемдік қиял қазанында қорытпай, «сол бойында» талғаусыз ұсыну, дедектетіп сүйрейтін дидактика некен-саяқ ұшырасады. Сол сияқты басы артық көріністер, қосаяқ арасында бос жүрген кейіпкерлер, олақ композиция, сылбыр сюжеттік желі немесе орнын таппай тұрған оқиға, кескін-келбеті, эстетикалық жүгі бұлыңғыр кейіпкерлер де сирек. Оның есесіне айтар ойы ажарлы да астарлы, сыры да сымбатты да көз тартатын шынайы характерлер молырақ кездеседі» дейді.

Ал тоқсаныншы жылдардың ортасына жетер-жетпестен-ақ осы қатардың күрт сетіней бастағаны байқалады. Оған бірінші себеп – табиғат заңдылығына орай біраз жазушының өмірден озып кеткендігі болса, кейінгі буын қаламгерлердің өз саласымен айналысуды сирексітіп немесе мүлде қойып кеткендігі себеп болғаны даусыз. Осының салдарынан XXI ғасырдың басына қазақ балалар прозасы жарияланған шығармалардың сан жағынан болсын, сапа жағынан болсын өзінен алдыңғы кезеңге қарағанда едәуір ойсырап жетті.

Келтірілген тізімде қазақ прозашылары өз кезеңіндегі балалар мен жеткіншектер бейнелерін сомдауда қал-қадірінше еңбек етіп, түрлі көркем тұлғаларды өмірге әкелді. Бұл кезеңде балалар бейнесін жасауда реалистік

сипаттағы кейіпкерлермен бірге романтикалық кейіпкерлердің де тұлғалары жиірек жасалатын болды. Мұның өзі шығарма жазудағы мазмұндық және пішіндік ізденістерге тікелей қатысты еді. Әсіресе қазақ балалар прозасында пішіндік ізденістер көркемдік-эстетикалық межелерді айқындай түсті. Пішін мен мазмұнның бірлігі деген ұғым осы кезеңде жазылған жаңа шығармаларға байланысты нақтылана түскені анық.

«Характер – адамның ішкі ерекшеліктері» [10, 383 б.]. Адамның өмірге деген көзқарасы, дүниетанымы, мінезі барлық қырынан көркем шығармада ашылады. Олай болса, образ жасаудағы шығармашылық қадам ең алдымен адам мінезін, оның болмыс-бітімін ашуға негізделеді. Жалпы жазушы өз кейіпкерін сөзбен суреттеп қана қоймауы тиіс, оған жан бітіріп, сезімін оята алуы қажет. Сол кезде ғана көркем шығарма адам өмірінің шындығын шынайы сипаттай алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Текст] : жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / З. Қабдолов. - Өңделіп толықтырылған төртінші басылымы. – Алматы: Санат, 2002. - 360 б. - ISBN 5-7090-0335-2.
- 2 **Ордалиев, С.** Конфликт және характер [Текст] : зерттеулер / С. Ордалиев. - Алматы : Жазушы, 1970. - 184 бет.
- 3 **Хасенов, М.** Ұнамды образ және типтендіру: Филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация / М. Хасенов. – Алматы. 1966. -279 б.
- 4 **Дүйсенов, М.** Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. – Алматы : М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 1962. - 209 б.
- 5 **Дәдебаев, Ж.** Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы : Ғылым, 1991, 208 б.
- 6 **Ақыш, Б. Ө.** Балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесінің жасалуы: Филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация / Б. Ө. Ақыш. – Алматы. 2006. -279 б.
- 7 **Ыбырайым, Б.** Сырлы әлем: Қазіргі қазақ балалар прозасы / Б.Ыбырайым. – Алматы : Ана тілі, 1997. - 224 б.
- 8 Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы: ЖОО мен педучилишелерге арналған / Ш. Ахметов. – Алматы : Мектеп, 1980. - 282 б.
- 9 **Жұмабаев, М.** Педагогика. – Алматы : Ана тілі, 1992. - 160 б.
- 10 **Добин, Е.** Герой. Сюжет. Деталь. – Москва : Советский писатель, 1962.

* С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті;
**Дарынды қыз балаларға арналған
қазақ-түрік лицей-интернаты, Павлодар қ.
Материал 19.03.14 редакцияға түсті.

К. П. Жусип*, А. С. Жумабекова**

**Авторское мастерство в изображении образа героя в детских
рассказах**

*Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова;
**Казахско-турецкий лицей-интернат
для одаренных девочек, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 19.03.14.

К. P. Zhussip*, A. S. Zhumabekova**

The skills of displaying protagonists' images in children literature

*Pavlodar State University named after S. Toraiyrov;
**The Pavlodar regional kazakh-turkish
high schools for gifted girls, Pavlodar.
Material received on 19.03.14.

*В статье проведен анализ проблемы мастерства изображения
на основе образа героя в казахских детских рассказах. Проблема
героев в детских рассказах оценена с точки зрения особенности
жанра, проблема писательского мастерства проанализирована через
цельность характера.*

*In the article the analysis of representment of mastership problem
on the base of image of character from Kazakh child story is shown. The
characters' problems in child stories are measured according to features
of genres, the issue of writing mastership is analysed through completeness
of represented personality.*

ӘОЖ 882.151.212.2

Қ. П. Жусип, А. Қ. Еңсебаева

КӨРКЕМ ПОРТРЕТ ЖӘНЕ МҰХТАР ӘУЕЗОВ

*Мақалада Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы
мен «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі кейіпкерлер мүсінін кескіндеу
шеберлігі айқындалып, портрет жасау тәсілдері талданады.
Эпопеядағы Абайдың бала кезінен қартайған шағына дейінгі кескін-
кейпі суреттелген үзінділер талқыланады. Суреткердің портрет
жасауда қолданған әдіс-амалдары зерттеледі.*

Портрет – бұл эпикалық және драмалық шығармалардағы кейіпкерлердің
сырт бейнесін, лирикалық өлеңдердегі адамдардың сырт келбетін, яғни
бет-әлпетін, дене пішінін, киім киісін, жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалысын,
өз-өзін ұстау мәнерін жасап шығару. Бұл – әдеби шығармадағы кейіпкерді
бейнелеудің негізгі әдістердің бірі. Адамның жеке даралық, қайталанбайтын
ерекшеліктерін көрсете отырып, портрет оның бейнесін жасаудың маңызды
құралы болып табылады.

Портреттік суреттеу ауызша өнердің ең ежелгі тәсілдеріне жатады.
Фольклорлық шығармадағы адамдарды бейнелеу оларды тек таныстыру үшін
ғана қолданылған жоқ. Портрет қаһарманды авторлық бағалау құралы болды,
яғни асқақтату, дәріптеу немесе керісінше, жағымсыз түрде, кем қалыпта көрсету.
Портрет жазушыға тек сырт келбетті ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі жан
дүниесін сипаттауға кең мүмкіндік береді, өйткені адамның кейпінде әрқашан да
көбірек немесе аз дәрежеде болсын оның өмірге деген көзқарасы, мінез бітімі,
психологиялық ерекшеліктері көрініс табады. Портреттік суреттеу қаһарманның
рухани жағдайына меңзейді, ой, сезім, толғаныс және көңіл-күй жайлы ақпарат
беретін адамның сыртқы кейпіндегі детальдарға оқырман назарын аударады.

Портрет жасауда әрбір жазушының өзіндік стилі болады. Көркем
шығармада жағымды және жағымсыз кейіпкерлер болады, соған сәйкес
олардың кескін-кейпін суреттеу арқылы жазушы оқырманға белгілі бір
кейіпкердің солардың қайсысына жататынын аңғартады.

Тұлғалық портрет жасау үшін жазушы негізінен өз қаһарманын өсу
жолымен сипаттайды. Бұл – көбінесе роман, эпопеяларға тән құбылыс.
Мәселен, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайды өсу
жолымен суреттеген. Роман-эпопеяда өсу үстінде бейнеленген Абайдың
сырт пішініндегі ерекшеліктер, өзгерістер өте көп. Әр қилы тартыстар,
алуан істер барысында көреген ерекше сыр-сипаты, қайтпас қажырлығы,
көреген-білгірлігі көрінеді. Абай романда неше алуан қыры бар, шытырман,

кат-қабат өмір кешеді. Автор оны сол заманның сипатын белгілеген кесек те күрделі оқиғалардың қалың ортасында көрсетеді. Абай романның әрбір тарауында өсіп, кемелденіп отырады. Әжесінің құлағын емдеген әрекетіне үлкендер бір күліп, бір таңданғанда, Абай бейнесін автор былай суреттейді:

«Қара сұр бала көптің көзі бір өзіне қадалғанға енді қысылыңқырап, қызарып еді. Бірақ көзінде жайнай жанған от білінеді. Өзге балаларының ажарынан бөлек, қызулы, саналы оты бар сияқты» [1, 13 б.]. Мұнда жас Абайдың қызаруы, әрине, оның әрекетіне байланысты екенін түсінуге болады. Ал көзінде жанған от арқылы автор оның басқалардан ерекше екенін, дара туғандығын аңғартады. Бұл жерде Абай көзінде білінген от – символ, ал сол отты қызулы, саналы деп әсерлеу арқылы жазушы жас баланың болашағын айқындап тұрғандай.

Құнанбайлар азаптап өлтірген Қодар өлімінің үстіне шыққан Абай қатты жан күйзелісіне түседі, есінен адасқандай болады. Жайшылықта биязы, әдепті баланың Жексенді желкеден түйіп: «Өй, кәрі малғұн... не деген имансыз едің, кәрі төбет!» – деуінің өзі-ақ оның жүрегіне қан төгілгендей болғанын айтпай-ақ білдіреді. Міне, осыдан бастап Абай әділетсіз өмірдің соққысына ұшырай береді. Қандықол әкесінің құзғындық, жендеттік әрекетінен жүрегі түршіккен жас бала ауруға шалдығады. Бұл тән ауруынан да гөрі жан ауруына, рухани күйзеліске жақын. Енді көңілі кешкен ауыр сезім, терең азаптан айыққан Абайдың портретін автор мейлінше толық беруге тырысып бағады:

«Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шалақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімденген. Бірақ әлі сол мүсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес. Сидиып, арықтап, құр созылған сияқты. Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес. Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір, бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қылаңданып көрінеді» [1, 51 б.]. Мұнда Абайдың бойы, қол-аяғы, мұрны, бет бейнесі, шашы – барлық кескін-кейпінің, бет-әлпетінің детальдары суреттелген. Қол-аяғы ұзаруынан табиғи өсуі көрінсе, сидиып арықтауы, өңі бозғылдануынан ішкі жан дүниесінде туған тебіреніс аңғарылады, бірақ сол мүсінде әлі де үлкендік жоқ болуы бала көзқарасында әлі танып-жетілмеген дүниелердің молдығына меңзейді, ал шашының арасынан құйқасының көрінуі – ауырғандықтың белгісі. «Жолда» бөлімінде автор әкесімен бірге Қарқаралыда тұрған кездегі Абайды өз жасына сай суреттемей, есейтіп береді:

«Абай бұл уақытта бала сияқты емес. Жас бозбалаша киінген. Қара мақпалмен тыстаған түлкі тымағы бар. ...Үстінде тиін ішкіктің сыртынан

киілген, жағасы қайырма қара барқыт қаптал шапаны бар. Құла түсті ықшам тігілген шапан. Аса ұзын жең емес. ...Белінде кісе белдік емес, жасыл түсті кәріс белбеу. Бұл да анық бозбаланың белгісі» [1, 97 б.]. Бұл жерде киген киіміне қарап, Абайдың балалықтан бозбалалық шакқа ауғанын байқаймыз. Киімінің әрбір деталі, неден жасалғаны, түр-түсі оның бағалылығын, әдемілігін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар бұндай киімнің жас балаға емес, бозбалаға сай екенін танытады. Ал «Өрде» бөлімінде Абайдан көз алмай қарап тұрған Тоғжанның көзімен кейіпкердің суреті шыға келеді:

«Жас жігіттің үстінде желбегей киген жеңіл сұрғылт шапан бар. Ішінде ақ көйлектің сыртынан киген қара желеткесі көрінеді. Басында көкшіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа қара елтірі тымағы байқалады. Айға қарсы қарап тұрған ақшыл жүзінде жүдеулік бар. Ұнамды, ықшам киім киіп, күміс ер-тоқымды сұлу ат мініп, ойда жоқта келген әсем жігіт қазірде Тоғжан көзіне аса ыстық көрінді» [1, 272 б.]. Мұнда Абайдың портреті оның киімін, құрал-жабдығын сипаттау арқылы жасалған. Сонымен қатар бірінші кітаптың «Қияда» бөлімінде Абайдың портреті асқан шеберлікпен берілген десек, артық болмас:

«Бұл кезде Абайдың да денесі ірілеген. Жауырынды, сүйекті боп қалған екен. Бойы ортадан биіктеу. Сүйегі ірілеумен қабат, бұлшық еттері де толып, бар мүсіні балғын, кесек тартыпты. Бет пішіні де денесіне лайық дөңгеленіп, ірілеп қалған. Ұзынша қырлы мұрны көтеріңкі, үлкен. Жазық биік маңдайы шекесіне таман келгенде дөңкілдене түсіп, кең көсілгендей. Қыс суығынан бет, мұрны тотықса да келбетті маңдайы ақшылданып, айқындап тұр. Отты сұлу көздерінің ақ, қарасы әлі де тап-таза. Көзінің сыртқы шарасы томпақтау және ұзынша біткен. Жіп-жіңішке боп кең созылған ұзын қастары мен ойшыл, отты көздері Абайды өзге жұрттың ішінен оқшауырақ етіп тұрады. Жақсы туыс белгісі сияқты. Өлі ұзармаса да, теп-тегіс боп, тебіндеп шығып келе жатқан қоңырқай мұрты бар. Барлық тұлғасы сай келген қара сұр жігіт, сонау сұлу болмаса да, ұнамды, сүйкімді» [1, 280 б.]. Бұл сипаттар Абайдың табиғи өсуіне ғана емес, ескі мен жаңа майданында есе жіберместей қуат шыңдап толысып өсуіне де меңзейді. Жазық биік маңдайдың кең көсілуі де өсу үстіндегі ойлы адамға назар аударудан туған. Абайдың өңі тотыққандығы оның өмірін қысып, аязын көшіп-шығаруда екенін аңғартқандай. Бұл – кейіпкеріміздің бозбалалықтан жігіттік кезеңге көшкен кезі. Денесінің, бет пішінінің ірілеуі, жаңа шығып келе жатқан мұрты соған дәлел. Енді бұл портретті берудегі дене мүшелерінің ерекше белгілерін көрсету үшін қолданылған сөздерге тоқталсақ:

- 1) дене көлемін айқындайтын сөздер: денесі ірілеген, жауырынды, сүйекті, бойы ортадан биіктеу, мүсіні балғын, кесек тартыпты;
- 2) бетті суреттеу: дөңгеленіп, ірілеп қалған;
- 3) мұрынды суреттеу: ұзынша, қырлы, көтеріңкі, үлкен;

4) маңдайды суреттеу: жазық, биік, дөңкілдене түскен, келбетті, ақшылданған;

5) көзді суреттеу: отты, сұлу, ақ-қарасы тап-таза, сыртқы шарасы томпақтау, ұзынша біткен;

6) қасты суреттеу: жіп-жіңішке, кең созылған, ұзын.

Осылайша бет-пішінінің, кескін-кейпінің әрбір деталін суреттеу арқылы жазушы Абайдың мүсінін көз алдымызға әкеледі. Екінші кітаптың алғашқы «Тайғақта» деп аталатын бөлімінде мынандай үзінді бар:

«Дәркембайдың көзі Абайға түскенде, оның жүзі боп-боз боп, екі көзі қанталап, Майбасар мен Тәкежанды жарып өткендей, от шашып тұр екен» [2, 15 б.]. Мұндағы Абайдың бет-әлпетіндегі өзгешелікті автор Дәркембайдың көзімен береді. Абай жүзінің боп-боз боп, екі көзінің қанталауы Майбасар мен Тәкежанға деген қарым-қатынасын көрсетеді. Көзіндегі от – деталь, ал сол көзінің от шашуы бейнелі түрде айтылған, бұл арқылы Абайдың ашу-ызасының қаншалықты өрістегенін байқаймыз. Сондай-ақ осы бөлімде суреткер жазушы Абайдың портретін Мәкіш арқылы береді:

«Інісінің қабағы шытынды да, өңі тағы қуаң тартты. Толықша біткен дөңгелек жүзінде әлі бірде-бір әжім жоқ. Кесек сұлу бітіміне, бұл күнде ұзарыңқырап шыққан қиық мұрты да жақсы жарасады. Селдір қара сақалы да бетінің көлемін бұзбай, сәл ұзарып қана барып тоқтапты. Қазір Мәкіш барлап қараған шақта, Абайдың мұрын мен бетінде азырақ жылтырап білінген, майда жұмсақ бір нұр білінеді. Жаңа ғана толып жеткен жігіттіктің анық сұлу ажары. Отты, саналы көздерінің ақ, қарасы айқын. Ажары таза, көздері әрі көрікті, әрі ыстық тиеді. Бір қараған кісіні қайта тартып, еріксіз қаратқандай, алмасы бардай, әсерлі көз. Жіп-жіңішке боп, ұзын сызылған қап-қара қасы да жігіт жүзінің жақсы ажарын аша түскендей» [2, 21-22 б.]. Осы үзінділерде Абайдың өсу жолы кәдімгі қарапайым адамның ерекшеліктеріне сай сипатталып, бейнеленеді. Абайдың қабағы шытынып, өңінің қуаң тартуы оның үлкен ой үстінде екенін аңғартады. Мұрны мен бетіндегі білінген нұр – деталь, бұл Абайдың жүзіндегі ерекшелік қана емес, жарқын болашаққа деген сезім нышаны сияқты. Бет-әлпетінің көріктілігі, айқындылығы, ажарлылығы – жастықтың белгісі. Ал жіп-жіңішке боп сызылған қастары Абай сезіміндегі нәзіктікке біршама меңзейді деуге болады. Ал келесі үзіндіде Абайдың сипаты тағы да басқа кейіпкер арқылы, осы жолы досы Ерболдың көзімен беріледі:

«Өңіне қарап еді, құп-қу боп, реңі қашыпты. Екі көзі жасаурап, демі дірілдеп, қол, иығы да қалтырай түседі. Ерекше құбылып, бұзылғандай. Екі көзі қанталаған қалпында жоғарылап, шалқалай қарайды» [2, 34 б.]. Бұл – Абайдың Әйгерім дауысын естігендегі сезім-толғанысы, көңіл-күйі. Абай бұл әнді Тоғжан айтып жатқандай сезімде болады. Өңі құп-қу болып, реңі қашып, көздері жасаурап, қол-иығы дірілдеуі бұл әннің Абайға қаншалықты

әсер еткенін, сондай-ақ оның әлі де Тоғжанға деген сезімі бар екенін, оны еш уақытта ұмытпағанын айқын дәлелдейді. «Оқапта» бөлімінде аң аулауға шыққан Абайлардың қатты боранда адасып, Тоғжан үйіне тап болуы жайлы айтылады. Абай қатты жаурап, қалтырап, ауырып қалады.

«Саптама етігін тастап, мәсішең отырған Абайдың шынтағында үлкен құс жастықтар. Қымбат қалың драптан тіккізген, ноғайша пішілген, тік иық сұр бешпет Абайдың омырауы ашылып, көлденең созылыққырап жатқан бойына жарасып тұр. Ақ көйлектің сыртынан киген қара желеткенің төсінде алтын баулы сағат көрінеді. Басында тымақ жоқ. Базар қолды, тікше келген, ұнамды қара қатифа тақиясы бар. Абайдың маңдайы жазық, кең. Тымақ астында күн мен желге тимей жүргендіктен, аппақ екен. Бірақ мұрны, бет-аузы аса қатты тотыққан. Жылтырап, ісінгендей, қарауытып тұр. Көзі көп жылаған кісінің көзіндей. Еттері ісініп, қызара жасаурап қалыпты» [2, 280-281 б.]. Бұл арада Абайдың сырт келбетін үстіне киген киіміне қарай елестетеміз. Жазық маңдайының кең көсілуі өсу үстіндегі ойлы адамға назар аудартады. Бет-аузының тотығып, ісінуі оның бұған дейін қаншалықты азап шеккенін ғана емес, сонымен қатар өмірін қысып, аязын көшіріп-шығаруда екенін аңғартқандай.

Үшінші кітаптың алғашқы «Абай аға» атты бөлімінде жол үстінде кезіккен қос молаға қарап, үнсіз тұрған Абайды жазушы былай сипаттайды:

«Бұның селдір сұлу сақалына енді сәл ғана ақ араласқан. Айналасына азырақ әжім жиылған мұңлы көзін кейде қысыңқырап қарайды» [3, 7 б.]. Бұл жерде сақалына ақ кіруі, көзінің айналасына әжім жиналуы Абайдың біршама жасқа келіп қалғандығын көрсетеді. Көзінің «мұңлы» болуының ар жағында ақынның ішкі жан толғаныстары, ой-армандары жатыр. «Қарашығын» деп аталатын бөлімде Абай ауылындағы қалың жиын сипатталады. Бұлардың бәрі Абайдың баласы Әбдірахманның келуіне байланысты жиналады. Абай сол жиынның дәл ортасында тұрады. Сол кезде жазушы оның толыққанды портретін жасап шығады:

«Үстінде ұзын, ақ сарғыш қытайы жібек бешпеті бар. Жазғы жеңіл киім бұл күнде толған денесін аса айқын көрсетіп тұр. Күрөң барқыт желетке мен ақ көйлек, кең бешпет өзінше бір келісті көрнек, жарастық бергендей. Самай, маңдай шаштары кейіндеп, бурыл тартқан Абайдың бұл күндегі үлкен, кесек жүзі ойлы, келбетті адамның жүзіндей ашыла түскен. Кең, жазық маңдайында әжім аз. Жіңішке ұзын қастары әлі де қап-қара. Бетінде де әжім тіпті аз ғана. Селдірлеу боп жайыла біткен сақалы ұзара түскен, соңғы жылдар білінген бурыл талдар бар» [3, 138 б.]. Үстіндегі бешпеті, желеткесі мен көйлегі өзіне жарасымды боп үйлескен. Шашының, сақалының бурыл тартуы, үлкейген кесек жүзі – бәрі де Абайдың өскенін, талай белестерден өткенін, бұрынғысынан да кемелдене түсуін айқындаушы детальдар. Бірақ соған қарамастан бет-әлпетіндегі әжімі аз, қастары да бұрынғыдай қап-қара.

Ал Оспанның қазасынан кейінгі Абайдың қандай халде, қапалы ойда екенін автор оның бет-жүзін сипаттау арқылы береді:

«Үнсіз жүдеу жүздің астарында сондайлық әлек көп» [3, 222 б.]. Осыдан кейін Абайдың сипаты Әбіштің көзімен беріледі:

«Сақал-шашының ағы биыл айқындап молая түскен Абайдың қазіргі мінез әдетінде де өзгеріс байқалады» [3, 222 б.]. Абайдың молая түскен сақал-шашының ағынан оның осыған дейін қаншалықты ауыр кезеңдерді өткергенін, қаншама қайғы, қазаның осыншалық әсер еткенін байқаймыз. Осылардың тек сырт келбетіне ғана емес, мінезіне де өзгеріс әкелгенін көреміз. Үшінші кітаптың ақырғы «Қоршауда» бөлімінде жандарал қазақ болыстарының «знакты» адамдарының бәріне қол берісіп амандаса бастайды. Бәрі де иіле бүгіліп, «здәрәсти, тақсыр!» дегеннен басқа жөні түзу сөз таба алмайды. Бір кезде жандарал Абайға тақап келеді. Осы жерде автор Абайды суреттей бастайды:

«Оның мойнында знагы, үстінде оқалы шапаны жоқ. Бірақ қалаша, сыпайы сұлу тігілген ұзын бешпет, жұқа сұр шапаны бар. Келбетті жүз, ойлы пішінді Абай бұның қасына жандарал келгенде еркін, маңызды тұрған қалыппен, титтей де өзгерген жоқ» [3, 355 б.]. Бар қазақтың тобынан басқарак көрінген Абайдың бұл сипатына жандарал таңырқағандай көз тастайды. Абайға бас иіп, қол созып амандасады. Сол кезде Абай да салмақты сыпайылықпен, тәрбиелі адамның қозғалысын жасап бас иеді, амандасып, өзін атап таныстырады. Шапшаң түрде сұрақ-жауаппен алмасып, Абай жандаралды бірнеше рет тоқыратады. Осылайша талай жағымпаз болыстардың арасынан асқақтап басып өткен Абайды жазушы былай сипаттайды:

«Бойы биіктеп, шоктығы шығыңқырап, қазіргі Абай тіпті ажарланып алған» [3, 357 б.]. Абай талай азапты күндерді басынан кешіреді. Әбіштен кейін Мағаштың қазасын көрген Абай сөйлеуден қалады. Өз-өзінен түңіліп, ойға шомып отырады. Ол үшін тірліктің мәні қалмайды. Жападан-жалғыз баласының жас қабірінің басында екі сағат тапжылмай отырған Абайды жазушы былайша сипаттайды:

«Кейін кешке таман ғана моланың ішінен Абай шыққанда сақалы аппақ болып, беті-жүзі күлбеттеніп, бар денесі жер тартқан жандай құр сүлдерімен ғана шыққан екен» [4, 392 б.]. Сақалының аппақ болуы, бет-жүзінің күлбеттенуі Абай уайым-қайғысының қаншалықты зор екенін, үлкен дертке айналуын айқын көрсетеді.

Жалпы Абай портретін жасаудағы жазушы шеберлігін айқындасақ, бас кейіпкердің бет-әлпеті, сырт келбеті, киім-киісі, жүріс-тұрысы жан-жақты сипатталуымен қатар оның мінез-құлқы, ішкі жан дүниесі, тебіреніс-толғаныстары да астастырыла беріледі. Бұл қаламгердің көркем мүсін жасау шебері екендігіне дәлел болып қана қоймай, барша оқырманға, солардың арасындағы болашақ қаламгерлерге үлгі болары хақ. «Абай жолы» роман-

эпопеясында Мұхтар Әуезов шын мәнінде көркем бейнелер галереясын жасап шығарған. Жазушының қай шығармасын алсақ та, әрбір кейіпкерге шағын немесе көлемді түрде сипаттама беріліп кетеді. «Абай жолы» романынан бөлек жазушы әңгімелері мен повестерінде де кейіпкерді суреттеу молынан кездеседі.

«Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі әрбір кейіпкердің портреті өзінің көркемдігімен, нақтылығымен ерекшеленеді. Әрқайсысының портреті өзінің тағдырымен байланыстырылған. Алдымен Ақанның портреті беріледі: «Жолаушының бірінің торғын тысты жаңа түлкі тымағы бар. Қалың киімнің сыртынан киген мол сұр шапанының жағасы қара барқыт. Аяғында байпағының қонышын барқытпен көмкерген жаңа қара етік. Алғашқы көрген жерден-ақ мынау мырзасы екен дегізгендей. Бұл жігіттің жасы отыз шамасында. Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұртты, шоқша сақалды сұрғылт беті дөңгелек жалпақтау. Суық қарайтын қисық біткен кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар. Кішкене мұрны көз, қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады» [5, 32 б.]. Мұндағы кейіпкердің сырт келбеті, яғни киімі оны бай, дәулетті адам ретінде танытады. Бұдан кейін жасы, дене пішіні, бет-әлпетінің суреттелуінен оқырман кейіпкерді көз алдына елестете алады. Көз тартарлық сыртқы киімі болмаса, өзінің келбеті таң қаларлықтай емес, дөңгелек денесі, жалпақтау беті, қисық біткен кішілеу көзі, кішкене мұрны Ақанды ұсқынсыз етіп көрсетеді. Ал күлгендегі пішіні оның қызқұмарлығын білдіріп, енді оқырманды өзінен алыстата бастайды, яғни осы жерден-ақ Ақанның жағымсыз кейіпкер екені сезіледі. Ал Ғазиза, оның әжесі, анасы суреттелгенде олардың бұрынғы көрген қиыншылықтары және қазіргі күйі анық байқалады. Әжесінің қартайса да, ерекше бір қайраттылық белгісі бар екені былайша сипатталса: «Кемпірдің жасы қартайып, қуаты азайғандығы шын болса да, бетінде ерекше бір қайрат білінеді, еркек пішіндес кесек. Үлкен, жалпақ маңдайлы, қошқар тұмсықтау келген үлкен мұрынды. Тақырлау сұйық қабақтың астынан көрінген кішкене өткір көздері қажыған салқын жанармен жалтылдайды. Маңдайы мен екі ұртына түскен қатпары қалың терең ажымдары өмірінің талай қайғы, талай бейнетіне куә» [5, 36 б.], анасының басқа адамға қарағанда өзгешелігі бар екені ерекше берілген: «Келіннің пішінінде не жақсылығына, не жаманшылығына айғақ болған орасан белгі жоқ: орта пішінді, орташа жаратылған адам тәрізді. Бірақ бұның пішінінде де өзгеден бөтен бір жаттық бар. Қадағалап қараған кісіге ол көрінетін. Тұңғыық қара көздері бір қараған жерден аумап, ылғи жансыздықпен қарап тұрғанына көзі түскен адам бишараның кім екенін айырушы еді. Ол жаңа арада екі көзінен айрылған суқараңғы еді» [5, 36 б.]. Ал Ғазизаның жас та болса, өмірде талай уайым-қайғы көргені анық байқалады: «Ол – сыпайы нәзік болып өскен Ғазиза: жіңішке сұңғак

бойлы, азғана секпілі бар дөңгелек ақ-сұр жүзді Ғазиза. Көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ ұян, жұмсақ қарайтын қара көзінде және ылғи шытыңған, кірбеңдеген қабағында қалың уайымның салған ізі бар. Пішіні мұнды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртына шығып тұр» [5, 36-37 б.].

Мұндай көркем бейнелер біздің қазақ әдебиетімізде көл-көсір. Тек қана оқырманның осы детальдарға назар аударғаны абзал. Осыдан келіп жазушының шеберлігін айқындап, қорытынды жасай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әуезов, М. Абай жолы. 1-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 368 б.
- 2 Әуезов, М. Абай жолы. 2-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 432 б.
- 3 Әуезов, М. Абай жолы. 3-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 384 б.
- 4 Әуезов, М. Абай жолы. 4-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.
- 5 Әуезов, М. Шығармалар. 12 томдық. Повестер мен әңгімелер. – Алматы : Жазушы, 1967. – 1-т., 448 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 26.01.14 редакцияға түсті.

К. П. Жусуп, А. К. Енсебаева

Художественный портрет и Мухтар Ауезов

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 26.01.14.

К. P. Zhussup, A. K. Yensebayeva

Literary portret and Mukhtar Auevov

S. Toraiyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 26.01.14.

В данной статье рассматривается мастерство писателя Мухтара Ауезова в его описаниях героев в романе-эпосе «Путь Абая» и рассказе «Судьба беззащитных». Анализируются портреты Абая с юных лет до пожилого возраста. Так же определяются приемы и способы писателя в создании портрета.

The given article describes the Mukhtar Auevov's mastership of portrait description in the "Path of Abai" epic-novel and "The fate of

defenceless" story. Analyses of Abai's portraits from a young age to old age. It defines the methods and ways of the writer to create a portrait.

ӘОЖ 8 82.

А. Ф. Зейнулина

УӘЙІС ШОНДЫБАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Аталмыш мақалада Абайдың ақындық шығармашылығын жалғастырушы Уәйіс Шондыбайұлының творчествосы туралы мәселе қарастырылады. Уәйіс ақынның туындыларының тақырыптық – жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшелігіне талдау жасалынады, рухани мәнділігі мен тәрбиелік тағылымына баға беріледі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ әдебиетінің қай саласы, қай жанры үшін болмасын қанат жайып дамыған кезең болды. Ұлттық әдебиеттің қарқынды даму кезеңі тарихи әлеуметтік өзгерістер, қоғамдық өмірдегі өзгеше сілкіністермен астасып жатты. Осындай өзгерістер нәтижесінде көркемдік құндылықтар да жаңа қырынан ашылып, өнер табиғатында көркемдік бағыт, әдеби ағым ерекше шығармашылық мектептер бой оздыра, рухани құндылықтарға жол ашады.

Әдебиеттану ғылымында жеке тұлғаны әдеби процесс контекстінде қарастыру оның шығармашылық өмір жолын, барлық болмысын толық тануға мүмкіндік береді

Абайдың ұлылығынан тәлім алған қазақтың халық ақындарының бірі- Уәйіс Шондыбайұлының өмірі мен шығармашылық жолын қарастыру, зерделеп жинастыру- қай жағынан болмасын аса өзекті мәселе.

Уәйіс- кеш табылып, халқына кеш танылған ақын. Уәйіс Шондыбайұлының есімі біріншіден, абайтану ғылымына қатыстылығымен құнды. Екіншіден, ақынның өзінің даралық тұлғасы мен шығармашылық жолын саралау қазақ әдебиеті тарихын толықтыра түспек.

Даралық қолтаңбасымен көрінген, артына әдеби мұралар қалдырған ақын шығармашылығы әдеби процесстің маңызды нәтижесі. Сондықтан да ақынның өмір белестері мен шығармашылық жолын танып-білу көркем шығармаларының, айтыстарының табиғатын тануға бағдар, негіз тірек болары хақ. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы әр мезгілде, түрлі деңгейде айтылып келді.

Абай жалпақ жұртты жақсылыққа үйретіп, жамандықтан жиренткен қазақ халқының кемеңгер ақын – шешені, кең толғар дана көсемі. Абайдың ұлылығы қазақ пен орыс халқының, батыс пен шығыстың сан ғасырлар бойы қордаланған, жинақталған даналық ойларын, таным-түсінігін, рухани мәдениетін санасына түйіп, бойына сіңіріп, алған әсерін кейінгілерге үлгі етуінде.

Абайдан кейін бүкіл қазақ поэзиясында ұлы дәстүрін ұстанып, оны дамытуға талпыныс күшейді. Бұл құбылыс Абайдың алдын көріп, ұлағатын алған Семей өнерінің ақындарында, әсіресе, Абайдың төл шәкірттерінің поэзиясында үрдіс дамыды. Осы тұрғыдан алдымен айтатын Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Әсет, Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Уәйіс сынды ақындар еді.

Уәйіс Шондыбайұлының қолжазбалары қазіргі таңға толығымен жеткен жоқ десек те болады. Ақын шығармалары замандастарының, ауылдастарының, ағайындарының, құйма құлақ қарттардың арқасында, жекелеген жинаушылардың орасан зор еңбегінің нәтижесінде сақталды. Яғни, Уәйіс ақын шығармалары өз заманында бағаланбай, халық арасына кейінгі уақытта ғана жеткені айтпай-ақ белгілі.

Уәйіс Шондыбайұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеуде ғалым Қайым Мұхамедханұлының алар орны ерекше.

Абайдың алдында болып, ұлы ұстаз ақыннан тәлім алған талантты ақын шәкірттерінің шығармаларын жинап, зерттеуімен қатар, жинақ етіп шығаруды көздейді. Уәйіс ғұмырнамасы мен әдеби мұрасын там-тұмдап жинаған ғалымның құрастыруымен ақынның шығармалары екі рет жарық көрді.

Біріншісі – «Уақыт өрнегі» кітабы [1]. Екіншісі – «Абайдың ақын шәкірттері» [2].

Абайтанушы Қайым Мұхамедханұлы: «1940 жылы Абайдың ақын шәкірттерін зерттеу ісін бастаған кезімде, Мұхтар Әуезов, Абай шәкірттерінің қатарында Уәйіс ақынды да зерттеп жазу керек, ол Абайдың өзі әдейі арнап шақыртып алған ақыны болатын деген еді және 1924 жылы желтоқсан айында, Семейде Абайдың дүниеден қайтқанына 20 жыл толғанына ескеркіш кеш өткізілгенде, Уәйіс те сол кешке қатынасып, ән салды, ол кезде Уәйіс ақын абай елінде тұратын деп еді.

Сол кезден бастап Уәйістің шығармаларын жинауға талпынсам да: ақын мұрасын сақтаған адамды кездестіре алмадым. Өмірбаяны жайында ел аузынан біраз үзінді-үзінді мағлұматтар ғана жиналды. 1950 жылы Уәйістікі дейтін бір дастанның көшірме қолжазбасы, 1968 жылы бір поэмасының көшірмесі қолыма түсті.

Ақынның өз өмір сүрген заманы жайында жазған бірде-бір өлеңінің өз қолжазбасы не көшірме қолжазбалар қолымызға түспеді. Абайдың алдын көрген, ұлы ақынның шығармаларын бастан-аяқ білетін, одан көп тағылым алған, көңіл-көзі ашық, өзі сауатты – Уәйіс сияқты ақынның, өзінің өскен

ортасы, өмір сүрген заманы, өз халқының хал-ахуалы жайында өлең жазбауы мүмкін емес. 1925 жылға дейін өмір сүрген ақын талай-талай уақиғалардың куәсі болды. Бүкіл дүние жүзін дүрліктірген бірінші империалистік соғыс, қазақ халқының тарихындағы ерекше бір елеулі кезең 1916 жылдың оқиғасы, Ақпан төңкерісі, Қазан төңкерісі, азамат соғысы – осындай ірі-ірі тарихи оқиғалардың, Уәйіс сияқты, Абайдан өнеге алған, саналы азамат ақынға, әрине күшті әсері болды. Осы айтылған мәселелер ақынның назарынан тыс қалған жоқ. Бірақ, ол дәуірде қандай өлең жазды, қандай бағытта, қай тұрғыдан қарап жазды, ол өлеңдері қайда? Осының бәрі осы уақытқа дейін біз үшін шешілмеген жұмбақ сияқты болып келді. Осы түйін шешілмей тұрып, Уәйіс туралы мағыналы мақала жазуда мүмкін емес еді. Бізге ақыннан қалған тұқым-жұрағат бар, жоғы белгісіз еді.

Қазір енді Уәйіс ақынның шығармашылығы туралы түйін болып келген, жұмбақ шешілді» - деп тұжырымды пікір айтады [2, 178].

Осылайша абайтанушы, ғалым Қ. Мұхамедханұлы У. Шондыбайұлы мұрасының зерттелуі, жариялануы жайына, өмір кезеңдерінің аса маңызды деген сәттеріне, өлең үлгілері мен шығармасының тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктеріне ғылыми тұжырымдамалар беріп, кең түсініктеме жасайды.

Уәйіс ақын жөніндегі алғаш мәліметтердің бірін біз «Қысқаша энциклопедиядан» ала аламыз. 1989 жылы жарыққа шыққан энциклопедияда Уәйіске жылы баға береді: «Шондыбаев Уәйіс /1873. Қазақ ақыны, композитор. Абай шәкірттерінің бірі. 1894 жылдан бастап Көкбай, Ақылбай, Мағауия сияқты дарынды ақындар тобына қосылып, ұлы Абайдың ақындық мектебінен өтеді...» [3, 638].

Қайым Мұхамедхановтың құрастыруымен жарық көрген «Абай» энциклопедиясында да осы дерек келтіріп, қосымша: «Уәйіс ақынның халық арасына кең тараған әндері: «Перуайым», «Шұбартау», «Шыңғыстау». Оның ел аузында, көшірме қолжазбаларда және архив қорында сақталып жеткен орыс ақыны П. П. Ершовтың (1815-69) «Конек-горбунок» ертегі-дастанының желісімен жазған «Иванушка дурачок» поэмасы, «Жошы-Алаша хан» (Ақсақ құлан аңызының бір нұсқасы), «Қырық уәзір» әңгімесінен алынып жазылған «Бір қыздың оқиғасы» атты дастандары мен «Кеңшілік кедейлерге заман бар ма» /1916/, «Дүние байқағанға бір кең сарай» /1921/ атты өлеңдерінде халықты азаттық күреске үндеп, ел қамқоры болған Абайды жастарға үлгі өнеге етіп ұсынады» [4, 56], - деп беріледі.

Уәйіс ақынның мұрасын жинап, баспасөз беттерінде жариялауға едәуір үлес қосқандардың бірі – Сайлаубек Жақыпов. 1983 жылы «Қазақ әдебиеті» мен «Семей таңы» газеттерінде «Уәйіс ақын» деген тақырыппен мақала жолдап, Уәйіс мұрасы кімде болса, хабарлассын деген мағынадағы сөздермен мақаланы аяқтаған.

Уәйіс ақынның баспасөз беттерінде жария етілмеген бірсыпыра өлеңдері мен шығармаларын оқырман қауымға таныстыруда аянбай еңбек еткендер – Нәстілек Сәменбетұлы мен Майдан Құрмашев.

Ақынның артында қалған асыл мұраларының жинақталып, көп жылдардан соң халықпен қауышуына, жұртшылықтың кәдесіне жарауына осы екі азамат ерекше үлес қосты.

«Ел ішінде – Керей Уәйіс ақын деген атпен танылған Уәйіс Шондыбайұлы 1873 жылы Семей облысы, Шұбартау ауданының Баршатас ауылында туған (Бұрынғы Дағанды облысы, он екінші ауыл, Жылтыр деген жерде).

Руы Керей, Бегімбет – Бекназар, Қожагелді – Көлібай. Өз әкесі Шондыбай Ыбырайымұлы, шешесі Сыпайы Ималды деген адамның қызы. Жұзаған деген жерден. Найман руы, Тұманшы. Уәйістің әйелі Мыңбай дегеннің қызы Былқыжан. Шыққан тегі Қожагелді аулының Манабай деген елі. Уәйіс пен Былқыжаннан Молдахан, Мұхаметхан деген екі ұл туған. Екеуі де ертеректе қайтыс болыпты.

Ауыл молдасынан ескіше хат танып, сауатын ашқан бала Уәйіс халық аузындағы ескілікті өлең-жыр, хисса-дастандарды жаттап алуға зерек, орындауға шебер болып өседі.

1894-95 жылдары Абайдың шақыруымен келген Уәйіс ұлы ақынның талантты, білімді шәкірттері Мағауия, Ақылбай, Көкбайлардың тобына қосылып, Абайдың ақындық мектебінен өтеді. Абайдың өсиетін тыңдап, ұғып, еңбекші халық мүддесін жырлайтын азамат ақын болады. Бұл айтқанымызды оның кейінде табылған өлеңдері дәлелдейді.

..Жан құрбан халық үшін қылайық та,
Бұл істен не боламыз қашқанымыз.
Ақылын айтып-айтып Абай кеткен,
Қазақта сол емес пе асқанымыз.

Ақындық өнерде Абайдан үлгі-өнеге алып, оның өсиетін көп тыңдап, терең түсініп, мол тағылым алған Уәйіс ұлы ақынның саналы шәкірті болады. Абай дүниеден қайтқан соң, оның дәстүрін берік ұстаған Уәйіс, өзінің ақындық табиғи талантын қазақ халқының жырын жырлауға арнайды:

Ақылын айтып-айтып Абай кеткен.
Қазақта сол емес пе асқанымыз,
Халықтың анасындай қамын жеген,
Қайраты Үрістемдей Дастанымыз.
Белгісі надандықтың сол емес пе,
Мың сөздің бірін ұқпай тастадыңыз, -[2, 186]

дейді ақын.

Ақын деген атқа ие бола бастаған Уәйістің дүниеге, өмірге шыншылдық, әділеттік, әдебиетте демократтық көзқарасының қалыптасуына ұлы Абайдың ықпалы зор болған. Уәйіс Абай айналасындағы өнерлі топқа сан қосылуымен

қатар, оның ішінде Абайдың сынына толып, көңілінен шыққандардың таңдаулысы болды.

Абай оның өнерпаз, жас талапкер екенін естіп, білген соң, әдейі арнап шақыртып алады да, өлең айтқызып, ән салдырады. Ұлы ақынның сондай мінезі жөнінде Көкбай ақынның: «Өлең айтқыш жігіттердің сөздерінде нәр, жұғын болса, дәмді сөзін көріп риза болса, ондайлардың өлеңді көбірек айтқанын тілейтін... Өзі біреуге ұзақ әңгіме, ұзақ жыр сияқты нәрселерді айтқызғанда еш ауқытта басқа бөтен нәрселерге аумай таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын. Және әрқашан сондайды тыңдап болған соң, мағынасы мен мәнін ұғындырып сын айтатын» [5, 388].

Уәйіс ақындығымен қатар әнші, домбрашы, гармоншы және өзі де ән шығаратын сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз адам болса керек.

Уәйіс ақынның әншілік мұрасының ішіндегі ең шоқтығы биігі – «Перуайым әні десек, осы әннің шығуын Мұхтар Мағауин өзінің «Құмырсқа қырғын» еңбегінде былай келтіреді: «Әжем мен білгенде жанары боталаған тостағандай қара көзді, қыр мұрын, айқабак, сым-сұқтанғандай сұлу болыпты.

Ақын, сазгер, әнші Абай шәкірті Уәйістің Перуайым деген атақты әні осы менің әжеме арнап шығарылған екен.

Түседі сені ойласам сары уайым

Өзімнің тұсымдағы шолпаным ең,

Жатпенен кеттің жырақ не қылайын, -

дейді ғой. Сырттай тамашалап, «Сенімен қосыла алмай армандамын, Аман бол Қайда жүрсен қалқатайым», - деп жазып алған. Екі жігіт, бір қыз. Әдепкі ғашықтық оқиғалардан өзгешерек ахуал [6, 102].

Уәйіс ақын әншілігімен қатар халық арасында кең таралып жүрген тарихи жырларды жырлап, өзі де қағыстарға қатысып, айтыс өнерінің дамуына да үлесін қосады.

Әлкей Марғұлан «Екі мың жыл жүректі тербеткен жыр» деген мақаласында «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының варианттарын талдай келіп былай деп жазады:

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ең көлемді, әрі көркем, әрі ең көне түрінің бірі – атақты Жанақ айтқан нұсқасы. Осы Жанақ жырлаған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын Абай мен оның балалары аса қадірлеген. Абайға еліктеп бұл вариантты әдемі жырлаған ақындар Бейсенбай, совет дәуірінде Керей Уәйіс ақын. Оның айтуынан Мұхтар Әуезов 1924 жылы бір көркем вариантын жазып алып, кейін баспадан шығарады [7, 160].

Әлкей Марғұланның бұл мағлұматы дұрыс берілген деп білеміз. Олай дейтініміз Бейсенбай Жәнібекұлы 1917 жылы қайтыс болған адам (1868-1917). Ал, Уәйіс 1925 жылы дүниеден өтті және ол өмірінің соңғы жылдары Абай елінде, Шыңғыстауда тұрғандығы белгілі

Уәйіс - өткір тілді, тапқыр ойлы айтқыш ақындардың бірегейі. Оның алмастай тіліп түсетін тегеурінді өнерпаз екендігін шығармаларынан айқын аңғара аламыз.

Уәйістің Абаймен үндестігі туралы айтқанда тек бір ақын төңірегінде қалып қоюға болмайды. Абайдың ақындық ортасы, оның ақын шәкірттері шығармаларындағы сарындастық, тақырыптық ая, аңсарлық ортақтастық, көркемдік ерекшелік, жалпы алғанда мазмұн мен пішін бірлігі барлығы да қарастырылуы керек. Соның бірі Уәйістің арнау өлеңдері. Арнау жанры Абайдың өзінен бастап ақын шәкірттерінің барлығы да қалам тартқан жекелік пен даралықта айқындалатын көркем туынды.

Уәйіс Шондыбайұлы – Абай мектебінің түлегі. Ұлы Абайдың өнерпаздық дәстүрлерінен тағылым алған, жай отындай жарқылдаған өлең сөздің өрен жүйрігі. Уәйіс өлеңдерінің негізгі кейіпкерлері замандастары, туыс-жақындары мен ауылдастары, бір сөзбен айтсақ өз ортасы. Олардың дені арнаулар. Ақын арнаулары әрқилы адамдарға: қадір тұтқан ұстазына, елі үшін жанын қияр қоғам қайраткерлеріне, өзі ұнатқан замандастарына, сараң байларға арналады. Әрине Уәйістің негізгі уағыз, насихаттары жалпы жұртшылыққа бағышталғаны белгілі. Әсиет-үгіт, әзіл – оспақ, сын – сықақ әшкерелеп тілдеу ретінде келетін өлең–арнауларында ақын адам бойындағы жағымсыз қылықтарды нақты көрсете отырып, азаматтық, адалдық, адамгершілік жолды нұсқайды.

Уәйіс ақынның шығармашылығы жайында жарық көрген еңбекке енгізілмеген «Бөжейге» және «Бейсембайға» атты арнау өлеңдері бар.

Уәйіс арнауларының бәрі табан астында дүниеге келген. «Ақындық өнер – сөз өнерінің қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі, ұлттық әдебиеттегі сезім мен сырға толы тамаша поэтикалық дәстүр мен ақын шабытының астаса келіп, өлең күдіретінің жарқырап көрінер әсемдік әлем» [7, 72].

Уәйіс өлеңдерінде Абай есімінің кездесуі ақындық өнердегі ұстазы, пір тұтқан адамы екенін аңғартатындай.

Жан құрбан халық үшін қылайық та,
Бұл істен не болады қашқанымыз?
Ақылын айтып – айтып Абай кеткен,
Қазақта сол емес пе асқанымыз? [1, 29]

Абай мұрасын жаттап, өнегелі сөздерін терең түйсікпен түсініп, бойына құйып, ақындық мұратына үлгі тұта отырып, Абай ұлылығын халыққа насихаттайды. Ақын жүрегі сыршыл да тұнық сезімге толы.

Ақынның ащы да уытты қаламына ең алғашқы кездері ілінгендермен алып, шекпен киіп жүрген өз заманының ел кезбе патша әкімдері мен жемқор, зұлым атқамінер бай, би-болыстары.

Өлеңдерінде байлардың пәле қуған тойымсыз, танымсыз мінездерін, жаман әдеттерін әшкерелеп көрсетеді.

Аз мәселе сөйлейін,
Құлақ салсаң жарандар.
Елді ойласаң адамдар,
Жақынды жаудай жемендер,
Момынның малы арамға
Мал болады демендер, -

ақынның осы «Аз мәселе сөйлейін» деген өлеңінен алынып отырған үзіндіден көріп отырғанымыздай, ол әділдік жолын насихаттап замандастарын ел қамын ойлауға шақырады. Өкінішке орай би-болыстардың халық қамын ойлағанның орнына олардың қанын сорып, барын алып, малын жеп жүргенін айтады. Осылай өлең тілімен, қуаты күшті өнер тілімен жемқор жылпостарды, тәубәсіз ұрыншақ талтаңбайларды, қалтасы толса қайқаңдап барлығына бәлсіңген ұят, ары жоқ без-бүйрек жандарды сынайды.

Ақын «Аз мәселе сөйлейін» өлеңінде: адалдық, әділдік жолын насихаттап, ел қамын ойлауға шақырады. «Әділдік, теңдік іс істе, боламын десең кемеңгер», - дей келіп, «Бұл заманды байқасам», халық қамын ойлаған жан жоқ, «әділдік, теңдік заң да жоқ», - дейді. Халықтың қанын «сүліктей сорған», «қанды көз өңшең жемқорларды» арам, айлакер залымдарды – «мұнәфик» (екі жүзді, сатқын) деп табалайды. Оларға өлеңнің соңында: «Ардан безген», айуандар, жолығарсың оранға!» - деп, ақын үкім айтады.

Еңбекші бұқара халықтың таптық сана-сезімін оятып, көңіл көзін ашуға, көкірегін оятуға арналған өлеңі – «Жүреді жұрттың көбі қарасынға» - деп басталады. Ақын:

«Жамағат сөзге құлақ саласың ба...

Бар байлық ойла кімнің баласында», - деп, байлықтың бәрі еңбек етпейтіндердің, тер төкпейтіндердің, қол-аяғын қимылдатпайтын, жатып ішер байлардың қолында екенін қадап айтып, еңбекші елдің ар-намысына, шымбайына тиетін тікінекті сөзімен ашына жырлайды.

Еңбек елін езуші «қанды ауыздарды», қойға шапқан қасқыр бейнесінде «Адамға нәпсі-қасқыр, ақыл-қақпан» атты өлеңінде шынайы суреттеп береді. Олардың жауыздығын, зұлымдығын әшкерелеп айта отырып, ақын: «Қалыбы қасқырдан да жаман болды, болмаса түбі тоқтау жеңген таптан», - деп еңбекші тап жеңіске жетпей тұрып, қанаушы таптың үстемдік өктемдігі жойылатынын ашық айтады. Ел басқарып, шен алып, шекпен киіп, аяқтарын алшаң басып жүрген патша әкімдерінің зұлымдығын, ақын «ызалы жүрек, ащы тілмен» шенеп, әшкере етеді:

Шені бар біздің елдің ұлықтары,
Бек жаман қасқырдан да құлықтары
Көзден емес, көңілден қан тамшылайды,

Әртүрлі ойға түссе қылықтары.

Жуанға бойын тартып жоламайды,

Кедейден бір түспейді құрықтары [1, 36], -

дейді. Және елді езген «есерлердің» аяғын аз байқасаң кірер қозға» - деп, олардың күні санаулы екеніне сенеді.

Уәйістің осы сарындас жазылған өлеңінің бірі – «Адам бар ма, аңғарсаң» деген жолдармен басталады. Бұл өленде де, ел қамын ойламайтын, мансапқор ұлықтардың адамгершілікке жат мінез-құлқы әшкереленеді. «Көпті ойламас ұлықтар... Сүліктей сорып қадамды», - дейді ақын. Олар көптің қамын ойлау былай тұрсын, өзінің жақын адамында аямайды дейді:

Ұлық болса осы күн

Жақынның саған қарамас.

Өзін сақтап, сені жеп,

Сатуға жауға аямас [1, 22].

Елін сатқан алаяқтарды «қиянатшыл сұмдық» деп таңбалап, қаншама айлакер – аяр, қу болса да, олардың ерте ме, кеш пе халық қаһарына ұшырайтынын: «Ілінерсің қақпанға, болсаң да қанша жырыңды», - деп, ашық әйгілеп айтады.

Әлсіздерді табалап, қор тұтып, жәбірлеп, қиянат көрсетіп, өмірде өздерінен күшті, өздерінен мықты жоқ деп біліп, даңдайсыған төрелердің өздерінің қалай мерт болатынын Абайдан мысал келтіріп көрсетеді:

...Келеке қылып шілікті,

Мерт болған жоқ па теректе.

Осы да мәлім емес пе,

Зейіні бар зерекке.

Ақын бұл арада, Абайдың 1898 жылы И.А.Крыловтан аударған «Емен мен шілік» («Дуб и трость») атты мысал өлеңін еске салып отыр. Заманның өзгеретіне көзі жетіп, көңілі сенген ақын, Абай өлеңіндегі: «Тырп етпес менің күшім жауын, желге» деп мақтанатын емен образын, өзімізшіл өркеуде ұлықтарға балап, олардың да күні ертең емен сияқты мерт болатыны анық екенін аңғартады. «Емен мен шілік» өлеңі:

Арты бұршақ, алдың шаң жел құтырды,

Шілік жерге бас ұрды, емен тұрды.

Басы көкке, алғы жерге енсе де,

Долданып қатты дауым алып ұрды [8], -

деп аяқталатыны белгілі.

Ұлы ұстазы Абай: «...көп өлендерінде ескі ауылдың өзіне ғана тән болып келген нағыз «қазақи» ерсіліктері мен адамды өрге бастырмайтын келеңсіз, күйкі мінездерін да қатты мінеп айтады» [8], - дегендей, бұл бағыттан да одан тәлім алған дарынды шәкірттерін байқаймыз. Уәйіс ел жегіш ашкөзді старшын, билерді шенеп көрсететін «Іші – у, сырты – ду» өлеңінде олардың мінез

ерекшеліктерін, қимыл-қозғалысын, іс-әрекеттерін бейнелеу арқылы, олардың ішкі дүниесіндегі құбылмалылықты, тұрақсыздықты, мақтансүйгіштікті, жалпы мінез кемшіліктерін, қу, жылпос атқамінерлердің мінез-құлқын бейнелеуге сайма-сай келетін, тың ұйқас, ыңғайлы ырғақ қолданған.

Ақынның «Мен қоян даладағы бұғып жатқан» өлеңіндегі мына жолдарға назар аударсақ:

Жағынып жыртқыштарға тамағы үшін,

Әлділер әлсіздерін бере берді, -

деген жолдарды кездестіреміз. Мұндағы «жыртқыштар» дегеніміз кімдер? Шын мәнісіндегі даланы кезіп жүретін жабайы аңдар ма? Өлеңді толығымен оқып шықсаңыз «жыртқыштардың» астары басқаша, яғни, ақынның айтпақ ойы жұмбақтаулы екенін айтпай – ақ аңғарасыз.

Бұдан ары қарай келесі шумақтарына көз жүгіртсеңіз:

...Әлдіміз арыстанға көмектесіп,

Әлсізін списокқа тізіп жатқан,

Жем болған көрінгенге сорлы кедей,

Адамдық қатарынан шығып жатқан, -

деп, қазақтың бай-жуандарының патша өкіметіне көмектесіп, патшаның (арыстанның) қолшоқпары болып, қазақ кедейлерінің олардан көрген зорлығын, ауыр халын айтады. «қайырылмас, жаны ашымас қара жүздер, сендерді кем ұстайды малдарынан», патшадан, қазақ байларынан сендерге рақым жоқ деп қазақ кедейлерін күреске шақырады. Заман ағымын айқын аңғарған ақын:

«Күресетін уақыт басталды, тартынба, талаптан, батыр бол, жарық сәуле жақын, күн шығады», - дейді.

«Көреді өлмегендер мұның артын,

Аз бен көп, артық пен кем теңгерілмек.

Кеңеймек, өзгерілмек барлық закон, -

деп, халықты жігерлендіріп, рухын көтеріп, бостандық күнінің туатынына иландырып, сенімін арттырады.

Уәйіс ақынның «Бай мен кедей» өлеңі өз қоғамындағы байлар мен кедейлердің мінез-құлқын салыстыра көрсетумен жазылған. «Қайырсыз, қарны салық» жатып ішер байлардың мінез-құлқын дәл суреттей келіп: «Адамды айуан көрген қайырсыз ит» - деп ашына айтады. Байлар кедейдің еңбегін қанап байыған: «Ойласаң бар жиғаны кедейдікі» [1, 37], - деп қорытады.

Кедейдің ниеті түзу, ақ пейіл, адалдығын, дүниеқор, көрсеңызар еместігін, бойындағы барға тәубә ететін қанағатшылдық қасиетін ерекше мадақтап: «Алыс- жақын демейді бәрі бірдей, сұйықтық мінезі жоқ, өмірі жаз» - дейді. Өлеңнің соңында жалпы қазақ елінің ғылымнан, өнер-білімнен артта қалып бара жатқанын айтып:

Мал, мал деп, маңыраған, сорлы қазақ,
Болмаған ғылымнан биттей сезім, -
деп наמידы.

Ақын өзі көрген кемшілікке көз жұма қарамай, жағымсыз қылық пен ұнамсыз әдетті өткір сынға алып отырған. Өзіл – қалжыңы да, сыны да нысанаға дөп тиіп, ойлаған жерден шығады.

«Тәуке-Жікібай» поэмасы 1911-1912 жылдардан бастап, ауыздан ауызға көшіп жатталып және қолжазбадан қолжазбаға көшіріліп, ел арасына кең тараған.

1942 жылы басылған «Айтыс» кітабында «Тәуке-Жікібай» поэмасы, «Тәуке мен келіншек» деп беріледі. Кітапта шығарманың авторы көрсетілмеген, ешқандай түсінік берілмеген. Жинақта жарияланған «Тәуке мен келіншектің», «Тәуке-Жікібай» поэмасынан ешбір өзгешелігі жоқ, мазмұны бірдей. Жинақта кейбір жеке сөздер, өлең жолдары ғана дұрыс басылмаған. Мысалы, поэмада:

Екі елдің егер болған таласында,
Тобықты, Керей менен арасында, -
өлең жолдары, «Айтыс» кітабында:
Екі елдің егес болған арасында,
Тобықты Керей менен баласында, -

деп қате басылған. Поэмада:

Мырзамыз таң алдында малдан келіп,
Төсектен жаңа тұрдым жұмарланған –

деген жолдар «Айтыс» кітабында:

Жас жігіт таң сәріден қайдан жүрсің,
Жүретін солай елді ұры аңдыған, -

деп бұрмаланған. Поэмада:

Мылтықты тұс-тұс жақтан атқаннан соң,
Түзетті Шорқашқанға жылқы бетті, -

деген өлеңнің екінші жолы «Айтыс» кітабында:

Түзеліп сұры қашқан жылқы кетті, -

деп берілген. «Шорқашқан» деген жер аты екенін білмегендіктен, «сұры қашқан жылқы» деп «түзетілген». Осындай аздаған кемшілік кездескені болмаса, «Айтыс» жинағында поэманың уақиға-мазмұны бастан аяқ түгел сақталып, дұрыс басылған.

1942 жылғы басылымда «Тәуке мен келіншек» 192 жол өлең болса, 1964 жылғы кітапта мүлдем қысқартылып, 80-ақ жол өлең басылған. Яғни поэмадағы Тәуке мен келіншектің диалог-өлеңі ғана берілген.

Поэманың авторы-Уәйіс, ақын, поэмада уақиғаны кейіпкердің- Тәукенің атынан баяндап жырлау- ақынның көркем шығармада қолданатын көркем тәсілі болады.

Ән-жырға, той думанға құмар болған Уәйіс Шондыбайұлы жас кезінен ойын сауықтың ортасында жүреді. Ол ауыл арасына әншілігімен, әрі ақындығымен танылады. Уәйіс ақын жүрген жерінде өзі ұнатпаған адамын табан астында, не жағымсыз іс - қимылдарды қырағы көзімен байқап қалған кезде, бірден өлеңмен түйреп қалып, яки болмаса біреуге суырып салып қалжың өлең айтып, өз ақындығын ұштай жүреді. Кей кезде өзі деңгейлес ақындармен айтысып та қалады.

Ақын-өз замандасы, белгілі ақын Төлеу Көбдіковпен хат арқылы айтысып, ауызша суырып салма айтыстың дәстүрінен өзге жазып айтысу түрін кеңінен қолданған ақындардың бірі. Уәйіс ақын мен Төлеу ақын айтыстары ақынның ойшыл да тапқыр, дарынды ақын екенін байқатады.

Уәйіс Шондыбайұлы қарсыласымен түскен сөз жарысында немесе сөз қағыстырған қағытпаларында әрбір сөзін орнымен қолдана отырып, орынды сөзге тоқтай білетін ақындық табиғатын да танытады. Жас күнінен өлеңді-өнердің биігі деп есептеген ақындық ортада өсумен қатар, ұлы Абайдың өлең бұлағынан қанып, өміріне рухани азық, өнеге ұлағат алған ақын. Осындай ақындық кемеңгерлігін көрсеткен Уәйіс ақынның шығармашылық шырайы мен тақырыптық көркемдігін танытар зерттеу бағыты болашақтың еншісінде деп сенім білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Мұхамедханов, Қ.** Уақыт өрнегі. – Алматы : Жазушы, 1987. - 102 б.
- 2 **Мұхамедханов, Қ.** Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы : Дәуір, 1994. – 321 б.
- 3 Қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1989. – 425 б
- 4 **Мұхамедханов, Қ.** – Абай энциклопедиясы. – Алматы : Атамұра, 1995. – 566 б.
- 5 **Әубәкір, Ж.М.** Шындықтан басқа жолға түсе алмаймын. – Алматы : Информ. – Арна, 2002. – 204 б.
- 6 **Мағауин М.** Құмырсқа қырғын. – Астана: Аударма баспасы, 2004. – 340 б.
- 7 **Марғұлан, Ә.** Екі мың жыл жүректі тербеткен жыр // Жұлдыз. 1985, №2. - Б. 48-52
- 8 **Әлімқұлов, Т.** Абайдың аудармашылық шеберлігі // Абай. 1993, №8. - Б. 66-73

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 05.05.14 редакцияға түсті.

А. Ф. Зейнулина

Литературно-творческое наследие Уайса Шондыбайулы

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 05.05.14.

A. F. Zeinulina

Uais Shondybaiuly's literary-creative heritage

S. Toraighyrov Pavlodar state university, Pavlodar.
Material received on 05.05.14.

В настоящей статье рассматривается творчество Уайса Шондыбайулы как продолжателя поэтического творчества Абая Кунанбаева. Производится анализ тематико-жанрового и художественного своеобразия произведений поэта Уайса, дается оценка их духовной значимости и воспитательной роли.

The given article considers Uais Shondybaiuly's creation works as the successor of Abai Kunanbayev's poetic creation works. The article analyzes thematic-genre and fiction peculiarities of Uais's works, evaluates their spiritual significance and educational role.

ӘОЖ 8 82.151.212.2

А. Ф. Зейнулина

ҚАЗАҚ ПОВЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК КЕҢІСТІГІ

Аталмыш мақалада қазақ повесінің қалыптасу тарихы мен дамуы туралы қарастырылады. Сонымен қатар қазақ повесінің жазылу ерекшелігі мен көркемдік табиғатына талдау жасалынады.

Повесть – эпикалық тектің «орташа көлемді» жанры. «Орташа көлемді» деген сөзді тырнақшаға алу себебіміз, «көлем» сөзі – шығарманың парақтар санына, қалыңдығына емес, көтерген мәселесінің мазмұнына, оның бейнелену ерекшелігіне байланысты алынады.

Қазіргі кезеңдегі повесть жанрының алға шығуын белгілі бір қоғамдық-мәдени процестер тұрғысынан ескеру қажет. Қазақ повесінің төмендегідей жанрлық ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

Біріншіден, повесть – әдеби жанр ретінде белгілі бір саяси-әлеуметтік, адамгершілік-рухани, тарихи құбылыстарды тудырған аумалы-төкпелі дәуірде, әр қилы идеялық қайшылықтарға толы замандар тоғысында ерекше мәнге ие болады. Яғни, қазіргі қазақ повестері әсіресе тарихи-рухани өзгерістер тұсында ерекше белсенділікпен дамыды. Бұның өзі аталмыш жанрдың қоғамдық құбылуларға табан астында жауап бере алатын «икемділігімен» байланысты. ХХ ғасырдың ІІ жартысында дүниеге келген повестерде жазушылардың көбінесе саяси-әлеуметтік, адамгершілік мәселелеріне ден қойғанын байқауға болады. Қаламгерлер дәуірдің көкейкесті мәселелерін жалпыадамзаттық тұрғыдан қарауға ұмтылды. Повесть қоғамдық тұрғыдан мәнді болып табылатын адамгершілік қақтығыстардың себебін ашады; екіншіден, көбінесе бүкіл бір дәуірді, заманды бейнелейтін романдан өзгешелігі, повесть кейіпкердің белгілі бір өмірлік кезеңін көрсететін жеке, кейде өте маңызды оқиға, эпизодтарды суреттеумен шектелуі мүмкін. Повесть романдағыдай кейіпкердің туғанынан өлген шағына дейінгі бүкіл өмір жолын бастан-аяқ түгел суреттеп жатпайды. Сол үлкен өмірдің белгілі бір кесегін лайықтап қана алады және кейіпкер өмірінің дәл бір осы үзінде оның тағдыры тұтас күйінде және әр қырынан көрінеді.

Үшіншіден, қазақ повесінде тарих пен бүгінгі уақытты қабыстыра отырып, қоғамның адамгершілік-рухани бейнесін тереңдеп ашуға бағытталған тенденция белең алды.

Төртіншіден, қазақ повесінде жазушылардың белгілі бір философиялық жүйелерге қатысты өзіндік концепцияларын ұсына білгендігі сезіледі. Бұл әсіресе адам мен қоғам, адам мен әлем арасындағы қарым-қатынасқа, адам болмысының мәнін, өмірдегі орнын бағамдауға байланысты экзистенциялық концепцияларынан анық аңғарылады. Және бір ерекшелігі қаламгерлер адам және әлем концепциясын құр баяндаумен емес, кейіпкерлері арқылы ұсынады. Сондықтан да повестерде көбінесе дүниетаным шеңбері кең, өмірдің мәнін философиялық тұрғыдан түсінетін кейіпкерлер көп ұшырасады.

Повесть белгілі бір дәуірдің, заманның қарама-қайшылықты проблемаларын анықтап, сол қарама-қайшылықтың дамуы мен шешілу процесін оған қатысатын кейіпкерлердің рухани болмысындағы қарама-қайшылықтардың себебін, мәнін анықтау арқылы талдайды. Яғни романда әлеуметтік-психологиялық талдаудың ауқымы кең болса, повесте психологиялық талдаудың элементтері басым болып келеді. Аналитикалық сипат повестің негізгі қасиеті.

«Повесте сюжеттік желінің негізінен біреу ғана болуы, түптеп келгенде, автор позициясына да байланысты. Себебі повесть авторы әлеуметтік шындықтың, адам өмірінің драмалық тартысқа толы тұсын, оқыс өзгеріске ұшыраған кезеңін жеке-дара түрінде алып бейнелеуге өте бейім тұрады, адам тағдыры қалай да ұрымтал тұстан танылатындай, қоғамдық құбылыстар

қалай да айқын ашылатындай оқшау оқиғаларды, басты мәселелерді шапшаңырақ суреттеуге құлшына ұмтылады, бір ғана проблеманы, жалғыз тақырыпты баса бейнелеуге барынша күш салады. Автор әуел бастан алдына сондай мақсат-мұрат қоятындықтан, повесте кейде тіпті жалғыз емес, әлденеше проблема қатар көтеріліп, соған орай әлденеше сюжет қатар дамығанның өзінде де, олардың бәрінен емес, тек біреуінен ғана көркемдік қорытынды шығарылады» [10, 22];

А. Нағметов өзінің «Қазіргі повесть және көркемдік ізденіс» атты еңбегінде. Зерттеуші бұдан кейін повесті романмен салыстыра келіп, романда өмір шындығы жалпыдан жалқыға қарай бейнеленетіндіктен, оның баяндалу формасында объективтік сипаттың басым болатындығын айтады. Повесте субъективизм бірінші кезекке шығады деп үзілді-кесілді айта алмаймыз. Себебі повестің эпикалық тектің жанры ретіндегі эпикалық бастауы ешқандай дау тудырмайды, сонымен қатар лирикалық бастаудың да маңызды роль атқаратынын естен шығаруға болмайды. Яғни повесте субъективті-лирикалық және объективті-эпикалық бастауларының арасында тепе-теңдік орнайды. Сондай-ақ, повесте басқа жанрларға қарағанда баяндаушының рөлі өте зор, ол маңызды әлеуметтік және психологиялық аспектілерді көрсетуге мүмкіндік беріп, шығарманың «рухы» мен стилін айқындайды, құрылымына әсер етеді. Повесть үшін автор, баяндаушы дауысы өте қажет, себебі автор не баяндаушы көркем тұтастықты қамтамасыз етеді;

XX ғасырдың II жартысында адам тұлғасы өзінің ішкі жан дүниесінің қарама-қайшылығымен суреттелген қазақ повестері аталмыш жанрдың лирикалық сипатын тереңдете түсті.

Дәстүрлі эпикалық повестер де дамуын тоқтатқан жоқ. Бұның өзі қазіргі қазақ повестерінің жанрлық-типологиялық белгілерін анықтауда әдеби жанрлардың жалпы тектік қасиеттерінен туындайтын негізгі екі түрін бөліп көрсетуге болады: лирикалық және эпикалық. Лирикалық повестердің қатарына лирика-эпикалық, лирика-философиялық; эпикалық повестердің қатарына әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-тұрмыстық, драмалық повестер, повесть-очерк, автобиографиялық повестерді жатқызамыз. Сондай-ақ басқа жанрлардың қасиеттерін өз бойына «сіңірген» повесть-аңыз, повесть-миф, повесть-ертегі, повесть-баллада» түрлері де қазақ әдебиетінде баршылық. «Туындының жанры осындай» деп үзілді-кесілді айту мүмкін емес, себебі кез-келген шығарманың «көркемдік әлемі» бар, ол ереже, қатып қалған қағидаларға бағына бермейді. Сондықтан повестің белгілі бір жанрлық түрін анықтауда оның мазмұндық сипатын, құрылымдық ерекшеліктерін т.б. идеялық-көркемдік компоненттерін назарда ұстауымыз қажет.

Әсіресе шығарманың жанрлық белгі-қасиеттерін анықтауда ондағы сюжеттің рөлі өте маңызды.

Сюжет пен композиция негізгі жанр құрушы компоненттер болып табылады, сондықтан оларды зерттеу жанр табиғатын түсінуге мүмкіндік береді. Әрбір әдеби жанрға өзіндік сюжет ерекшеліктері тән десек, повестің жанрлық белгілерінің бірі автордың сюжет құру өзгешеліктеріне байланысты.

Повестің сюжет өзгешеліктеріне тоқталатын болсақ, біріншіден, повестің сюжеті негізінен бір желілі болатындығын атағандықтан. Бұл – повесть жанрын зерттеушілердің оның сюжетіне қатысты ой-пікірлерінің бір жерден шығатын тұсы.

Повесте сюжет бір желілі болғанның өзінде, кейіпкер характерін, автор идеясын айқындаудағы лирикалық, публицистикалық шегіністердің, қыстырма эпизодтардың маңызы өте зор. Повесть сюжетінде әңгімемен салыстырғанда бір қарағанда негізгі оқиғаға немесе характерлерге еш қатысы жоқ күтпеген, оқыс оқиғалар да орын алады. Бірақ олар кейіпкер характерінің ашылуына, шығарма идеясының нақтылана түсуіне қызмет етеді. Сондықтан да кішігірім ауқымдағы эпизодтан гөрі, өмір иірімдеріне тереңірек бойлайды. «...повесте кейде тіпті жалғыз емес, әлденеше сюжет қатар дамығанның өзінде де, олардың бәрінен емес, тек біреуінен ғана көркемдік қорытынды шығарылады» [1, 22]. Яғни, повесте негізгі сюжеттік желіден басқа да қосалқы сюжеттік желілер болып, негізгі сюжетпен қатар дамуы да мүмкін. Бірақ басты идея негізгі сюжеттік желі арқылы беріледі. Ал қосалқы сюжет бас кейіпкер характерінің ашылуына қызмет етуі немесе басқа кейіпкерлердің өмірін суреттеуге арналуы мүмкін.

Қазіргі қазақ повесінде жазушылардың саяси-әлеуметтік, адамгершілік мәселелеріне ден қойғанын байқауға болады. Қоғам, өмірдің өзі күн тәртібіне шығарған көкейкесті мәселелерді көтере отырып, жазушы оқырманмен ой бөлісуге ұмтылады. Бұның өзі шығармадағы публицистикалық шегіністердің маңызын арттырды. Әсіресе, О.Бөкеевтің бүгінгі заманның өзекті мәселелерін арқау еткен «Жетім бота» повесінде публицистикалық шенігістер шығарма идеясын түсінуге, бас кейіпкер характерін ашуға, оның адамгершілік бейнесін көрсетуге белгілі бір мөлшерде көмектеседі. Бұл орайда сыншы Т.Токбергеновтің пікірін келтіргенді жөн көріп отырмыз: «Кейде Оралханның кейіпкерлері өз басының өмірге, дүниеге көзқарас пиғылын, жазушының философиясын, қоғамдық ой-өрісін білдіріп жатқандай... Автор мен ол жасаған өзге кейіпкерлер тіл табысып, ұғысып, бір арнадан, бір биіктен табылғандай. Автор мен кейіпкердің бірігіп, бірегей образға айналып кетуі сияқты құбылыс Оралхан шығармаларында ортақ қасиет деуге болады. Баяндау, әңгімелеу тәсіліне қарағанда табиғат-анаға, замандастың сыр жұмбағына арналған толғау-тебінерістер көп. Олар рухы күшті адамдар туралы, рухани тазалық жөнінде, жан сұлулығы жанында сыр шертеді» [2, 184].

Сондай-ақ, повесте қыстырма эпизодтарға да үлкен міндет жүктеледі. «Қыстырма эпизодтар әр түрлі болуы мүмкін: оның бірі – сюжетке тікелей

қатысы жоқ әңгіме, оның мақсаты – оқырман көңілін жазушы маңызды деп есептейтін басқа бір мәселеге аудару.

Қыстырма эпизодтар шығарма мазмұнын кеңейту және тереңдету үшін де қолданылады. Себебі «...повесть жанры роман тәрізді көп планды, көп тақырыпты боп келмейді. Ол көркем әдебиеттің эпикалық орташа түріне жататындықтан, өмір құбылысын өзіндік суреттеу қабілетіне қарай шақтап алады. Бірақ, әдеби алымы әңгімеден гөрі романға жақын тұрады. Адам тағдырының бір ғана иірімін сөз етіп қоймай, бірнеше қат-қабат жайларын тізеді. Негізгі сюжеттік желісі ішінде, табиғи заңдылықтан туатын қосымша тарам-тарам сілемдері, шағын-шағын эпизодтары болады. Былайша алғанда, бірнеше әңгіменің жүгін повесть көтереді...» [3, 19]. Сюжеттің аталмыш сипаты әсіресе О.Бөкеев повестеріне тән болып келеді.

XX ғасырдың II жартысындағы қазақ повестерінің табиғатына тереңдей үңілгенде жазушылардың күрделі өмір шындығын бейнелеуде, өткір әлеуметтік мәселелерді батыл көтеруде, характерлердің шынайы болмысын әйгілеуде драмалық тартыстарды да көркемдік тәжірибенің бір бөлшегі ретінде пайдаланғанын анық байқаймыз. Бұл жерде шығарма драматизмі образ драматизмімен қатар, кейде оқиғалардың шиеленіскен қайшылығы характерлердің ішкі драмаларынан да туындап жатады.

Ал XX ғасырдың II жартысындағы қазақ повестерінде тартыс табиғатының мәні өзгерді деп айтуға болады. Сыртқы оқиға шиеленісінен гөрі кейіпкерлердің жан әлеміндегі психологиялық тартыстарға ерекше назар аудару тенденциясы байқалады. Осындай ішкі сезім қақтығыстарын оқырманға жеткізе білу жазушыдан үлкен шеберлікті қажет етеді. Қазіргі қазақ повестеріндегі жанр табиғатына сәйкес тартыстың үш түрін көрсетуге болады.

- 1) уақыт талабы мен характер арасындағы тартыс;
- 2) әр түрлі характерлер арасындағы тартыс;
- 3) жеке тұлғаның ішкі жан дүниесіндегі психологиялық тартыс.

Өмірде қатыгездік пен мейірім, жауыздық пен жақсылық, адалдық пен арамдық әрқашан қатар жүреді, бірінсіз екіншісінің қадірін түсіну қиын. Өмірдегі осы қарама-қарсылықтар көркем шығармаға материал бола алады. Бірақ кез-келген өмірлік материал қаншама драматизмге толы болса да, егер ол характерлердің ашылуына қызмет етпесе, одан толыққанды көркем сюжет шықпайды. Бұдан шығатын қорытынды: сюжет – құр оқиғалардың тізбегі емес. Егер сюжетті характердің жасалу тарихы деп есептесек, сюжет үшін сол характерді ашатын эпизодтар ғана іріктеліп алынады. Әдеби туындының сюжеті характерлер мен оқиғалардың қарым-қатынасынан тұрады. Жазушының сюжет құру шеберлігі өмірлік құбылыстарды таңдап, талғап, оларды игеру барысында авторлық ұстанымның, шығармашылық қиялдың маңызын ескере отырып, көркем тілмен оқырманға жеткізе білу дарынына байланысты.

Повестің жанрлық ерекшеліктерінің бірі ретінде «хронотопты» алуға болады. Повесть жанры осы хронотоп өзгешелігімен анықталады.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем уақыт пен кеңістік мәселесі – өзекті мәселелердің санатынан табылады. Ғалымдар уақыт пен кеңістік ақиқат өмірдің маңызды сипаты екенін, адамның сана-сезімін, тұрмыс-тіршілігін қамти отырып, көркем шығарманың өмір сүруінің шарттары болып табылатынын; жазушы дүниетанымының қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын; көркем туындының ішкі заңдылықтарын белгілей отырып, шығарманың жанрлық табиғатын анықтауда, сюжеттік-композициялық құрылымын айқындауда негізгі көрсеткіштердің бірі болатындығын баса айтады. Зерттеу нысанына орай бізді қызықтыратыны: көркем уақыт пен кеңістіктің жанр анықтаудағы мәні.

Жалпы уақыт пен кеңістік адамзат баласын ұзақ ғасырлар бойы толғандырып келген. Аристотельден бастап XVII-XIX ғасырлардағы философтар еңбектерінде аталмыш категория түрлі қырынан түсіндіріліп келгені белгілі.

Уақыт және кеңістік мәселесі әдеби-көркемдік тұрғыдан XX ғасырдың 20-30 жылдарында зерттеле бастады. XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап күні бүгінге дейін бұл мәселе ғалымдардың ерекше қызығушылығын тудыруда. Әсіресе, көркем уақыт пен кеңістіктің мазмұн мен пішінге қатыстылығы, көркемдік әдіс, жазушы шеберлігі, стиль, жанрмен байланысы зерттеу нысанына айналды. Көркем уақыт пен кеңістіктің өзіндік қасиеттері аталмыш ұғымдардың ажырамас бірлігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Ол әдебиеттану ғылымында ортақ ұғыммен «кеңістік-уақыт» немесе «хронотоп» деп аталады. Әдебиеттануда «хронотоп» терминін алғаш қалыптастырған М.М.Бахтин. Хронотоп – тек кеңістік пен уақыт категорияларының бірлігін ғана білдірмейді, сондай-ақ өмір шындығын көркем игерудің ерекше тәсілі.

Хронотоп әдеби жанрларға жіктеуде, яғни әңгіме, повесть, романды «көлем» тұрғысынан ажыратуда негізгі көрсеткіш болып табылады; сондай-ақ, тартыс, жағдай, кейіпкерлер, көркемдік әлемнің барлық категорияларының, компоненттерінің қарым-қатынасынан анықталады; үшіншіден, көркемдік әлемнің әрбір компонентінің өз кеңістік-уақыты болады.

Ойымызды түйіндесек, қазіргі әдебиеттанудағы ғылыми ізденістердің бір тармағы – белгілі бір жанрдың поэтикасы мәселелерін зерттеу болып табылады.

Заман, уақыт ырғағының өзгеруі жаңа мазмұн, тың пішіндерді туғызды. Уақыт пен заман XX ғасырдың II жартысында, әсіресе оның соңғы ширегінде прозаның повесть жанрын алға шығарып, оған осы дәуірдің ең көкейкесті рухани, адамгершілік мәселелерін образдар тілімен қозғауды міндет етіп жүктеді.

XX ғасырдың II жартысындағы қазақ повестерінің басты тақырыптарын шартты түрде беске бөліп жіктеуге болады. Олар: 1) ауыл 2) қала 3) тарих 4) шетел өмірі.

Осы кезеңдегі повестердің басты тақырыбы - қырда жатқан қазақ ауылдарының тыныс-тіршілігі болды. М.Мағауиннің «Тазының өлімі» мен «Қара қызы», Ә.Кекілбаевтың «Шыңырауы» мен «Автомобилі», С.Мұратбековтың «Жусан исі» мен «Үшқарасы», Т.Әбдіқовтың «Әкесі» мен «Оралуы», Б.Нұржекеевтің «Кінәлі махаббаты», Д.Исабековтың «Тіршілігі» мен «Дерменесі», О.Бөкеевтің «Қар қызы» мен «Қайдасың, қасқа құлынымы», Т.Нұрмағамбетовтың «Түпкірдегі ауылы» мен «Қош бол, атасы», Ж.Түменбаевтың «Ауыл шегіндегі үйі» секілді қазіргі кәсіби прозаның әлемдік талаптарына толығымен жауап бере алатын повестері нақ осы тақырыпқа — ауыл өміріне арналған болатын. Аталмыш авторлардың осы тақырыпқа деген ерекше сүйіспеншілігінің бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұлардың барлығы дерлік қазақтың байтақ даласының түпкірлеріндегі ауылдардан шыққан кешегі қыр баласы еді. Сондықтан олар бұл өмірді, осы қоғамдық ортаның тіршілігін басқа тақырыптарға қарағанда әлдеқайда жетік білді. Екіншіден, ауыл - қазақ халқының әдет-ғұрпының, өмір сүру салты мен ұлттық психологиясының, ана тілі мен халықтық төл философиясының бастауы, алтын бесігі еді. Сондықтан да қазақ жазушыларының бұл толқыны ауыл өміріне тән ситуациялар мен әрбір детальды ерекше ыждағаттылықпен зерттеді.

Қала тақырыбына жазылған қазақ повестерінің негізгі кейіпкерлерін, негізінен, осындай типтер құрады. Қ.Мұханбетқалиевтың «Ескі достарындағы» Нұралхан, Д.Исабековтің «Қарғынындағы» Жасын мен Сәргел, М.Мағауиннің «Қара қызындағы» Бексейіт Атахановтарды кейіпкерлердің нақ осы тобына жатқызуға болады. Бұлардың бәрі - қазіргі қалалық зиялы қауым өкілдері, күні кешегі қыр балалары, бұлардың бәрі де қазір жайлы қалалық пәтерлерде тұрады, бұлардың бәрі де азды-көпті өмірлерінде махаббат, достық, қызғаныш, сатқындық секілді пенделік сезімдерді басынан өткерген жандар, бірақ соған қарамастан олар түр-түсі, адамдық мінезі, талғамы, қоғамдық жеке көзқарастары жағынан бір-біріне мүлде ұқсамайды.

XX ғасырдың II жартысында қазақ повестерінде жан-жақты көтерілген тақырыптың бірі - тарихи тақырып болды. М.Әуезовтің әлемге әйгілі атақты «Абай жолы» эпопеясынан кейін бұл тақырыпқа арналған романдар мен повестер, поэмалар мен әңгімелер, драмалық пьесалар кең құлаш жайған еді. Біз сөз етіп отырған повестердің ішінде Ә.Кекілбаевтың «Ханша дария хикаясы», «Күй», «Бәсеке», «Шыңырау», А.Сүлейменовтың «Бесатар», Қ.Мұханбетқалиевтың «Ежелгі дұшпан» секілді повестерін ерекше атауға болады.

Төл тарихынан көз жазып қала жаздаған қазақ оқырмандары бұл шығармаларды зор қызығушылықпен қабылдады.

Әбіш Кекілбаев пен Асқар Сүлейменовтің, Қажығали Мұханбетқалиевтің «Күй», «Ханша дария хикаясы», «Бәсеке», «Шыңырау», «Бесатар», «Ежелгі дұшпан» атты повестері тарихи тақырыпқа жазылған үздік әдеби туындылардың қатарынан берік орын алады.

Повестің жанрлық белгілеріне оның қоғамдық өзгерістердің себеп-салдарын кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіне үңілу арқылы түсіндіруге ұмтылатын субъективтік сипатын, көркем әдебиеттің басқа да жанларының, фольклорлық жанрлардың қасиеттерімен қатар, әдеби тектердің қасиеттерін де өз бойында «біріктіре» алатын әмбебаптығын, әрі талдауға, әрі жинақтауға бейімділігін жатқызуға болады.

Әсіресе, тарих пен бүгінгі күннің маңызды мәселелерін бірлікте қарап, әлеуметтік-адамгершілік ірі идеяларды өзек еткен жазушылардың тарих пен қазіргі уақыт философиясын ұғынуға деген құштарлығы көркем шығармашылықтағы мифологияға деген қызығушылықты туындатты. Сондықтан да суреткерлер өз повестерінде мифологиялық сюжеттерді шығармашылықпен игерді; миф, аңыз, әпсана, ертегі образдары автор көтерген идеяларды оқырмандарға жеткізуде эстетикалық-көркемдік қызмет атқарумен қатар, пішіндік құрылымында фольклорлық жанр заңдылықтарын сақтаған повестер де баспа бетін көрді.

Көркем шығарманың тақырыбын да, айтар идеясын да зағандырып, тірілетін, оның бойына қан мен жан беретін сол туындылардағы характерлер мен типтер, образдар жүйесі. Көркем бейнені сомдаудың әдіс-тәсілдері әр алуан. Олар: портрет, кейіпкердің сөйлеу тілі, тура және жанама мінездеу, ым-ишаралар, дене қимылдары, көркем уақыт пен кеңістік, психологиялық бейнелеу құралдары және т.б. XX ғасырдың II жартысындағы повестерде көркем бейне жасаудың аталмыш тәсілдері молынан көрініс тапты. Бүгінгі таңда да, яғни ақпарат ағынының жылдамдығы қарыштап тұрған кезде де адам сезімі мен тарих толқынындағы оқиғалар желісін көркем де шебер, тартымды етіп суреттейтін жазушы қауымынан жаңа қазақ повестерінің туатынына күмәніміз болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Нағметов, А.** Қазіргі повесть және көркемдік ізденіс. – Алматы : Ғылым, 1985. – 176 б.
- 2 **Токбергенов, Т.** Қос қағыс. – Алматы : Жазушы, 1988. – 218 б.
- 3 **Әзиев, Ә.** Қазақ повесі. – Алматы : Мектеп, 1989. – 224 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 13.04.14 редакцияға түсті.

А. Ф. Зейнулина

Художественное пространство казахской повести

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 13.04.14.

A. F. Zeinulina

Literary expansion of kazakh narrative

S. Toraighyrov Pavlodar state university, Pavlodar.
Material received on 13.04.14.

В настоящей статье рассматриваются вопросы об истории формирования и развития казахской повести. Кроме того, анализируются особенности художественной природы и написания казахской повести.

The given article considers the issues of history of formation and development of Kazakh narrative. The article also analyzes the features of literary nature and writing Kazakh narrative.

ЭОЖ 8 82

А. Ф. Зейнулина*, Э. Т. Ибраева**

АБАЙ - КӨРКЕМ АУДАРМА НЕГІЗІН САЛУШЫ

Мақалада Абай Құнанбаевтың көркем аударма жасаудағы ерекшеліктері мен поэтикасы қарастырылады. Поэзиялық аударма табиғатына талдау жасалынады.

Көркем аударма әртүрлі мәдениеттерді бір-бірімен жақындастырып қана қоймайды, түрлі халықтардың арасына «достық көпірін» салады. Сондай-ақ өзге тілден тәржімаланған сөздер мен сөз орамдары өздері енген тілдерді жаңа сөз өрнектерімен байытып қоймай, олардың өткірлене, қорлана түсуіне, стильдік мүмкіншіліктерінің арта түсуіне кең жол ашады. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде Абай аудармаларын зерттеу объектісіне айналдыру, аударма шеберлігін игеруде өте өзекті. Себебі, Абай мұралары, Абай аудармалары қанша рет зерттеу объектісіне айналғанына қарамастан, ол біздің әрқашан сыры мен қырын толық ашпаған мектебіміз болып қала бермек. Себебі, Абай қаламынан туған аудармалар қанша жусаң да түсін бермейтін

жауһар тәрізді, зерттеген сайын құпиясы ашыла беретін асыл шығармалар. Оның үстіне әлемдік аударманың үздік үлгілеріне жататын Абай тәржімалары дүниеге лек-легімен келіп жатқан әрбір ұрпақтың сана-сезімін, ақыл-ойын билеп алатыны даусыз. Сондықтан да олардың Абай аудармаларына өздері өмір сүріп отырған дәуірдің биігінен Абай мұраларына қайта оралып, жер салып, өзінің бағасын берері хақ. Осы тұрғыдан қарағанда Абай мұраларын түбегейлі зерттеу, жан-жақты қарасыру әрқашан өзекті болып қала бермек.

Абай аудармалары тілімізді байыта түсті. Жаңа ұғымдар, тың теңеулер, эпитеттер, соны сөз орамдарын, сөз айшықтарын туғызды. Поэзиямызда жаңа ырғақ, жаңа әуен пайда болды. Солай бола тұрса да, аударманың реалистік тұрғысынан алып қарағанда, Абай тәжірибесі шетінен бүгінгі күннің кәдесіне аса береді деуге тағы болмайды.

Ең алдымен, Абай тұсында қазақ поэзиясында аударма тәжірибесі жоқ еді. Абайдың өзі жасады. Ал, тұңғыш істе қашан да қиыншылық көбірек кездеседі. Мұның үстіне, Абай аударманы өзінің ағартушылық қызметіне пайдаланып отырды. Сондықтан ол бағзы бір шығармаларды тым еркін аударды, арасына өз идеяларын, өз көзқарастарын қосып, соған үндеді. Содан барып ол аударманы қазақ даласының тарихи экономикалық болмысына қарай бейімдеп берді..

XIX-ғасырдағы орыс ақындарынан Абайдың аударғандары: А.С.Пушкин, И.А.Крылов және М.Ю.Лермонтов. Осы арада бізге қажетті мәселе Абай осы ақындарды кездейсоқ аударды ма, болмаса, орыстың өзге ақындарын елемей осы аталған үш ақынды қалауында бір себеп бар ма? Академик жазушы С.Мұқановтың болжауына қарағанда орыстың осы үш ақынның әлдеқалай емес, оның өзінің көңіліне ұнағандықтан өзінің ой-пікірінде Абайдың шығармаларын жинап бастырушылардың сөзіне сенсек, оның аударма өнерінде алғашқы қадамы М.Ю.Лермонтовтың «Бородиносынан» басталады. «Бородино» — Лермонтовтың Отанын сүйгендігіне, жерін, елінің ерлік тарихын сүйгендігіне кепіл шығарма. Бұл, әлбетте Абайдың өз жерін, өз отанын, өз елінің ерлігін сүюімен қабысады. Сондықтан бұл өлеңді аударудағы оның мақсаты ап-анық: — халқын, отанын сүюде, ерлікке жұмылдыруда, одан үлгі алуға шақыру.

Абайдың ересен білімдар інісі Халиулла орыс классикасымен – Толстойдың, Тергеневтің, Салтыков-Щедриннің, Белинскийдің, Добролюбовтың – шығармаларымен Абайдан бұрын танысып, сол шығармалардан нәрлі үзінділер аударғанын қыр қазағының тұрмысына қанық орыс ғалымдары, Н. Максимовтер, Г.Н. Потаниндер, Н.М. Ядринцевтер растайды. Қағаз жүзінде сақталмай жоғалып кеткен ол аудармалардың сыры, сипаты, сапасы жөнінде болжау жасауға ғана болады. Реалистік аударма тұрғысынан Абайға азды-көпті ықпал жасамады ма екен деп ойлаймыз.

Осы жағынан алып қарағанда, Абайдың аударма өнерінде де жаңалық мол. Абай аудармалары шығарманың контексті мен подтекстің мейлінше

терең түсінгендікті және соны қазақ ұғымына жат етпей, мейлінше жатық етіп бере білушілікті танытады.

Абай аудармалары тілімізді байыта түсті. Жаңа ұғымдар, тың тенеулер, эпитеттер, соны сөз орамдарын, сөз айшықтарын туғызды. Поэзиямызда жаңа ырғақ, жаңа әуен пайда болды. Ойлаудың бейнелі жаңа түрлері шықты.

Солай бола тұрса да, аударманың реалистік тұрғысынан алып қарағанда, Абай тәжірибесі шетінен бүгінгі күннің кәдесіне аса береді деуге тағы болмайды.

Ең алдымен, Абай тұсында қазақ поэзиясында аударма тәжірибесі жоқ еді. Сол тәжірибені Абайдың өзі жасады. Ал, тұңғыш істе қашан да қиыншылық көбірек кездеседі. Мұның үстіне, Абай аударманы өзінің ағартушылық қызметіне пайдаланып отырды. Сондықтан ол бағзы бір шығармаларды тым еркін аударды, арасына өз идеяларын, өз көзқарастарын қосып, соған үндеді. Содан барып ол аударманы қазақ даласының тарихи экономикалық болмысына қарай бейімден жіберген де реттері болды.

Абайдың аудармалық мұрасы аз сөзбен шешілетін нәрсе емес, жеке талдауды керек ететін нәрсе. Солай болғандықтан біз бұл арада кейбір аудармаларына ғана тоқталып өтеміз.

Абай көп өлеңдерді еркін аударма тұрса да, негізінде, аударушылық жұмысына аса ұқыпты қарағаны байқалады. Абайдың орыс поэзиясынан қазіргі бізге мәлім мөлшерден әлдеқайда көп аударуы, бірақ, сонау бәрі бізге түгел жетпей, жоғалып кетуі мүмкін. Және Абайдың өзі ұнапай тастаған аудармалары да болуы ғажап емес. Әрине, бұның бәрі жорамал. Бірақ жаннан шығарылған жорамал емес. Абай тәжірибесін байқаудан туған жорамал. Мысалға 1897 жылы жасалған мына бір аудармасын алып қарайық.

В минуту жизни трудную
Теснится ль в сердце грусть:
Одну молитву чудную
Твержу я наизусть.
Есть сила благодатная
В созвучье слов живых,
И, дышит непонятная,
Святая прелесть в них.

деп келетін Лермонтовтың «Молитвасын» Абай «Дұға» және «Қасиетті дұға» деген атпен, екі вариантпен аударды.

Өмірде ойға түсіп кем-кетігің,
Тулағыш мінезің бар, жүрек сенің,
Сонда сенің отынды басатұғын
Осы өлең оқитұғын дұғам менің.
Ішінде бір қуаты барға ұқсайды,
Тірі сөздің жаны сол – айрылмайды.

Қасиетті напасы желдей есіп,
Қайнап тұрған ыстық қан салқындайды.
Екінші нұсқа:
Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ,
Ешнәрсеге көңілім болмаса тоқ.
Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,
Сөніп қалған жүректе жанады шоқ.

Қуаты бар дұғаның қуантарлық,
Қапаланған жүректі жұбантарлық.
Адам ұқпас, бір тәтті лебізінен,
«Уан» деген естілер ұлы жарлық.

Осы екі нұсқаның қайсысы көркем деген сұрақ қою орынсыз да болар. Өйткені, екеуі де өз орнында көркем-ақ. Бірақ, түпнұсқаға соның қайсысы жуық деп сұрасақ, сөз жоқ, екінші вариант жуығырақ. «Теснится ль в сердце грустьтың» ішкі мағынасы «тулағыш мінезің бар, жүрек сеніңнен» гөрі, «Ешнәрсеге көңілім болмаса тоққа» келіңкірейді. Олай болса, Абай осыдан кейінгі:

И, дышит непонятная,
Святая прелесть в них, -
Деген жолдарды да екінші вариантта ағатсыз түсінген.
Адам ұқпас бір тәтті лебізінен
«Уан» деген естілер ұлы жарлық.

Аударма мектебінен, арнайы дайындықтан өтпеген, сахарада туған Абай өзінің табиғи талантына, дүниеге көзқарасына, төл туындыларына сай реалистік аударманы таңдайды. Абайдың жан дүниесіне, болмыс бітіміне үндесетін мүдделес, мұндас, сырлас ақындарды қалайды. Олардың өлмес мұрасынан өзінің мұратына, көңіл хошына үйлесетін, көкейіне қонатын дүниелерді ғана аударды. Әлеуметтік сарыны жағынан, объект, фон шеңберінен қазақ өміріне үйлесе кететіндерін іріктеп, кейде үзіп-үзіп алады. Оған айғақ Абайдың М.Ю.Лермонтовтың көлемі жағынан өте ұзақ көлемді «Измайл Бей» деп аталатын поэмасының беташарын ғана аударғаны дәлел. Себебі бұл беташардағы жолдар Абайдың көңіл-күйіне толық үйлеседі, үндеседі. Сондықтан поэманың кіріспе бөлімін толық аударып, қалған көл-көсір мәтіннен бес шумақ қана тәржімалаған. Бұл-ел билеу тәсілі туралы тамаша толғау еді. Осы толғаудағы: «Не должно мыслей открывать своих ты» Абай: «Ішің берік болсын» дейді. Абай ешқашан арзан баламаға жуымайды. «Ішің берік болсын» дейді. Осы секілді «Не должно слишком завлекатся, перед ним гордится или с ним равняется» деген жолдардың баламасын: «Паңсынбай, жайдақсымай, ірі жүрмек» деп қысқартып дәл жеткізеді.

Абайдың осы тәріздес сапалы аудармалары кейінгі аудармашыларға үлкен үлгі. Поэзиялық аударма-екі тілдің жарысы. Ана тілінде мінсіз сөйлету

үшін аударылатын тілдің қазынасына терең бойлау шарт. Поэтикалық шығарманы сөзбе сөз, жолма жол аудармай, тұтас алып аудару әлбетте дұрыс болмақ. Ойдың, сезімнің, образ жүйесінің жиынтығы сомдалып, аударушының қанынан қайнап шығуы керек. Аудармашы актерге ұқсас деген сөз осындайда көкейге қонбайды. Аудармашы-автор. Түпнұсқамен бәсекеші. Абайдың тәжірибиесі осыны дәлелдейді.

Абайдың аударма өнерінде қалдырған мұрасының асқан үлгілігімен, шынайылығымен, нәрлігімен, жаңашылдығымен, айқындығымен қатар, осындай қым-қуыт қиыншылығы бар. Абай М.Ю.Лермонтовтың шығармашылығынан гөр И.А.Крылов мысалдарын қазақ тіліне аударып, қалың бұқараға ең алғаш таныстырушы- Абай болды. Ол Крылов шығармаларының қасиетін ерте танып аударма бастаған. «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен түлкі», «Бүркіт пен қарға», «шырылдауық пен шегіртке» сияқты мысалдарын аудару арқылы Абай Крыловты өз халқына танытты.

И.А. Крыловтың мысалдары қазаққа да соншалықты ұғымды, жақын, ұнамды мысалдар болып кетті. «Өйткені Крылов мұрасы тек орыс халқы емес, бүкіл өнерлі адам баласына ортақ мұра».(14-20). Ұлы орыс халқының барлық адам баласының өнер, әдебиет қорына қосқан асыл қазыналардың ішінде И.А.Крылов мысалдарының орыны өзгеше. Мұны шығыс елдерінің ішінде ерте ұғынып бағалаған ақынның бірі - данышпан Абай.

А.С. Пушкиннің туындыларын аз аударды. Бірақ ол одан аз үйренген жоқ. Сол сияқты И.А.Крыловтан да көп аударды. И. А. Крыловтың мысалдарын мейлінше құнарлы, жагтық, дәлме-дәл аударған Абай мысалдардың соңындағы насихаттық жолдарды қазақ даласы жағдайына үйлестіріп, келтіріп, азын-аулақ өзгертіп бұрып отырды. Ол қазақта тұңғыш рет қара сөзді өлеңмен аударды. Абай И.А.Крыловтың мысал-жанрында жазған өлеңдерін қазақ тіліне аударма отырып қазақ әдебиетіне тұңғыш рет мысал жанрының негізін қалады. Абайдың И.А.Крыловтың мысал өлеңдерін қазақша сөйлетудегі шеберлігі, әдіс-тәсілдері, үлгілері кейінгі қазақ аудармашылары үшін шеберлік мектебі болды.

Абай қазақ сахарасын Гетенің, Байронның өлеңдерін таныстырды. Абай М.Ю.Лермонтовтың «Измайл-Бей» поэмасының кіріспесін тамаша аударғанын жоғарыда айттық. Сол аударма кейін Абайдың төл туындысына баланып, грузин тіліне тәржімаланған, содан орыс тіліне аударылған. Сонымен, қорыта келгенде Абайдың аудармасы мәңгі құнын, бағасын түсірмейтін асыл қазына. Абай тәжірибиесі осының айғағы.

Абайдың Еуропа әдебиетінен тәржімалаған туындыларын сөз еткенде ең алдымен немістің ұлы ақыны Гетенің, одан Лермонтовтың «Горные вершины», Лермонтовтан Абай «Қараңғы түнде тау қалғып» деп аударған өлеңі ойға оралады. Өйткені данышпан ақын, кемеңгер бабамыздың ақындық талантының бір қырын, аудармашылық шеберлігінің құпия сырларын дәл осы өлеңнің аудармасынан да байқауға болады.

Аударманың игі дәстүрін алғаш бастап, аударма ісін халық пен халықты рухани жағынан жақындастырудың негізгі бір құралы деп біліп, өз творчествосынан құрметті орын берген Абай аударма арқылы қазақ поэзиясына жаңаша бір поэтикалық мәдениет енгізді. Аударма мәдениетінің негізін қалыптастырды. Ақын жасаған аудармалардың мәдениеттік, көркемдік маңызы ұшан-теңіз. Алайда қазақ халқының сол кездегі мешуе өмірі ұлы ақынның бұл салада кең құлаш сермеуіне мүмкіндік бермеді. Сондықтан да данышпан ақын баспасөзі жоқ, қараңғы елде кең тарайды-ау, халықтың көзін ашып, көкірегін оятуға себін тигізеді-ау деген шығармаларды ғана аударып, халқына тарту етті. Сондай шығармалардың бірі — «Қараңғы түнде тау қалғып». Абайдың «Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін ондай сала алмайтын» сұлу өлең, шешен сөз — ақындығын, аударма саласындағы басқа еңбектерін былай қойып, тек осы өлеңді аударуда танытқан шеберлігін алсақ та, талай-талай поэтикалық даналықты аңғарамыз.

«Лермонтов шығармаларынан жасаған аудармаларында Абайдың үлкен шеберлікпен, анық ірі шабытпен қоса шабыттанып отырып, жасаған аудармаларының кейде өте дәл шыққандары бар»¹,— деп жазды М. Әуезов. [16,22].

Осындай дәл шыққандардың бірі — «Қараңғы түнде тау қалғып». Шумақ, жолдар саны жағын былай қойғанда, ырғақ, интонация, ой, образдар жағынан да Лермонтов текстісімен бірдей, оған ерекше жақын шыққан. Бір ғажабы: 5, 6, 7, 8-жолдары сөзбе-сөз, жолма-жол дәл және барабар келетіндігімен қатар 1, 2, 3, 4 — жолдарда ерекше көңіл аударарлықтай «алшақтық», айырмашылық та байқалады. Лермонтовта «тау шыңдары түн жамылып ұйықтап жатса», Абайда «қараңғы түнде қалғып», енді-енді «ұйқыға кетіп барады». Лермонтовта «аңғар, алқаптар қараңғылық құшағына енген», «жолда шаң жоқ», «жапырақтар қимылдамайды»,— демек, тыныштық толық орнаған түнді көрсек, Абайда сол түннің айналаны «жым-жырт қып, дел-сал ғып басып» келе жатқанын көреміз.

Абайдың осы картинаны жасау шеберлігі де ғажап. Лермонтов суреттеп отырған «Қараңғы түнді жамылып, ұйықтап жатқан тау шыңдарын, іңір қараңғылығына шомған аңғар, алқаптарды», қысқасы, түн құшағына енген табиғатты, тыныштық бесігінде тербелген адам сезімін жеткізу талабымен Абай Лермонтовта жоқ сөздерді енгізіп, сол сөздердің қабысуы, өзінше ойнап құлпыруы арқылы тын образ жасайды. Мысалы, Лермонтов «тау шыңдары ұйықтады» десе, Абай «тау шыңдарын» «тау» деп алып, оған «қалғып» деген сөз қосып, жай ғана ұйықтатып қоймай, «балбырап ұйқыға кетер» дейді. Лермонтов берген образды өзінше ұғып, өзінше пайымдаған. Қазақтың қарапайым өз сөздерін шебер қабыстырып, оларды басқа бір қырынан танытады. Абай, Гете, Лермонтов суреттеген түннің бар қадыр-қасиетін сақтай отыра, олардағы көркемдік өзгешеліктерден басқа жаңа бір жарастық қоса туғызғанын көреміз.

Мұндай жарастықты біз өлеңнің негізгі түйіні, философиялық ойды аңғартатын ең соңғы екі жолдың аудармасынан да байқаймыз. Бұл екі жол Гетеден де, Лермонтовта да, Абайда да сөзбе-сөз, дәлме-дәл. Бірақ ол сірескен қалыпта емес, дамып, толыса түскен. Дамытқан Лермонтов та, толықтырған Абай. Сөйтіп, Абай аудармасында ақын қолданған көркем тәсілдер, әсем бояулар, ғажап келісімдер тыныштық құшағына еніп бара жатқан табиғат сипатына, оған бой алдырған адам сезіміне дөп келіп, адам жанының терең сырын, нәзік сезімін білдіретін, жан пернесін қозғайтын нәзік те әдемі поэзия ана тілімізде қайта туып, соны бір жарастық тапқан, сыршыл да шырайлы, әуезді де әсерлірек болып дами түскен.

Абайдың ақындық, аудармашылық шеберлігі, үшеуін — Гете, Гетеден Лермонтов, Лермонтовтан Абай — қатар қойып оқығанда айқындап, тасқа басылған таңбадай мүлтіксіз көресің. Бұл поэзиялық рухтың бірлігі, ақындық мәдениеттің ұласуы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Құнанбайұлы Абай. Шығ. 5 томдық толық жинағы. - А., 1961. - 456 б.
- 2 **Әуезов, М.** Абай Құнанбайұлы Шығ. 12 томдық толық жинағы. - А.. «Жазушы», 1969. - 533 б.
- 3 **Мырзахметов, М.** Ақын творчествосындағы нәзирағөйлік дәстүр// Жетісу. 1985, 10 тамыз.

*С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті;

**Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

Материал 06.04.14 редакцияға түсті.

*А. Ф. Зейнулина**, *А. Т. Ибраева***

Абай – основоположник художественного перевода

*Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова;

**Павлодарский государственный
педагогический институт, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 06.04.14.

*A. F. Zeinulina**, *A. T. Ibrayeva***

Abai - founder of literary translation

* S. Toraighyrov Pavlodar state university, Pavlodar;

**Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 06.04.14.

В статье определяются особенности художественного перевода и поэтики Абая Кунанбаева. Производится анализ природы поэтического перевода.

The article determines peculiarities of Abai Kunanbayev's literary translation and poetry. The article analyzes the nature of poetic translation.

ӘОЖ 82-1/-9

А. Ф. Зейнулина, Е. И. Смольникова

Г. ФЛОБЕР МЕН Ф. ДОСТОЕВСКИЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МӘДЕНИ- ТАРИХИ ҰҒЫМЫНДАҒЫ ӘЛЕМ МЕН АДАМ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Бұл мақалада автор Г.Флобер мен Ф. Достоевский шығармашылығындағы мәдени-тарихи ұғымындағы әлем мен адам тұжырымдамасы айырмашылықтарын талдайды.

XIX ғасырдың екінші жартысында бүкіл әлем әдебиетіндегі ана немесе өзге дәрежеде болған процесті, жарқын романтикалық идеологиялық кейіпкерінің ауысуы деп біледі, ол идеясын жасап шығару үшін және сынау үшін өз өмірін өткізеді, XIX ғасырдағы орыс, және шетел әдебиетінің зерттеу еңбектерінің бірқатары дәлелдегендей, ол жай ғана, қарапайым кейіпкер, әлемнің «қарғыс соққан» мәселелерін жарату мен шешуден өте алыс. [1, б.18-20]; [2, б.31-44]; [3, б.92-107]; [4, б.15-20]; [5, б.45-56]; [6, б.18-23]; [7, б.134-146]; [8, б.40-59]; [9, б.25-35]; [10, б.107-112]; [11, б.17-27]; [12, б.125-133]; [13, б.176-184]; [14, б.149-153]; [15, б.111-119]; [16, б.27-37]; [17, б.148-157]; [18, б.52-63]; [19, б.16-38].

Зерттеушілер бұндай тарихи-әдеби заңдылықты жаңа әлемдік мәдени, әлеуметтік-тарихи мен идеологиялық жағдаймен тығыз байланыстырады, ол Ресейде – реформадан кейінгі ауыр кезеңде пайда болды, («Реформалар революциясы салдарынан қоғам негіздері жарылды, теңіз лайланды. Жақсылық пен жамандықтың шегі жоғалды да жойылды... енді жалпылама тәртіпсіздік, тәртіпсіздік қоғамның бүкілінде бәрінде, оның істерінде, басшылық идеяларында (олардың өзі де жоқ), сенімінде (олар да жоқ), отбасы бастамасының бұзылуында» [20, 14, б.19], - уақыттың бұл кезеңі туралы Ф.М. Достоевский жазған, ал Францияда -Наполеон 3 «кішкентай Наполеон»

империясының қалыптасу заманында, б.а. бұндай замандар, қайта бағалау процесінен өткен соң, адамның тәртібі мен ойлаудағы ескерген тұрақты үлгілері, ережелері ұмыт болады, ал жаңа идеологиялық стереотиптер әлі қалыптасу процесі үстінде.

Бұлардан шыққан нәтиже, бір жағынан, тұлғалық-қоғамдық қарым-қатынастардың ең шекті үйлесімсіздігі пайда болады, ол адамдардың айырылысуы, қоғамның «химиялық элементтерге» бөлінуінде көрінді. [20, 14, б.20].

Осының барлығы әлемдік әдебиетте түбегейлі өзгерістерді туғызды. Адамның тұрмысы мен санасындағы бетбұрыс, өткен идеалдарды жоғалту салдарынан болған, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы адамның өзіндік сана сезімінде өмірдің, әлемнің барлық негізгі тұжырымдамалары қайта құрылды. Жазушылардың ой өрісінде - өмір поэзиясы емес, әлем өмірінің ақиқатын, мағынасын күштеңіп іздеп жүрген жоғары интеллект тұлғалары емес, ал әдеттегі, прозалық болмыс, кәдімгі, жай кейіпкер, қалың топ кейіпкері, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы Ресей мен Францияның көпшілік адамдарының сезімдері мен ойларын бейнелейтін кейіпкер.

Заманның бұндай өтпелі, өзгерісті ерекшелігін атап әлденеше рет Флобер де, Достоевский де көрсеткен. «Біз екеуміз өмірге тым ерте және сонымен бірге тым кеш келдік, - деп жазады Флобер өзінің досы және ақын Луи Буйеге,- Біздің ісіміз ең ауыр және ең атақсыз: аралық» [21, б.1, 143].

Осы сипатта, Флобердің өзі XIX-ғасырдың екінші жартысындағы батысеуропа адамзат көпшілігінің ақыл шабытын білдірушісі ретінде, бұл кезеңдегі Франциядағы тарихи процесіндегі айтарлықтай келешекке деген сенімсіз бағасын береді: «сексен тоғызыншы жыл корольдық билік пен аксүйектікті талқандады, қырық сегізінші-буржуазияны, ал елу бірінші-халықты. Арам және топас тобырдан басқа ештеңе қалған жоқ. Біздің барлығымызды жалпылама қабілетсіздік деңгейге дейін қалжыратты. Әлеуметтік теңдік рухқа дейін жетті», – деп жазады Флобер Луиза Колеге 1853 жылы [21, 1, б.317].

Сонымен, осы жеке хатында француз жазушысы замандас адамның басты тұжырымдамасын, оның бүкіл шығармашылығына тән, қатардағы, тіпті «әдепсіз» адамның тұжырымдамасын қалыптастырды. Сипатты түрде, бұқаралық мәдениеттің, әдебиеттің, өнердің қалыптасу процесіндегі француз жазушысы келешекке деген көзқарасын өте сенімсіз бағалайды.

Алдыңғы қатарды әдебиетке қарағанда, бұндай жаңа көзқарас әлемге деген жаңа философиялық көрініспен анықталады, ақырындап он тоғызыншы ғасырдың жартысына қарай ойшыл адамзаттың санасына, кемеліне көрініс келді, Батыс Еуропа елдері үшін мағыналы түрде келешекке деген тым сенімсіз көзқарас болды деп сипаттайды.

XVIII-нші жүзжылдықтағы ағартушылардың адамдық дүниенің парасаттылығы мен заңдылығы, қоғамның ілгері дамуна деген оптимистік сенімінің орнына, он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысындағы романтиктардың сенімінің орнына, адам өмірінің жеке мағынасына енді үстемдік ететін А.Шопенгауэр философиясы («Әлем жігер мен ұғым ретінде» (1844) оның негізіне алынатын мағынасыздық идеясы, адам өмірінің иррационалдығы мен дүниені жалпы тұтас алып қарайды, [22, б.25-26], сонымен бірге де М.Штирнер идеяларымен («Жалғыз өзі және оның меншігі») (1845), «тұлға-қоғам» деген белгілі арақатынасын тұлға пайдасына қарай ғана түсіндіретін, және сонымен бірге жеке және қоғамдық үйлесімділіктің қайғылы бұзылу үлгісін толық көрсетіп, алғашқы рет ашық түрде жариялады [23, б.100].

Бұл идеялармен ерекше ұйқасты 50-інші жылдардағы Г.Флобер ойларында да табамыз : «Мен ойлаймын, адам қазір көбірек фанатик, қашан болса да, бірақ өзінің фанатигі. Тек қана өзін-өзі мадақтайды, және күннен биік ұшатын, ойларында, кеңістікті билеп алатын және кеңсіздікте зарығып мұңаятын,...ол бәрінен биік өмірдің күйкілігін бағалайды, ал одан оның ойы құтылуға ұмтылады» [21, 1, б.181].

Басты батысеуропа философтарының бұл ойлары қоғамдағы нағыз дарашылдық пен өзара араласпау психологиясын білдірді, бұл Батыс Еуропа мен Ресейдегі әдеби процесі ең анық, ашық түрде, XIX-ншы ғасырдың екінші жартысынан бастап бейнелеп көрсетті.

Батыс Еуропадағы осы кезеңдегі басым ой –атеистік.

Осы кезеңді анықтайтын бұл екі идеяның, атеизм мен дарашылдық нәтижелері туралы, - Достоевский айтқан, 1864-1865 ж.ж. жазу дәптерлерінде, оның осы кезеңге байланысты Батыс Еуропа елдері туралы өз түсінігі пайда болды. Оған қоса, орыс жазушысы осы екі көзқарастағы құбылыстардың арақатынасын көруге бейімді: Достоевский ойынша, атап айтсақ, тұлғаның ақырғы дамуы, құдайға деген сенімінің төмендеуіне әкеледі, ол оның нәтижесі қайғылы деп түсінеді : бұл адамның «тірі өмірден» және адам қоғамынан жоғалуына әкеледі. [24, 20, б.192].

Атап айтқанда, келешекке деген сенімсіздік көңіл-күйімен, аурушандық меланхолияға дейін жететін, үміт үзуге дейін, ақырында, өз-өзіне қол жұмсау арманына дейін жететін, оның «ештеңеге, тіпті өз өзіне деген» [21, 1, б.72,257], сенімсіздігінен шығатын, ал сонымен бірге қайғылы фатализм идеяларымен де, адамның жеке басы бостандығын, адам рухының мәңгілігін жоққа шығаратын, Г.Флобердің жастық шағы мен ержеткенге дейінгі барлық хат жазысуы өзектелген., [21, 1, б.67,88 – 89,149,156].

«Мен тағдырға бойсұндым, мен барлығына дайынмын; мен желкенімді жинап алып, желге қарсы арқамды қойып және басымды төсіме төмен түсіріп, көп нәсерді тосып отырмын. Айтады, құдайға сенген адамдар,

бізден жақсырақ басқа түскен қайғы-қасіретке қарсы төзе алады. Бірақ, ұлы үйлесімдіктің бар болуына сенетін адам, денесінің жоғалуын тосып отырған адам, бұнымен қоса рухтың ұлы Бүтінге енетінін күтіп отырған адам, және содан кейін, ұйықтау үшін, ал содан кейін, мүмкін, қабылан денесіне еніп немесе жұлдыз болып жарқырап тұратынына сенген адам да қиналмайды. Мистикалық шаттықты тым асыра мақтайды. Клеопатра сондайлық шаттанған болып, көз жұмды, әулие Франциск те сол сияқты. Менің ойымша, болашақ өмір туралы қағида өлім алдындағы қорқыныш немесе одан бірдеме тартып алу тілегінен шыққан нәтиже» [21, 1, б.67] ; «Фатализм болса , ... ол менде өте нық отыр. Мен оған қатты сенемін. Мен жеке бостандықты мойындамаймын, өйткені мен өзімді азат етіп сезінбеймін; ал адамзатты алсақ, тек тарихты ғана оқысақ, көзің әбден жетеді, оның өз қалауы бойынша жүрмейтінін анық көреміз» [21, 1, б.88 – 89].

Әдеттен тыс, Флобер фатализмы атеистік сипатқа ие , ал логика болса адамдық өмір жолын белгілейтін автор туралы жауабын талап етеді. Бұның салдары- дүниетанымның тым қайғылы өлшемі: «Құдай маған қауыншты болмыс берген жоқ. Менен күшті ешкім өмір қайғысын сезбейді. [21, 1, б.72].

Атап кететіні, Флобер, ғасырдың бұл негізгі идеяларын басынан өткізгенде, одан әрі, олардың жинақталуына қатысып, осы соңғы қасіретті жағдайдан шығу жолын іздейді. Оның шешімі- мағынасыздық жағдайында да өмір сүруге болатын батыл дайындығы: «Абсолюттік ғайыптық гипотезасында мен үшін қорқынышты еш нәрсе жоқ. Мен толығымен бұл үңірейген қара сәтсіздікке түсе аламын» [21, 1, с.391].

Батыс Еуропаның пессимистік теориялары Ресейде де өз ықпалын таратады, әсіресе, «орта» теориясымен ұштасады, адам жігерінің еркіндігін жоятын, және сонымен бірге, өзі мен жерде болып жатқан құбылыстар үшін жауапкершілікті алып тастайтын, ол атеистік фатализмнің өзіндік нұсқасы болып табылады. Бұл туралы Достоевский айтады: «Қоғамдық құрылымдағы қателерге адамды тәуелді етіп жасап, орта туралы ілім адамды шын тұлғасыздыққа дейін апарып, оны кез келген адамгершілік жеке борышынан, кез келген жауапкершіліктен түгелдей босатады, қандай да ойлап табуға болатын, ең жексұрын құлдыққа апарды » [25, 21, б.16].

Бірақ осы жалпылама, дүниежүзілік сенімсіздік заманында Ресейде басым болған идея, адамгершілік болмысының ұлы тіршілігіне сенім идеясы, ол адамзаттың Құдайадамзатына деген талпынысымен байланыстырылады, Владимир Соловьев жариялаған, соборлық пен бірігу идеяларында да іске асады «Құдайадамзаты туралы Оқуларында, ойлары орыс жазушылары идеяларымен тығыз байланысады» [26, 2, б.5 – 174].

Ф.М. Достоевскийде соборлық пен бірігу идеялары Иисус Христос пен Құдай Патшалығының идеалдарына жерде жету талабында іске асады [24, 20, 172 – 175]. Ф.М.Достоевский мен Вл. Соловьев көзқарастар

типологиясы жайлы көптеген ресейлік және шетелдік зерттеушілер жазды. [27, б.432 – 461]; [28, б.251 – 276] ; [29, б.45 – 46].

Достоевский дүниетанымы француз жазушысының үзік-үзік пікірлеріне қарағанда, одан әрі жүйелі сипатта болған. Ф.М.Достоевскийдің философия мен дінді одан әрі жүйелі мазмұндауы Т.А. Касаткинаның «Достоевский – философ» [30, б.319–326] пен Р.Лауттың «Философия Достоевского в систематическом изложении» [31, 447б.] қазіргі заман зерттеулерінде де бар.

Зерттеуші Т.А. Касаткина орыс жазушысының философиялық-діни пікірлерін жинақтап қорытты және олардың негізгі тұжырымдамасын теоцентрикалық деп белгіледі, ХІХ-ншы ғасырда үстем болған антропоцентрикалыққа қарама-қарсы қойды, бұл арқылы осы екі тұжырымдаманы салыстырды. Бұған өзгертулер енгізу керек еді: біздің ойымыз бойынша, Достоевский бұл екі тұжырымдаманы салыстырған жоқ, оларды жинақтады. Оның философиясы теоцентризм мен гомонемесе антропоцентризм синтезі болып табылады. Осы қағиданы қорғау ретінде Достоевскийдің келесі пікірі дәлелдейді : «Адам бойындағы Құдай барын дәлелдейтін Христиандық болып табылады. Бұл адамның қолы жеткен ұлы идеясы мен ұлы даңқы» [32,30(1), б.228]. Достоевскийдің бүкіл шығармашылығы, бізге көрінетіндей, Достоевский үшін екі орталық категориялары «Құдай» және «Адам» маңызы жағынан тең, ал әлеуеті жағынан-категорияның рухани мүмкіндіктері бойынша да дәлел болып табылады.

Дәл осы тұжырымдама пайдалылығына, біз Достоевскийдің Құдай мен адам туралы білімдердің жалпылама синтезі туралы түсінік береміз, оны жақсырақ жүйелі түрде Р.Лаут Достоевский философиясына арналған өз зерттеуінде баяндайды «Метафизика: положительная философия» [33, б.277-435].

Сонымен, Батыс Еуропа елдері мен Ресей, бір қарағаннан, жоғары интеллектуалдық деңгейінде әр түрлі, диаметральды қарама- қарсы, идеологиялық және психологиялық қалыпта, сонымен бірге, орыс және француз жазушысында рухтың жалпылай әлсіреу мәселелерін шешу әдістері де әр түрлі, бірақ сипаты жағынан ұқсас, екі жазушы қазіргі заман әлем мәселелерін ұғынудағы жалпы күйін кешуде және оларды шешу үшін жол табу үстінде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Варшавская, К.** Малые жанры в литературе 80 – 90 – х годов и проза А.П.Чехова. Автореф. дис. канд. филолог. наук. 10.01.01. – Томск, 1969. – 20 с.

2 **Матюшенко, Л. И.** О соотношении жанров повести и романа в творчестве И.С. Тургенева. \ Проблемы теории и истории литературы. – М. : МГУ, 1971. – С.31 – 44.

3 **Козьмук, В. А.** Диалектика малой эпической формы. // Проблемы истории критики и поэтики реализма. Вып. 2. – Куйбышев : Издательство Куйбышевского университета, 1977. – С. 92 – 107.

4 **Юртаева, И. А.** Жанровое своеобразие повестей Л.Н.Толстого 1880-90-х гг. Автореф. дис. канд. филол. наук. 10.01.01. – Томск, 1985. – 20с.

5 **Шатин, Ю. В.** К проблеме межтекстовой целостности. (На материале произведений Л.Н.Толстого 900-х гг. // Природа художественного целого и литературный процесс. – Кемерово : Издательство Кемеровского университета, 1980. – С. 45 – 56.

6 **Афанасьев, Э. С.** «Как вы все серо живете, как много говорите ненужного». Речь персонажей в пьесе А.П.Чехова «Вишневый сад». // Русская речь. – 1992. – № 3. – С.18 – 23.

7 **Абросимова, В. Н.** «Крейцерова соната» Л.Н.Толстого и «Кроткая» Ф.М.Достоевского. // Сюжет и время. – Коломна : КГПИ, 1991. – С.134 – 146.

8 **Манн, Ю.** Об эволюции повествовательных форм (2ой пол. 19 в.). // Изв. Рос. Ан. Сер. лит. и яз. – 1992. – Т.51. – №1. – С.40 – 59.

9 **Буланов, А. М.** Логика сердца в романе Л.Н.Толстого «Анна Каренина». // Русская литература. – 1991. №3. – С.25 – 35.

10 **Партэ, К.** Метаморфоза смерти у Л.Н.Толстого. (Ст. из США) // Русская литература. – 1991. №3. – С.107 – 112.

11 **Генри, П.** Импрессионизм в русской прозе. (В.М.Гаршин и А.П.Чехов) (Ст. из Шотландии). // Вестник Московского университета. Сер. 9. – Филология. – 1994. – №2. – С.17 – 27.

12 **Абрамович, С. Д.** Чеховский психологизм и традиции Л.Н.Толстого. // Толст. сб. Этика и эстетика. Вопросы поэтики. Творческие связи и традиции. – Тула : Издательство Тульского университета, 1992. – С. 125 – 133.

13 **Бражников, И.** Неоткрытый Чехов, или осколки распавшегося мира: ст.3. // Дядя Ваня. – 1993. – 1994. № 2. – С. 176 – 184.

14 **Донсков, А.** «Драматическое присутствие» в повести Л.Н.Толстого «Смерть Ивана Ильича». (Ст. из Канады). // Русская литература. – 1993. – № 3. – С.149 – 153.

15 **Злотникова, Т. С.** География души и география пространства: чеховская «провинция» в мировой литературе. // Регионология. – 1994. – №1. – С.111 – 119.

16 **Афанасьев, Э. С.** Эпическое и драматическое в пьесах Чехова. // Изв. Рос. акад. наук. Сер. лит. и яз. – 1993. – Т.52. № 6. – С. 27 – 37.

17 **Калениченко, О. Н.** Ночь прозрения: о жанровой поэтике «Кроткой» Ф.М.Достоевского и «Ночи» В.М. Гаршина. // Филол. поиск. – 1993. – Вып. 1. – С.148 – 157.

18 **Кожевникова, Н. А.** Эстетические оценки в прозе А.П.Чехова. // Прекрасное в образном мире произведения. – Сыктывкар : Издательство Сыктывкарского университета, 1994. – С.52 – 63.

19 **Головко, В. М.** Жанровая специфика художественного детерминизма в русской реалистической повести. // Вестник Ставроп. ун – та. – 1996. – Вып.5. – С. 16 – 38.

20 **Достоевский, Ф. М.** Собр. соч. в 30-ти т.т. – Л. : Наука, 1974-1990. – Т.14. – 527 с.

21 **Флобер, Г.** О литературе, искусстве, писательском труде. Письма. Статьи. В 2-х т.т. – М. : Художественная литература, 1984. – Т.1. – 356с.

22 **Шопенгауэр, А.** Мир как воля и представление. – М. : Азбука плюс, 2008. – 464с.

23 **Штирнер, М.** Единственный и его собственность. // Штирнер М. Избранные произведения. – М. : Азбука плюс, 2010. – 356с.

24 **Достоевский, Ф. М.** Собр. соч. в 30-ти т.т. – Л. : Наука, 1974-1990. – Т.20.- 432 с.

25 **Достоевский, Ф. М.** Собр. соч. в 30-ти т.т. – Л. : Наука, 1974-1990. – Т.21. – 551 с.

26 **Соловьев, В. С.** Чтения о Богочеловечестве. // Соловьев В.С. Сочинения в 2-х т.т. – Т. 2. – М. : Правда, 1989. – С.5 – 174.

27 **Викторович, В.** Достоевский и Вл. Соловьев. // Достоевский в канун 20 века. – М. : Классика плюс, 1996. – С.432 – 461.

28 **Накамура, К.** Достоевский и Вл.Соловьев. Два идеалиста. // Накамура К. Чувство жизни и смерти у Достоевского. – СПб. : Дмитрий Буланин, 1997. – С.251 – 276.

29 **Борисова, В. В.** Национальное и религиозное в творчестве Ф.М. Достоевского. (Проблемы этно-конфессионального синтеза). – Уфа : БГПИ, 1997. – 95с.

30 **Касаткина, Т. А.** Достоевский – философ. // Касаткина Т.А. Характерология Достоевского. Типология эмоционально – ценностных ориентаций. – М. : Наследие, 1996. – С.319 – 326.

31 **Лаут, Р.** Философия Достоевского в систематическом изложении. – М. : Республика, 1996. – 447 с.

32 **Достоевский, Ф. М.** Собр. соч. в 30-ти т.т. – Л. : Наука, 1974 – 1990. – Т.30(1). – 455,(1) с.

33 **Лаут, Р.** Метафизика: положительная философия. // Лаут Р. Философия Достоевского в систематическом изложении. – М.: Республика, 1996. – С.277-435.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 16.03.14 редакцияға түсті.

A. Ф. Зейнулина, Е. И. Смольникова

**Концепция мира и человека в творчестве Г.Флобера и Ф.Достоевского
в культурно-историческом контексте**

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 16.03.14.

A. F. Zeinulina, E. I. Smolnikova

**Conception of the world of people in the works of G. Floubert and
F. Dostoevsky in the culture-historical context**

S. Toraighyrov Pavlodar state university, Pavlodar.
Material received on 16.03.14

*Бұл мақалада автор Г.Флобер мен Ф.Достоевский
шығармашылығындағы мәдени - тарихи ұғымындағы әлем мен адам
тұжырымдамасы айырмашылықтарын талдайды.*

*The given article is devoted to explore the conception of the world
of people in the woks of G. Floubert and F. Dostoevsky in the culture-
historical context.*

ӘОЖ 882. 151. 212 ,2

А. О. Кәріпжанова, Ж. Т. Сарбалаев

**ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КОГНИТИВТІК
ТАЛДАНЫМЫ**

*Бұл мақалада М-Ж.Көпеевтің шығармаларындағы
фразеологизмдердің танымдық сипаты қарастырылады. Сонымен
қатар қазіргі тіл білімінде тілтанымдық зерттеулер негізінде
көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса дүниетанымдық
ерекшеліктеріне талдау жасалады.*

Тіл - дүниетаныммен тығыз байланысты ұғым. Кез келген ұлттың өзіне
ғана тән дүниетанымдық түсініктері болады. Ұлттық дүниетаным – қандай

да бір ұлттың басқаларға ұқсамайтын өмір сүру дағдысы, адам және сол
дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасы.

Қазіргі тіл білімінде тілтанымдық зерттеулер негізінде көркем
шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса дүниетанымдық ерекшеліктерін
де зерттеу қолға алынды. Бұл көркем шығарма авторының тілі мен
дүниетанымдық ой-пікірін, көзқарасын тұтас ұлт тілі, ұлттық ерекшелік
ретінде танып білуге әкелді.

Халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-санасының, мәдениетінің айнасы
болып табылатын фразеологизмдер – ойлау мен танымның ерекше бейнелі
тілдік бірліктер. Олардың басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам
мүшелерінің өзара тілдесуі, түсінісуі үшін қажетті қызметі. Екінші қызметі
– көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы әсер ететін
эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, қаламгерлердің шеберлігіне
байланысты. Тілдің үшінші қызметі – кумулятивтік қызмет. Ол – тілдің
ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына
жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізіп отыратын игілікті қасиеті.
Фразеологизмдер тілдің осы үш қызметіне де байланысты.

Дүниені ойлау, сезу арқылы танудың нәтижесі санада тұжырымдалады
да, тіл фразеологиялық айтылымдар мен оралымдарды қалыптастырады.
Сөйтіп адамды қоршаған орта тілде символданады, психологиялық
сипат алады, тұрақтанып, ішкі әлем объективтенеді. Тіл адамның өмірлік
тәжірибесін, оның мәдени ерекшелігін әлемнің тілдік бейнесі ретінде сыртқа
шығарады.

Көркем шығармада автор өзінің өмірге көзқарасын, ой-пікірін, ақиқат
дүниеге қатынасын білдіріп отырады. Мұндайда автор шеберлігі, оның
ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқын көрінбейді. Осы ретте
концептілік талдау автордың ақиқат дүниеге қатынасын айқындап, көркем
шығарманы талдаудың екінші қырын ашатын бірден бір тілдік құрал ретінде
қызмет етеді.

Ғаламның тілдік бейнесі концептілерді бөлу мен ішкі таным ашу
негізінде зерттеледі, концептіге ұғым енгенімен, ол сонымен аяқталып
қалмайды, қайта сөздің барлық мазмұнын қамтып отырады. Осыған орай
сөздің алуан түрлі ассоциациялық байланыстары арқылы құбылыстар
туралы мәдениетті тасымалдаушылардың түсінігін бейнелейтін денотативті
(танбалаушы) және коннотативтік (қосымша мағына) мазмұн болмақ. Ол өз
ішінде көптеген лексикалық бірліктердің мағыналарын жинақтайды.

Ж. Манкеева когнитивтік негізгі ұстанымдарды төмендегідей бөледі:

1. Қоғамдық тәжірибеге негізделуі, яғни дәстүр жалғастығы, танымның
қазыналық сипаты.

2. Таным модельдерінің символдық түрлері, тілдегі ақпарат беру емес,
бейнелеуге мүмкіншілік жасау.

3. Таным модельдерінің жүйелі сипаты, сабақтастығы. Яғни ол – таным моделінің құрылымдарының тұратынын сипаттайды [1, 41 б.].

Поэтикалық көркем шығарма тіліне когнитивтік талдау жасау негізінде сол ұлттың, сонымен қатар жекелеген тұлғалардың санасындағы ғалам бейнесін, айнала қоршаған ортаның болмыс-бітімін тұтас тануға болады. Тілдің болмысы мен табиғатын, оның ішкі иірімдерін, толыққанды тану үшін сол тілді жасайтын адаммен біртұтастықта қарау керек. Демек, жеке адамның шығармашылық санасы арқылы танылған эстетикалық форманың тілдік көрінісі күрделі біртұтас құрылым болып табылады. Дүниенің тілдік моделін бейнелейтін ақпарат жүйесінде дара тұлғаның ақиқат дүниеге қарым-қатынасы танылады.

Қазақ тілінің тілдік ғалам бейнесінің ерекше ұғымдарының бірі – **махаббат** концептісі. Аталған концептінің поэзия тілінде кеңінен қолданыс табуы оқырмандардың да ғаламдық тілдік бейнесін құруына негіз болады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: *Махаббат – 1. Әйел мен еркектің бір-біріне деген құштарлық сезімі, сүйіспеншілік. 2. Ата-ананың балаға, адамдардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілік ыстық ықыласы,- деп түсінік берілген [2, 584].*

«Махаббат» сөзі қазақ тілінде «ғашық», «сүю» сөздерімен де алмастырылып отырады. Тілімізде *Отанын сүйген отқа жанбайды, суга батпайды; Елін сүйгеннің еңсесі биік; Азапсыз махаббат – арзан махаббат; Ғашықтың тілі – тілсіз тіл; Дауасыз дерт – махаббат; Ынтызарлық өлімнен де жаман; Сыйлық қымбат емес, сүю қымбат* деген мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер кездеседі. Бұлардан Отанға деген махаббат, ғашықтық сезім туралы айтылғанын байқаймыз.

Осы орайда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы фразеологизмдерді қарастыра отырып, халық дүниетанымы мен ақын дүниетанымын бірлікте айқындау және ақынның тілдік бірліктер арқылы оқырманға беретін пайдалы ғибраттарын ашу арқылы фразеологизмдердің авторлық дүниені қалыптастыратын көркем сөз атрибуты екендігін көрсету негізге алынады.

Мәшһүр Жүсіптің махаббат жөніндегі таным шеңбері діни ұғым түсініктерімен астасып жағыр.

Махаббат – сәулесі зор, Құдай нұры,

Көрген жан сол сәулені қалмас құры [3, 58 б.].

Мәшһүр Жүсіп махаббат ұғымының кең екенін аңғартады. Ол махаббат концептісін ер адам мен әйел адам арасындағы сүйіспеншілік сезім ретінде түсіндірмейді. Ақын танымындағы махаббат – Аллаһ Тағаллаға, яғни Жаратушыға сүйіспеншілігі, іңкәрлігі.

Абайдың:

Махаббатсыз – дүние бос,

Хайуанға оны қосыңдар [4, 16 б.],- деген өлеңінде де махаббаттың кең ұғым екеніне меңзейді. Себебі Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

*Және Хақ жолы осы деп әділетті [4, 16 б.],-*дей отырып, Алланы адамзатты махаббатпен жаратқаны үшін сүй деп отыр. Алланы сүю ізгілікке бастайтын жол екенін айтады.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде махаббат концептісі ерекше айшықталған. Ол махаббат иесі – Алла. Ақын дүниетанымы бойынша Алла шүбәсіз, дүниедегі бардың есімі. Сондықтан да ол өлеңдерінде адамдарды Аллаға құлшылық етуге шақырады, оның қайтарымы болатынын насихаттайды.

Шын ниетпен бір Аллаға құлшылық қыл,

Түзу түс алдыңдағы жолға таман [3, 102 б.].

Тағат қыл бір Аллаға ақ ниетпен,

Бұл күнде түк болмайсың жүрген бетпен [3, 96 б.].

Ақын Аллаға деген махаббатты тек бір арнада түсініп, түсіндірумен шектелмейді. Ол ақиқат жолы, өмір ұстанымдары, өмір дәстүрлері сияқты ұғымдармен ассоциациялайды.

Болады кімге залал, кімге пайда,

Әр істің ықтияры бір құдайда.. [3, 59 б.].

Алланың күдіретіне тең келер нәрсе жоқтығын айтқанда, оған деген ғашықтық жетекші орын алғандығын төмендегі өлеңдерден байқаймыз:

Алланың өзі жалғыз, құдіреті кең

Барлығы бір Алланың құдіретінде,

Ешкімге мұқтаж емес Хақ тағала [3, 95 б.].

Мәшһүр Жүсіп Алланың біреу екенін, оған серік қоспағанын жыр етеді:

«Бір!» -деп біл бір Алланы, екі деме!

Көп сөйлеп, күпір болып боқты жеме.

«Екеу!» -деп бір Алланы жолдан тайсаң,

Мінесің қияметте қасірет кеме [3, 98 б.].

Бір адам қылар қияс шариятқа,

Құранға, қарамайды жазған хатқа.

Осындай қисық сөзден бойыңды тарт,

Алланы ұқсатпаңыз ешбір затқа [3, 109 б.].

Аллаға зор көңіл бөлу, оған мадақ айту бұрынғы шығыс ақындарына да тән. Мысалы:

Есімің де барша есімнің әуелгісі құдіретті,

Жаралғанның әдепкісі – жасаған сен жер мен көкті [5, 84 б.].

*Махаббат – тунсіз тұңғиық, Тәңірі ғана тірегің,
Қайырымынан қашан да үзілмесін күдерің* [6, 18 б.].

Мәшһүр Жүсіп Алланың біреу екендігін, тек Алла өзгермейтінін, оның өте кең ұғым екенін Алла сипаттарын тарата баяндайды:

Жоқ деп біл ол Аллада ата-ана,

Және жоқ деп біліңіз қатын-бала . [3, 52 б.].

Ақын Алланы танып білуде, Алла жолын іздеуде құлшылықтың алатын орны ерекше екеніне көп көңіл бөледі:

Бір Алла діліне алмай, фазылына алсын,

Жұмақты біз ғаріпке қылсын несіп. [3, 53 б.].

Таршылық әрбір жерде қысылғанда,

Басқа жоқ бір Алладан паналары. [3, 82 б.].

Айтыңыз насихат сөз қосып басын,

Шын болып бір Аллада ықыласың.

Ғазірейіл бір күн келіп жаныңды алса,

Дүниеден кетеді ғой ғаріп басың. [3, 47 б.].

Махаббат – мәңгі таусылмайтын тақырып. Себебі, махаббат - Алланың қасиеті, сипаты ретінде шексіз, өлшеусіз шындық. Аллаға шын ықыласыңмен ғашық болсаң, оның рахматы да ұшан-теңіз екенін түсіндіреді. Адам Алланы танымақ болса, өзін де шексіз дамыту керектігін айтады. Ақын Алланы танудан адамгершілік, ізгілік туралы ойларды айтады.

Болса да қанша күнә бойымызда,

Қайтпайды бір Алладан ықыласым . [3, 49 б.].

Ақын хақтың жолы әділет екенін ұмытпауы және одан ауытқымауы қажет екенін бірдей ескертеді.

Мәшһүр Жүсіп Алладан артық ештеңе жоқ, Алладан артық біреуді жақсы көрсең, аяғында бір жамандыққа душар болатынын айтады.

Басқаға бір Құдайдан көңіл бөлме,

Нәпсінің, шамаң келсе, тіліне ерме!

Пәледен басым аман болсын десең,

Бой салып бір нәрсені жақсы көрме!

Махаббат күннен-күнге артады екен,

Оралып шырмауықтай тартады екен.

Басқаны бір Құдайдан сүйгендіктен,

Бір залал ақырында тартады екен . [3, 73 б.].

Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы **бір Алла** тұрақты тіркесін сараптай отырып, төмендегідей ойтүйін қалыптастырамыз: ақын дүниетанымы бойынша элем мен Алла ұғымы бірлікте жүреді. Бұл екеуі бір ғана мәннің шеңберінде топтасқан дүниелер. Дүние бір қалыпта тұрмайды, ол өзгеріп отырады. Өзгермейтін – жалғыз Алла дегенді ақын философиялық тұрғыдан басып айтады. Сондықтан да Аллаға деген махаббаттың шексіз болуы

заңды құбылыс. Мәшһүр Жүсіп ұғымы бойынша Алланы сүю адамның жеке басындағы асыл қасиеттерді қастерлеу, адамгершілікті негізгі қағидаға айналдыру. Алланы сүю – ізгілікке байланысты жол. Ақынның тұжырымы бойынша, махаббат – Алланың қасиеті, құдіреті, қуаты, рухы. Алланы сүю арқылы, оның сүйген құлы – Адамды сүюге шақырады, имандылықты, мейірбандылықты, биік адамгершілікті күйтейді.

Мәшһүр Жүсіптің көркем әлемінің менталды және тілдік құрылымын қарастыра отырып, оның өзіне тән стилін ажыраттық. Ақынның шығармаларындағы фразеологизмдерде діни дүниетанымдық түсініктер мол қамтылған. Ақын қолданысындағы фразеологизмдерді саралай отырып, автордың поэтикалық санасының бірлігі іспетті индивидуалды-авторлық концептілері анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Манкеева, М.** Түбір құрылымы және сөзжасамдық жүйе//Ұлттық рухтың ұлы тілі. - Алматы : Ғылым. 1999, - 371-383 бб.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

3 **Көпеев, М.Ж.** Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар : ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

4 Абай. Өлең - сөздің патшасы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2006. – 650 б.

5 Низами. Жеті ару / Аударған Қ. Бекхожин. – Алматы : Жазушы, 1980. – 203 б.

6 Хафиз. Ғазалдар / Аударған Ә. Жәмішев. – Алматы : Жазушы, 1986. – 156 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 20.02.14 редакцияға түсті.

А. О. Карипжанова, Ж. Т. Сарбалаев

Анализ когнитивных фразеологизмов

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 20.02.14.

A. O. Karipzhanova, Zh. T. Sarbalayev

The cognitive features of phraseologisms

S. Toraighyrov Pavlodar state university, Pavlodar. Material received on 20.02.14.

В статье рассматриваются познавательные характеристики фразеологизмов произведений М.Ж.Копеева. Также проводится анализ на мировоззренческие взгляды народа и на языковые особенности художественного произведения на основе современных исследований языкознания.

The article discusses the cognitive features of phraseologisms in the works by M. Kopeev. The analysis of the philosophical views of the people and the language features of art works on the basis of modern study of linguistics.

ЭОЖ 81 '373. 421

А. О. Кәріпжанова*, Р. А. Вафеев**

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СИНОНИМДЕРДІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ СИПАТЫ

Мақалада көркем шығармадағы фразеологиялық синонимдер сипаты, стильдік ерекшеліктері қарастырылады.

Фразеологизмдер – құрамындағы сыңарлары өте тұрақты болып келетін, қолданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі. Мұнда тіркес құраушы сөздер өздерінің бастапқы тура мағыналарынан мүлдем немесе жарым-жартылай айрылып, өзара жымдаса келіп, бір ғана фразеологиялық жалпы мағынаға ие болады. Бұл мағынаға ауыспалылық пен бейнелілік тән [1, 57 б.].

Тұрақты тіркестер қандай да бір сөзге ғана балама болып қоймайды, сонымен қатар басқа бір тұрақты тіркеске де балама болатын кездері болады. Соңғысы тілде фразеологиялық синонимдер құбылысының болатынын аңғартады.

Фразеологиялық синонимдерге мағынасы жағынан жақын немесе барабар тұрақты тіркестер жатады. Олар қандай да бір құбылысты әр басқа сипаттауы жағынан өзінің грамматикалық және функционалдық рөлдеріне қарай ұқсас болады.

Фразеологиялық синонимдер бір-бірінен көбінесе семантикалық белгілеріне, стилистикалық бояуына, қолданылу аясына, сөз байланыстарына қарай сараланып жіктеледі [2, 69 б.].

Н.М. Шанский фразеологиялық синонимдерді бір сөз табынан жасалатындығын, олардың құрылымдық-грамматикалық белгілеріне қарай ұқсас және әр түрлі болатындығын және бірдей лексикалық үйлесімділікте болатынын айтады [2, 72 б.].

Қазақ тілінің фразеологиялық қазынасында да білдіретін фразеологиялық жиынтық мағынасы жағынан бір-біріне синонимдік қатынаста болып келетін фразеологизмдер көптеп кездеседі. Фразеологиялық синонимдерде мағыналық жуықтық болғанымен, құрылым-құрылыс, компоненттік құрам, яғни тұрпат тұрғысынан алғанда еш жуықтық болмайды. Мысалы: *жүрегі тас төбесіне шықты, зәресі ұшты, төбе шашы тік тұрды* деген тұрақты тіркестер өзара синонимдік қатар құрайды.

Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің семантикасын, құрылымын, құрамын, стильдік ерекшеліктерін арнайы зерттеген Г.Смағұлова олардың қазақ халқының өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқататынын, мағыналас фразеологизмдердің жақындығы шындық өмірдегі бәріне ортақ ұғымдарды білдіретін тірек сөздер арқылы анықталатынын және сол тірек сөздердің мағынасы мағыналас фразеологизмдердің тобын, қатарын түзуге негіз болатынын айтады [3, 3 б.].

Лексикалық синонимдер сияқты фразеологиялық синонимдер белгілі бір ұғымды білдіріп, соның айналасына топталғанымен, өзара бірдей емес, іштей айырмашылықтары болады. Мысалы, *езу тарту, мырс ету, езу жимау, екі езуі екі құлағында, көзінен жас аққаниша күлу, ішек-сілесі қату* сияқты синонимдік фразеологизмдер «күлу» қимылының бірте-бірте сатылап күшейе түсетінін білдіріп, әр түрлі стилистикалық реңк туғызып тұр.

Халықпен бірге жасап келе жатқан тұрақты тіркестерді М-Ж. Көпеев шығармаларынан да молынан кездестіруге болады және олардың синонимдік қатарларын да шығармаларында ұтымды пайдалана білген. Мағыналас фразеологизмдер ретінде ақынның өзіндік фразалық оралымдары, халық тілінде кездесетін түрлері кездеседі.

Мысалы:

Қуға қу кез болады әлдеқайдан,

Талайдың *күйген аузы* осындайдан [4, 59 б.]

Бір көзім ашылмаған *сорым қайнап*,

Күнелттім өмір бойы ит-құс жайлап [4, 54 б.]

Қапшығын қайыршылық тоқып алған,

Өнер жоқ бұлар білмей *қапы қалған* [5, 18 б.]

Дүниеде қалған жан жоқ аяп күшін,

Қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін [5, 19 б.]

Ұқпасақ айтқан сөзім кетер ағып,

Талайды *қан қақсатқан* тілім шағып [4, 7 б.]

Бұл бір сөз бола қалды көкей кескен,

Қан жұтып талай шаһбаз, *заһар ішкен* [4, 7 б.]

Дүние үшін жанның бәрі *қайғы жеген*,

Ешкімді күйдірмеймін тіптінеген [5, 19 б.]

Осы өлең жолдарындағы *күйген аузы* (аузы күйеу), *сорым қайнап* (соры қайнау), *қапы қалған* (қапы қалу), *қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін* (тісін қайрау), *қан қақсатқан* (қан қақсау), *қан жұтып* (қан жұту), *заһар ішкен* (заһар ішу), *қайғы жеген* (қайғы жеу) тіркестері налу, ызалану, қайғыру мағынасын беретін мағыналас фразеологизмдер. Бұл фразеологизмдер бір мағынаны берсе де, әр өлең жолдарында әр түрлі реңкте көрінеді.

Сондай-ақ төмендегі тұрақты тіркестер де осының дәлелі:

Толқын жайын білмеген қырсықтылар,

Салы суға кетпекші, соры қайнап [5, 1 б.]

Түн болса, алар тыныштық біраз жатып,

Шаршағаннан *сілесі әбден қатып* [5, 52 б.]

Бұл сөзге түсірейін түстей жорып,

Түсірмесем, шаршайсың *дымың құрып* [4, 84 б.]

Мәшһүр Жүсіп Көпеев фразеологизмдерді жеке сөздердің баламасы ретінде өзгеріссіз қолданып, мәтіннің образды да ойнақы шығуына ұмтылады және стильдік бояулар сол фразеологизмдерге ғана беріледі де, артық бояу болмайды.

Ал, ақынның фразеологизмдерді өз мақсатына сай өзгертіп қолдануында жаңа мән, жаңа ажар алып, жаңа стильдік қызметке көшеді. Бұлайша жаңартып пайдалану М-Ж. Көпеевтің жеке қолтаңбасын танытады.

М.Ж. Көпеев шығармаларындағы фразеологизмдердің стилистикалық қолданылуын, фразеологиялық варианттылық пен синонимияны қарастыру барысында ақынның тұрақты тіркеске жаңаша бір өң бергенін және олардың құрылымдық-семантикалық жағынан өзгерістерге ұшыратуға икемді екенін байқадық.

Кісі боп шықпасамда өзім қырға,

Айтқан сөзім құлаққа болды сырға [5, 19 б.]

Бойтұмар басқаларға болған сөзім

Өзімді қылмас тіпті аяқ асты [5, 20 б.]

Болды екен Мәшһүр шешен қандайында,

Басылған құдірет мөрі таңдайында [4, 48 б.]

Құлақтың құршы қанған жақсы сөзді

Не зәмзәм, не болмаса дерсің кәусар [4, 66 б.]

Қалайын, қалсам өзім, айдалада,

Болсын да сөзім сырға құлақтыға [4, 75 б.]

Осылайша ақын синонимдік фразеологизмдер арқылы сөздің құдіреттілігін көрсетеді. Мұндай мағыналас фразеологизмдерді ақын шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Олардың барлығы да шығармаға жаңаша бір өң беріп, стильдік жағынан дара екендігін дәлелдеп отырады. Мысалы:

Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып; Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді; Барады бір ашылмай ішкі кірім; Тарқамай бұл жалғаннан ішкі шерім; Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса; Өлеңмен көңіліндегі мұңын айтып.

Көкірегім – қан, жаспенен толған көзім; Көз жасы жылаулының болар қабыл; Жас ағып жүре бердік көзімізден; Көп жұртты көз жасыңа қылсаң құз; Көз жасы көп жылаумен сел болады; Жүзіме көрінгендер көз салсын деп; Көз салып бірін-бірі шамаласқан; Залымдар көзімізді алар ойып; Хакімдер атып тастар көзін жойып.

Сиқырына неше түрлі көз жетпейді; Көз жетпес құлығына адамзаттың; Жол үсті, түстік жаман көзге,-дейді; Жоғалып ешкіні алған кетті көзден; Түсірдім жұрт көзіне риза бол Қыран құс көңіл ашар, жүйрік тазы; Жүздеген мұңлылардың көңілін ашқан және т.б.

Мағыналас фразеологизмдерді зерттеген ғалым Г.Смағұлова «Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері семантикалық синонимдер және стильдік синонимдер аралығында сөз етілуі тиіс. Бұл ең алдымен тұрақты тіркестер синонимдерінің стильдік қолданысы туралы айтылатын үлкен әңгіменің негізі болмақ» [3, 4 б.], - деп, мағыналас фразеологизмдердің қызметін анықтаған. Осындай өзекті мәселені М.Ж.Көпеев шығармаларындағы фразеологизмдерді зерттеу барысында да анықтадық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Салқынбай, А. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. - Алматы, 2005. – 452 б.
- 2 Шанский, Н. М. «Фразеология современного русского языка». – Москва : «Высшая школа», 1969.
- 3 Смағұлова, Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы : Ғылым, 1998. – 196 б.
- 4 Көпейұлы, М. Ж. Тандамалы шығармалары. 1-том. //«ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 2005.
- 5 Көпейұлы, М. Ж. Тандамалы шығармалары. 2-том. //«ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 2005.

*С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.;

**Югор мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы.

Материал 27.02.14 редакцияға түсті.

*А. О. Карипжанова**, *Р. А. Вафеев***

Описание фразеологических синонимов в художественных произведениях

*Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар;

**Югорский государственный университет, Российская Федерация.

Материал поступил в редакцию 27.02.14.

*A. O. Karipzhanova**, *R. A. Vafeev***

Phraseologic synonyms in fiction

*Pavlodar state university named after S. Toraigyrov, Pavlodar.

**Yugor state university, Russian Federation.

Material received on 27.02.14.

В статье рассматриваются фразеологические синонимы в художественных произведениях и их стилистические особенности.

The article deals with phraseologic synonyms in fiction rapture works and their stylistic peculiarities.

ӨОЖ 81'1.811.512.122

М. Қ. Қанабекова

**ТІЛДІК ТҰЛҒА ТЕОРИЯСЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ЖАҢА ҮРДІС**

Мақалада тілдік тұлға теориясын қалыптастыруға антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің қарқынды дамуы ықпал ететіндігі зерделенеді. Қазақ лингвистикасында тілдік тұлға мәселесіне қатысты зерттеулердегі ғылыми көзқарастар сараланып, ондағы зерттелу бағыттарына талдау жасалынады. Тілдік тұлғаны айқындайтын бірқатар терминдік қолданыстар келтіріліп, олардың мән-мағынасы ғылыми түрде түсіндіріледі.

Антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің қарқынды дамуы тілдік тұлға теориясын қалыптастыруға, тілді тұтынушының айрықша болмысын тереңірек тануға, өзіндік сөз қолданысындағы тілдік бірліктердің түрлі құрылымдық деңгейлерде сипатталуына зор ықпал етті. Мұндай еңбектерде аталмыш мәселеде көптеген ой-пікірлер айтылып, ғылыми тұжырымдар

жасалуда. Мұндай тұжырымдар мен пайымдаулар қазақ тіл біліміндегі тілдік тұлға теориясына қатысты тілімізде біршама орныға бастаған ғылыми таным-түсініктерді толықтыруға септігі тиеді. Бұл тұрғыдан байсалды зерттеулер жүргізген белгілі ғалым Ж.Манкеева тілдік тұлғаның қалыптасу үрдісі адамның жалпы интеллектуалдық деңгейінен, парасат биігінен бастау алатынын айта келіп, сөз иесінің тұлғалық болмысын сипаттайтын ерекшеліктерді ашып көрсетеді, ондай ерекшеліктердің негізін «тұлғаның ұлттық болмыс-бітімі, ұлттық-рухани құндылығы, ұлтжанды сезімі, қоғамдық ой биігі» тәрізді рухани қажеттіліктер құрайтынын нақты дәлелдейді [1;46].

Аталмыш бағыттағы зерттеулердің негізгі нысаны «тіл тұтынушысын» бағдарға алады, яғни тілде көрініс беретін адам тұлғасы мен адамның сөз саптауындағы тіл мәселесі талдауға түседі. Тілдік тұлға табиғатын бірқатар деңгейлік құрылымдарда анықтаған ғалым Ю.Карауловтың мына бір пікірі айтар ойымызды дәлдей түседі: «Тілдің шекарасынан аспай, ауқымынан алыстамай тұрып, тілді жасаушы мен тұтынушыға, яғни нақты тілдік тұлға – адамға назар аудармай тұрып, тіл құдіретін түсіну мүмкін емес... адамның әуелі тілін түсініп алмай немесе адамды тілінен танымай тұрып, өзін жете тани алмайсын» [2;7].

Жеке адамның, яғни тіл тұтынушысының өзіндік қасиеттері, дүниетанымдық қабілеті, сонымен қатар тілді меңгеру деңгейі жаңа бағдарлық зерттеулердің өзегіне айналды, жеке шығармашылық тұлғаға деген қызығушылық арта түсті. Әрбір тілдік тұлға өзінің алдындағы тұлғалар қалдырып кеткен барлық тілдік байлықты меңгеру қабілетімен, соны иелене алуымен қалыптасады. Әр тілдік тұлғаның тілі көп дәрежеде жалпыға ортақ халықтық әдеби тілден, біршама деңгейде өзіндік жеке тілдік ерекшеліктен тұрады. Сондықтан тілдік тұлғаның болмысын зерделеу кешенді талдау негізінде тілдің тарихи-мәдени қайнар көздерін, этноұлттық ерекшеліктері мен әлеуметтік сипатын, халықтың философиялық дүниетанымы мен психологиялық мінездемесін айқындау арқылы іске асады және адамның тілдік болмысын түсінуге, зерделеуге жетелейтін лингвистикалық категория ретіндегі тілдік тұлға құбылысы қазіргі білім парадигмасының мазмұнын айқындайтын өзекті мәселе болып танылды.

Демек, тілдік тұлға белгілі бір этнотілдік мәдениеттің эталоны мен нормасына сәйкес келетін белсенді сөйлеу әрекеті нәтижесінде және халықтың әлеуметтік психологиясы заңдылығын меңгеру нәтижесінде бүкіл қоғамның мәдени-тарихи білімін танытушы бола алады. Әрбір тілдік тұлға – қоғамдық ортаның да тұлғасы. Оның әлеуметтік мәртебесі тілдік табиғаты арқылы ашылады.

Антропоэзектік бағытта зерттеу нысанына алынған «Тілдік тұлға» мәселесі қазақ тіл білімінде де жүйелі қарастырыла бастады. Тіл білімінің негізін салушы ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектері мен

көркемдік шеберлікті танудың теориясын ұсынған ғалымдар Р.Сыздық, М.Серғалиев, Б.Шалабай, Е.Жанпейісов, Н.Уәли зерттеулерінде өз алдына жеке мәселе болып қарастырылмағанымен, аталмыш мәселеде құнды ой-тұжырымдар мен пікір-пайымдаулар айтылады. Мәселен, Р.Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі», «Абайдың сөз өренегі», Е.Жанпейісовтің «М.Әуезовтың «Абай жолы эпопеясының тілі», т.б. іргелі зерттеулерінде белгілі бір суреткердің жеке тұлғалық сипаты мен шығармашылық қолтаңбасы, сөз байлығы, көріктеуіш амал-тәсілдерді қолданудың тілдік көріністері, стильдік қолданыс ерекшеліктері шығарма тілінің құрылымдылық жүйесі негізінде сипатталып берілген. Бұл мәселелер қазіргі тіл білімінің адамтанымдық бағыты тұрғысынан зерттеу нысанына алынып, сол шығарманы жазушының жеке тұлғасына, танымдық (шығармашылық) болмысына ерекше назар аударыла отырып қарастырыла бастады. Бұл тұрғыдан қазақ тіл білімінде тілдік тұлға мәселесін арнайы зерттеп-зерделеген еңбектер ретінде ғалым Ж.Манкееваның ғылыми-танымдық мақалалары мен жетекшілік еткен зерттеу жұмыстары, Ф.Терекованың «Языковая личность К.К.Жубанова», Ф.Қожахметованың «Тұрмағанбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты», И.Айбаршаның «Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті», Ш.Елемесованың «Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ф.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша)», Ш.Ниятованың «Махамбеттің тілдік тұлғасы», Г.Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі», А.Әмірбекованың «Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша)», Г.Имашеваның «Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі», Ж.Ермекованың «Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы» атты зерттеулерін атаймыз.

Бұл еңбектердегі ғылыми көзқарастарды қысқаша сипаттайтын болсақ, ең алдымен, тілдік тұлғаға тән қасиеттерді оның ұлттық болмысымен, рухани мәдениетімен тығыз байланысты қарастырған еңбектер екендігі анық аңғарылады. Ұлттық тұлға мәселесі бойынша зерттеу жүргізген ғалым И.Айбарша ұлттық мәдениетті тілдік бейнемен байланыстыра отырып талдау жасаса, көркем мәтін жүйесіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттарын зерттеген Ш.Елемесова жеке тілдік ерекшелікті лингвостилистикалық және психолингвистикалық сабақтастықта ала отырып қарастырған [3]. Ақын Т.Ізтілеуовтың тілдік тұлғасының дискурстық сипатын қарастырған ғалым Ф.Қожахметова «тілдік тұлға» дегеніміз ұлт тілі мен ұлт мәдениетінің ақпаратын сағылы деңгейде толық меңгерген тілдік-мәдени құзірет иесі» [4;20] деген анықтамамен тілдік тұлғаның мәнін ашып түсіндіреді. Ұлы Абайдың тілдік тұлғасын тиянақты зерттеген ғалым Г.Мұратова қазақ тіл біліміндегі тілдік тұлғаның классикалық үлгісін ұлы Абайдың қазақ әдеби тіліндегі орнын

саралау арқылы айқын көруге болатындығын айта келіп, тілдік тұлға мәселесін анықтауда «өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, *тілді тұтынушы* ретінде әрі *тілді жасаушы* ретінде, тұтастай алғанда тіл тарихына (синхронды, диахронды күйіне), тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындау мәселесі – Тілдік тұлға мәртебесін одан әрі бекіте түсетін немесе оның тағы бір қырын, яғни толыққанды Тілдік тұлға болмысын ашатын басты ұстаным болуға тиіс» [5; 11] – деп таниды. Ғалым Г.Имашева Алаш ардақтысы М.Дулатұлының тілдік тұлғасын зерттей келе, «тілдік тұлға» мәселесінде басты ерекшелік тұлғаның (личность) жай саналы адам аумағынан кең көлемге өзінің тілдік ерекшелігі арқылы шығып кетуінде жатыр. Адамның индивидтік деңгейден «Тілдік тұлға» деңгейіне айналу жолы тіл білімі үшін күрделі де қызықты мәселе» екендігін баса айтады, қазақ ұлтының рухани дүниетанымы оның тілінде бейнеленетіндігіне айрықша назар аударады [6; 7]. Ал М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасын зерттеу нысаны етіп алған ғалым Ж.Ермекова тілдік тұлғаны түсіндіруде *тілдік тұлға* болып табылатын жеке адам қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау қажет дей келіп, М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасының қалыптасуына негіз болған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар, ол өмір сүрген кездегі қоғамдық-әлеуметтік ахуал саралана келіп, тілдік тұлға жөніндегі өз ойын былайша түйіндейді: «тілдік тұлға – мәдениетті, тілді, құндылықтарды, білімді және дәстүрді тұтынушының жинақталған бейнесі» [7; 132]. Бұдан байқайтынымыз, «тіл тұтынушысын» антропоэлектік бағытта ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастыру тілдік тұлғаның жеке шығармашылық қабілетін, авторлық бейнесін тереңірек тануға, көркемдік әлемін анықтауға мүмкіндік тудырады.

Бүгінгі тілтанымда «тілдік тұлға» термині түрліше атаулармен беріліп, мән-мағынасы әр түрлі түсіндіріліп жүр. Мәселен, субъект (әлемді танушы және әлемді өз сөзінде бейнелеуші), индивид, мәтін авторы, тілді ұстанушы информант, активті, пассивті информант, айтушы/тындаушы, сөздік портрет, идиолект, автор бейнесі, интеллектуал, автор образы, ақынның өз образы т.б. Бұл атаулар зерттеуші ғылымдардың адамның саналы сөз әрекетін, тілдік болмысын әр түрлі танып, түрліше түсіндіруден туған деп бағамдаймыз.

Ғылыми еңбектерде тілдік тұлға мәселесіне қатысты пайымдауларда «тілдік тұлғаларды» ажыратып көрсетуде бірқатар эпитеттік тіркесте келген терминдік қолданыстарды, типтік түрлерін кездестіруге болады: «элитарлық тілдік тұлға», «ұлттық тілдік тұлға», «көркем тілдік тұлға», «күшті тілдік тұлға», «бірегей тілдік тұлға», «қазақи тілдік тұлға», «мәдени тілдік тұлға» т.б. терминдері де қолданыста жиі ұшырасады. Мәселен, белгілі ғалым Н.Уәли тілдік тұлға мәселесін сөз мәдениеті тұрғысынан қарастыра келіп, тілдік ортада мәдени-тілдік дәстүрдің, оның нормаларының қалыптасуына тілдік тұлғаның ықпалы зор екендігін айтады: «Этнотілдік мәдени нормаларды ойлау қарекетінде, сөз қарекетінде қолданады, этнотілдік

ұжымның әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктерін игеріп, сөз қолданыста пайдаланады. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сынды біртуар жазушы-ғалымдар жұртшылық идеал тұтатын тілдік тұлғалар. Олар әдеби элитарлық топтың өкілдеріне жатады». Сондай-ақ автор тілдік тұлғалардың әдеби тілді игеру, пайдалану деңгейіне байланысты төрт типке бөлінегендігін саралап береді:

1) әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар элитарлық тілдік тұлғалар;

2) әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, сөйлеу тілі мен кітаби тіл элементтерін кей тұста айқын аңғара алмайтын мәдени-тілдік орташа тип;

3) негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік-мәдени тип;

4) қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен диалектизмдерді қолдана беретін коммуниканттар. Бұл айтылғандар тілдік тұлғаның мәдени-тілдік «портреті». Осы тәрізді, тілдік тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық «портреті» де бар [8; 132].

Қорыта келгенде, антропоэстеттік бағыттағы тың еңбектерде тілдік тұлға теориясының қалыптасуының ғылыми негіздерін айқындауда жаңа үрдіс қалыптаса түсті, оның негізін тұлғалық болмысын сипаттайтын түрлі рухани қажеттіліктер құрайтыны дәлелденіп зерттелуде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Манкеева, Ж. Х.** Досмұхамедұлының тұлғасын танудың тілдік негізі // Тілтаным, 2013, № 1, 43-48 б.

2 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность. – М. : Едиториал УРСС, 2004.

3 **Ислам, А.** Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2005; Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2003.

4 **Қожахметова, Ф. Б.** Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004.

5 **Мұратова, Г. Ә.** Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009.

6 **Имашева, Г. Е.** Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 119 б.

7 **Ермекова, Ж. Б.** Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2010.

8 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Материал 24.02.14 редакцияға түсті.

М. К. Канабекова

Новые теоретические поиски в теории языковой личности

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы. Материал поступил в редакцию 24.02.14.

М. К. Kanabekova

New theoretical quests in linguistic identity theory

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty. Material received on 24.02.14.

В статье рассматриваются вопросы влияния исследователей антропоцентрического направления на формирования теории языковой личности. Анализируются научные позиции относительно языковой личности, научные направления в казахской лингвистике. Научно обосновывается смысл некоторых терминов, определяющих языковую личность.

The given article considers the issues of anthropological trend researchers' influence on the formation of linguistic identity theory. The scientific opinions with regard to linguistic identity and scientific trends in Kazakh linguistics are analyzed. The meaning of some terms, that define linguistic identity, is established.

ӘОЖ 821.512.122

Б. Қ. Қапасова

20 ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТІ: ЖАСТАР БЕЙНЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Мақалада 20 ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі әңгімелер талданады. Автор ұлттық идеяны әңгіме кейіпкерлері мен олардың қоғамға қатынасы арқылы ашады.

Қазақ әдебиетіндегі 20 ғасырдың бас кезі өзгеше кезең екені белгілі. Әдебиеттегі классикалық туындыларды дүниеге әкелген осы кезең жазушыларының әңгімелері қоғам өзгерістері тұсындағы тарихи жағдайларға жан-жақты, нақты баға беруімен ерекшеленеді. Қазіргі ғасырлар тоғысы тұсында да қазақ әдебиеті, қазақ ұлты үшін қоғам өзгерістерге толы осының түйткіл тұстарын зерделеуге де осы кезең қаламгерлерінің әңгімелерінің мәні зор екендігі сөзсіз.

Қазақтың көркем прозасы, негізінен, 20-жылдардан туып қалыптасты. Кезең ішіндегі тарихи оқиғалар легінің қабаттасуы, адам тағдырының күрделілігі, поэзияның ауқымына сыймастай өзгерістердің молдығы прозаның дамуын жеделдетті. 1917 жылғы төңкерістен кейін-ақ бұрын болмаған проза түрлерінің баспасөз беттерінде көріне бастауы, осы жылдары олардың қарқынмен өрістеуі бұған дәлел.

1920-жылдары өмірге келген көркем дүниелер қаламгерлер талантының қандай қатал тыйымдарға қарамастан, өз мүмкіндігін көрсетуге жол таба білді.

М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгерұлы, С. Садуақасов әңгімелеріндегі жастардың барлығы бірдей кедей-кепшіктен шығып, мадақтауға арналмағанын аңғаруға болады. Аталған қаламгерлердің 1920-жылдары жазған шығармаларынан өздеріне дейінгі ұлттық прозадағы жастар бейнесіне қатысты ойларда дәстүрлерден тыс, қайшылықты ойларды да анық көруге болады. Олар сол кезеңдегі әдебиетте қалыптасқан дәстүрге сабақтаса бермейтін дүниелер жазғанын, тіптен басқа көркемдік шешімдерге барғанын байқаймыз. Әңгіме жанрында қалам сілтеген қаламгерлер осы қиын-қыстау заманда жастардың ұлт тағдыры, елдегі саяси-әлеуметтік қайшылықтардағы орнын көрсете отырып, жастардың адамдық болмысы, ішкі жан дүниелерінің айналасындағы ортамен қабыспауын, рухани жадаулық сияқты мәселелерді күн тәртібіне батыл қоя білді. Келер ұрпақ танып алар деген ниетпен астарлы мағына, құпия символдар қолданды. Мұның өзі талдауға өзек болып отырған кезең прозасының ерекшелігін байқатты. Қаламгер-қайраткерлердің төңкерістен кейінгі ахуалын А.Байтұрсынов дәл көрсетіп берген: «Қазақ баласын ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері Октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бармады. Сондықтан бейбауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бейбауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық жолындағы үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартынқырап қалды» [1, 408].

1920 жылдар – суреткер дүниетанымының бір сәт дағдарып, жан-жақтан туындаған сұрақтарға жауап іздеп аласұрған кезеңі. Ақ пен қызыл болып

екіге бөлінген дүниенің қай жағына болсын сын көзбен қарай отырып, ұлт мүддесін бірінші кезекке қоя білді. Қазақ қаламгерлері ұлтжанды азамат ретінде заман қайшылығын шығармаларына арқау етті. Заман тудырған, қазақ ұлтының дәстүрлі тіршілік ету қалпы мен танымына кереғар тәртіпті қабылдай алмаған суреткерлердің шығармаларындағы кейіпкер мен қоғам қайшылығы анық байқалды. Ұлт мүддесін қорғауды социалистік реализм әдісі аясында қарастыру мүмкіндік болмағандықтан да, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезовтердің шығармаларындағы кейіпкер мен қоғам қайшылығы, кейіпкер мен орта қайшылығы тұтасып әлемдік, ғаламдық қайшылықтарға ұласты.

Жаңа қоғамға бейімделе қоймаған ұлттың өткеннен қоол үзуі де қиын болатын. Себебі бұл таным мен тіршіліктен қол үзуден бастап, күнделікті тұрмыс-дағдыны өзгерту болатын. Сондықтан да аталған кезең қаламгерлері шығармаларындағы түрлі поэтикалық тәсілдер көркем шығарма құндылығын да арттырды. Бұл осы кезең үшін қазақ прозасының әлемдік әдебиеттегі басты бағыттар ретінде шыға бастаған әңгіме жанрының жаңаша дамуын көрсетуімен бірге, прозада жастар бейнесіне ерекше назар аударуымен өзгешеленді. Қазақ әдебиетінде бұған дейінгі дәстүрлі кейіпкерлер орнын жай жастар емес, оқыған жастар басты. Бұл жастар болашағына үміт арту ғана емес, жастардың жаңашылдығын, сол замандағы өз елі мен жерінің тағдырына, болашағына деген ұмтылысын да бейнеледі.

20-ғасырдың бас кезі қазақ әдебиетіндегі – оқу мен білім, өнер мен ғылымның жан-жақты кең көлемде тақырып болған шағы екені белгілі. Сондықтан да біз осы кезеңдегі осы тақырыпқа өзінше өрнек қосқан С. Торайғыров, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Б. Майлин, Қ. Кемеңгерұлы, С. Садуақасов шығармаларындағы жастар оқыған, көзі ашық, өз заманының алдыңғы қатарлы азаматтары болуымен артық. Жоғарыда көрсетілген қаламгерлер кейіпкерлерінің жастар және болашақ жайындағы таным, түсініктерімен қоса әйел теңдігі, бостандығы тақырыбына арналып жазылған шығармалары талданды. 20-ғасырдың бас кезіндегі әйел теңдігі, бостандығы тақырыбына арналған шығармалар көптеп жазылды. Осы шығармалар арқылы жаңа қазақ қыздарының бейнелері жасалды. Бұл қыздар бейнесінің бұрынғыдан ерекшелігі – хат танып, оқу білетіндіктері болатын. Көкірек көздері ояу, заман мен қоғам тынысын аңдап қалған қыздар бейнесі оқыған кейіпкерлер қатарында алынды. Аталған қаламгерлердің өз кезеңінде түрлі саяси бағытты ұстанғаны, әр қилы жолды таңдағаны назар аударарлық. Бірақ қазақ қаламгерлері саяси жағынан қандай бағытты ұстанғанымен де, қазақ қыздарының білім алуы – қоғам үшін қажет. Ұрпақ үшін керек, себебі, бала тәрбиешісі – аналар білімді болмай, келешек ұрпақтың білімді болуының мүмкін еместігін ұғынды.

1920-жылдардағы қазақ прозасы тақырыптық-жанрлық тұрғыдан біршама талданып, ғылыми еңбектерде жан-жақты қарастырылғанымен,

кейіпкер суреттелуі, соның ішінде жастар бейнесінің бейнеленуі жағынан әлі де болса жаңаша бағамдауға зәру. Сондықтан 20- ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ прозасындағы жастар және олардың ортамен байланыс, болашақ үшін күресі т.б. мәселелері туралы арнайы зерттеу жүргізіп, жете назар аударатын тұстар жеткілікті екендігі дау тудырмайды.

20-ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде қазақ жастарының көркем бейнесі алуан сипаттарымен өзгеше. Ғасыр басындағы теңдік, бостандық, жаңа қоғамға қарай бейімделу, қоғамдық-саяси әлеуметтік мәселелері Кеңес өкіметі идеологиясының ұстанымдарымен өзге арнаға бағыт алды. Қазақ қаламгерлерінің 20-ғасыр басындағы әдебиетке араласқаны, ұлт, халық игілігі үшін қызмет етем дегендері жастар бейнесін сан қырына сомдады.

Ғасыр басындағы ұлтты жаңа дәуірде қай тұстарға бағыттау керек деген мәселенің өзінде көркемөнер үлгісі ғана емес, саяси ойдың негізі ретінде де әдебиеттің орны ерекше болды.

20-ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде поэзияда ғана емес, прозада да қазақ жастарының бейнесі суреттелді. Әдебиетте поэзиялық жанрлар әлі де негізгі орында тұрған қазақ әдебиетінде проза жанры ғасыр басында енді-енді қолға алына бастағанымен өз қуаты мен күшін, шеберлік деңгейін бірден байқатты.

Қ. Кеменгерұлының «Момынтай», «Отаршылық ұсқындары (өткен тұрмыстан)», «Дүрия», «Қарашаш», «Назика» деп аталатын әңгімелерінде жастар бейнесі түрлі сипаттарымен бейнеленді. Әңгіме тақырыптары әр түрлі. «Отаршылық ұсқындары (өткен тұрмыстан)» аталатын әңгімеде Жаңатай деген шаруа мектебінде оқып жүрген жас жігіттің қалашыққа келіп, базарға кірген кезде көрген жайы мен сол жайдан кейінгі көңіл иірімдері мен көлеңкелі, мұңлы сезімі суреттеледі. Жастар бойындағы алып-ұшқан қызу мінез мен алды-артын болжап терең ойлай қоймайтын мінез Жаңатай бойында да бар. Қазақтың орыстан кемдігін көріп, оған жаны күйзеліп, қолынан келсе арашалауға ғана дәрмені жетер Жаңатай бейнесі арқылы қазақтың намысшыл, өз ұлты үшін барлығына дайын ұлдарының мінезін берді. Осындай жастардың басын қосу, біріктіру ел басындағы, жұртқа қадірлі тұлғалар міндеті екендігін де көрсетті. Қ. Кеменгерұлы әңгімелеріндегі жастар – қиындық көрген, өз ортасынан өзін таба алмай жүрген қалыпта суреттеледі. Алғашқы «Отаршылық ұсқындары (өткен тұрмыстан)» әңгімесінде жастың шарасыз күйінген кейпі, дәрменсіз қалпы бейнеленеді. Кейінгі әңгімеде қиындық көргенмен одан шығар жолды тапқан, соны іздеген Момынтай бейнесі Ж.Аймауытовтың Қартқожасын еске түсіреді. Өзінің кедей болып жаралғандығы үшін жартқанды да қарғайтын Момынтай бейнесі болашағы үшін күресе қоймаса да, қайғы, мұңға салынбай оқан құтылудың амалын да ойластыруымен өзгеше. Осындай жастардың бірі – «Дүриядағы» Дүрия бейнесі.

Қ.Кеменгерұлы 20-жылдар аралығында жазған әңгімелерінде жастардың болашағына сенді. Олардың жаңа заманға ыңғайлана алатынына, өз бақыттары үшін күресе алатындықтарына кәміл қол қояды. Қаламгер шығармаларындағы жастар бейнесінде – жастыққа тән өршілдік, алға ұмтылып, жақсылықты іздеу, өз бақыттары үшін күресе білу, қайсарлық басым. Жастардың қазақ болашағы болатындығына қаламгердің де сенім бар. Оны оның мақалалары да айғақтайды. Солардың бірі – «Қазаққа пайдалы жас талап» мақаласы. Жазушы бұл мақаласында қазақтың болашағы үшін өнердің керек екендігін, соның ішінде: музыка мен сурет өнерінде ұлттың өз ішінен шыққандар жұрттың жанын түсінетіндігін айта келіп, сурет өнері үшін Ташкентте оқытушы болып жүрген талантты суретші Қазандағы сурет медресесін бітірген Ғаббас Амантайұлы деген жас азамат туралы жазады. Қазақ өнері үшін Ғаббас Амантайұлын пайдлана білу керек, қамсыз шығармашылықпен айналысу үшін жағдай жасау керектігін айтады.

20-жылдар прозасындағы өзгеше өрнекті орны бар қаламгер – Жүсіпбек Аймауытов. Жазушының 20-жылдардағы ел басына түскен тауқыметті шынайы сомдалған жастар бейнесімен көрсететін әңгімелерінің бірі – «Даладағы наурыз» елдегі 1921-1922 жылдардағы жұрттың ауыр тұрмысын, сол кезеңдегі ел билігіне араласқан жастар бейнесін сипаттайды. Ж.Аймауытовтың 20-жылдардағы әңгімелеріндегі жас өрениң бейнесін, қыршынан қиылған жастың тағдырын суреттеген әңгіме туралы ғалым Д.Қамзабекұлы келтіреді. Бұл әңгімелер – алдыңғысы 1922 жылы «Қызыл Қазақстанда», екіншісі 1924 жылы «Жас қазақтың» №7,8,9,10 сандарында жарияланғанын айтады.

20 ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі елді, соның ішінде келешек иесі – жастарды жаңа жолға алып шығатын негізгі бағыттардың бірі болып – оқу-білім тақырыбы алға шықты. Қазақ ұлтының зиялылары жұрттың болашағын тек білім мен жаңа өнерді үйренуден бастап көруін қалады. Осы бағыттағы шығармалардың ішінде А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, С.Торайғыровтың өлеңдерінің орны ерекше. Ғасыр басындағы қаламгерлердің оқу -білім тақырыбына соқпай кетпегені болған жоқ. Солардың ішінде С.Торайғыровтың шығармаларының орны ерекше болды. Ақынның «Туған елім», «Шәкірт ойы», «Өмірдің уәдесі», «Талаптыларға», «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңдерінде оқу-білімнің жолындағы кейіпкер бейнесі сомдалды.

Жастардың тау қопарар күшіне поэзияда сенім өзгеше болды. Солардың қатарына С.Сейфуллиннің жастардың төңкерісшіл – Кеңес ісі жолындағы күресін бейнелеген өлеңдері де кіреді. 20-ғасырдың бас кезі – қазақ ұлты үшін жаңа заман, жаңа әлем басы ғана емес, ел игілігі үшін қызмет етем деген зиялылардың да тарих сахнасына шығып, жан-жақты өздерін танытқан шағы. Сол себептен де ұлт тағдыры мен болашағына қатысты тұстардың

бірі жастар бейнесінің қоғаммен қатынасын анықтауда қазақ қаламгерлері өз ой-түйіндерімен ерекшеленді.

М.Әуезов әңгімелерінің інжу-маржандары – жалпы жиырмасыншы жылдар әдебиеті еншісінде. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл дәуірдегі әдеби үрдіске табан тіреп тоқталуға, көркем әдебиеттегі саяси-идеялық күрес сырын барлауға мүмкіндік болмады. Әдеби өмірдегі көптеген түйткіл тұстар әлі де ашуды қажет етеді. Әдебиет – қоғам айнасы деген қалыптасқан жүйеге назар аударсақ, көркем шығарма, көркем бейне арқылы дәуір тынысы, уақыт ісі анықталады. Осы тұста жиырмасыншы жылдар әдебиеті туралы 60-70 жылдары С. Қирабаев, М. Дүйсенов, Т. Нұртазин, Б. Наурызбаев еңбектерінен кейін тәуелсіздік алған тұста да қазақ әдебиетіндегі 20-ғасыр басындағы қазақ әңгімелері зерттеу нысанына алынғанымен ұлттық идея, кейіпкер философиясы тұрғысынан тереңдеп қарастыру әлі де қажет екені анық.

Қазақ әдебиетінің ұлт болашағына нұсқау болар көркем туындылары жеткілікті екені сөзсіз. Сол туындылардың алғы қатарында М.Әуезовтің әңгімелерінің орны ерек. Жаңа қоғам ауысуы, заман өзгерістері кезінде жазылған шығармалар бүгінгі әдебиетке жолбасшы да болды. Сондықтан да жазушы әңгімелері шеберлік өнегесі ретінде де, қоғам өзгерісі кезіндегі әдебиеттің озық үлгісі ретінде де, заман сипатын әр алуан құбылыстарымен жаңаша танытып, өзгеше пайымдаудың көрінісі ретінде де қажет екені сөзсіз. Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі заман мен адам, қоғам мен орта байланысын шебер ашатын туындылар сирек. Бұл осы кезең қаламгерлерінің талант, талғамына да қағысты екендігін ескере отырып, қазақ қоғамының бүгінгі қалпы әдебиетті ұлт танымының көкжиегін танытар әлем ретіндегі түсініктен алыстап кеткендігін де назарға ұстай отырып, классикалық үлгідегі жазушы шығармаларына жаңаша таным мен бағдар, пайым мен талдау қажеттігін белгілейді. Жазушы кейіпкерлері әр түрлі. Олардың сол қоғамдағы орындары да әрқалай. Бірақ барлығы тұтас өз кезеңінің суреті болатынын дәлелдеу керектігі де тақырып өзектілігін аша түседі.

Тәуелсіз әдебиет қоғам шындығын қандай тәсілдермен, сипаттармен белгілеу керектігін де көрсететін де – М. Әуезов шығармалары үйретер мектеп. Ұлы жазушы шығармалары қоғамның әр түрлі кезеңіндегі, аумалы-төкпелі, қазақ үшін өзгерістері мол шақтың куәсі, суреттері. Ендеше жазушы осы кезеңдегі кейіпкерлерін суреттеу арқылы олардың заманға бейімделгенін немесе өз заман мен қоғамдарынан алыстығын ашты. Біздің бүгінгі тәуелсіз әдебиетте бұл қай тұрғыда үлгі болатыны үшін де қажет. Қазақ әдебиетінің ұлы классигі М.Әуезов шығармашылығы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін қашанда зерттеу нысаны болып қала береді. Жазушы шығармашылығы қазақ танымының негізі, ұлттық түсініктердің көркемөнердегі суреттері ретінде де бағалы.

Әдебиетінде 20-жылдары жазған шығармаларының ішінде әңгімелерінің шоқтығы бөлек. Қазақ танымын өзгерткен жаңа қоғамдық қатынастар

адамдар арасындағы ғасырлар бойы жасалған ұлттық құндылықтарды өзгертті. Бұл кезең әңгімелерінде кейіпкерлер түрлі көркем нақышымен, бар қалпымен ашылған.

Бүгінгі жаһандану заманы әр ұлт әдебиетінің өз ұлты үшін қызметін нығайту мақсатын белгілеуі мен бірге сол әдебиет білімдерін, танымын қоғам үшін пайдалану мәселесі де жатады. Мәдени майдандасулар алғашқы орынға рухани ұлттық құндылықтардың құрылымдық сипатын шығарады. Алайда, әлеуметтік даралықты сақтауға кепілдік бермейді. Әлеуметтік даралық әлсіз, түп-тамыры босаң болса, жаһандық өзгерістер күшіне қарсы тұра алмасы анық. Жаһандық өзгерістер қоғам мен адам және оның ішкі жан-дүниесінің мүмкіндіктерін сынайды. Оның заман-адам, қоғам-адам қатынастарын игеруіне қарай анықтайды.

М.Әуезовтің 20-жылдары жазылған әңгімелерінде бұған дейінгі патша отарында болған елдің жаңа өзгерген заман мен сол заманға қарай ғасырлар бойы жасаған әдет-зандарын еріксіз өзгертуі, оны әр түрлі жастағы, әр саладағы, әр түрлі білім-білігіне қарай қабылдаған ел тынысы суреттеледі. Ұлттық мінездің өзгеруі, елдің ендігі жерде жамандық пен жақсылық туралы, жалпы адамгершілік, ұлттық құндылықтарды қоғам ыңғайына қарай бейімдеу, заман мен адам, қоғам мен адам, орта мен адам құбылуы, оның қайда апарары белгісіз ақыр-аяғы бейнеленеді.

Жазушының 20-жылдары жазған әңгімелерінің ішінде жалпы ұлт тағдырын тереңнен қозғайтындары бар. Ұлттық құндылықтардың бет-бейнесінің басқа бағытқа бет алуы қайдан басталып, нендей күйініш пен азапқа, зарлап пен кесәпатқа апарарын жазушы көркем кестелейді.

Ұлы суреткер әңгімелеріндегі заман мен адам ара қатынасын шбер ашатын әңгімелері – «Оқыған азамат» пен «Үйлену», «Сөніп-жану». 20-ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында орысша оқып, кеңсе істеріне араласып, қырдағы ел алдында бедел, мерейлері үстем болған қазақ оқығандарының ішкі жан-дүние байлықтары ашылады. Заманға қарай білім алған ел оқығандарының сол білімдері арқасында жеткен мансаптары мен арзан беделдерінің құны қандай деген сұраққа жауап беріледі.

Бүгінгі қазақ елі жаһандану деп аталатын алып жойқынның алдында тұрған тұста әдебиет қоғам мен адам, заман мен көркем бейне ара қатынастарын қалай көрсетіп, қандай тұрғыда бейнелеу керек деген сұрақтарға да жауап алу үшін керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақ», - Алматы: «Ғылым» 1994, - 408 б.
- 2 **Кемелгерұлы, Қ.** Шығармалары, - Алматы, 1995. - 328 б.

3 **Аймауытов, Ж.** Шығармалары, 1991. - 418 б.

4 **Әуезов, М.** Қорғансыздың күні «Атамұра» 2004. - 378 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 18.04.14 редакцияға түсті.

Б. К. Капасова

Литература начала 20-века: особенности образа молодежи

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 18.04.14.

В. Карасова

The narratives in the beginning of the 20th century: the features of the youth image

Pavlodar state university named after S. Toraigyrov, Pavlodar.
Material received on 18.04.14.

В статье рассматриваются рассказы казахской литературы начала 20 века. Автор акцентирует в рассказах национальную идею и отношения героя с обществом.

The article is devoted to the narratives of Kazakh literature in the beginning of the 20th century. The author emphasizes the national idea and the main characters' relations with society.

ӘОЖ 81.39 (574)

Б. М. Қадырова*, Қ. Т. Төлебаева**

Д. ИСАБЕКОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ КОМИКА ТУДЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Мақалада Д. Исабеков әңгімелеріндегі комика тудыру тәсілдері қарастырылады.

Д. Исабековті тұтастай сатирик демесек те, жазғандарын езу тартпай оқу қиын. Жазушы шығармаларында сатираны да, юморды да жиі қолданады. Жазушының «Есеп шот, түйетауық және дамино», «Ақырмаштан наурызға

дейін», «Конфронтация», «Ай-Петри ақиқаты», «Талақан–186», «Ескерткіш» әңгімелерін шынымен де езу тартпай оқи алмайсың. Жылы юморға толы бұл әңгімелерде ауыл өмірінің тыныс-тіршілігі, замандастарымыздың іс-әрекет, мінез-қылықтары, түрлі келеңсіздіктер күлкі етіледі. Жазушы әңгімелеріндегі, жалпы, бүкіл шығармаларындағы айтуға жеңіл көрінгенмен, түсінген адамға ауыр тиетін әзілдері, тапқыр сөздері ерекше бағалы.

Комика тудырудың тілдік табиғаты туралы бірталай зерттеу еңбектер жазылды. Зерттеуші А.Салихованың еңбегінде комика тудырудың лексика-семантикалық жүйесі және құрылымдық - стилистикалық жүйесі екіге бөлініп қарастырылады. Комика тудырудың лексика-семантикалық жүйесі ретінде эмоционалды-экспрессивті лексика, орын алмастыру (анограмма), сөздегі дыбыстардың созылыңқы айтылуы, одағай сөздер, еліктеуіш сөздер, қарапайым сөздер, сөз тіркесімділігінің лексика-семантикалық заңдылығынан уәжді ауытқуы, сөзойнатым (каламбур), орыс тілі элементтері қарастырылса, құрылымдық-стилистикалық жүйе ретінде тілдегі бейнелік құралдарының көрінісі, сөз тіркесімділігінің лексика-стилистикалық заңдылығынан уәжді ауытқуы мен фразеологиялық жүйедегі комизм мәнінің көрінісі қарастырылады. Д.Исабеков әңгімелеріне зер салғанымызда, комизмнің түрлі тәсілдер арқылы жасалғанын байқадық. Ол күнделікті тілдік қатынаста жиі қолданылатын сөздерді тура мағынасында жұмсау арқылы да комика тудырады:

Шағын сахнадағы қызыл матамен жабылған ұзын стол, стол үстіндегі өмірі болмайтын су тола графин, қағаз-қаламдар мен электр шамының әдеттен тыс көз қаратпас жарығы бәрі-бәрі де бүгінгі жолдастық соттың аса күрделі мәселені қарайтынын, оның барынша әділ, барынша қатал өтетінін айғақтап, клуб ішіне үрейлі тыныштық сеуіп тұр (Д.И.371).

Мұндағы күлкі бірден көзге ұрып көрінбесе де, астарынан аңғаруға болады. *Қызыл матамен жабылған стол, стол үстіндегі өмірі болмайтын су тола графин, электр шамының әдеттен тыс көз қаратпас жарығы арқылы ауыл белсенділерінің бір күндік жасанды әрекеттерін әжуалап өткен. Осы жолдастық соттың мүшелеріне берген мінездемесі еріксіз езуіңе күлкі ұялатады:*

Меңгеруші Құрал Отынишев - 1972-жылдан бөлімше меңгерушісі. Осы бөлімшеде туып-өскен. Сарыағаштағы Қапланбек зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын іштей екі жыл оқып, алдыңғы жылы сырттай бітірді. Қабілетті ұйымдастырушы. Құлығы жоқ, ақ көңіл адал азамат. Былтырғы қуаңшылық жылы ауданнан келген уәкілдің: «Қуаңшылыққа қандай шара қолданып жатырсың?»- деген сұрағына сасып қалып: «Екі рет тасаттық бердік», - деген. 1968 жылдан КПСС мүшесі (Д.И.372).

Жолдастық сот мүшелеріне осылайша бірнеше мінездемелер берген. Сол мінездемелерде бастапқыдағы жасырын күлкі біртіндеп ашыла бастайды.

Меңгерушінің алғашында іштей оқып, сырттай аяқтауы, КПСС мүшесі бола тұра қуаңшылыққа қарсы тасаттық беруі т.б. Кеңес өкіметі жылдарында партия мүшесінің түрлі наным-сенімге бой алдыруы сияқты әрекеттері қоғамға жат қылық болатын. Колхоздың ежелгі мүшесі Әліқұл Тазабековке берген мінездемесінде:

«Орыс жазушыларын қатты құрметтейді. Бір баласының атын Мамин, екінші баласының атын Сибирияқ қойған» - дейді. Мұның астарында да зілсіз күлкі бар. Осы күлкіні «Банарттың үйленуі» әңгімесінде жалғастыра түседі:

Балаға ат қоюға келгенде қазақтан өткен «нахал» ешкім жоқ. Олар дүниежүзілік есімдердің қожасындай оның төбесіне шығып отырып алады да, «мынау ананыкі екен, мынау мынаныкі екен» деп бас қатырып жатпай, қайсысы аузына түссе сонысын жапсыра салады. Ол есім қазақ топырағына үйлесе ме, үйлеспей ме, үйлесе қалған күнде дәл соның баласына келісе ме, келіспей ме – онымен ісі де болмайды (Д.И.477.) – деп, күлкі тудыра баласына жөнсіз ат қоятындарды сынға ала кетеді. Әңгіме кейіпкерлері *Банарт, Вьетнамбек, Оскар, Испанәлі* болып келеді. «Д. Исабековтің қай кейіпкерін алсаң да, қазақ характері шынайы сипатталған, оларды кез-келген туыстас елдер жазушыларының, тіпті Хемингуей, Лондон шығармаларына сапырып-сапырып салып жіберсең де, ұлттың мүддесі, ұлттың бет-пердесімен «мен мұнда лап» тұрады. Д. Исабековтің мұндай жазушылық қасиеті өз кейіпкерлеріне қазақы қалжыңды, қазақы юморды шебер дарыта білуінде. Жасандылық жоқ, қалжың оқырманның езуіне күлкі үйірілтеді» [1]. «Жазушының авторлық баяндауы қарапайым тұрмыстық детальді сәтті пайдалана біледі. Оқушыны оқтын-оқтын езу тартқызып отыратын әдемі юмор ойлана, толғана білген оқырманға авторлық ұтымды әжуасын аңғартады. Яғни, қоғамдағы келеңсіздіктерді, адам бойындағы бойкүйездікі сипай қамшылап, мақтамен бауыздай отырып, сөйте отыра кейіпкерлерін іштей, езіле жақсы көре отырса да әжуа етуі, сөйтіп өмірден ойып алынған шыншыл суреттерді бейнелеу – Д.Исабеков шығармаларына тән қасиеттер» [2;28] - деп зерттеушілер жазушының шыншыл өмірді бейнелеудегі шеберлігін баса айтады.

Жалған этимологиялы сөздердің кейіпкердің жаңсақ түсінігіне байланысты қолданылатын реттері бар. Жазушының «Банарттың үйленуі» әңгімесінде:

- Бүкіл әмрика мен ағылшын елін алып қараңдаршы, Конрад деген фамилиядан аяқ алып жүре алмайсың.

- Конрад?

- Иә, Конрад! Ол кәдімгі сіз бен біздің руымыз!

- Қоңырат па?

- Енді қалай? Қоңырат! Қияндағы бір елдер бізді сыйлап, руымызды фамилия қылып алып жатқанда біздің томаға тұйық жатқанымыз ұят емес пе? (479).

Кейіпкердің бөгде тілдік сөзді өз ана тіліндегі дыбысталуы соған ұқсас сөздің мағынасында түсіндіруі күлкі тудырған. Д.Исабеков көркемдеп-бейнелегіш құралдар арқылы комика тудырудың шебері:

Жылында өтететін бір жиналысқа клубтың жартасы да толмай, бөлімшенің белсенділері үйді-үйге кіріп, адамдарды тележкамен теріп әкелетін. Бұл жолы қара құрым боп кетті. Ішке сыймай қалған сорайған мойын мен қолағаштай мұрын, адыраңдаған көз бен қалқиған құлақтар есік-терезеден анталап тұр. Кемпір байдың жолдастық сотқа түсуі төртінші бөлімше үшін Нюрнберг процесінен бір де бір кем болған жоқ (Д.И.371). Куәгер ретінде Орысбай мен Мүсір кіріп келгенде Кемпірбайдың аузы аңқиып, көзі шекесіне шығып кетті (Д.И.373). Кедеймін дегенде кеңірдегі кеуіп, үйіне барғанда «қара шыбын қағып жеп» отыратын ағайынды Омбай, Домбайлар да ең алғашқылардың бірі болып түрлі-түсті телевизор алды (Д.И.396). Дау қызып, екі кеңірдек екі кетпеннің сабындай болады. Сәлден сиыр жайына қалып, жанжал жеке басқа ауысады (Д.И.364).

Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, Д.Исабеков бейнелегіш құралдар: эпитет, синекдоха, теңеу, әсірелеу арқылы комика тудыруған. Жазушы бейнелегіш құралдарды юморлық мақсатқа сай қолдана біледі. Әсіресе теңеу арқылы күлкінің небір түрлерін жасайды:

Есіркептің көзі ит көрген ешкідей едірейін, өкпесі ауа сормап қалды (Д.И.403). Ол сол орнында аз-кем аялдады да, артындағы семіз түйенің ізіндеі шаңын алақанымен бір-екі қағып, үндемеген бойы қақпадан шығып кетті (Д.И.395). Мұғалім көйлегінің түймесін ағытып, жазаға шығып қалған балықтай аузын ашып екі-үш рет қарбытып аптап жұтты (Д.И.448). Жанайдаров жылан сорып жатқан құрбақадай табан асты шала-жансар күге көшті (Д.И.457).

Ит көрген ешкідей, семіз түйенің ізіндеі, жазаға шығып қалған балықтай, жылан сорып жатқан құрбақадай деген Д.Исабеков қаламынан шыққан авторлық теңеулер кейіпкердің түрлі психологиялық күйдегі кескінін көрсетеді. Жазушы болмашы себеппен ашуланатын, бірақ қолынан түк келмейтін адамдарды әрдайым күлкіге нысан етіп отырады. Қаламгер комизм тудыруда көркемдеп-бейнелегіш құралдардың ішінде теңеуді өнімді қолданады. Күлкі тудыратын авторлық теңеулердің барлығы –дай, -дей жұрнағының көмегімен жасалып, кейіпкер портретін берудегі ұтымды тәсіл ретінде қолданылады.

Жүнін жұлған құстың денесіндеі, бүршік-бүршік бетіне үсіген картоптай емін-еркін мұрын жайғасыпты. О баста оны әлдекім лақтырып жібере салғандай, бір жағына қисап жабысқан екен. Бір көрген адам оны әні-міне құлап кетеді екен деп минут сайын күткендей еді (Д.И.300). Үйге Ботбай кіріп келді. Ұстындай ұзын, тұтқыштай қара, апиыншыдай арық, үстінен солярка мен сүрлем иісі аңқыған баяғы жылқы тіс Ботбай (Д.И. 392). Кабинетке көздері шөлдің құдығындай шүңірейген,

сақалдарының ар жағында не нәрсе жатқаны белгісіз, бірі шашын өріп тастаған, екіншісінің шашы иығын жапқан екі жігіт кіріп келгенде Жанайдаров селк ете қалды (Д.И. 458).

Күлкіні кейіпкер портретін беруде өнімді қолданады. Жүнін жұлған құстың денесіндей (беті), үсіген картоптай (мұрын), әлдекім лақтырып жібере салғандай (қисын біткен мұрын), апиншыдай (арық дене), шөлдің құдығындай шүңірейген (көз), теректен тескендей сидиған (аяқ-қолдары), қисық ағаштан жонғандай (үлкен мұрын), сырықтай (бой), ащы ішектей шулатылған (аяқ), - деген теңеулер соның дәлелі. Теңеулер арқылы кейіпкер портретін берумен бірге образын да ашады. Өйткені кейіпкердің күлкілі портреті оның мінез –құлқының кейбір жақтарын да аңғарта кетеді. Кейіпкер портретінде күлкі тудырып тұрған белгілер бірден оқырман назарын аудартады.

Қаламгер тосын сөз қолданысы арқылы да комика тудырады:

- Жаз! – деді Кемпірбай кенет баласының қиялын посылка жәшігінің ішінен суырып ап. Жаз! Аман-есен жүрсің бе, иттің күшігі! Жазсаңшы, нағып байқырайып қалдың! Аузымнан не шығады, бәренжаз. Иә, болдың ба? Болсаң... іммм... - Посылка жаққа қарап, соның ішінен газетке ораулы сөз алып жатқандай біраз кібіртіктеп қалды. Жәшіктен көзін тайдырып, үйдің төбесіне қараған кезде аузынан ойламан жерден: «**Не салды екен**», - деген сөз шығып кетті. «**А, не дедім?**»- деді ол немересінің алдында тағы да ыңғайсыз жайға түскенін бұл жолы амалсыз мойындап, - жазып қойғансың ба? (Д.И.370).

Немересіне хат жазғызып отырған Кемпірбайдың ойламаған жерден «**Не салды екен**» деп ішкі ойын сыртқа шығаруы мен «**А, не дедім?**» деп сасқалақтап, немересінің алдында ыңғайсыз жайға түскені күлкілі берілген. Сонымен қатар жазушыда шебер қиюластырылған диалогтар арқылы да комика жасалады. Д. Исабеков «Есеп шот, түйетауық және домино» әңгімесінде диалог арқылы юморды өте шебер берген.

- Тағы жапты!- деді Ботбай жағдайды байқаған соң терісіне сыймай, -Әтеңе нәлет!

- Боқтамаңыз, - деді Сопытай екінші рет ескерту жасап. Оның жайбырақат қалпы Ботбайдың жынын қоздыра түсті.

- Шошқаның гана доминосы!

- Тағы айтам, арга тилеңіз, - деді Сопытай ұстамдылық сақтап.

- Сенің арыңа тиген ешкім жоқ!

- Жаңа не айттыңыз?

- Боқтасам шошқаны боқтадым.

- Шошқа да құдайдың мақұлығы, - деді Сопытай салмақты үнмен. – Ол да өзіміз сияқты жануар.

Ботбай орнынан атып тұрды.

- Немене, немене? Шошқа өзіміз сияқты жануар?

- Әлбетке.

- Демек, мен де шошқа сияқты мақұлқпын ба?

Кім білсін, - деді Сопытай иығын қозғап. -Әйтеуір, бәріміздің бір мақұлық екеніміз аян. Бірақ бірімізді шошқа деп, екіншімізді адам деп атап кетеміз. Бар айырмашылық сонда гана (Д.И.389).

Кейіпкерлердің ауызекі сөзінен олардың сөз қолдану машықтары, мінез-құлқы мен ішкі ой өрістері, дүние танымдары, өзіндік болмысы көрінеді. Осы арқылы әңгіменің күлкілі поэтикасын аңғаруға болады.

Қаламгер әңгімелерінде күлкі тудыру тәсілдері арқылы адам мінезіндегі жалқаулық, бойкүйездік, жемқорлық сияқты кейбір кемшіліктерді көрсетеді. Күлкіні кейіпкердің кескін-кейпіндегі ұсқынсыздықты баяндауда да қолданады. Сонымен қатар мінез-құлқы, жүріс-тұрыс, іс-әрекет ерсілігін және кейбір үйлесімсіздікті көрсетуде де күлкіге иек артады. Өмірде күлкі негіздері, оның туу себептері көп. Күлкі іс-әрекетте де, сөзде де, түр-түсте де, мінезде де көрініс таба береді. Д.Исабеков соларды түрлі тілдік тәсілдерге жүгіне отырып бейнелі жеткізеді. Күлкі барлық қаламгерде болғанымен, берілу жолдары бәрінде бірдей емес. Айталық, көркемдеп-бейнелегіш құралдардың ішінде эпитет, синекдоха, әсерлеуді, орыс сөздерін бұзып және тосын сөз қолданысы мен диалогты шебер қиюластырып комика тудырудағы Д.Исабеков ерекшелігі айқын көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Мұсабаев, А.** Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990) жылдар. Филол.ғыл. док.дисс.: Алматы, 1999. – 281 б.

2 **Балтабева, Г.** Қазіргі қазақ әңгімесі. Филол. ғыл.канд.дисс.: - Алматы, 1999. - 153 б.

*С.Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.;

**Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Материал 12.03.14 редакцияға түсті.

Б. М. Кадырова*, К. Т. Толебаева**

Комические приемы в рассказах Д.Исабекова

*Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

**Казахский инновационный гуманитарно-юридический университет, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 12.03.14.

*B. M. Kadyrova**, *K. T. Tolebayeva***

Comic methods in the D. Issabekov's stories

*Pavlodar state university named after S.Toraighyrov, Pavlodar;

**Kazakh Innovation University of humanity and law, Semei.

Material received on 12.03.14.

В статье рассматриваются комические приемы в рассказах Д.Исабекова.

The article considers comic methods in the D. Issabekov's stories.

UDC 004.512

I. Korovayko, A. Stepanenko

THE SKETCH OF DEVELOPMENT AND USAGE OF LINGUISTIC DICTIONARIES (ON THE MATERIAL OF TWO ENGLISH-ENGLISH PHRASEOLOGICAL AND KAZAKH-LATIN AND LATIN-KAZAKH DICTIONARIES)

In this article the authors describe the results of development and usage of electronic dictionaries in educational process.

Nowadays, information technologies occupy a significant place not only among people who are professionally involved in computing technology, but also in a variety of professions, including linguists, translators and interpreters, and professionals who need a mobile translation of foreign information. Therefore electronic linguistic dictionary is modern relevant and mobile tool for optimizing the translation of a foreign language. Also, in today's market there are electronic "translators" who can translate the texts.

Research on the topic of this question is due to the need to establish an objective lexicographical dictionaries that can significantly alleviate, if not all, but at least part of the translation process, and it is such an important component as dictionary lookup.

This article is directly connected with the creation of two dictionaries which are English-English phrase logical and Kazakh-Latin and Latin-Kazakh dictionaries. The first dictionary has its own application as the following:

Electronic Dictionary of English Idioms is a collection of imaginative phraseology matches of English words and phrases designed to ensure translations

on subjects of "English" and "English Literature", etc. for pupils, students and students who are making their master degree such majors like: "Foreign language: two foreign languages, "Translation Studies", "Philology", and "Foreign philology". The C program is executed on an object-oriented programming language Delphi 7 and includes function keys for search, edit and add entries to the dictionary that allows you to maintain your base and vocabulary to date. The dictionary is designed for a wide range of people who are learning English.

The application of electronic dictionaries school with in-depth study of the English language faculties of universities and colleges which study the discipline of English. Also, dictionary can be used for the work that is associated with the study of English phraseological expressions and conduct research on the topic.

Electronic Dictionary of English (ESI) idioms will be used in finding and understanding the definitions of phraseological expressions for all the people who speak English.

ESI is mobile enough to be effective and practical means to search for definitions of phraseological units that implements editing, deleting, and adding lexical items in a nitrated database MS Access, which makes the opportunity to upload dictionaries available to those users who have a reasonable knowledge of the use of a standard package of MSOffice.

For correct operation of the program you want to copy it to your computer or any directory flushes (The program cannot work properly on CD / DVD drives).

After starting the program the user is the main window (Figure 1).




Figure 1 - The main window of the program

The program will automatically search after entering a search phrase in the line "Search" (search) in the database and displays the definition in the database (Figure 2):



Figure 2 - Search for word translation

Navigation (switching) alphabet made by pressing the appropriate button (the letter) in the navigation bar. Also, on the program is implemented automatic navigation move to a specific letter of the alphabet by pressing the appropriate key on the keyboard (Figure 3).



Figure 3 – Alphabet navigation

Dictionary of Idioms is built on a database, which contains the definition of the English idiom. The database is made on the basis of Microsoft Access, which will

facilitate the further addition of new and modification of existing lexical items in a database simple teacher, which is owned the skills to use the package MSOffice.

To implement the electronic dictionary there is an usage of object-oriented programming language Delphi 7 that will improve efficiency and organize the work of the database and the user. The presentation of the dictionary is finished by the results which are the following:

1. Practical application of the words on relevant specialties;
 2. Mobile translation organization and understanding of the phraseology importance;
 3. Greater coverage of users who have good knowledge in English language;
 4. Support vocabulary by adding new words and change the old ones;
- Easy and intuitive user interface.

“Kazakh-Latin and Latin-Kazakh Electronic Dictionary” is designed to educate and provide translations on subjects of “Latin language” and “Classical Philology” for students who are writing their master degree of the following majors: “Foreign language: two foreign”, “Translation Studies”, “Philology”, “Biology” and “Jurisprudence”, “History”, “Foreign philology”, “Kazakh Philology”, “Latin language” in the Kazakh language.

Field of application of e-dictionary faculties of universities and colleges, which study the discipline “Latin language” and “Classical Philology” in the official language. Also, possible to use a dictionary for the work that is associated with the transfer from the Kazakh language into Latin, and from Latin into the Kazakh language.

“Kazakh-Latin and Latin-Kazakh Electronic Dictionary” is designed for the transfer of individual lexical units into Kazakh and Latin. Dictionary is quite effective and rapid means of translation of words, which implemented the ability to edit, delete and add lexical items in the data base nitrated.

“Kazakh-Latin and Latin-Kazakh Electronic Dictionary” contains a database, which have been translated into Kazakh and Latin. The database is made on the basis of Microsoft Access, making it easier in the future to add new words to the database simply for a teacher, which is an owned by software MSOffice. To implement the electronic dictionary there was used object-oriented programming language Delphi 7 that will improve efficiency and organize the work of the database and user. Results of work are the following:

1. Enhancement students’ knowledge on the subject of “Political Science”.
2. Development of practical skills and techniques learned in the course of practical work.
3. Testing for the control of the knowledge gained.

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 14.01.14.

И. В. Коровайко, А. А. Степаненко

Лингвистикалық электронды сөздіктердің құрылымы және қолдану ерекшеліктері. (Ағылшын – ағылшын идиома, қазақ – латын, латын – қазақ электронды сөздіктер)

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 14.01.14 редакцияға түсті.

И. В. Коровайко, А. А. Степаненко

Особенности создания и использования электронных лингвистических словарей (казахско-латинский, латино-казахский электронные словари)

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 14.01.14.

Бұл мақалада автор электронды сөздіктердің оқыту үдерісіндегі нәтижесін сипаттайды.

В данной статье авторы описывают результаты разработки и использования электронных словарей в учебном процессе.

ӨОЖ 81'1:81'276.6:355

Ә. Б. Насырова

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Мақалада қазақ тіліндегі медициналық терминдердің жасалу ерекшеліктері қарастырылған. Автор медициналық терминдер уәжділігі мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Медициналық терминдердің негізгі белгісі – шындылықтың әр белгісімен уәжділігі берілуі. Медициналық терминдерді талдай отырып автор оларды уәжділігі белгісіне қарай бірнеше топтарға бөлген.

Тіл тарихы - халық тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі. Терминология нақты бір тілге қатысты болғандықтан, термин мазмұны мен

мағынасының қалыптасуына тілді жасаушылардың тигізер ықпалы зор, сондықтан да «мәдениет өкілдерінің жасаған әлем келбеті» болып табылады. Сонымен қатар, «терминдер жүйесінің қалыптасуына сол тілде сөйлейтін адамдардың дүниетанымы да әсер етеді» [1, 9 б.].

Тіл - қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерді бейнелейтін айна. Қоғам өмірінің кәсіби жағы арнайы тілде бейнеленеді. Орыс философы П.А. Флоренский терминді «мәдениет тарихының шығармашылық жемісі» деп атаған [2, 375 б.].

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады, кез келген тілдік бірлік термин бола алады. Дегенмен, термин сөздер мен термин бола алмайтын сөздердің арасындағы шекті анықтап, арнайы тілдік бірлікте қандай қасиеттер болуы керектігін анықтау қажет.

Терминдер мен термин түзуші сөздердің бойында төмендегідей белгілер болуы қажет:

- семантикалық бірмағыналылық пен беретін мағынаның нақтылығы;
- мағынаның арнайы немесе мамандыққа негізделуі;
- жүйелілік пен терминдер арасындағы байланыс;
- қолдануда бірыңғайландыру;
- жинақтық мағынаны беруге қабілеттілігі, экспрессивтіліктің, образдылықтың, ауыспалы мағынаның, метафоралық қолданудың болмауы;
- ұқсас дублеттің болмауы (немесе аз мөлшерде болуы) және т.б.

Қазақ әдеби тілінің бір бөлігі – медициналық терминдер. Медициналық терминдердің құрылымы ерекше, себебі, ғылымның сұранысына сай медицинада интернационалдық терминдер көптеп қолданылады.

Қазақ медициналық терминдері өзінің қалыптасуы мен дамуында өзіндік лексикалық байлығымен және де басқа тілден енген кірме элементтерімен ерекшеленеді. Нақты тілдің даму кезеңінде терминологиялық процесс ағымы мен жағдайына байланысты бұл дерекнаманың өнімділігі мазмұны мен байланысына қарай өзгермелі болып келеді. Қазіргі уақытта қазақтың байырғы лексикасын көптеп қолдану және соның негізінде көптеген жаңа сөздерді жасау ағымы байқалады.

Қазақ тілінің медициналық терминдерінің дамуында түрлі ағымдардың әрекет етуі байқалады: 1) консервативті сипаттағы ағым, яғни, медициналық терминдердің негізі ретінде латын-грек элементтерін қалдыру, бұл қазақстандық дәрігерлердің басқа елдердегі серіктестерімен қарым-қатынасында медициналық ақпаратты алу мен тәжірибе алмасуда белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді; 2) медициналық терминологияның қалыптасуында қазақ тілінің байырғы сөздерін белсенді түрде қолдану ағымы, бұл ағым ұлттық сананың өсуі мен глобализация дәуіріндегі ұлттық ұқсастықты сақтауға ұмтылумен түсіндіріледі; 3) медициналық терминдерді дәлелдеу деңгейін көтеруге ұмтылу ағымы, бұл тілді қолданушылардың арасында медициналық білімді дәріптеудің қажеттілігін көрсетеді.

Анатомияның пәндік тұжырымы қазақ тілі иелерінің санасында вербалданған, тілде байырғы лексиканы көрсететін тұрақты тілдік құралдар бар: *дене, омыртқа, сүйек, сіңір, ми, азу тіс, жілік*, т.б. Бұл - нақты мағынаның жан-жақты лексикалық бірлігі. Қазақтар ағза (жануарлардың) құрылымының тамаша білгірлері болған және бола да бермек, бұл - олардың мал шаруашылығымен айналысуы мен көшпенді тұрмыс көшуімен байланысты. Салыстырмалы түрде алғанда, тілде түбір тұлғада қолданылатын медициналық терминдер аз. Бұлардың қатарына бір кездері жұрнақ арқылы жасалып, тілдің даму үрдісінде құрылымы өзгеріске түскен кейбір ауру атаулары мен соматизмдерді жатқызуға болады. Мысалы: *бас, самай, құлақ, мұрын, ауыз, шаш, сақал*. Көптеген ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, адамның дене мүшелерінің атаулары ең тұрақты әрі лексикалық қордың ең түпкі қабаты болып табылады. Сонымен қатар, бұл лексикалық қабат түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ құбылыс болып келеді.

Халықаралық және орыс тілінен енген кірме терминдерден түбір түрінде қолданылатын терминдер қатары артты. Мысал ретінде келесі медициналық терминдерді айтуға болады: *аноплексия, аппликация, вибрион, гиперкинез, гематология, дерматит, катаракта, диафрагма, оптика, офтальмология, анатомия, адемония* және т.б.

Терминдер де басқа жаңа сөздер сияқты жайдан жай пайда болмайды. Сөз жаңа мағынаға ие болады, жаңа қолданыс табады немесе басқа тілден енеді. Шындығында, жаңа сөздер өте сирек пайда болады. Ал қалғандары тілде бар лексемалар негізінде жасалады. Ғалымдардың (А.Қайдар) пікірінше: тілде бар сөздердің негізінде жасалған лексика-семантикалық және аналитикалық қисындар «жаңа қолданыстар» деп аталады [4, 32 б.].

Көптеген ғалымдар терминнің басты қасиеті метафоралық қолданыстың болмауы деп есептегенмен, медициналық терминдердің көбі метафоралық тәсіл арқылы жасалатынын айта кеткен жөн. Мұны қантамырлар жүйесінің атаулары арқылы дәлелдемекпіз. Тамырлардың атауы өзімен тіркескен екінші компонентпен композитивті байланыс құрайды. Мәселен, алғашқы компонент тамырдың когнитивті дифференциалды белгісін көрсетеді: *күретамыр* (күре - негізгі, басты, өзекті), *көктамыр* (көк, көгілдір), *қылтамыр* (қыл - түк) және т.б. Бұл тұста олардың қызметі, түсі, сыртқы бейнесі термин жасауда ескерілген. Орыс тілінің терминдер жүйесінде кейбір клиникалық терминдер грек-латын сөздерімен берілсе, ал қазақ тілінде ауру атаулары халық санасына жақын байырғы сөздермен беріледі. Олар әртүрлі патология мен нормадан ауытқуда болатын ағзаға тән физикалық жағдайлар атауының уәждеделуінен болады. Жағдайды сипаттайтын сөздер етістіктен болған зат есімдерден немесе етістіктерден жасалады: ангина (лат. *angēre* - қысу) - *баспа, қыспа* (басу, қысу); холера (грек. *Cholera* - суағар, денеден сұйықтықтық бөлінуі деген мағынаны береді) – *тышқақ*; тиф (грекше. түтін) сананың көмескіленуі

белгісін анықтайды - *сүзек* (сүзе қарау - көзінің астымен қарау); фурункул (лат. *Furunculus*) – *сыздауық* (сыздау); фурункулез (лат. *furunculus* + -osis патологиялық процесс) - *шиқан басу* (іріңнің пайда болуы); малярия (лат. *Malus* – жаман, қатты) - *безгек, қызба* (дірілдеу, қалтырау) және т.б..

Қазақтың тілдік танымында ақпаратты тұжырымдауда когнитивтік белгі ретінде «ағза жағдайы, мүше» терминдері жұмсалады.

Сонымен қатар қазақ терминдердің эквиваленті өзінің ішкі формасы жағынан метафоралы болып келеді.

Терминжасаудағы метафоралық атаулардың рөлі көпшілік мақұлдаған дерек болып табылады. Метафоралардың қалыптасуы когнитологияның негізгі мәселелерінің бірі болып қала бермек.

Зерттеушілердің белгілеуінше, ғылыми әдебиеттерде берілген деректер бойынша жаңа метафоралар ұқсастық негізінде көшіру, тасымалдау арқылы жасалады.

Уәжділік – терминнің күрделі сипаттамасы. Ол атау алдындағы процестің міндетті сатысы болып табылады.

Қазіргі уақытта заманауи атау теориясының «атау түрі мен атау тәсілі» терминдері құрастырылып, қабылданды.

Атау түрі – бұл бастапқы атау және қайталама атау. Бастапқы - бұл қазіргі тілдік түсінік бойынша түбір күйінде қолданылған атау (*ірің; жүрек*), ал қайталама – бұл дайын тілдік бірлік негізінде жасалған атау (*сары су; қара су* - глаукома; *жел шешек*).

Атауды қабылдау әрі тарату атау тәсілі болып табылады. Жаңа сөздерді жасау үшін түрлі тәсілдер қолданылады. Атаудың ең негізгі жемісті тәсілі уәжділік белгінің сөздің тура мағынасы арқылы білдірілуі, яғни атаудың айырым мен уәждеделу белгілері термин жасауға негіз болады. Мұны квалификация терминдер деп атайды. Мысалы, *қылий көз; қан кету; жүрек соғуы* және т.б.

Ауыспалы атау тәсілінде уәжділік түрлі байланыстардың көмегімен ауыспалы түрде беріледі. Мұндай атаулар өзінің табиғи сипатынан ерекшеленіп, метафора мен теңеуге негізделеді. Мысалы, *қаз дене, ақшамсоқырлық* және тағы басқалар.

Уәжділік белгісі дәрігер-ғалымдарға ғана белгілі терминдер жеке топты құрайды. Медицина мен оның ғылыми жүйесімен таныс емес тіл иелері үшін бұлар уәждеделмейді, яғни олардың негізінде арнайы медициналық түсінік беріледі. Мұндай терминдерді бейтарап деп атайды. Бейтарап терминдердің негізгі бөлігін эпонимиялық терминдер құрайды, яғни ғалымдар, дәрігерлер мен науқастардың тегінен жасалған терминдер, мысалы, *Боткин ауруы, Копток катарактасы, Ван-Гог синдромы, Паркинсон ауруы*.

Халықтық медицинаның атауы – бұл ағза ауруларының жалпы уәжділік белгісіне негізделген табиғи атау нәтижесі. Бұлар шынайы белгілерге

негізделеді (тері түсі, мүше түрі, қандайда бір затқа, яғни, жануардың, өсімдіктің мүшелеріне ұқсастығы т.б.).

Бұл уәжділік белгілер негізінде халықтық медицинасында атаудың принциптері қалыптасты, оларды қасиеті мен түрі жағынан келесі топтарға бөлуге болады:

1. Ауруды сезінуге негізделген атау. Олар қандай да бір анатомиялық мүше мен *кесел, ауру, сырқат* сөздерінен тұрады: *өкпе сырқаты, жүрек ауруы, обыр кеселі*. Бұл атаулар кеселдің тектік атауы болып табылады.

2. Бұл тектік атаудың негізінде олардың түрлік белгісі туындайды: *жүрек ауруы, жүректің шишиып ауруы*.

3. Терінің немесе ауруға ұшыраған мүшенің түсі немесе түрінен анық байқалатын *ауру* атаулары: *сары безгек, қызылша, алапес* және т.б.

4. Басынан өткерген аурудың нәтижесінде болатын нақты физикалық өзгерістер принципі бойынша атау: *иш кебу, иш кету, иш қату, ісу, буын шығу, сусамыр* тағы басқалар.

5. Халықтық медицина терминдерінің арасында ерекше орынды метафоралық мағынадағы атаулар алады. Адам баласы талай ғасырдан бері жануарлармен тығыз байланыста келеді (аң аулады, оларды қолға үйретті, егін, терісін, сүйегін, жүнін өңдеді т.б.). Оған жануарлардың кейбір қылықтары, сондай-ақ жаңа туған нәрестенің бойында болатын кейбір өзгерістерді жануарлардың түріне немесе олардың белгілі бір мүшелеріне ұқсату белгілі болған. Мысалы, *қоян ерін, түйе қарын, қасқыр ауыз* және т.б.

6. Анатомиялық мүшенің нақты бір физикалық жағдаймен байланыстылығының нәтижесінде туған атаулар: *жүрек қыспасы, баспа, қылтамыр*.

7. Анатомиялық мүше қандай да бір етістікпен тіркесіп, медициналық түсінікті беруге жұмсалады: *бас айналу, бас* деген адамның дене мүшесі, *айналу* етістігімен тіркесіп аурудың белгісін білдіреді.

Медицина ғылымының дамуы ғылыми медициналық терминдер мен уәжділік белгінің жаңа түрінің дамуын қалыптастырады.

Ғылыми мақсатқа арналған атау процесінің бұл түрін жасанды атау деп қабылданған.

Ауруды жіктеу, ең алдымен, тектік-түрлік принцип бойынша құрылады. Сонымен бірге мүшенің ерекшелігі көрсететін уәжділік белгі басты рөлге ие. Бір-бірімен байланысты толық мағыналы екі сөздің бірігуінен тіркесті терминдер туындайды. Сөз тіркесін жасауға қатысқан әрбір сөздің басты номинативті мағынасы медициналық түсінікпен байланысты процесс, жағдай, құбылыс, зат атауларын білдіреді. Қазақ тілінің медициналық терминологиясында екі, үш, төрт немесе бірнеше компоненттен тұратын терминдік сөз тіркестері бар: *өкпе қабынуы, жедел өкпе қабынуы, созылмалы өкпе қабынуы, операциядан кейінгі өкпе қабынуы* және т.б. Осындай сөз

тіркестерінен жасалған терминдерді құрамды терминдер деп атаймыз. Өзінің күрделілігіне қарамай, мұндай терминжасау тәсілі өте өнімді болып келеді. Құрамды терминдер медициналық түсінікті этимологиялық, анатомиялық, морфолого-клиникалық жағынан жіктеуде маңызды рөлді атқарады. Мысалы,

а) этиологиялық жіктеу, ауруды туғызатын патогендік фактор себебіне бағытталған терминдерде беріледі: *іріңді қабыну, ревматизмдік артрит, туберкулездік бронходенит, вирусты энтерит*;

б) анатомиялық жіктеу: *жоғары тыныс жолдарының қабынуы, жүрек ұстамасы, миға қан құйылу, кабыртқааралық невралгия*;

в) морфолого-клиникалық жіктеу: *құрсақ теміреткі, ашық сынық, жабыспалы плеврит*.

Сөйтіп, қазақ тіліндегі медициналық терминдердің жасалуына қандай да бір шындық құбылыспен байланысты келетін уәжділік арқау болады. Халық медицина атауы үшін, яғни, қазақтың байырғы медициналық терминдерінің жасалуында келесі атау тәсілдерін көруге болады: теңеулерді қолдану (қаз дене), нақты бір физикалық жағдайдың анатомиялық атаумен байланыстылығын көрсетуде метафораны қолдану (қоян ерін). Медицинаның ғылыми терминдерін құрауға тектік-түрлік принцип тән. Медициналық терминдер – қазақ әдеби тілі лексикасының бір бөлігі. Ол халық тарихымен, оның материалдық мәдениетімен тығыз байланысты. Бұл салаға қатысты лексика ғасырдан ғасырға толығып, молаяды. Сөз жасаудың байырғы үлгілерін анықтау ерекше назарды қажет ететін ұлттық терминологияның бір проблемасы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Лейчик, В. М.** Терминоведение: предмет, методы, структура. - М. : КомКнига, 2007. - 284 с.
- 2 **Флоренский, П. А.** У водоразделов мысли // Священник Павел Флоренский. Сочинения: в 4-х т. - М. : Мысль, 2000. Т. 3 (1). - С. 375.
- 3 **Канделаки, Т. П.** Семантика и мотивированность терминов. - М. : Наука, 1977. - 167 с.
- 4 **Құрманбайұлы, Ш.** Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
- 5 **Аяпбергенова, К. Қ.** Қазақ тіліндегі медицина терминдерінің қалыптасуы. - Алматы, 1999. - 115 б.
- 6 **Ахметов, М.** Медициналық терминдер сөздігі. Орысша-қазақша-ағылшынша (40 мыңға жуық термин). - Алматы : Дайк-пресс, 2009. – 800 б.

Қарағанды мемлекеттік медициналық университеті, Қарағанды қ.
Материал 03.03.14 редакцияға түсті.

A. B. Nasyrova

Медицинские термины в казахском языке

Қарагандинский государственный
медицинский университет, г. Караганда.
Материал поступил в редакцию 03.03.14.

A. B. Nasyrova

Medical terms in Kazakh language

Karaganda State Medical university, Karaganda.
Material received on 03.03.14.

В статье раскрываются особенности построения медицинских терминов в казахском языке. Особое внимание автор уделил проблеме мотивированности медицинских терминов. Основной признак медицинских терминов в казахском языке - мотивированность каким-либо явлением действительности. Проанализировав медицинские термины казахского языка, автор разделил их на группы в зависимости от мотивировочного признака.

The article reveals the features of formation of medical terms in Kazakh language. The author gave special attention to the problem of motivation of medical terms. The characteristic feature of Kazakh medical terms is their motivation of a phenomenon of reality. The author, had analyzed the terms of the Kazakh language, divided them into certain groups on the basis of generalization due to motivated signs.

ӘОЖ 398.224(574)

М. Оразбек*, М. Н. Баратова**

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖОСПАРЛЫ ТАҚЫРЫП
ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ОБРАЗ**

Мақалада қазақ әдебиетіндегі жоспарлы тақырып және жасанды образ зерттеледі.

Жалпы көркем шығарма мазмұнындағы кейіпкерлер табиғаты автор тарапынан еркіндікті және автор көзқарасының қоғамға тәуелсіздігін талап етеді.

Романдар мен повестерде автордың суреткерлік шеберлігін танытатын нағыз кейіпкерлер сомдалатыны сияқты, белгілі бір жасанды қалыпқа салынған жалған кейіпкерлер де орын алатыны ақиқат. Бұл, әсіресе, 1980-2000 жылдар әдебиетінде замандас бейнесін жасауға ұмтылған, өндіріс пен шаруашылықты өркендетуге байланысты әлеуметтік талаптан туған шығармаларда жиі ұшырасады.

Әдебиеттегі замандас бейнесі төңірегінде қазақ қаламгерлері де өз пікірін әруақытта білдіріп келді. “Қазақ әдебиетінде үлгі болатын бейнелер көп, замандастар бейнесі бар... Қазіргі заманның кейіпкерлері Павел Корчагин бола алмайды, қазіргі заманның кейіпкерлері жауын жеңу үшін сегіз қырлы, бір сырлы болуы керек, ол ақылды, білімді, өнерлі болуымен қатар, қу да болуы керек. Оны неге қусың деп кінәласақ болмайды, ол қу болмаса өз уәдесінен шыға алмай қалады” [1,163 б.] деген жазушы М.Сүндетовтың кейіпкер туралы пікірі сол кезеңдегі талапқа сай әдейілеп жасалған қаһарман туралы екені сөзсіз.

Әдеби шығарманың барлық жанрында қаламгерлер көбінесе қоғам мен партия міндетіне сай қағиданы ұстанды. Сол кездегі шығармалардың басым көпшілігінде кейіпкерлерді автор қоғамдық қалыпқа салып, қаһарман табиғатын қолдан, саналы түрде жалпы әлеумет образына икемдеп, даралықтан жұрдай етіп жасағандықтан, оқырман олқысынып, тіпті қаламгерлердің өз көңілдерінен шықпағаны шындық.

Әсіресе, көркем шығармада бейнеленген партия, кеңес қызметкерлері, хатшы бейнелері мен өндіріс қызметкерлері, ауыл, қала басшылары, мал шаруашылығындағы қарапайым адамдар бейнесін сомдауда бірін-бірі қайталайтын белгілі бір сюжеттік желілер мен автордың әлсіз идеясынан, жалтақ позициясынан туған кейіпкер болмысы қалың оқырманды жалықтырып, көркем әдебиеттегі кейіпкер ұғымын жайдақтандырып жіберді. Таптаурын тақырыптардың орын алғандығы да белгілі. Бұл бүгінде қанша ащы болса да, мойындамасқа шара жоқ шындық.

Осы бір актуальді мәселе жайында қолына жаңа қалам ұстаған жас толқын ғана емес, әйгілі М.Әуезовтың өзі де терең толғанғаны хақ. Сол себептен де: “Қазіргі кездің нағыз шындығын бір күндік ғана ғұмыры бар шындықтан қалай айырып, дәл тануға болады. Бүгін барша назарды аударып, ертең барлық назардан шығып қалатын, *жалтырақ*, “данғырақ”, *үстірт* жайға елігіп кетушілікті [кейде тіпті тәжірибесіздікті] қалай жеңуге болады? Көпіршіген көбіктің ар жағындағы бұрқыраған өмір тасқынын қалай көру керек?” [2,520 б.] деп өз замандастарына сауал тастады. Бүгінгі заман мен шындықты, жалтырағы жоқ, барша шөгіндісімен тереңнен толғай, бойлай танытатын үздік қаһарман тудыруды өзі де қалағаны, өзгеден де күткені рас.

Р.Сейсенбаевтың “Өмір сүргің келсе”, “Ешқайда бастамайтын баспалдақ” [1980], Ә.Таразидың “Тасжарған” [1980], “Мейірім” [1985], “Кен” [1986], Д.Досжановтың “Жолбарыстың сүрлеуі” [1984], Қ.Найманбаевтың “Көктөбеде” [1984], М.Сәрсекеевтің “Көмбе” [1985], Ү.Шойбековтың “Парыз” [1985], Ө.Ахметовтың “Конвертор” [1984], “Заңғар” [1989], Р.Ниязбековтың “Қызылүй”, Ұ.Доспанбетовтың “Шың мен шыңырау” [1986], С.Сматаевтың “Мәңгілік бастау” [1987], Б.Қойшыбаевтың “Дүние – кілт” [1987], Ж.Молдағалиевтың “Кісіге көп керек пе?” [1987], Қ.Қамбаровтың “Ашыну” [1987], Ә.Әзиевтің “Мыс ошақ”, С.Еркебаевтың “Жел өті” [1989], А.Мекебаевтың “Дауылды жер” [1989], Ж.Шаштайұлының “Біздің заманның Аязбиі” [1997], О.Сәрсенбайдың “Шеңбер” [1998], С.Жұбатырұлының “Абыржы” [2000] т.б. толып жатқан роман кейіпкерлерінің табиғатынан кейіпкерді бір арнаға салып, өз ырқына бағындыра сомдауға, яғни замандас бейнесін жасауға ұмтылған авторлардың әрекетін байқау қиын емес.

Бұл жерде кейіпкерді бір арнаға салып, өз ырқына бағындыра сомдауы дегеніміз, автордың қоғамдық қағидаларды басшылыққа ала отырып, өздерінен талап еткен замандас бейнесін қалай да жасап шығуға тырысқанын айтып отырмыз. Аталған шығарма кейіпкерлері көбіне ұнамды және ұнамсыз бейне ретінде кеңестік әдебиетте әбден қалыптасқан сарыннан арыла алмағаны байқалады. Адам өмірінің қай қырын суреттемесін, қайткен күнде не жақсы адам, не шектен шыққан жағымсыз адам образын көрсетуге тырысқандығын анық байқатады.

“Әдеби қаһарман термині арқылы адам образына тән тұтастық ойға келеді, яғни образдың болмыс-бітімі, ой-санасы, мінез-құлқы және жан-дүниесі. Оған жақын термин – “характер”... егер кең мағынасында емес, тар аяда алсақ, онда ол ішкі психологиялық тұрғыдан табиғатының жарылғанын танытады” [3,195 б.].

Олай болса, әдеби қаһарман тұтас адам бейнесі ретінде өзінің ішкі жан-дүние құбылысы мен сыртқы кісілік кейпін айқын, нақты адамдық бірегей болмысын танытуы тиіс. Ал жоғарыда аталған шығармаларда жалпылық, яғни автордың белгілі бір **дара позициясынан** гөрі кейіпкерлер табиғатынан

қоғамдық келісімпаздық пен үгіт-насихат, құрғақ дидактикалық мораль айқын сезіледі.

Р.Сейсенбаевтың “Ешқайда бастамайтын баспалдақ” романындағы Сырым – автордың өзі көздеген, шектен шыққан ұнамсыз бейненің нақ өзі. Автор әке мен бала бейнесін бір-біріне мүлде кереғар қалыпта бейнелейді. Әкесі – адал, ер мінезді. Баласы – мансапқұмар, қу, пысық.

Көркем шығарма мазмұнында аталған кейіпкерлердің характерін таныту үшін автор еңбек адамдарының қарым-қатынасын арқау етіп, көбіне диалог арқылы ашуға ұмтылады. Ол диалог автордың қулық, сұмдық, мансапқорлық сияқты қасиеттерді құрғақ мансұқтауын ашық танытуға қызмет етеді. Адамдар арасындағы өзара қарама-қайшылық пен мінезіндегі құпия, жұмбақ қасиеттерді қаһарманның нағыз адам баласына тән сезімдері мен дара психологиялық көңіл күйі немесе қимыл-әрекет көріністері ерекше ашар еді.

Жазушы диалогтары характерді ашқанның орнына көбіне автордың құрғақ моральді мұрат тұтып, замандас бейнесіндегі барлығына таныс *жаттанды мінезді* мінеуге құрылады. “Бүгінгі заманда пысық болу керек. Ең әуелі аяқты жаттықтырған абзал. Замана жылдамдығына ілесіп отыру керек. Ал сенің жүрегің таза, аяғың әлсіз. Сондықтан да көштен ерте қалып қойдың” [4,205 б.] деп әкесін кінәлаған Сырымның сөзінде адамдық тазалықтан алаяқтықты жоғары қойғаны анық аңғарылады. Осы арада кейіпкердің ойындағы сөзін айтықсуда түсініксіз ой аңғарылады. Сырымның ойынша “пысық” болу үшін, замана жылдамдығына ілесіп отыру үшін, “аяқты жаттықтыру керек”, әкесінің “аяғы әлсіз”, сондықтан көштен ерте қалып қойған”.

Тап бір бәйгеге қосылатын аттардай адамның іскерлігін, ақыл-ой жүйріктігін аяқты жылдамдығымен салыстыру да автор қиялының шектеулі екендігіне дәлел. Осы ойды айтып тұрған кейіпкер оқырман үшін, әрине, сенімсіз образ. Образды елеп-екшеп, саналы қорыту барысында автор кейіпкерінің оқиға ішіндегі ойлау, сөйлеу, көңіл күй, сезіміне, әр түрлі қимыл-әрекетіне сенімді болуы керек. Басқаша айтқанда, автордың рухани әлемінен өріс алған көркем шындыққа кейіпкері де тікелей жауапты. Өйткені автордың қиял-фантазиясынан туған сюжеттік оқиғаларда әрекет етуші кейіпкер – сол оқиғалар астарындағы суреткер шындығын көркем шындық дәрежесіне жеткізуші.

Кейіпкерлер арасындағы тартыс, конфликт және олардың түрлі психологиялық көңіл күйі арқылы автордың да қоғамдық көзқарасы, дүниетанымы, позициясы танылады. “Қаһарман – белгілі бір көзқарас немесе әлемді көруші, сондықтан ол өзінің көркемдік характерін таныту үшін ерекше әдісті талап етеді. Характердің ашылуы қаһарманның белгісіз болмысы емес, өзіндік ой-санасы да емес, түптің түбінде қаһарманның өзі туралы, өз әлемі туралы сөз болып табылады” [5, Б. 54-55].

Бахтиннің бұл пікірі бойынша, шығарма ішіндегі қаһарман образы өзінің көркемдік мінезін көрсету үшін автордан ерекше әдіс-тәсілді, сондай-ақ өзінің әлеміне үңілуді талап етеді. Суреткер кейіпкер әлеміне саналы түрде үңіліп, оның мінезінің сан-қилы қырларын ерекше әдіс-амалдармен аша отырып, өзінің де рухани және көркемдік әлемінің бай болмысына үңілгенін байқай алмай да қалады. Бұл творчестволық процесс барысындағы ғажап құбылыс.

Аталған роман кейіпкері Сырымның адамдық болмысы таныс оқиғалар легінде, жеңіл диалогта ашылған. Ал оның мінезіндегі өзіншілдік, мансапқорлық ісінен емес, үнемі басқалардың кінәлап сөйлеген сөздерінен білінеді. “Сен бе сүйіспеншілікті білетін. Сен бе махабатты ұғатын. Сен өзінді ғана сүйесің, Сырым. Өзіңді ғана” деген Әділеттің сөзі арқылы өзіншілдігін, ал Айдардың: “Ақша құмарсың, атақ, мансап қуып жүресің. Атақ пен мансап кімнен қалмаған? Кімдерді орға жықпаған. Мен сені білген сайын жек көріп барамын. Сенің қияндағы бұл құрылысқа не үшін келгеніңді де енді білемін. Анкета үшін. Болашақ карьеран үшін” деп, жазғыра сөйлеуі де автордың Сырым мінезін ашудағы диалогтық әдісі.

Автордың адамгершілік позициясын, қоғамдағы жат мінездерге қарсы позициясын Сырым бойындағы кемшілік арқылы көрсетіп, ақыры ондай адамның жолы болмайтынын дәлелдегісі келетінін де түсіну қиын емес. Бірақ автор өмірдегі жат мінез, теріс қылықты бір қаһарманның ғана басына үйіп-төгіп, ал басқа кейіпкерлерді сол бір кейіпкердің теріс мінезімен күрестіріп қоюының өзі көркем шығарма табиғатына тән шындыққа көлеңке түсіреді. Ол автор үшін тым төмен дәрежедегі шығармашылық әдіс-амал. Автордың арғы идеясы да оқырман үшін ап-айқын, жап-жалаңаш.

“Көркем шығарма тапсырыстан емес, шындықтан тұруы (тууы – М.О.) керек. Сонда ғана оның түп негізі немесе алынған факт автордың өзіне де сауал тастап, жұмбақ жасырады” [6, 273 б.]. Демек, Добролюбов айтқандай, автор атаулы әйтеуір бір әлеуметтік тапсырыстан туатын шындыққа емес, қоғамда өз жүрегін шын толқытқан, өзіне де сауал тудыратын “жұмбақ” шындықтың шымылдығын қуатты қаламы, қайратты жігерімен қозғауы керек. Сонда ғана автор ойы мен сезімін тербеткен өмір шындығы оқырманды да он сан ойға қалдыратын, эстетикалық та, эмоциялық та сезім тудыратын көркемдік шындықты кесе көлденең тарта алады.

Ә.Таразидың “Тасжарған” романында да автордың түпкі позициясы “замандас бейнесін” жасау екенін ұғу қиын емес. Әдебиетте үлгілі, көпке сыйлы, сегіз қырлы бір сырлы коммунист-басшының образын көркем шығарма мазмұнына арқау ету “модаға” айналған тұстағы автордың өзі өмір сүрген әлеуметтік орта мен қоғам талабына саналы түрде жауап берген шығармасы ретінде танылатыны белгілі. Шығарманың бас кейіпкері коммунист Омар Берденов, Ұлмекен, дос-серігі Әли және Аспанбай образдары – еш жамандықты бойларына жуытпайтын ұнамды бейнелер.

Ал Мамыржан, Матеков, Қойкелді, Аблез т.б. кейіпкерлер – қоғамдағы жалақорлық, мансапқұмарлық, арызқойлық, қулық-сұмдық сияқты толып жатқан жат мінездің иелері.

Автор бас қаһарман мен басқа кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты ашуда айрықша шығармашылық тәсіл қолдануға ұмтылып, күтпеген, тосын оқиғаларды алға тартады. Өзінен-өзі ширыққан Омар Маңғыстауға ұшып бара жатқан жолда апатқа ұшырай жаздайды. Ұлмекеннің соңынан Сарыағашқа кетіп бара жатып жолда, поезда біреудің өлімінің куәсі болады. Бас кейіпкері Омар небір оқиғалардың куәсі болып, үнемі сын шақтардан аман-есен шығып отырады. Мұның өзі шығарма табиғатын күрделендіріп, кейіпкерлер психологиясын ширықтыру мақсатында автор тарапынан жасалғанмен, керісінше көркем шығарма табиғатында кейіпкерді нанымсыз әрекеттерге итермелеп, оқырманға сенімсіздік көзқарас тудыруға себепкер болады. Демек, автор қоғамдық талап-тілекті амалсыз ескергендіктен де шығармашылық процесте бас қаһарман болмысына араласып, оның табиғатын еріксіз бұзып, өзін-өзі саналы түрде мәжбүрлегені аңғарылады.

Автор көркем шығарма мазмұнындағы кейіпкер болмысын ашу негізінде оны қаһарман дәрежесіне дейін көтеріп, адамгершілік парасат-пайымы арқылы өз табиғатын, яғни шығармашылық тұлғасын да танытуға жол ашады. Сондықтан да “Суреткер дегеніміз өзін (орнын – М.О.) өзінің ішінен тапқан жан... Өз орнын белгілі бір ортадан таба алмаған адам өмір сүре алмайды. Егер ол ортада өзі жоқ болса, онда ол оны басқа бір адам баласынан ғана іздей алады және тек жеке-дара адам мен орта ғана оны оята алады” [7, 359 б.].

Неміс философы Фридрих Шлегельдің бұл пікірі XVIII ғасырдың соңында айтылғанмен, суреткер табиғаты жөніндегі ақиқат ой-пікірдің бірі екені рас. Суреткер өзінің ішкі жан-дүниесі мен эстетикалық сезімін, қиял-фантазиясын рухани әлеміне үйлестіру арқылы ғана көркем дүниенің кілтін өз уысынан шығармасы ақиқат. Ол кілт – автордың өзіндік “мені”. Осы “мен” автордың рухани әлеміне ой-түрткі болып, оған қозғау салғандықтан да көркем дүниені жаратуға мәжбүр. Сондай-ақ ол кейіпкерлермен санасуға, олардың іс-әрекетіне, мінез-құлқына ерекше мән беріп, шығарма мазмұнында рухани болмысына өзі де төселеді.

Ә.Таразидай автордың мақсаты үлгілі, өзі ғалым, өзі аңшы, мерген, көпшіл коммунист-басшының образын бейнелеу болғандықтан, көркем творчество барысында кейіпкер болмысымен санасудан гөрі өз ырқына бағындыру, көндіру тәсілі әлдеқайда тиімді болғанға ұқсайды. Ол әдіс автордың қоғамдық позициясына толық үйлесе келіп, творчестволық процеске мүлде үстемдік құрып алғаны шүбәсіз. Бұл – кейіпкердің табиғи болмысын бұзады. Ол әрекеттер шығарма сюжетін шым-шытырақ оқиғаларға толтырғанмен, кейіпкер мен автор арасында табиғи байланыстың, психологиялық шамырқаныстың әлсіздігін бірден аңғартады. Ал автордың өз

басы да бас қаһарманы мен сансыз көп кейіпкерлерінің мағынасыз тіршілігіне психологиялық тұрғыдан төселуге мәжбүр. Сөйтіп, мұндай образды іштей сомдауға енжар көңіл күйді бастан кешіп отырса да, әлеуметтік тапсырыс тұрғысынан қаһарман табиғатын ашуға кіріптар екені де кәміл.

Ө.Ахметовтың “Заңғар”, Ә.Әзиевтің “Мыс ошақ”, С.Еркебаевтың “Жел өті” романдарында авторлар неғұрлым кеңестік коллективтік тұрмысты көрсетуге, ұжымдасып еңбек еткен елдің образын беруге, сондай-ақ өндіріс жұмысшыларының бейнесін бедерлеуге күш салады.

Бұл шығармаларда кейіпкерлердің есте қаларлықтай анық болмауына оқиға барысындағы ұқсастық, әсіресе мінез майдалылығы мен адамды барынша сендірерлік соқталы іс-әрекеттің жоқтығы себеп болған сыңайлы. Авторлар негізгі жазушылық концепциясын өндіріс орталықтарының кешегі тарихы мен бүгінгі келбеті, техника жетістіктері, жұмысшылардың жоспарды ойдағыдай орындауға күш салуы, тәртіп пен өнім өндіру сияқты ақпарға толы мәлімет беру жағына басым көңіл бөлгендігінен деп тұжырымдау лазым.

Көркем шығарманы жарату сияқты күрделі шығармашылық процесс кезінде автордың позициясын, басты идеялық бағытын, суреткерлік тұғыр-тұрғысын тек тақырыпта айтылар мәліметтер мен құрғақ декларацияға арнаса, онда автордың ойы жалаң публицистикаға құрылған тақырыптық арнада қалып, саналы творчестволық әрекет жеңіл стильге құрылған боп шығады. Соның нәтижесінде кейіпкер қаһарман дәрежесіне көтеріле алмай, күйкі тірлікпен күн кешкендей кейіпте танылады. Бұған басты себеп, авторды ең алдыңғы кезекте алаңдатып отыратын кейіпкерлер образы мен олар әрекет ететін оқиғалар емес, автордың алдына іс жүзінде қойылған әлеуметтік міндеттеме – жоспарлы тақырып және жалпы қоғамдық идея. Сондықтан автор негізінен тақырыпта қамтылар оқиғалардың тізбегіне көңіл бөледі де, өзіндік дара идея мен позицияны танытуға енжар күйде қалады.

Өмен Әзиевтің “Мыс ошақ” романында кейіпкерлер болмысынан гөрі шығармада қозғалатын басты тақырып – өндірісті суреттеу мен қазақ өмірінің ертедегі көшпелі тұрмыс-тіршілігін танытуды нысана етіп алуы байқалады. Шығарма мазмұнында Қаныш Сәтбаевтың жас шағы мен жігіт кездерін ара-кідік бейнелегенмен, белгілі ғалымның образы мүлде көмескі. Автор кейіпкер бейнесін рухани әлемінің өзегіне айналдырудың орнына ХХ ғасыр басындағы таптық тартыс сияқты ауыл арасындағы құбылыстарды әңгімелеуге ойысып кетеді. Сөйтіп, көркем шығарма кеңістігінде қаһарман да, кейіпкерлер де, тіпті оқиғалар да оқырман есінде қалмай, тек шығарманың тақырыпты көтерген аты ғана оралады. Бұл жерде нақты жеке-дара кейіпкердің есте қалмауының тағы бір себебі, автор өндірістік ортадағы ұжымдық мәселені барынша көтеруге тырысып, өндірістегі адамдардың жалпы тіршілігін суреттеуге жиі мән беруі. Мұндай құбылыс Өтен Ахметовтың “Заңғар” романы мен Сайымжан Еркебаевтың “Жел өті” романдарында да қайталанады.

“Заңғар” романында ірі металлургия комбинатының арғы-бергі жағдайы, өнім өндіру, техника күшін суреттеуге құрылған. Автор Ақтан Артықбаевты аға болат құюшы, білікті маман ретінде бейнелей бастағанмен, нақты істерді орындау барысында еш әрекет жасамайды, тіпті образы әлсіз күйінде көрінбей қалады. Кейіпкер өндірістің әлеуметтік өмірінде де, жеке отбасылық өмірде де тегеурінсіз.

Автор ендігі жерде Ақтанды емес, оның әйелін бейнелеуге жете көңіл бөледі. Ақтанның жары Зейнеп шығармада жеңілтек мінезімен ерекшеленеді. Күйеуі бола тұра Есімхан деген бұрын металлург болған жігіттің соңынан қалмайды. Екі кейіпкер арасындағы қоңыздар туралы әңгімелері де шындыққа жанаспайды. “Менің бақытым көзіме түп-тура қоңыз құсап елестейді” деген Есімхан сөзі сенімсіз. Мұндай адамның соңынан әйел затының ессіз құлап түсуі де оқырманды, тіпті автордың өзін де сендіре алмасы белгілі.

Автордың адам сенбейтін сенімсіз, әрі жай ғана болымсыз оқиғаларды сөз етуі арқылы жасанды кейіпкерлер образын тудыруы жалпы көркем өнерге қатысты жоғары эстетикалық ұғым-түсінікті төмендетіп, көркем шығарма құнын кетіргені де ақиқат. Оған ең әуелі автор, екіншіден бірыңғай персонаждар табиғаты да кінәлі. Егер көркем шығарма әлемінде жалпы кейіпкерлер жүйесі өзіне тән логикаға сай ойланып, толғанып, өз мінезі мен оқиғадағы тартыс-конфликтіде шынайы әрекет етпесе, олардың нағыз образдық тағдыры талқыға түспесе, ол автордың творчестволық ізденісінен тумай, әншейінгі ермегі секілді ғана болмақ. Яғни, шығарманы жаратушы автордың белгілі бір жоспарға құрылған құр баяндамасы сияқты әсер қалдырмақ. Оның оқиғасы есте қалмасы да белгілі.

“Кез келген образдың тасасында белгілі бір идеялар бас көтеретінін, кейіпкер толғанысынан, сөзі мен іс-әрекетінен жазушы концепциясы шаң беретінін сезесіз. Қоғам өмірі, заман ағымы қаһармандар бойындағы түрлі қасиеттерден, олардың күрделі қарым-қатынастарынан, дүние-таным, көзқарастарынан көрінбек” [8, 16 б.]. Ақиқатына келсек, шығарманың идеясы мен авторлық позициясы сюжетінің өткірлігімен емес, кейіпкер әрекетінің нанымды, сенімді болуымен, нағыз адамға тән образымен танылады. “Әдеби қаһарман арқылы автор өзінің белгілі бір көзқарасы, таңдап алған қарым-қатынасы тұрғысынан адамды түсіне алатынын дәлелдейді. Осындай оймен келсек, онда әдеби қаһарман адамды қалыптық үлгіге салады” [9, 5 б.].

Әдеби қаһарман туралы айтқан орыс зерттеушісі Л.Гинзбургтың бұл пікірі жазушының кейіпкерге қатынасын дөп басып танып, кейіпкердің белгілі бір “адамдық қалыпқа” енетінін дәл тауып анықтап отыр. Кейіпкер шынында да автордың адам туралы ұғым-түсінігін айғақтап, оның рухани әлемін, эстетикалық ойлау, көру, қиял кеңістігін әйгілей түседі. Сол арқылы автордың жаратқан рухани дүниесінде шығармашылық тұлғасын да анықтайды. Өкінішке қарай, жоғарыда талданған шығармалардың

ешқайсысында автордың шығармашылық тұлғасы жарқырап, бой көтеріп алға шықпайды. Өйткені автор қиялындағы көркем тіршілікті, адамдар образын жеткілікті дәрежеде бейнелеуден гөрі қоғамдық жайды тізбелей суреттеуге ойысып кеткен. Ал қиялындағы көркем тіршіліктің шығарма мазмұнында әлсіз болуы автордың міндетті түрде алға қойған жоспарлы тақырыбымен тығыз байланысты. Жоспарлы тақырып жоспарлы кейіпкер ғана туғызады.

Рухсыздық, ішкіштік пен тұрақсыздық, отбасын бұзушылық, нәпсіқұмарлық шынында да қоғамда жиі кездесетін құбылыс. Бұл құбылыстың астарын адам табиғатынан іздеу де құптарлық іс. Бірақ оны көркем шығармада жеңіл-желпі оқиғада, романның басынан аяғына дейін біркелкі ұқсас кейіпкерлер тіршілігі арқылы бейнелеу – жазушылардың адамгершілік, эстетикалық позициясын тым жайдақтандырып жіберген.

Қоғамдағы келеңсіз жағдайларды ғана жинақтап көрсетуге тырысу, әлеуметтік өмірдегі ортақ құбылыстарды типтендіре бейнелеуге ұмтылғаны сондай, авторлардың көбі типтендірудің ықпалынан шыға алмай, оның қолбаласы сияқты күйде қалғаны да рас.

Оқырман ендігі әдебиеттен адам ретінде шынайы әрекет ететін, басқалардың ойындағы түйткілді дөп басып көрсететін, ешкімге ұқсамайтын, адамның ой-сезіміне қозғау салатын бүгінгі заман кейіпкерін күтетіні шындық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Азаматтық пен суреткерлік астасса немесе бас қаһарман және жазушы позициясы. //Жұлдыз, 1985. № 1, Б.163-170.
- 2 Әуезов, М. Шығармалар.12 томдық. 12 т. – А. : 1969. – 536 б.
- 3 Литературный энциклопедический словарь. – М., Советская энциклопедия, 1987. – 752 с.
- 4 Сейсенбаев, Р. Өмір сүргін келсе. Ешқайда бастамайтын баспалдақ. Романдар. – А. : Жазушы,1980. – 384 б.
- 5 Бахтин, М. М. Проблемы поэтики Достоевского. Изд.4-е. – М. : Сов. Россия, 1979. – 320 с.
- 6 127 Добролюбов, Н. А. О классиках русской литературы. – М. : Дет. Лит. 1986. –300 с.
- 7 128 Шлегель, Ф. Эстетика. Философия. Критика. В двух томах. Т. 1. – М. : Искусство, 1983. – 480 с.
- 8 129 Майтанов, Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – А.: Ғылым, 1982. – 148 б.
- 9 Гинзбург, Л. Я. О литературном герое. – Ленинградское отделение: Советский писатель, 1979, –224 с.

*Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.;
**С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 19.04.14 редакцияға түсті.

*М. Оразбек, * М. Н. Баратова***

Плановая тема и искусственный образ в казахской литературе

*Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилева, г. Астана;
**Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 19.04.14.

*М. Orazbek, * M. N. Baratova***

Planned topic and artificial image in Kazakh literature

*L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana;
**S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 19.04.14.

В статье анализируется плановая тема и искусственный образ в казахской литературе.

The article analyzes a planned topic and artificial image in Kazakh literature.

ӘОЖ 398.224(574)

М. Оразбек, * Н. Қ. Жүсіпов**

КЕЙІПКЕР ТАБИҒАТЫНДАҒЫ АПОЛЛОНДЫҚ-ДИОНИСТІК КОНЦЕПЦИЯ

Мақалада кейіпкер табиғатындағы Аполлондық-Дионистік концепция зерттеледі.

Суреткер көркем шығарма мазмұнында адам образының бір-біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын небір характерін жарататыны анық. Олай болса, көркем әдебиетте жан-дүниесі мөлдір сезім мен тұңғық сырға толы, мінез-бітімінде оңайшылықпен аңғарыла қоймайтын терең қазыналы

ойшылдық басым, сезімтал да парасатты кейіпкер, яғни интеллектуал образға қарсы автордың субъективті, эмоционалды санасы тұрғысынан туатын жан әлемі күрделі, қырық қатпар қайшылықты кейіпкер, нақты айтқанда, **антигерой – қарсы қаһарман** да кездеседі.

Қарсы қаһарманның табиғаты интеллектуал қаһарманнан мүлде бөлек жаратылады. Бірақ бұған қарап интеллектуал қаһарман ізгіліктің, ал қарсы қаһарман жауыздықтың символы екен деген ой тумауы тиіс. Өйткені көркем шығарма авторлары қандай қаһарман жасаса да түбінде пендешілік пен адамшылықтың ара жігін ашатын жанды образға лайық адам тіршілігін бейнелейді. Сөйтіп, қалай да ізгілік пен сұлулықтың жер бетіндегі орнын адам образы арқылы аршып көрсетуге ұмтылады.

Орта ғасырлық француз ойшылы, жазушы Пьер-Даниэль Юэнің роман жанрының шығуына байланысты айтқан ойы көркемөнер авторларының адам образын жасауға қатысты позициясын ашып бере алады. “Романның басты мақсаты немесе түпгің түбінде оны шығарушылардың басты мақсаты қандай болу керек, – бұл әрқашанда ізгілік пен рақымшылықтың сыйға кенелетінін, ал кесірлік, кеселдік атаулының жазаланатынын оқырманға ұқтыру... шебер романист өзіне міндет қою керек сияқты, ал ол – бар-жоғы өнегелі ақыл мен адамшылықты түзеуі тиіс дейтін басты мақсат қана” [1, б. 412-413].

Әдеби жанрдың қай-қайсысы болса да қай кезде де ізгілік пен рақымшылықтың, кесірлік пен кеселдіктің ара-жігін адам өмірі арқылы бейнелей ұқтыру болса керек. Олай болса, антиқаһарман да өз бойында *адамшылық* пен *пендешілікті* қабат сыйғызған адам образы деп айта аламыз. Шығарма мазмұнындағы қарсы қаһарман кейбір шығармада қатыгез, немқұрайлы, тіпті сүлесок, жауыздық атаулының қай түрінен де тайсалмайтын болса, енді бір шығармада ойлы, мұнды, жан-дүниесі ізгі болса да, көп адамдар оны түсіне бермейтін, өзі де түсіндіруге тырыспайтын **қайшылықты кейіпкер**. Сондықтан да антиқаһарманның жан әлемі терең қатпарлы, ең бастысы – нағыз қайнаған өмірдегі ішмерездік, сырты сыпайы, ішкі дүниесі кез келген уақытта жақсылықтан да, жамандықтан да тартынбайтын образ. Қазақ әдебиетінде сомдалған қайшылықты кейіпкерлердің өзін бірнеше топқа жіктеуге болады.

Олардың **бір тобын** “маңдайға жазғанды” немесе “тағдырына жазылғанды” көрген адамдар, яғни тағдырдың талқысынан өмірі күл-талқан болғандар, ал **екінші тобын** өмірден жеңілген кейіпкерлер, яғни өзін-өзі тастап жіберген, өмірден түңілген типтер деп те айтуға болады. **Үшінші тобын** «сырты бүтін, іші түтін», ел ішінде игі жақсы атанып жүрген Ақан мен Қалтай («Қорғансыздың күні» М.Әуезов) сияқты кейіпкерлер типі. **Төртінші тобы** өмірде істеген ісінің дұрыс емес екенін біле тұрып, өмір сүре беретін ұрылар, тонаушылар (рекеттер), батыс әдебиетіндегі сутенерлер, жезөкшелер т.б.образдар. “Суреткер антиқаһарман типіне көңіл аударған

кезде шешуші мәнге оның позициясы, ақыл-есінің реакциясы, ары, бүкіл табиғаты ие бола отырып, ол (қаһарманды – М.О.) бейнелеу барысында өзін гуманизм мен антигуманизм, реализм мен модернизм аралығындағы айрықта қалғанын сезінеді. Бір жағында қиналыс, екіншісінде селкостық немесе шаттық; біреуінде ерлік, ал басқасында абыржу мен қорқу” [2, 530 б.] эмоциясы басымдыққа бет бұрады.

Антиқаһарманның табиғаты шығарма мазмұнында көбіне кейіпкердің жан-дүниесі мен ақыл-есін бейнелей отырып ашылады. Кейіпкер қандай іс-әрекетке бармасын оның іс-әрекеті, әрбір қимыл-қозғалысы кезіндегі жан әлемі, психологиялық күй ерекшелігі суреткердің назарынан тыс қалмайды. Қаһарманның ойы, толғанысы, ішкі психологиялық күй қайшылығы түп-түгел суреткердің есінде тұрады да, шығармашылық процесс кезінде автор қаһарманның үнемі ішкі әлеміне үңіліп, онымен санасып отыруға мәжбүр болады. Өйткені антиқаһарман – күнделікті өмірдегі жай ғана адам бола тұра психологиясы, мінез-құлқы күрделі, өзіне ұнаған немесе өзі қалаған әрекеттермен айналыса беретін *көркем* тұлға. Ал оның әрекеті айналасындағы басқа елге, қоршаған ортасына зиянын тигізуі де мүмкін.

Олар көбіне басқаны емес, өздерінің жеке басын ойлайды. Сондықтан олардың табиғатында эгоизм басым, ақылынан гөрі сезімдеріне ерік бергіш немесе өздерін билеген әр түрлі ой соңына түсіп, сезімдері мен тілегін тежей алмайтын немесе қасақана тежегісі келмейтін *адамдар туні*; ал кейбіреулері керісінше өздерін басқалардан төмен санап, салы суға кетіп, сүлесок қалыпта өмір сүретін адамдар образында ашылады. Шығарма сюжетіне байланысты олардың типтері мен характері де әр түрлі болып келеді. Тіпті кейбіреулері қоғамдағы адамдардың бәріне ортақ заңдар мен әлеуметтік талаптардан аттап кетіп отырады. Сондықтан суреткерлер олардың мұндай өздеріне тән қереғар қылықтары мен тіршілігін толық қамтып бейнелеуі тиіс.

Әрине, бұл адамдар типі көбіне ХХ ғасырдың өнер дүниесінде пайда болған экзистенциалистік және авангардтық, модернистік бағыттарда жазылған көркем шығарма кейіпкерлеріне тән. Ал өнер әлеміндегі күрделі осы бағыттар Ницшенің грек мифологиясындағы антикалық құдайлар – Дионис пен Аполлонға байланысты айтқан эстетикалық концепциясынан бастау алып жатқаны да ақиқат. Ницше бұл екі ұғымды өнер дүниесінде адамның психологиялық екі түрлі жағдайына байланысты қолданады. **Дионисизм** – адамның табиғи түрде мастануы, шаттануы, шабыттануы тұрғысынан өнер дүниесіне берілуі. Ол адамда *табиғи хайуандық күй* мен *ерекше сезімге берілу* жағдайы, өзара алмаса ұласуы, немесе кәдімгі *ішімдікпен, нашақорлықпен* пара-пар есінен айырыла *елігу* мен *желігу*, қиялилана *мас болу* сияқты күйімен теңдес. Демек, шығармашылық шабыт кезінде қаламгер қиял-фантазиясына ессіз беріліп, өзін-өзі ұмытып, шығарма оқиғасының жетегінде кетеді.

Бұл кезде адам құдай алдындағы пенде ретінде жеңіліп, өзін құштарландырған ессіз сезім жетегінде кетеді. Өнер дүниесі тұрғысынан қарастырғанда, автор өзін қызықтырған өнердің жетегіне риясыз жегіледі, бар болмысымен берілуге тырысады. Ницшенің өз сөзімен айтқанда, “Адам бұл кезде енді суреткер емес, өзі көркем шығармаға айналады. Табиғаттың күллі көркемдік күш-қуаты тап осы арада қалшылдаған мастыққа сай (сезімде – М.О.) ашылады” [3,62 б.].

Ал **аполлондық күй** адамның түс көруімен теңдес құбылыс ретінде түсіндірілген. Ницшенің концепциясына жете мән берген Юнг суреткер бойында да Аполлон сияқты “іштей көргіштік, көз жеткізу”, “түс әлеміндегі таңғажайып көргіштік” бар екеніне тоқталады. Сондықтан “Аполлон фантазиялық әлемдегі сұлулықтың бұлдыр жарқылында патшалық құрады, ол – “барлық образ тудырушы күштің құдайы”. Ол – табиғи [жабайы] және әшекейленбеген барлық нәрсенің билеушісі, шектеушісі және өлшемі. Аполлонды өзіне тән даралық [индивидуалдық “*principium individuationis*”] принципін жеткізетін құдайдың керемет образы деп атауға лайық” [4,180 б.] деп түсіндіреді.

Демек, аполлондық бастау-бағыт суреткердің *сезіну сұңғылалығы* мен “*ішкі көруі*” ерекше үйлесіп, дәл түс көргендей көркем образдарды *анық танып, айнытпай бейнелей* алатындығын айғақтап береді. Олай болса, “Аполлонизм дегеніміз идеялар әлемін іштей қабылдау мен интуитивті түсіну. Бұл жағдай бір жағынан сырттай меңзеу болса, екінші жағынан анық образдылық екенін түспен салыстырған Ницше атап көрсетеді” [4,187 б.].

Ницше айтқан дионистік күй табиғатына тән эгоистік сезім күштілігі мен аполлондық күй табиғатына тән идеялық мәнге ие образдылық қиял қуаты бір-біріне қарама-қарсы болмыс болғанмен, көркем шығарма табиғаты осы екіұдай ұғым-сезімді өзара ұштастырып жіберетініне ден қойғызады. Осының нәтижесінде ой-сезімі өте күрделі, танымы мен табиғаты қат-қабат астарлы қаһармандар әдебиетке енді. Олар өз болмыс-бітіміне тән автор үшін жаңа бағыт-бағдар, ізденіске толы әдіс-тәсіл туғызды.

XX ғасырда Ницшенің “*аполлондық-дионистік*” *эстетикалық концепциясы* глобалды рухани-мәдени жағдайға айналды. Әлемдік әдебиет айдынында бүгінде бұл үлкен үстемдікке ие... Осыдан келіп көркем өнердегі адам образдарының, әсіресе дионизмге тән қасиеттері көбірек суреттеле бастады. Суреткерлер авангардык, модернистік, постмодернистік шығармаларда “иллюзия” мен “түс көру”, “монолог” пен “сана ағымы” сияқты тың тәсілдермен кейіпкердің жан күйзелісін, өмірден жеңілуін, қайғы-қасірет шегуін неғұрлым терең бейнелеуге, анық ашуға ауысты. Бұл Батыс пен америка әдебиетінде Ф.Кафка, Д.Джойс, Д.Хармс, С.Беккет, Э.Ионеско, Т.С.Элиот, Т.Уильямс, Э.Олби, У.Фолкнер, жапон әдебиетінде Р.Акутагава, Ю.Мисима сияқты белгілі қаламгерлер қаламына тән болды.

Олар өмірдің күнгірт жақтары мен адам баласының өзі байқай бермейтін мінезінің тұңғық, неғұрлым түсініксіз астарын айқындауға ұмтылды.

Олар гуманизм мен антигуманизмнің аралығындағы неғұрлым қатыгездік, тоңмойындық немесе сүлесок, енжарлық қасиеттері көзге ұрып тұрған *антиобраздарға* жете көңіл аударғанмен, әрқайсысының өзіндік гуманистік позициясы басым болды. Сондай қаһармандар тудыруына қоғамдағы белгілі бір жағдайлар мен себеп-салдар жеткілікті еді. Әсіресе, қоғамды билеп алған *элеуметтік дағдарыс, ақырзамандық дүниежүзілік соғыс, нашақорлық* сияқты адамды материалдық жүдеулікке, рухани түңілушілікке ұрындырған түрлі тұманды жағдай суреткер атаулының шығармашылық әлеміне ерекше ықпал етті.

Француз жазушысы Альбер Камюдың ойына үнілсек, “Мен жарты [өмір жолы – М.О.] жолымды қайыршылық пен жарық күн арасында өткіздім. Қайыршылық маған күн астында және тарихта бәрі сәтті болатындығына сенуге бөгет жасады, сондай-ақ күн маған тарих дегеніміз барлығы емес екенін үйретті” дей келіп, күнделігіне өзінің өмір сүрген кезеңі туралы да жазуды ұмытпаған. “Мен әр жолы бізді басқарушылардың саяси сөздері мен мәлімдемелерін оқыған кезде түршігіп кетемін және бұл бірінші жыл емес, мен одан адамшылықтың мысқалын да ұстай алмаймын. Мәңгі бақи бәрі сол сөздер, бәрі сол бір өтірік” [5,6 б.].

Жазушы өзі өмірдің көлеңкелі жақтарын көріп, басынан өткізгендіктен де қоғамдағы “қайыршылық” пен басшы атаулының да рухани “қайыршы” болғандығынан адам баласының азып-тозған жан әлемін суреттеуге мәжбүр. Қитұрқы саясат пен жалғандыққа толы құрғақ та саяси уәделер, екі жүзділікке салынған, адамшылықтан жұрдай ел басшылары мен зәбір-жапа шеккен, азғындаған елдің бұлтартпайтын бейнесін жасауға іштей дайын. Осындай күрделі жағдайлар антиқаһарман тудыруға жазушыны еріксіз итермелейді. Автордың қиял дүниесі мен ақыл ойында жаңа идеялар тууға, кереғар позицияның пайда болуына ықпал етеді.

Американ жазушысы Уильям Фолкнер де, “Жазушы, ақын немесе романист болсын, олар жай ғана адамшылық істің “регистраторы” [тіркеп отырушысы] ғана емес, ол адамға одан да жақсырақ болу сенімін есіне түсіріп, ойына салу керек деп есептеймін. Егер жазушы бірдеңе істеуге үндесе, онда өмірді өзі көргеннен де күштірек етуге, өзінің бар күшімен, қандай жолмен болса да соғыс сияқты зұлымдықтың, әділетсіздік пен қиянаттың болмауын жасау керек, – міне, оның жұмысы” [6,4 б.] дейді.

Ол суреткер атаулының неғұрлым адам өміріне жақсы ықпал тудыруға, әсіресе адам баласының күнделікті қым-қиғаш тіршілікте өздері де байқай бермейтін, бірақ әр уақытта ең қажет *адамшылық істі* жасауға үлес қосуына міндетті екенін баса көрсетеді. Сондықтан “соғыс сияқты зұлымдық” пен адамдар арасындағы әділетсіздік, қиянатты табиғи адам

образымен қоса, жекелеген антиқаһарман арқылы да суреттейді. “Фолкнер шығармаларындағы антиқаһармандардың көбісі [қоғамдағы – М.О.] “шөгінді” атанғандар: олар – қарақшылар, бутлеггерлер, вышибалдар, сутенерлер және басқалар... Фолкнерді олар сырттай ғана [олардың әлемі онда көбіне біртекті боп көрінеді] қызықтырып қоймайды, жазушы үшін олардың басқа тұлғалардың қалыптасуына тигізетін әсер, ықпалы әлде қайда маңыздырақ...” [2, б. 537-538].

Ақиқатында да оның антиқаһармандары – жас кезінен тағдырдан таяқ жеп, жастық жігерін жер қылған, өздерін рухани жоғалтқан, қатыгездіктің қай түрінен болсын бас тартпайтын қаһармандар. Суреткердің “Тамыздағы сәуле” шығармасында жас құрақтай желкілдеп, өмірге деген зор құштарлықпен өсіп келе жатқан он тоғыз жасар Джо Кристмасты біреулер алдап, ұрып-соғып, өлімші етіп, бір бос үйге тастап кетеді. Тірі қалған Кристмастың кеудесінде бұл соққы мәңгі қалады. Бұдан кейін ол мүлде қатыгез кейіпке еніп, өзінің бойындағы аяушылық, махаббат, кең пейілділік секілді имани сезімді түгел жоғалтады. Қандай қылмыстан да тайынбайтын қанышер бола бастайды. Мұндай қаһарман Фолкнердің басқа шығармаларына да тән...

Автор антиқаһарманды қылмыскер тип ретінде дайын күйінде ала салмайды. Адамды жақсылықтан түңілдіретін, жаманшылықтан жирендірмейтін, тіпті қылмысқа итермелейтін адам баласының бір-біріне деген өзара қарым-қатынасы немесе қоғамдық жағдайдың ықпалы дейтін жоталы ойдың қыр-сырына үңілтуді көздейді. Адамды бұзатын, әсіресе жас ұрпақты улап, рухани жақтан құлдыратып бара жатқан қоғамдық-әлеуметтік қылмыстың бетін ашуға ұмтылады. Ол туралы өзі де жеткізе айта алған: “Мен өз елімді аса сүйгендіктен де, оның кемшіліктерін түзеткім келеді және менің бар қабілетім мен ой-қиялым маған бір ғана жол ашып берді: ол – оны сынау, ұялту, жақсылық пен жамандықтың, бейшара кездер мен ғажайып шақтың ара жігін ашып көрсетуге тырыстым... Елім туралы тек жақсы жазуым – бұл жамандықты мүлде түзетпеу деген сөз. Мен жамандық туралы айтуым керек, өйткені олар [оқырмандар – М.О.] әбден ұялсын және ашулансын, тіпті оны түзетсін” [6, б. 6].

Міне, бұл дегеніміз автордың нағыз адамдыққа тән арлы позициясы – қоғамдағы бел алып кеткен былықтың пендені рухани құлдыратып, ессіз хайуанға айналдыратын қылықтарын жеріне жеткізе бейнелеген **авторлық байлам**. Ол шығармасында, ел ішін індет құсап жайлаған, әсіресе жас адамның өмірін қор қылған “гангстерлер” (АҚШ-та ресми қызметкердің мансап көздеп қолдауымен пайда болған бандит) [7, 149 б.], сутенерлер сияқты кейіпкерлерді шығарма сюжетіне өзек ету арқылы заман адамының бұзылған, рухани сырқатқа ұшыраған бет-келбетін сомдады, характерін аша алды. Сондықтан Альбер Камю өз қаһарманы арқылы “адам баласына өзінің опасыз келбеті мен жауыздықты жасау мүмкіншілігін, сондай-ақ сол сәтте

зұлымдық ісі үшін өзін жеккөре тұра, оны адам ретінде жеңу керектігін, ол жолдан шыдамдылықпен төзе отырып шыға алатынына әрқашан сенуін, тіпті өзінің тәуір адам бола алатынын танытуы керек” [5, 5 б.]. Демек, автор атаулы өз кейіпкері, яғни антиқаһарманға лайық қайшылықты адам образын жасауда эстетикалық позициясын осы тұрғыдан бекіткені абзал.

Қазақ қаламгерлері де ХХ ғасырдың басында-ақ өз шығармаларында өмірдің күнгірт, көлеңкелі жақтарына тереңірек мән беріп, сол кездегі қазақ қоғамындағы түрлі жағдайлардың (сайлау, ақ пен қызылға бөліну, таптық күрес, революция т.б.) ел ішінде сұрқиялық пен сұмдық атаулыны қоздырып, адамдар санасына сызат түсіріп, ел арасына іріткі түсірген кеселдің бетін ашуға, тамырын тануға ұмтылған болатын. Сондықтан экзистенциалистік бағыт оларда әлдеқайда басым болды. Адам мен қоғам қарым-қатынасында мәңгілік мәселені суреттеу – әдеби ойдың басты бағдары еді және ол Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов прозасына тән.

Олар үшін ұлттық болмыс-бітім, ұлттық сана-сезім, ұлттық характер ғана бағалы болған жоқ, өткен ғасыр басындағы сұңғыла суреткерге тән қоғамдық сұмдықтың себебі мен салдарын түсіну маңызды болды... Демек, қаһарман табиғатына терең көңіл аударатын автор қоғамдағы қайғы-қасірет бастауының себепкері де адам екеніне ерекше мән беретіні шындық. Сондықтан ол өз болмысындағы бұғып жатқан қайшылықты ой-санасы мен сезім-тәжірибесіне сүйене отырып, оны оқырманына қоршаған әлеумет ортасында, қоғамдық қайшылық аясында ашуға тырысады. Қаһарман табиғаты арқылы өз болмысын, адам баласына деген позициясын да таныта түседі.

Қоғамда болып жатқан қиын жағдайлар, жұмыссыздық пен экономикалық дағдарыс адамдар арасында әр түрлі күрделі қарым-тудырып, қылмыстың күшеюіне жол берері сөзсіз. Қоғамдағы әрбір жеке адамның психологиясына әсер етеді. *Психологиялық катарсиске* пара-пар жеке-дара күйзеліске түсіреді. Сөйтіп, қаһарман мен дүниені түйсіну автор үшін экзистенциалдық сыйпат тұрғысынан суреттеуге мәжбүр болады. Яғни, адам баласының жеке-дара түрлі көңіл күйі, сезім ауаны, философиялық ойы мен жалпы тағдыр-талайы биігінен қарау және соны түпкі **архетипінен тануға ұмтылады**. Сондықтан да сезімтал суреткерлер Жамал мен Шолпан, Қамар мен Ақбілек сияқты тағдыры трагедиялы кейіпкер туғызды.

Бір М.Әуезовтың өзі 20-30 жылдары-ақ қазақ арасында орын алып отырған оғаш оқиғаларды арқау етіп, бірнеше әңгімесінде антиқаһарман дәрежесіне лайық кейіпкерлер жаратқан болатын. Және ол шығармаларда шындық суреттері қазақтың өз өмірінен алынып, суреткердің *терең интуициясы* арқасында бай қиялынан өріліп шыққан еді.

Ол туралы жазушының үзеңгілес інісі, дос-жар серігі болған, белгілі ғалым Қ.Мұхамедханов: “Тегінде Мұхтар Әуезов ешбір шығармасын ойдан

алып, қиялмен жазған емес, оның әрбір шығармасының негізі шын өмірде болған және болатын оқиғаның көркем әдебиеттегі шежіресі, оның әрбір кейіпкері, өмірде болған адамдардың, ұлы жазушының құдыретті қаламымен мүсінделген көркем образдары” [8, 27 б.] деп, Әуезовтей шығармашылық тұлғаның нақты өмірде көргені мен түйгенін әрбір шығармасына қазық еткенін атап көрсетеді.

Демек, ұлы суреткер зары мол заманның адам баласын таңдандырып, тамсандыратын немесе түңілдіріп, түршіктіретін жақтарына жете мән бере отырып, антиқаһарманның бүркеулі жатқан қиян-қилы табиғатын ашқаны ақиқат. Сондықтан “Қорғансыздың күні”, “Оқыған азамат”, “Үйлену”, “Кім кінәлі?”, “Жетім”, “Кінәшіл бойжеткен”, “Қаралы сұлу” әңгімелері ел арасында болған оқиғалардың сілемінен алынып, сол соқталы оқиғалар адам жанын жаралап, біреулерге күйік-қайғы болып жабысқандықтан да жазушының авторлық позициясына ықпал етіп, оның субъективтік ой-санасында сан қилы қаһарман туғызуға мәжбүр еткені байқалады.

Осы үрдіс ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың бас кезінде, яғни тәуелсіздік кезеңі әдебиетінде өз жалғасын тапты. Кейінгі толқын боп келген қазақ әдебиетінде, яғни ХХ ғасырдың аяғында танымал болған Ж.Қорғасбек, Н.Ораз, Т.Ахметжан, А.Алтай, Р.Мұқанова, А.Кемелбаева секілді жазушылар да сынаптай сырғыған уақыт пен заманның, құйындай ұйтқыған қоғамның зардабы мен залалын образдың ішкі әлемінен, рухани өмірінен іздеген туындылар туғызды. Шыңдығында олардың шығармалары алдыңғы толқын қаламгерлер дәстүрін үлгі тұтқан, қазақтың қалыптасқан бай әдебиетінің заңды жалғасы. Т.Ахметжанның «О дүниенің қонағы» әңгімесіндегі рухани жақтан жұрдай қазақ бизнесіменің бейнесі сол баяғы Әуезов суреттейтін Ақан мен Қалтайдың ар жақ бер жағы. Қоғам мен заман қанша өзгерсе де беттің арын белбеуге түйген адам болмысы өзгере қоймаған. Ол баяғы сырт пішінін өзгертіп, ішкі зұлым пиғылын сақтап қалған. Ғасыр басында Әуезов көтерген ұлт үшін аса арлы мәселе ғасыр аяғында әдебиет әлеміндегі мәңгілік мәселе болып алдымыздан қайта шығып отыр. Т.Ахметжан әңгімесінің мазмұны замана желімен мың құбылған адам пенденің зұлым ісін, жылым жанын әшкерелей отырып, оқырман ой-санасына сәуле түсіріп, көңіліне кірбің туғызып, өз уақытының жай-жапсарына үңілуге жетелері сөзсіз. Өйткені нәпсіқұмар бизнесменге өзі мен балғын бойжеткен қыздарын қоса құрбандыққа шалған ашына әйелдің сатқын мінезі мен жеңіл жүріс-тұрысы, алдау-арбауды жетік меңгерген сұмдық аярылығы қазіргі адамдар арасында жиі кездесетіндіктен кім-кімді де болса өз заманы, өз қоғамы туралы, соған сай сұм адамы туралы еріксіз толғантары даусыз.

Жүсіпбек Қорғасбектің “Өлі көл”, “Қасқыр-Адам” повестері мен “Жансебіл”, “Үрей” т.б. әңгімелерінде жалғыздықта жаны құлазып, жапа шеккен, уайым-қайғы көкірегін кернеп, дүниеден баз кешкен адам образы

орын алса, Роза Мұқанованың “Монастырь”, “Тұл”, “Мәңгілік бала бейне”, “Мұқағали” т.б. әңгімелерінде қоғамдағы әділетсіздік пен өнердің ауыр жүгін арқалаған, өнерде жолы болмаған немесе басындағы бақты қадірлей алмай қасиетсіздіктің зардабын шеккен жеке тұлғалар мен бүлінген, зақымданған табиғатпен бірге кемтар күй кешіп, азап тартқан адамдар бейнесін суреттеуге жете мән береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Пьер-Даниэль, Ю.** Трактат о возникновении романов. //В кн.: Литературные манифесты Западно-европейских классицистов. – М.: Издательство Московского Университета, 1980. – 624 с.
- 2 **Морозова, Л. Т.** Типология героя. //В кн.: Литература США XX века. Опыт типологического исследования. – М.: Наука, 1978. – 568 с.
- 3 **Ницше, Ф.** Сочинение в 2 т. Т. 1. – М.: Мысль, 1990. – 832 с.
- 4 **65 Юнг, К. Г.** Психологические типы. – М.: Университетская книга, ООО “Фирма “Издательство АСТ”, 1998. – 720 с.
- 5 **Камю, А.** Избранное: Сборник. – М.: Радуга, 1989. – 464 с.
- 6 **Фолкнер, У.** Вступ. Статья Б.Грибанова “О чести, достоинстве и выдержке человека”. //В кн.: Фолкнер У. Рассказы. Медведь. Осквернитель праха. – М.: Правда, 1986. – 544 с.
- 7 Орысша-қазақша сөздік. I т. – А.: Қаз.Сов. энц. Бас редакциясы, 1978. – 576 б.
- 8 **Мұхамедханов, Қ.** Ұлы ұстаз, камқор аға //Абай журналы, 2004, № 2

*Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.;

**С.Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 19.04.14 редакцияға түсті.

М. Оразбек, Н. К. Жусупов***

Аполлонно-дионистическая концепция в природе героя

*Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилева, г. Астана;

**Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 19.04.14.

*M. Orazbek, * N. K. Zhusupov***

Apollo - dionysian concept in the nature of a hero

*L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana;

**S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 19.04.14.

В статье анализируется аполлонно-дионисийская концепция в природ героя.

The article analyzes the Apollo-Dionysian concept in the nature of hero.

ЭОЖ 882.151.212.2

Ж. Т. Сарбалаев

АҚЫН Ә. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СӨЗ ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Мақалада әйгілі поэт Ә. Тәжібаевтың поэзиясындағы сөз қолданыс мәселесі қарастырылады. Автор поэттің сөз қолданыс метафорасына ерекше көңіл бөледі.

Көрнекті ақын-жазушылардың шығармаларының тілі белгілі бір дәрежеде сол дәуірдегі әдеби тілдің қандай сапада, деңгейде екендігін көрсетеді. Себебі, көркем әдебиетте халық тілінің бар байлығы, икемділігі, оралымдылығы, стильдік мүмкіншіліктері алуан қырынан жарқырап көрінеді. «Көркем әдебиет дегеніміз, - деп жазады академик В.Виноградов, - тек ұлт тілінің қазынасы ғана емес, сонымен қатар халық тілін көркемдік жағынан пайдаланудың жаңа құралдары табылатын творчестволық лаборатория».

Жазушы қазақ тілінің сөз байлығын өз талантына, қабілетіне қарай пайдаланады, творчестволық сұрыптаудан өткізіп дамытады. Әдеби тіл қазынасына қосылатын соны тіркестер туғызады, тың сөз қатынастарын ашады. Мұның өзі әдеби образдар қатарын өсірер қолданыс болып қана қоймай, адамның жалпы ойлау көкжиегін кеңейтер жаңалыққа ұласуы да мүмкін.

Қазақтың ұлттық әдеби тілін дамытуға тиісінше үлес қосқан ақындарымыздың бірі – Ә.Тәжібаев. Ақынның қазақ совет поэзиясын өркендетуге сіңірген зор еңбегі хақында арнайы монографиялар, жүздеген ғылыми мақалалар жазылды. Алайда, сол еңбектерде ақынның өлеңдері мен поэмалары көбінесе әдеби-көркемдік тұрғыдан талданады да, тілі

туралы жөнді ештеңе айтылмайды. «Әдеби шығармаға әділ сын айтар адам әлгілердің бәрінен бұрын шығарманың тіліне де, автордың сөз өрнегіне де қарауы шарт», - дейді профессор З.Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде.

«Өлең, – ақынның өзі айтқандай, – тілдің соғып тұрған жүрегі, жүріп тұрған қаны». Демек, тілдің өзі қимылдап, алға басып, дамып келе жатқан құбылыс болса, оның дүрсілдеп тұрған жүрегі, ыстық қаны – өлеңнің одан да гөрі қуатты, қозғалыстағы жалыны, бұрқыраған асыл қайнар екені анық. Ә.Тәжібаев поэзиясы – міне, нақ осы талапқа сай отты, парасатты, өршіл поэзия. Олай болса тек осы фактордың өзі-ақ ақынның қазақ әдеби тілін дамытуға өзіндік зор үлес қосып келе жатқандығын аңдатса керек.

Ақын тілі – алуан шырайлы, мың сан бояулы.

Ә.Тәжібаевтың тілдік бейнелеу құралдары бай. Әрине, оның бәрін талдап, таразылап жату – қыруар шаруа, кең тынысты, кесек еңбекті қажет етеді. Сол себепті де біз өз мақаламызда ақын өлеңдерінің бір көркі, шырайы – метафоралы сөз қолданыстарына ғана тоқталсақ дейміз.

Метафоралы сөздердің көркем әдебиетте қолданылуы жайына орыс тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де біраз ғылыми еңбектер жарияланды. Орыс әдебиетіндегі қалпы, қалыптасуы және олардың стильдік мақсатта жұмсалуды хақында тұжырымды, терең пікір айтқан академик В.Виноградовтың, профессорлар А.Ефимов пен В.Мейлахтың еңбектерінің құны жоғары. Ал біз бұл саладағы қазақ тіл біліміндегі байыпты талдауды Бақытжан Хасановтың «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы» деген еңбегінен табамыз.

Метафора – көркемдік категория. Ол сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуынан жаралып, жасалады. Метафоралық мағына алған сөздер әрқашан да образдылық, бейнелілік қасиетке ие. Бұл орайда олар атқаратын семантикалық қызмет, қосар үстеме бояу, ажар ерекше. Нақ сол себепті де ол көркем әдебиеттің басты көркемдік құралдарының бірі болып саналады.

Профессор А.И. Ефимов «Көркем шығармалардың тілі» еңбегінде метафоралық мағынаның қалыптасуы туралы былай деп жазады: «Основным и важнейшим способом создания образно-характеристических средств является метафоризация значений слов. Она выражается в своеобразном расширении и обновлении смыслового объема слов, в созданий на основе старых значений и паралельно с ними новых смысловых оттенков, в появлении переносно-фигуральных значений». Бұл байлам көркем әдебиеттегі метафораның қаншалықты маңызы бар екенін айғақтаса керек.

Ғылыми әдебиеттерде метафоралық сөз қолданыстарының негізгі екі түрі атап көрсетіліп жүр: а) дәстүрлі метафоралар; ә) индивидуальдық метафоралар. Бірақ кей ғалымдар бұл топтастыруға қосылмайды. Мәселен, орыс тіліндегі метафоралы сөз қолданыстарын көп зерттеген ғалым Ю.Лясота оларды «индивидуалдық», «тұрақты» және «тілдің сөздік

құрамындағы метафора» деп үшке бөледі. Филология ғылымдарының докторы Ә.Болғанбаев та метафораны қолданылу сипатына қарай үшке бөліп қарастырады.

Б. Хасанов болса тілдік метафора мен тұрақты метафораны бір деп есептеп, оның екі-ақ түрі бар деп тұжырады: а) индивидуалдық, ә) халықтық сипат алған дәстүрлі метафоралар. Абай поэзиясының тілін зерттеген академик Қажым Жұмалиев те метафораны осылай бөлуді құптайды. Біз де осы топтастыру дұрыс, көңілге қонымдырақ деп есептейміз. Себебі, Б.Хасановтың мына пікірінің ақиқаттылығы өзінен-өзі көрініп тұрған жоқ па: «сырттай қарағанда осылайша бөлген де дұрыс сияқты. Бірақ тұрақты метафора мен сөздік құрамның метафорасын ажырату оңай емес. Шынында, екеуі де сөздік құрамның элементі. Бұл – бір. Екіншіден, «тұрақты метафора» деудің өзі де дұрыс емес. Өйткені сол тұрақты метафораның өзі кез-келген уақытта шебердің көрігіне түсіп, жаңа контексте суарылып жаңарып шығуы мүмкін. Тұрақты метафораның оңай өзгере беретіндігін ескерсек, бұл қағиданы қостауға болмайды.

Сонымен, метафоралардың екі түрі бар:

- а) жалпыға ортақ дәстүрлі метафоралар;
- ә) жеке ақын-жазушылардың қаламына тән метафоралар.

Ә.Тәжібаев халық поэзиясында бұрыннан бар дәстүрлі метафораларды жиі пайдаланады. Орнымен, әдемі жұмсалған бұл метафоралар ақын поэзиясында көрік қосаатынын байқаймыз. Бұл орайда ақынның дәстүрлі метафораларды төрт ыңғайда қолданатынын аңғарамыз.

Біріншісі – жеке, дара түбір сөздерден тұратын метафоралар.

Бүгін балам
 Балапан,
 Әлі қанат
 Қақпаған
 Ол – қызыл гүл
 Таза нұр
 Ол жас шыбық
 Қатпаған.

Мысал ақынның «Съезге тарту» деген өлеңінен алынып отыр. Мұндағы метафоралық салыстырулар халық поэзиясында бұрыннан бар. Ақын баланы «балапанға», «қызыл гүлге», «таза нұрға», «жас шыбыққа» теңейді. Өлеңдегі метафоралық мағына алған бұл сөздер экспрессия-сезім тудырып, көркемдеуші құрал қызметін атқарып тұр.

Екінші – есім сөздердің түбіріне тәуелдік жалғауларының, баяндауыш тұлғадағы сөздерге жіктік жалғауларының жалғануы арқылы жасалған метафоралар. Бұл түр де ақын өлеңдерінде жиі кездеседі. Мысалы:

Айтшы күнім, неге сонша қарадың,
 Кірпігіңнен аттың бір оқ, қададың.

(«Есінде ме?»)

Сұлуым менің – аққуым
 Көлге біз де жүземіз.

(«Меруерт моншақ тіземіз»)

Білем сені, сүйем сені,
 Сырдың суы – қарт анам.

(«Сырдария»).

Мен жерімде тауымның бір тасымын,
 Орманымның бірге өскен құрдасымын.
 Сыбырлаған құрақтың сырласымын
 Күбірлеген бұлақтың мұндасымын.

(«Төрт жолдар»).

Бұл мысалдардағы метафоралы сөздер түбірге аталмыш жалғаулардың жалғануы арқылы жасалған. Сол жалғаулардың қандай қызмет атқарғандығы да жақсы аңғарылады. Метафоралы сөздерді метафора етіп тұрған да осы жалғаулар.

Үшінші – екі немесе одан да көп сөздер тіркесіп, метафоралық мағына түзетін дәстүрлі сөз тізбектері. Бұлар да ақын поэзиясында мол кездеседі. Мұндай метафоралы сөз қолданыстары, профессор М.Балақаев айтқандай, метафоралық тіркес деуге де болады. Олар әдетте бір заттың не құбылыстың сапалық белгілерін екінші бір затқа немесе құбылысқа қосып, ұштастырып айту арқылы жасалады. Олар поэтикалық шығармадағы сөз арқылы образ жасаудың тиімді жолы болып табылады.

Метафоралық тіркестердің ең көп тараған түрі – ілік септігі мен тәуелдік жалғаудағы сөздерден құралған тіркестер. Бұл тіркеске тән ерекшелік – оны құрастырушы сыңарлар жайшылықта бір-бірімен тіркеспейді. Қазіргі кезде Абай қаламынан туып, дәстүрлі метафоралық тіркестер саналатын сөз өрнектерін пайдаланбайтын қаламгер жоқтың қасы. Біз бұл түрді Ә. Тәжібаев поэзиясынан да мольнан ұшыратамыз.

Айлы түн, нұрлы жарық, мөлдір аспан,
 Әдемі, жас көңілдің құлпын ашқан.

(«Кел, жылдарым»).

Қуан, дос, қуан, бауыр, қарындасым,
 Жанында шаттық оты жалындасын.

(«Жол салып»).

Жүрек оты өшейді әлі бізде

(«Інілерге»).

Мысалға алынған жолдардағы «көңілдің құлпы», «шаттық оты», «жүрек оты» деген тіркестер – дәстүрлі метафоралар. Өлеңге жан кіргізіп, ажар беріп тұрған да осы метафоралар екені дәлел тілемейді.

Төртінші – көмекші етістіктердің қатысуы арылы жасалған метафоралар. «Еді» көмекші етістігінің демеуімен пайда болған бұл метафоралық мағынадағы сөз өренктері тек Ө.Тәжібаев поэзиясында ғана емес, ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиет өкілдерінің шығармаларында да ұшырасады. Ө.Тәжібаев өлеңдерінде олар салыстыру, балау мәнінде жұмсалған. Бұған да көптеген мысал келтіре аламыз. Жалпы, бұл тәсіл де метафоралар жасаудың құнарлы да қызықты жолы болып табылады.

Ақын өлеңдерінде кездесетін метафоралардың екінші түрі – индивидуалдық метафоралар. Бұл метафоралар суреткерлердің өзіндік сөз саптауынан ғана туады. Оларды суреткердің ана тілін байытуы, дамытуы, сөз өнерінде ашқан жаңалықтары, туған әдебиетіне тартқан тартуы, сыйы деу жөн.

Ө.Тәжібаев поэзиясына жалпы парасатты философия, жарқын бояу тән. Өмірге деген махаббат, күрескерлік рух көзге түседі. Біз, міне, осы пафосты ақынның төл метафоралық қолданыстарынан да мейлінше анық аңғарар едік және де ақын творчествосынан небір келісті метафоралық кестелерді табар едік.

Сонымен, ақын қаламына тән өзіндік метафоралық сөз тіркестері оның өлеңдерінде мол. Ақын «от», «қанат» секілді сөздерге айрықша мән беріп, оларды сан түрлі сөздермен тіркестіре отырып, метафоралық сөз өрнектеріні сырлы, сырбаз, тың түрлерін жасайды.

Мысалдар:

Оздырып мен уақыттан от кемемді,
Ұшып бара, ұшып бара жатырмын.

(«Ұшып бара жатырмын»).

Уақыт ұшып барады от қанатты,
Жақындатып жырақтан болашақты
Қайнаған қара құйын бұлт боламын
Ойымда ойнайды ұйтқып от бораным.

(«Шабыт»)

Күн батып, жайған кезде түн қанатын,
Судырап сырласқандай қоңыр желмен.

(«Бір ақын туралы әңгіме»).

Жарқырап жаным жаятын
Қағуға алтын қанатын.

(«Шабытым жайсын қанатын»).

Судырап әрең сезілер
Жылжыған түннің жүрісі

(«Жатырмын батып ойларға»)

Сол кезде бір ән талмаусырап жетті
Жалт етіп арман қанатын.

(«Арман»)

Жанымның жалынды бір оғын

Садаққа лаулата салдым да...

(«Қара түн»).

Келтірілген үзінділердегі «от кеме», «от қанат», «бұлт болу», «от боран», «жанның алтын қанаты», «арман қанатты», «жылжыған түннің жүрісі», «жанымның жалынды бір оғын» сияқты метафоралық тіркестер ақынның поэтикалық танымынан, образды ойлауынан туған. Ақын бірінші шумақта ракетаны «от кемеге» баласа, екінші шумақта сол уақыттың өзін «оқ қанатты» ракетамен салыстырады. Осы метафоралық тіркесті ақын тек уақыт пен жылдамдық ұғымдарымен шектеп қоймай, мезгілсіз қаза болған досын «от қанатқа» теңейді. Бұл метафоралық тіркестер өлеңдерге сұлу сымбат дарытып, ерекше екпін бітірген, сол туындыларды ұстап тұрған арқауларға айналған. Әсіресе, адамның «қайнаған қара құйын бұлт болуы», «жылжыған түннің жүрісінің судырап әрең сезілуі» қандай! Ақын лирикалық кейіпкер жанына үңілген, ондағы бір толқынды тулаған сәтті алға тартқан. Бейне бір оқырманды «жансыз», тірі түнмен – табиғаттың өз бөлшегімен табыстырып жібергедей. Яғни, индивидуалдық метафоралар табиғат көркінен адам жанының лебін сездіріп, оны поэтикалық, эстетикатық сұлулыққа ұштастырып жіберген.

Кеудем бір жанартаудай күркіресе,

Көңілімнен ыстық жаңбыр сіркіресе.

Бәрін айт та, бірін айт, ақында мұндай өрнекті, өрелі жолдар өте көп. Осы екі жолдың өзі-ақ көңілге талай ой салмай ма? Кеудесі жанартаудай күркіреп тұрған жанды көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Керемет емес пе? Бұл тілдік көркемдік құралдың бірі – теңеу арқылы іске асып тұрған көрініс-ахуал. Ақын творчествосындағы басқа да тәсілдердің де молдығын, мықтылығын аңғартатын бір мысал ғана. Бірақ бізге бұл жердегі керегі басқа құралдарға ауысу емес, «ыстық жаңбыр» деген метафора. Ө.Тәжібаевтың «Шабыт» өлеңінің шырайын ашып тұрған да осы қос сөз – осы бір метафора дей аламыз. Қарабайыр ойласақ, көңілде жайлау да жоқ, бұлт та кездеспейді, ыстық жаңбыр да болмайды. Бірақ осыны ақын жасап тұр, жүзеге асырып тұр. Бұл – талант, шабыт күші. Ө.Тәжібаевтай ақиық ақынның құдіреті, мәйекті метафоралық құдіреті.

Иә, басқаны былай қойғанда, ақын Ө.Тәжібаевтың метафоралы сөз қолданыстар жүйесінің өзі – бір әлем. Біз тек осы қазыналы елге бір барлау жасап, әдебиетшілеріміздің назарын аударуды мақсат еттік.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 19.04.14 редакцияға түсті.

Ж. Т. Сарбалаев

Особенности словоупотребления в поэзии А.Тажигаева

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 19.04.14.

Zh. T. Sarbalayev

The peculiarities of use of words in A. Tazhibayev's poetry

S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 19.04.14.

В статье рассматриваются вопросы языковых особенностей поэзии видного поэта А. Тажибаева. Автор особенно обращает внимание на метафорическое словоупотребление поэта.

The article considers the issues on linguistic peculiarities of A. Tazhibayev's poetry. The author of the article draws a special attention to poet's metaphor use of words.

ӘОЖ 81.367.7

Ж. Т. Сарбалаев

СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ДАМУЫНДАҒЫ АДЪЕКТИВАЦИЯ

Мақалада сын есімдердің дамуындағы адъективация рол мәселесі қарастырылады.

Адъективация – басқа сөз таптарының сын есімге ауысуын білдіретін лингвистикалық процесс. Бұл процестің нәтижесінде тілдегі сын есім категориясы өзге сөз таптарынан ауысып келген сөздермен толығып, өз ауқымын кеңейтіп отырады. Сондықтан да адъективация тіл білімінде сын есімдердің қорлану, даму көздерінің бірі ретінде танылады.

Адъективация жайында сөз болғанда, біздіңше, екі нәрсенің басын ашып, анықтап алу қажет. Оның бірі – бұл тілдің морфологиялық құрылымында ғана ұшырайтын тілдік құбылыс па, әлде онда тұрақты түрде өтіп жататын процесс пе деген мәселе де, екіншісі оның сын есімнің сөзжасам жүйесіне қатыстылығы туралы. Егер адъективация сын есім тудырудың бір тәсілі болса, онда ол сын есім жасаудың өзге тәсілдерінен қандай өзгешеліктерімен ерекшеленеді?

Біздің ойымызша, адъективацияны әрі лингвистикалық процесс, әрі сын есім тудырудың өнімді тәсілдерінің бір жолы ретінде қарастыру дұрыс болмақ. Адъективацияның процесс болатын себебі сын есімдер де тілдің бір бөлшегі санатында жалпы тілдік құрылымға тән дамудан тыс тұра алмайды. Тілдік даму барысында олар тілдегі өзге лексика-грамматикалық категориялармен сан қилы байланысқа түсіп, бірде өзі соларға сөз беріп, бірде олардан өз кезегінде өзі де сөз қабылдап, үнемі үздіксіз қозғалыста болады. Соңғы жағдай, әдетте адъективация арқылы жүзеге асады. Демек, бұл тұрғыдан қарағанда адъективация лингвистикалық процесс. Адъективация процесін мойындамау, екінші сөзбен айтқанда, тілдің дамуын танымау деген сөз. Екіншіден, адъективация сын есімдер тудырудың ең өнімді тәсілі болып саналады. Керек десеніз, сын есімдердің о баста өз алдына бөлек, жеке сөз табы болып қалыптасуы осы адъективация тәсілімен тығыз байланысты. Себебі қазіргі тіліміздегі сын есімдердің өзегі болып табылатын «негізгі» немесе «байырғы» сын сөздердің барлығы да әуел баста есім не етістік тобынан ауысып, атрибутивтік мәнде орныққаны мәлім. Мысалы, көк, ақ, жас, бай, өзге, басқа, т.б. сөздердің о баста сындық мағынада емес, заттық ұғымда қолданылып, кейін сын есім тобына ауысқаны белгілі. Сол сықылды қызыл, сары, жасыл, ауру, кебу, жүдеу, бедеу, сасық, жасық, қайнар, жанар, тау, қашаған, сүзеген, тебеген, өңкиген, дүңкиген, ұшқалақ, жаңғалақ тәрізді түрлі қатыстық мағыналарды білдіретін сын сөздердің де бір кезде етістіктің әр түрлі формалық тұлғалары болғандығы, бұлардың да сонынан адъективацияланып, атрибутив сөздер болып орныққандығы анық. Егер осы айтылғандарға шалажансар, әпербақан, жел өкпе, жел аяқ, көрсе қызар, ұр да жық, тіс қаққан, тас бауыр, без бүйрек секілді адъективацияланған күрделі сөздер мен фразалық тіркестерді қосатын болсақ, онда адъективация ескіден келе жатқан процесс, әрі сын есім тудырудың көне тәсілі деуге толық негіз бар.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда басқа сөз таптарының сын есімге айналу процесі тілдің кемеліне келген, сөздердің қолданылу позициясы әбден айқындалған қазіргі дәуірінде емес сөздердің грамматикалық кластарға жіктеле бастаған көне кезеңінде басталған. Шынында да, тарихи тұрғыдан қарағанда тілдегі лексика-грамматикалық категория – сөз таптарының барлығы бірдей бір уақытта, бір кезеңде пайда болмаған. Тілдің тарихи дамуы барысында олардың біреуі ерте пайда болса, енді біреуі әлдеқайда кеш және тыңнан емес, тілде бұрыннан бар сөз таптарының негізінде қалыптасқан. Бұл пікірдің шындығы сын есімдердің даму тарихы арқылы да дәлелдене алады. Жалпы тіл білімінде, түркологияда о баста алғашқы сын есім сөздердің зат есім тобынан ауысып келген сөздер негізінде қалыптасқаны, одан кейін олардың етістік негізді сөздермен толыққаны айтылады. Бұдан сын есімдердің әуел баста адъективация процесіне ұшыраған зат есімдер мен етістік сөздердің негізінде дербес грамматикалық категория болып орныққанын

көреміз. Мысалы, осы орайда Потебняның сын есімдердің қалыптасуы жайлы айтқан мына бір пікірін келтіре кеткен жөн сықылды: «... и в истории языков, различающихся название вещи и признака прилагательное, как выделенное из связи признаков, как более отвлеченное чем существительное, позднее существительного и образовалось из него» [1,60].

Зат есімдердің адъективациялануы, яғни олардың сын есімге айнала бастауы көне дәуірде болған процесс. Көне дәуірдегі зат есімдер өз бойларына заттық ұғыммен бірге сын, сапа туралы мәндерді де жинаған грамматикалық топ болды. Тағы да А. Потебняға жүгінсек: «...Различие между существительным и прилагательным в языке, доступном наблюдению, в историческое время уменьшается по направлению к прошедшему. С одной стороны в существительном в том же направлении от нас увеличивается атрибутивность» [1,37].

Сөйтіп о бастағы зат есімдердің атрибутивті қолданылуы тілде анықтауыш деп аталатын синтаксистік категорияның қалыптасуына алып келді. Ал анықтауыш қызметінде зат есімдердің қолданылуы, сөйтіп анықтауыш категориясының қалыптасуы бір затты екінші зат арқылы тануға негізделеді. Басқа сөзбен айтқанда, анықтауыштық категорияның қалыптасуы, «заттардың өзара салыстыру жолымен, бір-бірінен айырым белгілері мен салыстырма артық-кемдігін байқау арқылы жүреді» [2, 177].

Анықтауыш категориясының қалыптасуы өз кезегінде тілдің морфологиялық құрылымында сын есімдердің дербес грамматикалық топ ретінде орнығуына негіз қалады. Сөйтіп, зат есімдердің атрибутивтік функцияда қолданылуының нәтижесінде алғашқы сын есім сөздер пайда болды. Ондай алғашқы сын есімдердің атрибутивтік мағынасы басқа бір зат есімдермен салыстырғанда айрықша аңғарылатын дәрежеге жетті. Мысалы, қатты нәрсені, затты таспен салыстыру арқасында «тас» деген сөздің сындық мағынасы, сондай-ақ жұмсақ, сусыма жерді құммен теңестіріп қараудың нәтижесінде «құм» деген сөздің атрибутивтік функциялары дамыды. Қазіргі қазақ тіліндегі ақ, қара, көк, бай, кедей, жас, жарық, тең деген сын есімдердің атрибутивтік мәнде орнығуы дәл осы синтаксистік қолданыс нәтижесі екені де анық. Бұлар түркі тілдерінде соның ішінде қазақ тілінде де әрі сындық мәнде жұмсалудан қатар заттық мағынада да қолданылатын сөздер болып саналады. Аталған сөздердің әрі зат есім, әрі сын есім мәнінде жұмсалудың түркологияда әркім әрқалай түсіндіреді. Э.Сервортян бұларды, мысалы, түркі тілдерінің көне дәуірінде болған синкретизмнің қалдығы деп санады, В.Жирмунский ертедегі есім сөздердің есім грамматикалық жіктелісінің тілдегі көрінісі деп бағалайды [3, 117, 4, 14]. Ал Ф.Ганиев болса, бұлардың сын есім мәнінде қалыптасуын адъективация процесінің нәтижесі деп қарайды [5, 27]. Жалпы зат есімдер мен сын есімдер шығу тегі жағынан алғанда да, лексика-грамматикалық ерекшеліктері тұрғысынан қарағанда

да «бір-бірінен әлі де болса толық енші алып болмаған сөз таптарының қатарына жатады» [6, 112].

Зат есімдердің сын есім тобына ауысуының тағы бір себебі түркі тілдерінің морфологиялық жүйесінің өзіндік ерекшелігіне байланысты. Түркі тілдеріне тән үлкен ерекшелік сол, онда сын-сапа категориясын білдіретін морфологиялық тұлғалар жүйесі болмаған, тілдің даму барысында ондай жүйе қалыптасқан жоқ. Адъективацияланған кейбір етістік тұлғалары тілдің даму барысында сын есім жасайтын қосымшалар болып қайта ұғынылуы «Олардың кейбірі тек сол сөздер құрамында ғана қалса, -дейді белгілі ғалым М.Томанов, - кейбірі сын есім жасаудың актив тәсілі болып қалыптасты» [2, 178]. Сонымен, сын есімдердің жеке лексика-грамматикалық категория болып қалыптасуы лексикалық және синтаксистік қолданыс барысында болды. Адъективация тәсілі арқылы сөз арқылы толығуы тек сын есімнің сөзжасам жүйесінде аффиксация тәсілі пайда болғаннан кейін ғана бәсеңдегенге ұқсайды.

Жалпы тіл ғылымында сөзжасам мәселесі сөз болғанда, ең алдымен ауызға оның негізгі үш түрі: лексика-семантикалық тәсіл, морфологиялық және синтаксистік тәсіл деп аталатын тәсілдері алынады. Себебі, бұл үш тәсіл сөзжасамның өзге тәсілдеріне қарағанда өздерінің өнімділігімен, жаңа сөз тудыруда оралымдылық қасиеттерімен айрықшалаанады. Бұдан, әрине, сөзжасамның бұлардан басқа тәсілдері өнімсіз деген қорытынды тумаса керек. Жалпы, сөзжасамның белгілі бір тәсілдерінің тілдердің бір тобында актив, енді бір тобында пассив болып келуі, әлбетте, тілдердің грамматикалық құрылымның ерекшеліктеріне байланысты жайт. Мысалы, грамматикалық құрылымы синтетикалық тілдерде сөзжасамның жоғарыда аталған түрлерінен морфологиялық синтаксистік тәсілдер жаңа сөз жасауда жетекші, басым роль атқарса, керісінше, аналитикалық құрылыстағы тілдерде сөзжасамның өзге тәсілдері өнімді қызмет атқарады. Мысалы, ағылшын тілінде конверсиялық тәсіл сөзжасамның өзге тәсілдеріне қарағанда соны сөз тудыруда кем роль атқармайды, қайта мүмкіндігі мол, басты тәсілдерінің бірі деп саналады.

Конверсия тәсілі, әдетте, тілдегі сөз таптарының арасында болатын сан қилы сөз алмасуларды білдіретін процесс болып табылады да, жалпыламалық қасиетке ие болады. Ал оның жекелеген сөз таптарындағы көрінісі әр түрлі термин сөзбен аталады да бір жағынан конверсиялық тәсілдің бір түрі не бір формасы болып танылады. Екінші жағынан, олар сол сөз табын жаңа сөзбен толықтыратын бір көз есебінде, яғни сол сөз табының сөзжасамының бір амалы, тәсілі ретінде қабылданады. Осы тұрғыдан адъективация тәсілі конверсияның сын есімге қатысты формасы болып саналады.

Адъективация тәсілі арқылы сын есім сөз тудыру өте күрделі процесс. Егер морфологиялық амал бойынша жаңа сөз жасауда сөз тудырғыш аффикстер шешуші роль атқарса, мұнда оған аталған тәсілдің барлық жақтары, атап айтқанда, лексикология да, морфология да, синтаксис те

шешуші фактор болып қатысады. Керек десеңіз, тіпті оларда болып жататын түрлі тілдік құбылыстар мен түрлі процестер де, мысалы, лексикология саласындағы сөз мағынасының кеңеюі мен тарылу заңы, сол сықылды тілдің морфологиялық құрылымындағы сiңісу және жылысу құбылыстары, синтаксистегі сөздің әртүрлі позициялық құбылыстары, сөздердің тіркесімділік қасиеттері тәрізді тілді әр қырынан сипаттайтын жайттар адъективация тәсілі арқылы сөз тудырудан шет қала алмайды. Тілдің белгілі бір қабатында болған өзгерістердің салдары оның басқа бір қабатындағы болған өзгерістердің салдары оның басқа бір қабатындағы сондай бір жүйеге өз әсерін тигізуі мүмкін. Өйткені тіл – біртұтас организм секілді жанды құбылыс. Адъективация арқылы сөз тудырудың қиындығы да, міне, осында.

Жоғарыда адъективация тәсілі арқылы сөз тудыру тілдің барлық салаларымен ұштасып жатады дедік. Енді сол мәселеге кеңірек тоқталайық. Айталық, лексикологияда сөз мағынасының дамуы шешуші роль атқарса, мұнда да сөз тудырудың адъективация тәсілінде басқа сөз таптарына жататын сөздердің сындық, сапалық бағытта дамуының маңызы үлкен. Осы орайда белгілі ғалым А.Е. Ковалевскаяның: «Что при анализе переходных явлений среди части речи семантический фактор является важнейшим», -деген ескертпесін еске алсақ та жеткілікті (Ковалевская, 62). Сөзжасамның морфологиялық тәсілдеріне сөз тудырғыш аффикстердің үлкен роль атқарғаны мәлім. А.Смирницкий сөз таптарының бір-біріне ауысуында парадигмаға үлкен мән беріп, оны адъективациялық тәсіл бойынша сөз жасаудың басты шарты дейді: «Конверсия есть такой вид словообразования, при котором словообразовательным средством служит сама парадигма слов» (Смирницкий, 37).

Тілдің морфологиялық құрылымында болатын сiңісу құбылысында басқа сөз таптарының адъективациялануы процесінің зор роль атқарғаны байқалады. Морфологиялық сiңісу құбылысының ролі, әсіресе, адъективтенген етістік тұлғаларында жиі байқалады. Мысалы, қызыл /қыз+ыл/, жасыл /жас+ыл/, ұзын /ұз+ын/, ұзақ /ұз+ак/, кіші /кіш+і/, үлкен /үл+кен/ сықылды байырғы сын есімдер о баста түбір мен қосымшаның өзара сiңісіп, адъективациялануынан қалыптасса, жаңсақ /жаң+сак/, таңсық /таң+сық/, қырсық /қыр+сық/, бықсық /бық+сық/ секілді атрибутивтер түбір мен түбірдің әбден көнеленіп, адъективациялануынан жасалған.

Адъективация бойынша сөз тудыру синтаксиспен де байланысты. Адъективациялық тәсілдің синтаксистік жүйемен байланысын, осы орайда, екі ыңғайда түсіндіруге болады: а) басқа сөз таптарының сөйлемде өз функциясын өзгертіп, анықтауштық позицияда қолданылуы; ә) өзге сөз таптарының сөз тіркестерінде адъективациялануы. Өзге сөз таптарының өздеріне тән қалыптасқан синтаксистік функциясын өзгертіп, анықтауштық позицияда қолданылуы олардың адъективизациялануының алғы шарты

болып табылады. Тіл білімінде адъективацияланған сөздерді кейде уақытша адъективтенген не болмаса түпкілікті адъективтенген деп қарастыру осы синтаксистік қолданыстармен байланысты қалыптасқан. Профессор А.Юлдашев бұл орайда: «Употреблять в своем новом значении регулярно, слово отрывается от своих прежних значений, сохранившихся в нем связей с другими словами и постепенно приобретает новые конструктивные связи не совместимые с прежними и характеризующие по нормам данного языка», -деп жазса (Юлдашев, 79), В. Мигирин: «Важно отметить, что переходность может начинаться с изменением синтаксической функции. Но все функциональные свойства новой части речи слова приобретает после того, как процесс конверсий затронут и другие признаки этого слова», -дейді (Мигирин, 150). 5-7ғ. Жазылған Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде сын есімдер сан жағынан аз болуымен бірге олардың қолданылу сферасы да, мағыналық мәнерлері де шағын болады. Қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де бағыныңқы сыңары сын есім түрінде келген сан алуан үлгідегі сөз тіркестері кездеседі. Бұған себеп – сын есім категориясын толықтырған адъективация процесі нәтижесінде жасалған сөздер мен аффиксация тәсілі арқылы қалыптасқан лексемалар. Адъективация тәсілі арқылы қалыптасқан сын есімді сөз тіркестерінің үлгілері мына түрде болып келеді: жорға ат, өзге кісі, басқа жұмыс, қабаған ит, тебеген ат, сүзеген сиыр, ауру адам, т.б. Мысалдардың ішінде жорға ат, басқа жұмыс, өзге кісідеген конструкциялардағы жорға, басқа, өзге сықылды адъективтенген сөз тұлғалары өзіне назар аудартады. Профессор Томанов жорға сөзін жорыт сөзімен салыстыру арқылы о баста жор/йор деген синкретті түбірдің болғанын айтып, ондағы -ғы элементін түбірге кіргізіп, барыс септік жалғауы деп түсіндіреді (Томанов, 61). Е. Ағманов болса жорға сөзінің адъектив болып қалыптасуында тілдегі үнем заңының да әсері болғанын айтып, жоғарыдағы М. Томановтың пікірін былайша толықтырады: «Барыс септігіндегі сөзді зат есім меңгере алмайды. Олай болса бір кезде жорға сөзі мен ат сөзінің арасын байланыстыратын аралық звено болуы мүмкін, ол сөз барыс септікті меңгере алатындай қабілетке ие болуы керек. Осының негізінде оны шамамен былай конструкциялауға болатын секілді: жорыққа мінетін ат... Сонымен тілдік үнем заңының әсерімен анықтауштық қызметтегі есімше түсіп қалып, сөз тіркесі ықшамдалған да оның қызметін жорға сөз атқара бастаған» (Ағманов). Басқа жұмыс, өзге кісі деген сөз тіркестеріндегі басқа, өзге сөздерінің адъективациялануында да осы процестер болуы ықтимал. Профессор А. Ысқақов өзге, басқа сөздерін басқа сөз таптарының семантикалық жақтан дамып, адъективтенуі деп көрсетеді (Ысқақов, 172). Біз бұдан адъективация жайында зерттеу жүргізген кейбір ғалымдардың «адъективациялану сөз тіркестерінің аясында жүреді» дейтін пікірлерінің шындықтан онша алыс жатпағандығын көреміз (мысалы, Ю.Г. Жлуктенко).

Басқа сөз таптарының адъективациялануының тілдік себептері қандай? Дәлірек айтқанда, лексика-грамматикалық категориялардың сын есімге айналуының тілдік себептері неде? Біздіңше, өзге сөз таптарының сын есімдер қатарына ауысуының басты себебі сол, тілдің лексикалық құрамында атрибутивтік белгілерді, сын-сапаны білдіретін лексемалардың аздығында, заттар мен құбылыстардың бойында ұшырайтын сан алуан қасиеттерді, сындарды атап көрсетуге тиісті сын есімдер категориясындағы лексикалық параллельдің жеткіліксіздігінде. Сын есімдердің жаңа атау сөздерге деген мұқтаждығы, әлбетте, тілдегі лексемаларға бай лексика-грамматикалық категориялардың есебінен өтеледі. Ал қазақ тілінде ондай лексемаларға ең бай сөз таптары – зат есімдер мен етістіктер. Сондықтан да қазақ тілінің сын есім категориясындағы адъективацияланған сөздердің дені өзге сөз таптарына қарағанда етістік тұлғалары мен зат есімдер болып келетіндігінің себебі, біздіңше, міне осында.

Адъективацияланған сөздерді де сындық сипаты мен сын есімнің мәні мен грамматикалық ерекшеліктерін қабылдау дәрежесіне қарай уақытша адъективтенгендер және түпкілікті не толық адъективтенген деп екі топқа бөлуге болады. Уақытша адъективтену құбылысы басқа сөз таптарының сөйлем ішінде кезеңдік сын есім мәнін иеленуімен байланысты болып келеді. Егер уақытша адъективтенген негіздер мен тұлғалар атрибутивтік функцияда тұрақты қолданыс табағын болса, олар бірте-бірте сын есімнің мәнін және оның грамматикалық ерекшеліктерін өз бойларына сіңіріп, атрибутивтер тобына біржола, түпкілікті ауысады. Толық немесе түпкілікті адъективацияланған сөздердің уақытша адъективацияланған тұлғалардан басты айырмашылығы сол, бұлар сын есімнің мәні мен қызметінде әбден тұрақталады. Әуел баста қатыстық мағынаны білдіретін кейбір адъективацияланған сөздер тіпті сапалық мәнді де иеленіп, сын есімге тән шырай формаларымен түрленеді: толықтау, арықтау, жүдеулеу, кебулеу, үлкендеу, кішілеу. Сондай-ақ түпкілікті немесе толық адъективтер реестр сөз дәрежесіне жетеді де, түрлі лингвистикалық сөздіктерге сын есім сөз ретінде енеді. Оған мысал ретінде қазіргі қазақ тіліндегі өркөкірек, алаңғасар, шала жансар, бір тоға, жалаңаш, жарымжан, кішіпейіл, көнетоз, көнтерлі, төртпақ, қашаған, ауру, тасбауыр, ұр да жық, т.б. ауыспалы мағынада қолданылуға бейім тұратын лексемаларды, бір сыңары, болмаса екі сыңары да делексикаланған әрі деформаланған біріккен сөздер мен күрделі сөздерді, идиомаланған сөз тіркестерін көптеп келтіруге болады. Бұлардың да толық адъективацияланғандығы сонша, олар да салалық сын есімдер ғана түрлене алатын шырай формаларымен де өзгере алады: көнетоздау, шала-жансарлау, көрсе қызарлау, төртбақтау, т.б.

Басқа сөз таптарынан ауысып, адъективацияланған лексемаларды құрамына қарай жалаң адъективтер және күрделі адъективтер деп екі

топқа бөлуге болады. Жалаң адъективтерге негізінен бір ғана сөзден не негізден тұратын лексемалар жатады: қашаған, сүзеген, ақсақ, қызу, бітеу, т.б. Ал күрделі адъективтер кем дегенде екі компоненттен, кейде одан да көп сыңарлардан құралады: ұр да жық, әпербақан, безбүйрек, шалажансар, желаяқ, жатып ішер, кішіпейіл, т.б. Күрделі адъективтер тұлға жағынан біріккен, күрделі сөз, фразеологиялық тіркестер түрінде де келе береді. Адъективацияланған сөздер сондай-ақ шығу тегіне қарай, яғни қай сөз табынан ауысып келгендігіне орай есім негізді адъектив, етістік негізді адъектив, есімдік негізді адъектив, т.б. топтарға бөлінеді.

Сонымен, қорыта айтқанда, адъективация процесі сын есім категориясының қалыптасу және даму көздерінің бірі ретінде танылуы тиіс. Қазақ тіл білімінде де адъективация тәсілі арқылы сөз жасау әлемдегі басқа тілдердегідей сын есімнің сөзжасамының бір жолы ретінде қарастырылуы қажет деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Потебня, А. А.** Из записок по русской грамматике. - Москва, 1968.
- 2 **Томанов, М.** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. - Алматы, 1988.
- 3 **Севортян, Э. В.** Из истории имен прилагательных в тюркских языках. - Москва – Ленинград.
- 4 **Жирмунский, В. М.** Происхождение категории прилагательных в индоевропейских языках. // ИАН СССР, - Москва, 1946.
- 5 **Ганиев Ф. А.** Конверсия в татарском языке. - Казань, 1986.
- 6 **Жұбанов Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1966.
- 7 **Ковалевская, Е. А.** Субстантивированные прилагательные, их функционирование. - Ленинград, 1970.
- 8 **Смирницкий, А. И.** По поводу конверсии в английском языке // Иностраный язык в школе. 1954, №1.
- 9 **Юлдашев, А.** Конверсия в тюркских языках и ее отражение в словарях. 1970, №1.
- 10 **Мигирин, В.** Очерки по теории процессов переходности в русском языке. - Бельды, 1971.
- 11 **Жлуктенко, Ю.** Конверсия в современном английском языке // Вопросы языкознания, 1958, №5.
- 12 **Бережков, С.** Переход причастия в прилагательные. //Русский язык в школе, 1977, №2.
- 13 **Потебня, А.** Из записок по русской грамматике. - Москва, 1965.
- 14 **Боровлев, А.** Процесс адъективации в руссколм литературном языке. - Киев, 1984.
- 15 **Томанов, М.** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. - Алматы, 1988.

16 Ағманов, Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. - Алматы, 1986.

17 Ысқақов, А. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1991.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 19.04.14 редакцияға түсті.

Ж. Т. Сарбалаев

Роль адъективизации в развитии имен прилагательных

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 19.04.14.

Zh. T. Sarbalayev

Role of adjectivisation in the development of adjectives.

S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 19.04.14.

В статье рассматривается вопрос роли адъективизации в развитии имен прилагательных.

The article considers the issue of the role of adjectivisation in the development of adjectives.

ӨОЖ 882.151.212.2

Ж. Т. Сарбалаев, Е. Ж. Сарбалаев

ӨМІР ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жырларындағы қоғамдық-әлеуметтік өмір шындығы)

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэзиясындағы шындық және өмір мәселесі қарастырылады.

Адамның қоғамдық-әлеуметтік ғұмырын мәдени-рухани тұрғыдан тұтас қарастырар болсақ, әрқашанда оның үш ұстын-тіректен түзілгенін немесе түзілетінін байқауға болады. Рас, экономика – тұғыр, іргетас, адам тұрмысының негізі. Тіпті сананы тұрмыс билейтіні де ақиқат. Алайда

адам тұрмысы қандай деңгейде болса да, адам – тек ас ішетін тіршілік иесі емес, оған қашанда рухани игілік, жан азығы ауадай қажет. Міне, осы рухани азық-игілік үлкен-үлкен үш бөлік: тіл, діл және діннен тұратыны, құралатыны адамға да, ғылымға да бағзыдан мәлім шындықтар. Біздің бұл жерде тілді бірінші айтуымызда да айдай анық гәп-себеп бар. Өйткені, тіл – барша адам үшін, оның ішінде алаш үшін де алғашқы әрі ең қат қажеттілік. Бірақ Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген кездегі қазақтың бір бақыты, мына бізден керемет бір артықшылығы – бұларда *тіл мәселесі* болған жоқ. «Сөзді бұзбай сөйле, шешендік танытайық» дегендей ескертулер айтылмаса, қазақ тілі аман-сау, азат болатын. Мына біздің заманымыздағыдай тіл тұралап, басқыншылыққа ұшыраған жоқ, отарланған жоқ. Сондықтан да «өнер алды – қызыл тіл» иелеріне Абай айтқандай көркемдік сын айтылмаса, Мәшһүр Жүсіп заманында тіл түзеу – тілді кеңейту, тәуелсіз ету мәселесі күн тәртібіне көтерілмеген, қойылмаған еді. Нақ сол себептен бізге Мәшһүр Жүсіп поэзиясына қатысты тіл түзеу мәселесін қозғаудың қажеттігі жоқ болды.

XIX-XX ғасырларда дін, діл түзеу қазақ әдебиетінде белсенді тақырыптардың бірі болды. «... Олардың түсінік танымы бойынша отаршылардың келіп, үстемдік жүргізуінің ақырзаман орнағаннан айырмашылығы жоқ. Бұл ақындар келер күнді заманақырға бара жол деп есептеді. Ақындық пен қайраткерлік бір арнаға тоғысты» [1, 33б.],- деген немесе «XX ғасырдың бас кезінде ақындар патшалық Ресейдің қазақтың жерін алумен бірге, оның өзін әртүрлі саясатпен жою мақсатын жүзеге асыруға жанын салғанын сезді, тіпті жерімен қоса, діні, ділін, тілін алу жағын да ойластырды» [2, 12б.] деген пікірлерден кеңестік қатал саясаттың халық санасына сыналап кіруі үлкен қауіптің басын көрсетеді.

Әдеби мұра-көпшіліктің қазынасы. Оның әлеуметтік мәні тереңдеп, көркемдік-эстетикалық қуаты артқан сайын ұлттық тарих мен руханияттың жәдігері ретіндегі бағасының жоғарылайтыны ақиқат. Ал, діл түзеу, яғни қалың қазақтың жан дүниесіне жарық түсіріп, әдебиетін дамытып, көнбесе – ащы сын арқылы оң жолға бұрып, мәдениетін көтеріп, қалыптастыру, өнерб. ілімге бет бұрғызу арқылы алға бастыру, ілгері ел болуына көмектесу нағыз – ел түзеу. Мұның өзі кейде еріксіз саясатқа да соқтырып, халық азаттығын, ел бостандығын еріксіз айтуға да ұласып кететіні жоқ емес. Міне, бұл тақырыптың өте өзекті де маңызды мәселе болатыны сондықтан. Әрине, бұл жерде ділден дінді бөлек ажыратып алып тастай алмайсың. Десек те ақын шығармашылығында тікелей дін түзейтін өлең-жырлар бар да, тікелей діл түзейтін, ел түзейтін өлең-жырлар және бар. Олардың өзі онша аз да емес, мол, ақын шығармашылығындағы үлкен бір арна десек адаспаймыз.

Ақынның осы тақырыпты жан-жақты қамтып, терең қозғап, үлкен көркемдік келеге жеткізе жырлаған шығармалары қатарында «Жалғыздық», «Жасымнан үйір болдым өлең-сөзге», «Жаман әйел туралы», «Жақсы әйел»,

«Әйелдер туралы», «Қазақты жамандаушыларға», «Мына заман», «Жаман пейіл», «Малсыз дала», «Ханымбике», «Тайкелтір би», «Қажымұқан», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Қара өлен», «Қазақтың қылып жүрген жұмысы», «Үшінші ират (рет) сөз», «Нанайын ба?», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдігі екендігі», тағы басқа да өлең-жырларын атай аламыз. М.Ж.Көпейұлының шығармаларының көркемдік құндылығы мен әлеуметтік-қоғамдық тақырыпты жырлауы өз заманының жыршысы ретінде бағалауымызға жол береді. Академик З.Қабдолов: «Ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты. Өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сарынымен сабақтас. Ол қуана шалқыса да, жабырқай толғанса да, лирикада сол кездің шындығы жатады» [3,318б.],- дейді. Бұл әдебиеттің заңдылықтарынна туып отыратыны белгілі жайт.

Осы бір орайда тағы бір ой оралады. Ол – жалпы Мәшһүр Жүсіп ақынның төл шығармаларының ғылыми жүйелі іріктелген, жазылған күнайы, жылдары бойынша топтастырылған толық шығармалары жарық көрсе деген тілек-ой. Олар дүниеге келген мерзім-уақыты бойынша берілсе, ақынның шығармашылық өсу өркенін, өріс-өресін аңғарып қана қоймай, өмір жолдарын да, тағдырындағы «тар жол – тайғақ кешулерін» де, адам-азамат ретіндегі қалыптасу кезең-елестерін де қадағалай алар едік. Мұның өзі қызғылықты болып қана қоймай, қай тұрғыдан да оны әділ-түсіне бағалап, ақын өміріндегі, өлеңіндегі қайсы бір құбылысты да қапысыз танып, қателеспей түсіндіруге бастар еді.

Біздің осындай бір ойға жүлге беріп, пікір қашыруымызға себеп болып отырған туындысы – ақынның «Жалғыздық» деген өлеңі. Оның қай жылы жазылғаны белгісіз секілді, бірінші томдықта жылы көрсетілмеуі сондықтан шығар. Мұндай ретте, әрине, шығарманың көркемдік жасына, шығармашылық деңгей-тұрпатына көңіл көзін жүгірту орынды болар.

Бұл өлеңде өмірбаяндық дерек мол. Жеке бастың сыры бар. Тағдыр талайы жатыр. Ақын бала кезден көп ортасында, ел ішінде. Білім жолына түскен. Ақындық қонған. Бертін келе жігіттік тыным таптырмаған. Бәрінде де бұл зеректік танытқан. Қабілеттілік байқатып, «талай қамал бұзып, қулық, айла, амалыңды құрытқан». Бірақ еңбек еш, ақыл айран, жеміс жетімсіз бе?!

Өлеңге қыз көрмедім үйір бойы,
Сол күннен бүгінгеше өмір бойы.
Не қылсын өлеңді, өнерінді,
Байлардың салпаңқұлақ қоңыр қойы.
Текеге – ешкі, бұқаға – болып сиыр,
Сүті жоқ, тұяқ кесті, бәрі шиыр.
Өлеңге үйір құлағы таба алмай жан,
Хайуандардан жастан-ақ жүрдік қиыр [4,103б.].

Жағдай солай болса, мұның соңына түскен өлеңі жайраң жігіт, сұлу қызға керек болмаса, мал ізіндегі қауым қажетіне «жарамаса», не істеуі керек?! Бұл жердегі Жүсіп жалғыздығы – махаббат, шапқат жетпеген, көңіл толмаған рухани жалғыздық. Мұның жалғыздығы Абайдың «мыңмен жалғыз алысқан» даралығына ұласпаса да, жас шағында өлеңге үйір құлақ, жырға үйірілер қыз таба алмай, есейгенде жұрттан озықтығынан, зеректігінен, зерделілігінен соқа басы сопайып қалып қиналғанынан туылған. Қалың қазақ, қырғын қыз ішінде жүріп жалғыз қалу – Абай жалғыздығына да ұқсайтын ақын Жүсіп жалғыздығы.

Өлеңінді айтумен сарна да отыр,
Қыз қайда сенің жазған сөзінді оқыр?!
Екі көзді кісі емес – қыз құмары,
Қараңғыда табатын көзсіз соқыр [4,103б.].

Бұл – тек шайыр Жүсіп басындағы хал ма? Жоқ, сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу аз зиялы жастардың басындағы ортақ жағдай десек жаңылыспаймыз. Тек ол ғана емес. Әсіресе, ақын Мәшһүр Жүсіп үшін. Өңгіме оның жас кезінде қызға қатты қызығуымен, жақсы әйелге құмарғашық болуымен шектелмейді. Қауым қараңғылығы, халықтың артта қалуы, рухани кенжелігі – негізгі себеп.

Талай жанның қолына бердің нұсқа, Тілің ұзын болғанмен, қолың қысқа.
Пайдасыз іспен шатып бір басыңды, Құр алақан жалғаннан өттің босқа!

Жалғанда жан жолықпай өзіңе сай,
Мал жиып, бола алмадың дәулетті бай.
Үйге-түзге керексіз бір жан қылып,
Қалдырған қалай жалғыз Құдайым-ай! [4,103-104б.].

Лирикалық кейіпкер – ақын өзін аямай сынап отыр. Ол «кетпен - шот ап жер қазғанда» не шығар еді?! Жұртқа диқандық үлгі көрсете алмадым, жер емуді үйрете алмадым деп өкініп отыр ма? Жас кезімде сыйлы едім, ел қадірлеп-күтті, енді «үйге де, түзге де керексіз» болып далада қалдым демекші ме? Әрине, бұл да емес. Дегенмен Мәшһүр Жүсіп шын ақын ғана емес, діни ғұлама, толық адам болғандықтан да шындықтың көзіне тура қарайды. Мұнысы – тым қатты айту да емес, бәлкім ақиқат та шығар.

Мезгілсіз ызыңдама болып сона,
Жасына қартайсын ба саған бола?!
Қайырылып бір мұсылман дуа қылар,
Болғаның артық енді өліп мола.

Автор-ақынның бәрібір артықшылығы – ол мұнан да барқадақ табады, Алланың жазғанын көреді.

Алланың аямастан бергені – мол,
Сүйсінді көз бен құлақ, тіл менен қол.
Құдайға жүн-жабағы, тері қат па,
Қайғы һәм мехнат пен дерт – ақшасы сол.

The theme is “Sightseeing tour”. Two tourists come from Korea, who want to see some places in Astana with the hel of a guide. Dina is an guide-interpreter, who works with tourists, shows sightseeings. The first place, which they visit, is Bayterek, Dina tells historical facts, using the grammar rule (Past Simple). The second place is Khan Shatyr; an interpreter demonstrates the biggest tent in the world (Past Passive Simple). Phrases, grammar constructions, which use the heroes, will help for guides, who learn English.

After the photos there is a dialogue with audio for learners, where they can hear and read the pronunciation, replicas and constructions.

The next is glossary with new words, which learner can write and learn.

To visit	Amazing
To come from	Unusual
To represent	Giant
A monument	Transparent
Sightseeing	Entertainment

The last part is grammar rules, in which are included Past Simple and Past Passive Simple. Here user can read the theories of grammar rules with examples from the dialogues. It helps students to study the new material.

Past Simple. Use the Simple Past to express the idea that an action started and finished at a specific time in the past. Sometimes, the speaker may not actually mention the specific time, but they do have one specific time in mind.

Examples from the dialogue:

We came from Korea, since 2010 we wanted to know more about Kazakhstan after the OSCE. That's why we decided to visit Astana.

Passive Simple

In passive sentences, the thing receiving the action is the subject of the sentence and the thing doing the action is optionally included near the end of the sentence. You can use the passive form if you think that the thing receiving the action is more important or should be emphasized. You can also use the passive form if you do not know who is doing the action or if you do not want to mention who is doing the action.

Example from the dialogue:

It was built in 2002 by Norman Foster. (It was done by somebody in the past).

In the end of the course learners can pass an online exam in Skype to get a certificate of the definite level, which will help you to get a job at EXPO 2017.

The second step is to improve listening skills. From www.enuhelp.kz learners can download the dialog and listen with different speed. It's known that listening is key to all effective communication, without the ability to listen effectively messages are easily misunderstood – communication breaks down and the sender of the message can easily become frustrated or irritated.

In our article we have learned that person must have a motive to learn a foreign language, who will be interested in process of education. First, person should have an interest and desire for being motivated. Second, you must exert every effort to achieve a goal. Third, every time enlarge your knowledge and never stop.

Therefore we have created a social network site for learning English. Our educational site called: Foreign language learning (www.enuhelp.kz). This site consists of blog, which has 2 columns: for students and for service (for the EXPO 2017).

As a conclusion we would say the growing popularity of Web-2 applications can serve for many fields of our life activity and can be effectively used in education, especially in teaching FL.

LIST OF REFERENCES

- 1 www.wikipediya.com
- 2 **Leene, A.** (2007). “Web “www.sivas.com/microcontent/musings/blog/web2.”
- 3 **Warschauer, M.** (1996). Computer Assisted language learning. Introduction, p. 3-20.
- 4 Pinkman, Kathleen. (2005). Using Blogs in the Foreign Language Classroom; Encouraging Learner Independence. The JALT CALL Journal, 1/1, p. 12-24.

L. N. Gumilev Eurasian National University, Astana.

Material received on 04.03.14.

А. Н. Темирбулатова

Веб-2 қосымшаның психолінгвистік контекст ретінде пайдалануы

Л. Н. Гумилев атындағы

Ұлттық Евразия университеті, Астана қ.

Материал 04.03.14 редакцияға түсті.

А. Н. Темирбулатова

Использование Веб-2 приложений в контексте психолінгвистики

Евразийский Национальный университет

имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 04.03.14.

Бұл мақалада Веб-2 қосымшасын шет тілді игеруде қазіргі кезіндегі интерактивті әдістеменің психолінгвистік контексті ретінде пайдалануы көрсетілген.

В этой статье рассматриваются возможности использования Веб-2 приложений при обучении иностранным языкам, как одного из современных, интерактивных средств обучения в контексте психолінгвистики.

Қ. Т. Төлебаева*, Б. М. Қадырова**

Қ. АЛТЫНБАЕВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИЛЫҚ

Мақалада Қ. Алтынбаевтың «Ақырғы айқас» дастаны мен поэмаларындағы тарихилық мәселесі қарастырылады.

Ата-бабаларымыз «әдебиет» деген ғажайып мұра қалдырып кеткен. Онда қазақ елінің қанында, жанында болған қасиеттің бәрі бар. Әдебиет тарихында халықтың рухани өресі де, мәртебесі де, тұрмыс-салты да, мінез-кұлқы да көрінеді.

Қазақ халқы ақынға кенде емес. Сонау өткен ғасырда өмір сүрген жаужүрек жыраулардан бастап бүгінгі күнге дейінгі поэзия әлеміне көз салсақ қазақ халқының бүкіл ақыл-ойы, арман-мұраты, жеңісі мен жеңілісі ең алдымен ақын жүрегінен жарық береді.

Тарихқа зер салып қарасаңыз, сондай суырып салма ақынынымыз, айтыс майталманы, Семей өңірінің әдеби ортасы турасында соны пікірлер білдіріп, тиянақты зерттеулер жүргізген зерттеуші, халықтың асыл мұраларын жинаушы, шежіреші - Қ.Алтынбаев. Ақынның қаламы жүйрік, әдеби жанрлардың қай түріне болсын еркін көсіліп жазды. Нақты айтсақ, өлең, дастан, зерттеу мақалалар мен очерктері әртүрлі мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрді.

Белгілі ғалым Е.Ысмайылов: «Қалихан жазып та, қолма-қол суырып та айтатын жалынжа жас талант. Қалиханның ақындық өнер үлгісі Исаны еске түсіреді», -деп зор баға берген

Төл әдебиетіміздің өткен тарихына, оның даму жолында да поэманың басқа жанрлармен бірге дамып, айрықша орын алып келе жатқандығын көруге болады. Поэманың алғашқы нышаны сонау ерте заманнан бой көрсете бастағаны белгілі. «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобыланды» т.б. батырлық жырлар, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» секілді лиро-эпостық жырлар, одан бергі «Қабанбай батыр», «Шақшақұлы ер Жәнібек», «Олжабай батыр» т.б. тарихи жырлар, сондай-ақ шығыстық үлгідегі қисса-дастандар – терең тағлымда, күрделі құрылымды эпиканың жанр санатынан екендігі белгілі.

Ал, халық ақындары Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», Нүрпейістің «Құбағұл», Төлеудің «Ақтайлақтың толғауы», «Кешубай қиссасы», т.б. эпикалық сарындағы жыр-дастандарын да сол ауыз әдебиетіндегі қазіргі қазақ поэмаларының өзіндік бастау түрлеріне жатқызамыз. Осы тұрғыдан алғанда қазақ поэмасы ғасырлар тезінен

сұрыпталып көркемдік дәстүр құрап халықтың рухани қазынасының алтын қорына айналып отыр.

Ұлттық әдебиетімізде поэма жанрындағы көркемдік дәстүр — аса күрделі де өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Дәстүр тұтастығы әдебиеттану ғылымында өткен ғасырдан бастап кеңінен қарастырыла бастады. М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Қаратаев, З.Қабдолов, Р.Бердібай, Е.Ысмайылов, С.Қасқабасов, Р.Нұрғали, Ә.Нарымбетов, т.б., ғалымдар өз еңбектерінде халық поэзиясы мен халық ақындары шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселелеріне байланысты жан-жақты ғылыми талдау жасап, тұжырымды пікірлер айтқан.

Халық шығармашылығынан поэманың кемелденуі, өсіп-өркендеуі - өзіне дейінгі әдеби дәстүрдің ең жақсы, ең озық қасиеттерін бойына сіңіруінде. Соның ішінде қазақ халқының ежелден келе жатқан ауыз едебиетінің эпикалық дәстүрінен, әлем өдебиетінің озық үлгілерінен, халық ақындарының мейлінше нәр алып, қалыптасқаны тарихи шындық.

Қ.Алтынбаевты лирикалық өлеңдер ғана емес, көлемді көркем шығармалар да жазған эпик ақын ретінде танымыз.

Ежелгі аңыз-шежілерді, эпикалық жырларды мол игерген, жастайынан ауыз әдебиетінен сусындап өскен Қ.Алтынбаев 13 тен аса поэмаларды дүниеге әкелді. Ең алғаш «Тепек батыр», «Қойбағар батыр» атты дастандарын жазады. «Екі айқас», «Мүгедек үкімі» поэмалары азамат соғысы тақырыбына, «Революция семсері», «Дала перзенті» революционер Уғар Жәнібековтің бейнесін жасауға арналса, «Ақырғы айқас», «Мамай батыр» дастандары қазақ батырларының ерлігін мадақтап дәріптесе, «Соғыс, солдат, балдақ» поэмасының сюжеті Ұлы Отан соғысының оқиғаларынан алынған. Партизандар отрядында болып, жараланып екі жанарынан айырылған қазақ солдатын орыс жұбайы жетектеп келеді. Поэманың кейіпкері –Қалиханның өз ағасы. Қос жанары сөнген батыр солдат туған жер көркін, келбетін бір сәт болса да көруді армандайды:

Армысың, Қапанбұлақ, Балықты көл,
Бармысың бауырындағы халық түгел?
Ей, қызыл күн, қарызға бір минутке
Иненің жасауындай жарықты бер,-

деп қиыла сұрайды. Отаны үшін, елі үшін басын өлімге байлаған, қос жанары-шамшырағы болашақ ұрпақтың бақыты үшін айырбастаған солдат ерлігіне сүйінесің әрі соғысқұмар жандарға лағнет айтасың.

Талай тарихи оқиғаға куә болып, кейде мейірі түсіп, ықыластана қарап, кейде мұңая күрсінген Жер-ана өзі ғана білер тарихтың айқара жамылған беймәлім көрпесінің сырын ашқан, көне құжаттардың шаң басқан беттерін дұрыс парақтаған, ауыз әдебиетінің жемісін жете меңгерген ақын ғана өткен өмірді, оның тарихын қайта жаңғыртады.

Ұлылығын бүкіл әлем мойындаған дарындар қатары санаулы десек, сол данышпандар шоғырының ішінен қазақ халқының бір туар перзенттері, Семей өңірінің қос алыбы Абай мен Мұхтардың алар орны ерекше. Поэзия құдайы мен проза құдайының құдіреттілігін бүкіл әлем, дүние жүзі таныды.

Әлем деңгейінде өткізілген Абайдың 150 жылдық және Мұхтардың 100 жылдық мерейтойлары бұл ұлы тұлғалардың Семейдің емес, қазақ халқына ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ Абай мен Мұхтар екенін дәлелдеп берді. Мұхтар Абайды танытты, Абай Мұхтардың атын шығарды.

Қ.Алтынбаевтың «Аралдағы ақ қайың» поэма толғауы М.Әуезовтің 80 жылдық мерей тойына арналса, «Жер кіндігі-Қарауыл» атты суреттеме –дастаны ұлы Абайдың 150 жылдық торқалы тойының өтілу барсын суреттеген.

Қ.Алтынбаевтың шоқтығы биік «Ақырғы айқас» дастаны әдебиетімізге салмақты үлес қосты.

Алапат соғыстар кезінде асқан ерлік көрсетіп, мың сан қолға басшылық жасаған батырларды әрқашан қастерлеп өтеміз. Қара қылды қақ жарған әділ ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін түйіні қиын дауларды шиеленістірмей шеше білетін дана да тапқыр билерді қазақ халқы батырдан кем дәріптемеген.

Еліміз ақындар мен батырларға ежелден бай. Боранбай (Би баба) Қалмақанұлы Жоңғар басқыншылығына қарсы әйгілі қолбасшы батыр әрі Найман елінің қабырғалы биі болған.

Қ.Алтынбаевтың «Ақырғы айқас» дастанында кешегі ел басына күн туғанда ата жұртын құба қалмақ шабуылынан қорғаған ерлердің: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Би Боранбай, Шыңқожа сынды халық батырларының ерлігі өз оқырманын еліктіріп, елжіретіп, қан қыздыра жырланады. Ағыл-тегіл сөз құйылыстары, жанды қимыл, қызу ұрыс, батырлар жекпе-жегіне келгенде тіпті өршеленіп, төгіліп кетеді.

Ежелгі эпикалық жырларды, ертегі аңыз, шежіре, халық өлеңдерін мол игерген ақын өз дастанында патриоттық сезім, эпикалық екпін, лирикалық нәзіктік беруге тырысқан.

Қ.Алтынбаевтың:

Е, бұлдыр-бұлдыр күн өткен,
Бұрынғыда кім өткен.
Кер замандар кешегі
Кетер емес жүректен, -

деп басталатын дастаны тарихтың әр бетінен сыр шертеді.

Ел боп айла таба алмай
Ес кеткенде шығыпты
Қаракерей Қабанбай.
Он қазақ бірін жеңе алмай,

Жеңем деп тіпті сене алмай
Қан жұтқанда шығыпты.
Қанжығалы Бөгенбай.
Шалдыққанда шығыпты
Шапырашты Наурызбай.
Қорыққан күнде шығыпты
Қалқаманұлы Боранбай.
Шығыпты ерлер, шығыпты
Жасаққа жиып жігітті, -

деп толғай отыра, Қ.Алтынбаев қазақтың туын жоғары көтеріп «Елім деп еңірегем» батырлардың есімдеріне тоқталып өтеді.

Үйсіннің әрі қабырғалы биі, әрі орақ тілді ақыны Сарышуаш кезінде Қабанбай туралы былай толғапты:

Тоғыз таңба Найманнан,
Тоғыз құйрық ту алып,
Тоғыз түмен қол шықса,
Қол ағасы - Қабанбай.

Қабанбайдың жалғыз Найманның емес, үш жүздің жасағына басшылық еткенін, керемет тұлға екенін көрсетеді.

Сол сияқты Наурызбай, Бөгенбай батырлар да өз еліне еңбегін сіңірген жандар. Дастан жоңғарлар мен қазақ арасындағы соғысты суреттеумен өрбиді. Дастанның әр жолы қайраттықпен қайсарлыққа толы. Өткен тарихты да білдіру, ұлтын сүюге шақыру, адамшылық қасиеттерді уағыздау — ақынның басты мақсаты.

Семіз найман Шыңқожа
Жігіттің көкжал арланы.
Кең жазыққа қалың қол
Ошарылып орнады, -

деп ақын Шыңқожа батыр есімін әйгілеп, істерін дәріптеп, мадақтайды, мақтан етеді.

Тарихи тұлға - Би Боранбайдың образы ақын бейнелеуінде былайша көрінеді:

Бес Байыстың көсемі
Бұлжымастан келетін
Болжап айтқан есебі.
Ақсауытын көрпе ғып,
Тоқымы болған төсегі.
Қалқаманның баласы
Би Боранбай деседі,-

Би Боранбайдың қолбасшы батыр емес, қабырғалы би болғандығын мақтан ете насихаттайды.

Осылай бұл қоныстан ойрат ауды,
Жай аумай күңіреніп зарлап ауды.
Халықтың құдіретті дауылынан
Бүрісіп, домаланып қаңбақ ауды,-

деп ақын қазақ-қалмақ шапқыншылығы жеңіспен аяқталғанын шебер суреттейді.

Халқын тыныш өмірге кенелтіп, қамқор болған қаһарман батырлардың ерлік-істерін ақын шебер суреттейді.

Ақын:

Қалған соң олар қорғап жерді байтақ,
Біз жүрміз молшылықта үрлеп —шайқап.
Еліктей еркін жайлап ен даланың
Қырандай кеңістікті шала байқап.
...Біз енді Тәуелсіз ел -Қазақстан!
Көңілім таң нұрындай таза бүгін!

Кешегі батырларымыздың төккен маңдай терлері тәуелсіздік пен елімізге бақыт құсына әкелді.

Дастандағы оқиғалардың желісі жинақы, мазмұны тартымды.

Дастанның негізгі бағыты қазақ жерінің, халқының бостандығы, еркіндігі үшін жанын салып жүрген ерлердің күресін, қысылған шақтағы амалсыз әрекеттерін көрсету болған.

Ел, жер, халық болғаннан кейін тарих та болады. Ал, тарих батырсыз болмайды. Осындай ірі тұлғаларымыздың біздің жерімізде болғандығын мақтан тұтамыз.

Би Боранбай қазақ халқының өлең-жырында болсын, ең алдымен ауызға алынатын ардақты есімнің бірі болып тарихта қалды. Ел қорғаны болған ерлерін халық ешқашан ұмытпай, есіне сақтайды. Міне, Қ.Алтынбаевтың «Ақырғы айқас дастаны» осының дәлелі.

Қ. Алтынбаевтың «Мамай батыр» дастанында жоңғар қолына ойсырата соққы берген батырлардың ерлігін дәріптейді. Ақын сол кезеңге бүгінгі ұрпақтың кегін қозғап, елдің жылап өткен күніне ызалы жиіркеніш тудырмақ. Соның асылын аршып алып, бүгінгі заманның кәдесіне асырып, керегіне жаратпақ. Ақынның мұраты, нысанасы осындай.

Жазғаным жаманнан жиренсін деп,
Жақсысын үлгі тұтсын үйренсін деп.
Кім айтар ескі күннің шежіресі
Бүгінгі шалдарменен бірге өлсін деп
Айтарын дас ұрпаққа айтып өтсін,
Кіргенше жер қойнына сыршыл кеуде.

Сұрапыл шабуыл, рахымсыз қырғын, ауыр күйзеліс халық басына қатер тудырды. Осынау бір қиын кезеңде Ордабасында үш жүздің баласы

бәтуға келіп, ата жауға бірігіп аттануға анттасты. Әбілхайырды сарбаздыққа сайлады. Екі тізгін, бір шылбыр көреген көкірек қайратты қолға тиді.

Халық сендей соғылып тұралғанда, жеңем деп сене алмай қан жұқанда «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай сынды елім деп еңіреген ел қорғаны-батырлар шығыпты.

Ел боп айла таба алмай
Ескеткенде шығыпты
Қаракерей Қабанбай.
Жарылып бас қарбыздай
Жұлынып мойын жалбыздай,
Шалдыққанда шығыпты
Шапырышты Наурызбай.

Қ. Алтынбаевтың «Мамай батыр» атты тарихи дастанының бас кейіпкері - Мамай. Мамай образы халық жүрегінде сақталғанындай нақты да нанымды, жарқын да жалынды болып шыққан. Ақынның поэма жазуындағы тәжірибесі, көркемдік әдісті меңгеру жолындағы ізденісі, тарихты сергек сезіне білушілігі, талғамның нәзіктілігі. Мамай тұлғасының толыққанды болып шығуына көмектескен.

1728 жылы Балқаштың күнгейіндегі Таң тауында қанқұйлы ұрыс болды. Мамайдың аруақты батыр екеніні жоңғармен шайқаста танылды. Әсіресе жоңғардың жәңгір атты батырымен жекпе-жек үстіндегі Мамай ерлігі ерекше. Ақынның Мамай ерлігін жау батырын сипаттау арқылы көрсетуі де ұтымды. «Ер ермен шайқаста танылады», «Мамай батырдың белдескен осал болса, оның ерлігі де, қайрат-қимылы да онша шоқтықты көрінбес еді. Жыршы-ақынның әділдігі де осында, ол жау батырының да оңай қарсылас еместігін дастанның сюжет-композициялық құрлымында нанымды бейнелеген. Жәңгірді жекпе-жек айқаста жеңу тек батырдың батырының қолынан келетіндігін ақын айқын көрсетеді.

Көзіне тірідей дөң басында жылап қалған «Әнет баба», «емендей иілмейтін ер Көкенайдың бүгіліп бара жатқаны елестеген», намыс атына ширыққан Мамай бейнесін ақын былай сомдайды:

Мамайдың 18-ге толған кезі,
Қабылан боп күш иесі қонған кезі.
Сүйегі қорғасындай ауыр тартып,
Еті шымыр, сырты жұмыр болған кезі.
Кірпігі жөнді ашылмас жайшылықта,
Ашылар қысылтаяң қайшылықта.
Қайнаған қаһарының белгісі бұл,
Қарайды сол кез оқтай шаншылып та.

Ақын ертедегі дәстүрлік жырларда кездесетін, батырлардың жауымен жекпе-жекте күшінің басымдығын көрсету үшін қолданатын тәсілдерді дәл осы дастанында еркін қолданған.

Екеуі найзаларын төске тіреп,
Найза ұшы тесе алмай тұр сауытты іреп.
Осал жау көрінбейді екеуі де,
Алқынды самайлардан тер сіркіреп.

Дастанның сюжет желісінде, композициялық құрылысында әңгіме болатын оқиғаларды даралап, суреттеу тәсілінде ақынның өзіндік ерекшелігі, бояуы бар.

Мамай жанына жаны үйлескен жарын, ал Қызжан асылын, қайратын таныған, «армандаған бақыты зор» адамын табады. Ақын қыз сұлулығын бейнелі сөз маржандарын арқылы беріп, табиғатпен бірге өскен, біте қайнасқан, бірге жаралған халықтың әсемдік, көркемдік танымын танытады.

Жолбарыспен айқасқанда ақын «біреуі адам, біреуі аңның ері» деп батыр бейнесін ашар көркем детальды да орынды қолданады.

Жаугершіліктен үдере көшкен елдің ел үлкен арманы құнарлы жерге, жайлы қонысқа табан тіреу болған. Халқына суы-сүт, жағасы-бал қаймақ өзен-көлі бар жер тауып беретін Мамай сияқты елге пана ерлер. Мамайдың алдындағы басты мақсаты – халқына жайлы қоныс, тұрақты мекен іздеу. Осы үшін еліне Жерұйық іздеген Асақайғыдай ел аралап, жер көреді. Ақыры іздеген Жерұйығын табады.

Ақын жұпар ауасы ер Мамайдың сай-сүйегін балқытқан Орданы, табиғат көркін келісті бейнелеулермен суреттеу арқылы бізді сұлулық, әсемдік әлеміне, шынайы көркемдік дүниесіне ынтазар етеді.

Бұлағы қыз бұрымы құлап түскен,
Қалшының сәндеп өрген өрімі екен.
Шомылған сонау көлде аққу мен қаз,
Құс па әлде, құс кейістес пері ме екен?!

Мамайдың өмірінен қоштасар шағындағы соңғы ойы да салмақты. «Ел алдындағы қасиетті борышымды, парызымды өтей алдым ба?!» деп, елінің ертеңін, болашағын ойлап қам жейді.

Ақын туған жерін, халқын қалтықсыз сүйген осынау үлкен жүректі жанның жарқын образын жасап, оның халық деп соққан ізгі жүрегін танытқан. Тарихи тақырыпқа арналған бұл шығарманың бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуде ерекше маңызы болуының бір сыры осында.

Қ. Алтынбаевтың эпикалық шығармаларындағы пішін мен мазмұн, тілдік-стильдік өрнектер оның даралық сипатын айқындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Алтынбаев, Қ.** Қалбатау. Өлеңдер, толғаулар, айтыс-дастандар және зерттеу мақалалар. – Алматы : Мерей, 1997. – 179 б.

2 **Садуақасов, Ә.** Тарихыңды танып біл. – Алматы : Шартарап, 1996. – 295 б.

3 Тарихи жырлар. 1-том. – Алматы : Білім, 1995. – 288 б.

4 **Алпысбаев, Қ.** Поэма және сюжет. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – 124 б.

5 Мамай бағыр. Зерттеулер, дастан, өлеңдер. – Алматы, 1998. – 90 б.

6 Жанр және поэтика мәселелері. – Алматы, 2004. – 300 б.

**Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.;

**С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Материал 22.04.14 редакцияға түсті.

*К. Т. Тolebayeva, * В. М. Kadyrova ***

Историчность в поэмах К. Алтынбаева

*Казахский инновационный гуманитарно-юридический университет, г. Семей;

**Павлодарский государственный университет

имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 22.04.14.

*К. Т. Tolebayeva, * В. М. Kadyrova ***

Historicity in the poems by K. Altynbayev

*Kazakh Innovation University of humanity and law, Semei;

**Pavlodar state university named after S.Toraighyrov Pavlodar.

Material received on 22.04.14.

В данной статье автор рассматривает проблемы изображения исторической действительности второй половины XX столетия в поэме «Последняя битва» казахского поэта Калихана Алтынбаева.

In this article the author considers the problems of imaging of historical reality of the second half of 20th century in the poem «The Last fight» by Kazakh poet Kalikhan Altynbayev.

С. К. Шаймарданова

ОСОБЕННОСТИ ПОРТРЕТНОГО ОПИСАНИЯ В РОМАНЕ «ПУТЬ АБАЯ» МУХТАРА АУЭЗОВА

В статье проводится лингвистический анализ женских портретных описаний в романе «Путь Абая» М. Ауэзова, выявляются типы портретных описаний в авторском художественном контексте.

Описание – функционально-смысловой тип текста, в котором описываются признаки предметов, явлений, животных, человека. Описание может начинаться с общего признака или заканчиваться им. В художественной и научной литературе описание занимает чрезвычайно большое место. Описательный текст широко применяется и в публицистике, в таких газетных жанрах, как очерк, статья, репортаж, заметка, фельетон и т.д.

Описание отличается от других типов текста тем, что оно даёт представление о каком-либо явлении, предмете, лице, состоянии, действии перечислением их признаков и свойств. Роль описания различна в художественной прозе, поэзии, публицистике, официально-деловой речи. В художественном произведении описание (наряду с повествованием) – один из самых распространенных компонентов монологической речи автора.

Описание как тип текста (способ изложения), ориентированный на статическое отражение явлений действительности, противоположно повествованию. Описательный текст строится по следующей композиционной схеме: общее впечатление (или общий признак); признаки предмета, человека, явления или животного. В некоторых случаях описание может заканчиваться общим впечатлением (или общим признаком).

Описание внешнего облика персонажа играет огромную роль в художественном произведении, и зачастую отражает его душевное и эмоциональное состояние, представляя собой один из способов раскрытия характера персонажа.

Проблемой создания художественного портрета и его ролью в структуре литературного произведения занимаются многие лингвисты и литературоведы. В работах, посвященных исследованию портрета, затрагиваются вопросы формирования и развития портретного описания (Б. Е. Галанов, Г. С. Сырица), выявления структурно-синтаксических и лингвистических особенностей портрета (Е. А. Гончарова, В. М. Жирмунский, О. А. Мальцева), разработки типологии портретных описаний (А. И. Белецкий, А. Н. Беспалов, Н. А. Родионова, К. Л. Сизова).

В настоящее время большинство исследователей полагают, что портрет – составная часть художественного образа, поскольку художественный образ представляет собой совокупность нескольких портретов персонажа. Как свидетельствуют работы, посвященные исследованию портрета, портрет художественного персонажа включает описание внешнего облика персонажа (черты лица, фигуры, поза, мимика, жесты, походка, голос, одежда, возраст), движений персонажа и его жестов, которые часто упоминаются на страницах художественного произведения, поскольку в лингвистических исследованиях анализ статического портрета предполагает обращение к портрету динамическому.

Во многих лингвистических исследованиях, посвященных изучению портрета художественного персонажа, на первое место выдвигается описание его внешности, которая является главной составляющей портрета, на основе филологического анализа языковой ткани словесно-художественных описаний внешности персонажей можно выявить тот потенциал, который способствует раскрытию характера литературного героя и замысла произведения в целом.

Портретное описание может быть развернутым (подробным) и фрагментарным (кратким), сведенным к одной или двум деталям. Портрет персонажа может быть дан сразу как цельное описание в момент первого знакомства с ним на страницах книги.

Важную роль в портрете играет фон (франц. fond, от лат. fundus – дно, основание) – обстановка, среда, окружение, на котором дан изображаемый персонаж. Писатель может соединить портретное описание с бытовым фоном, пейзажным фоном, предметным миром.

В портретном описании можно разграничить чистое описание примет внешнего облика и моменты психологической характеристики персонажа. Часто эти две стороны портретного описания называют «внешний портрет» и «психологический портрет». Переход от внешнего портрета к внутреннему происходит в художественном тексте часто совершенно естественно. Для того, чтобы понять психологический портрет персонажа, важно наблюдать за его жестами, которые называют «безмолвными знаками мысли». Жесты повелительные, вопросительные, жесты отчаяния, беспомощности, грубые, нежные, детские, порывистые помогают проникнуть во внутреннюю жизнь человека.

Велика роль деталей в портретных описаниях. Это могут быть детали цветовые, телесные, детали поведения, мимические жесты, звуковые детали. Например: поющий, говорящий, плотный и тонкий в историях и сказках о великанах и лилипутах, о гномах, Дюймовочке.

Статический портрет передает объективные, относительно устойчивые или неизменные признаки внешнего облика: указания на рост, особенности телосложения, цвет кожи, глаз, и волос и др.

Экспозиционный портрет основан на подробнейшем перечислении деталей лица, фигуры, одежды, отдельных жестов и других примет внешности. Так описывались персонажи у представителей «натуральной школы» 1840-х годов – мелкие чиновники, мещане, купцы, извозчики и др., которые стали изучаться как социальные типы. Все в них должно было выдавать принадлежность к той или иной социальной группе. Такой портрет сыграл важную роль для набирающего силу реализма.

Более сложная модификация экспозиционного портрета – психологический портрет, где преобладают черты внешности, свидетельствующие о свойствах характера и внутреннего мира.

Рассматривая особенности стиля М. Ауэзова, нельзя не указать на такие важные и характерные стороны его художественного мастерства, как способность писателя четко и выпукло нарисовать портреты своих героев, органически включить портретную зарисовку в состав психологических характеристик этих героев.

Не только пейзаж и портрет, но и все компоненты и художественные средства произведения подчинены единой цели: яркому изображению характера героев.

Исследованные нами примеры женских портретных описаний в романе «Путь Абая» М. Ауэзова показал, что в существующих классификациях не представлен такой тип портрета, который содержит описание характерных черт, навыков и умений персонажа, поэтому наряду с такими видами портрета, как туалетноцентричный, колороцентричный, предметноцентричный, зооцентричный, флороцентричный мы отмечаем вслед за Малетиной О.А. (Волгоград, 2004) характероцентричный портрет, содержащий информацию о характере, способностях и навыках персонажа, а также рассматриваем основные модели его создания.

1. Туалетноцентричное портретное описание

В нем наблюдаются следующие составляющие элементы:

а) национальные женские украшения – «В косах ее звенело серебряное шолпы»; «каждый шаг ее звенит серебряными переливами дорогого украшения»; «слышал звенящую песню шолпы»; «сплетая и распуская длинными гибкими пальцами шелковитые кисти шолпы»; «маленькие блестящие серьги»; «перстни, нанизанные на пальцы»; «дорогих украшений, бус»; «белые тонкие пальцы и кисти рук были унижены золотыми браслетами и кольцами, золотые серьги дрожали в ушах»;

б) женский головной убор – «белый платок»; «на ее голове бобровая шапочка»; «в шапочке из темной выдры, надетой слегка набекрень»; «весь богатый наряд Умитей, начиная с перьев филина на шапочке из меха выдры»; «порыжевшая и поношенная бобровая шапочка»;

в) женская национальная одежда – «на желтом шелковом поясе, повязанном поверх черного чапана»; «накинутый на голову красный чапан»; «черные складки шелкового чапана, накинутого на ее голову»; «белый подол ее длинного платья»; «одетая в черный бархатный камзол, обшитый позументом»; «камзол и белое платье»;

г) женская обувь – «остроносыми лакированными кебисами, облежавшими маленькие ножки».

2. Описание внешности героинь (внешний портрет)

а) описание глаз – «черные слегка навывкате глаза блестели умом и избытком жизни»; «большие, полные огня, темные глаза»; «прекрасные карие глаза»; «продолговатые темные глаза, лучистые и глубокие, окружены легкой голубоватой тенью»; «большие светлые глаза, прозрачные глаза лани»; «взгляд ее больших сияющих глаз»;

б) бровей – «тонкие брови, острые и длинные, как крылья ласточки, разлетаются к вискам»; «Темные брови, острые и длинные, разлетающиеся к вискам, как крылья ласточки...»; «удлиненные дуги узких ее (Салтанат) бровей»; «нахмуренные брови»; «взгляд ярких глаз под крутыми длинными бровями»;

в) носа – «прямой тонкий нос»; «прямой правильный нос»; «тонкая линия правильного небольшого носа»; «высокая женщина с огромным носом»; «прямой нос»; «строгая линия носа, чуть вздернутого на кончике шаловливо и прелестно...»; «прямой точеный нос»; «чуть приподнятый кончик маленького прямого носа»;

г) лица – «у нее нежное личико»; «бело-розовое яблочко подбородка»; «сияющий открытый лоб»; «щеки ввалились и покрылись морщинами»; «нежный румянец, заливавший щеки»; «с правильными чертами нежного и миловидного лица»; «благородный овал ее лица алел нежным румянцем»; «черная родинка на румяной щеке»; «белизна лица подчеркивалась розоватым оттенком кожи»; «белизна и румянец щек, то же бело-розовое яблочко подбородка, легкое и нежное»; «с белым лицом, оживленным легким румянцем»; «светлое лицо полно свежести»; «белый круглый подбородок»; ««светлый лоб»; «белый округлый подбородок»; «свежее молодое лицо, оживленное легким румянцем волнения»; «светлое смугловатое лицо»; «на ее лице появились морщины, резко выступили скулы»; «лицо ее сияло самозабвенной радостью»; «бледное от гневной обиды лицо»; «его поразило лицо Тогжан: «в ее осунувшемся, сосредоточенном лице было столько горя»; «глубокие морщины избороздили ее лицо»; «на ее бескровном, усталом лице ясно выступали голубоватые жилки»; «лицо ее было полно такой чистой, такой трогательной красоты»; «широкое лицо приобрело вялую желтизну, морщины на лбу углубились и удлинились»;

д) зубов, улыбки – «живая улыбка обнажала сверкающий жемчуг зубов»; «улыбаясь сдержанно, но чуть лукаво, приоткрывая белые ровные зубы»; «белые зубы сверкнули в приоткрывшихся губах»; «сверкает крупный жемчуг зубов»; «спряталась сияющая вереница зубов»; «алые губы ее слегка дрожали, открывая ряд ровных белых зубов»;

е) тела – «плавно неся потучневшее тело»; «невеста казалась худенькой, но довольно высокой и стройной»; «высокая, стройная и статная»; «статная Нурганым поражала своей красотой»; «стан Нурганым так строен и гибок»; «грузная, располневшая за последние годы»; «худощавая женщина лет сорока хозяйничала у огня»; «высокая»;

ж) волос – «волосы, черными волнами падающие на спину»; «и волнистыми иссиня-черными волосами»; «с гладко зачесанными на висках блестящими волосами»; «волосы, черные, шелковистые»; «с пышными косами, отливавшими бронзой»; «обвить себя этими длинными шелковистыми волосами, отливающими темной бронзой»; «гладко причесанные волосы отливали темным золотом»;

з) шеи – «мягкая линия белоснежной шеи»; «чудесная шейка белела»; «на гибкой шее белый снег лежит» (поэтическое описание из стихотворения юного Абая);

и) рук – «белые тонкие пальцы»; «длинными гибкими пальцами»; «горячие, мягкие, чуть влажные руки»; «к ее маленьким, скрюченным старостью пальцам»;

к) губ – «алые губы, тонко очерченные и по-детски наивные»; «алые губы»; «уголки полных губ».

3. Описание психического состояния героинь

– «безвольная, застывшая в своем горе»; «смущается»; «чуткая»; «веселая»; «ее светлое смугловатое лицо вспыхнуло горячим румянцем от корней волос до подбородка и тотчас же побледнело. Уголки полных губ слегка дрожали от волнения»; «жизнерадостная»; «бледное от гневной обиды лицо»; «взгляд ярких глаз под крутыми длинными бровями стал строже, углубленнее и задумчивее».

4. Описание физического состояния

– «чохнет на глазах»; «побледнела, поблекла»; «слабая и изнуренная»; «больной, исхудалой».

5. Характероцентричное описание

– «с врожденным благородством»; «гостеприимна, проста и щедра»; «приветливость»; «робкая, застенчивая»; «сварливая и язвительная»; «сочетание ... внутренней силы и дарования»; «учтивая, ласковая»; «вежливая, приветливая, со всеми на «вы» говорит...»; «простая такая, обходительная»; «своевольная балованная дочь богатого аула, она вела себя свободно и независимо»; «сдержанна, учтива и полна достоинства».

6. Предметоцентричное описание

– «Девушка казалась яркой утренней звездой Шолпан, сверкающей среди других»; «лицо ее было непривычно бледно, словно кто-то задул, как светильник, нежный огонь румянца»; «две крупные капли застыли, как льдинки»; «живая улыбка обнажала сверкающий жемчуг зубов».

7. Флороцентричное описание

– «бело-розовое яблочко подбородка».

8. Зооцентричное описание

– «темные брови, острые и длинные, разлетающиеся к вискам, как крылья ласточки».

В представленных выше портретных зарисовках Зере – мудрая и добрая бабушка Абая, Улжан – умная и чуткая мать поэта, старуха Ийс – угнетенная и забитая женщина, но такая же добрая и мудрая как Зере. Здесь образ прелестной девушки Тогжан, предмет первой и чистой любви юного Абая, красавицы Айгерим, заменившей своим неподкупным очарованием потерянную навсегда для Абая Тогжан. В таком же положительном плане, но с присущими каждой фигуре индивидуальными особенностями, созданы Ауэзовым образы обаятельной Салтанат, девушки человеческой души, принимавшей бескорыстное участие в освобождении Абая из-под ареста, Керимбалы – девушки несгибаемой воли и мужества. Мастерски нарисован образ жены Абая Дильды, которую муж не любит, но уважает только как мать своих детей, образ своенравной, капризной и ограниченной женщины, перенявшей мораль эксплуататорской семьи.

Самой главной особенностью в женских портретных описаниях в рассматриваемом романе является подчеркивание красоты женщины, как внешней, так и духовно-нравственной, тем более что в основном в произведении преобладают подробные описания положительных женских образов. Описываются детали женских национальных нарядов, украшений представительниц богатых семей, родов. При описании внешности героинь большое внимание автора уделяется характеристике глаз, лица и волос, как правило, в описаниях этих деталей внешности молодых женщин передается чрезвычайное восхищение мужчины необыкновенной красотой чарующих женских глаз, прекрасного лица и чудесных пышных длинных волос, это, по сути, восхищение восточного мужчины, так как именно на Востоке очень ценится красота женских глаз, лица и волос. Прекрасные внешне героини, как правило, у автора являются прекрасными и внутренне: они благородные, чистые, честные, способные на самопожертвование ради любви, способны на подвиг. Известно, что сам М.Ауэзов длительное время находился под влиянием восхитительной восточной литературы, яркими представителями которой являются великие поэты: Омар Хайям, Навои, Низами, Физули, Саади, Рудаки и др.

Примечательным является то, что в авторском контексте прослеживаются типологические признаки характероцентричного портрета, к которым относятся описание умственных способностей, личностных характеристик, моральных качеств и социального положения, возраста, образования, профессии описываемых персонажей.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 **Беспалов, А. Н.** Структура портретных описаний в художественном тексте среднеанглийского периода. – Дис. ... канд. филол. наук. – М., 2001. – 160 с.

2 **Богин, Г. И.** Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов. – Автореф. дис. ... доктора филол. наук. – Л., 1984.

3 **Богуславский, В. М.** Словарь оценки внешности человека. – М., 1990.

4 **Быкова, И. А.** Лингвостилистические особенности портрета персонажа в художественной прозе А. Чехова. – Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Ростов-на-Дону, 1988. – 24 с.

5 **Быкова, И. А.** Типология портрета персонажа в художественной прозе А.П. Чехова // Языковое мастерство А.П. Чехова. Ростов н/Д, 1990. – с. 38-46.

6 **Малетина, О. А.** Лингвостилистические особенности портрета как жанра художественного дискурса : На материале произведений Т. Драйзера. – Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2004. – 27 с.

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 22.04.14.

С. Қ. Шаймарданова

М. Әуезов «Абай жолы» романындағы әйел бейнелері сипаттамалары
С. Торайгыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 22.04.14 редакцияға түсті.

S. K. Shaymardanova

The female portrait descriptions in the novel «Abai's Way» by M. Auezov
S. Toraihyrov Pavlodar state university, Pavlodar.
Material received on 22.04.14.

Бұл мақалада М. Әуезов «Абай жолы» романындағы әйел бейнелері сипаттамаларының лингвистикалық талдауы жасалған, сонымен қатар, авторлық көркем мән мәтіндегі бейнелер сипаттамаларының түрлері қарастырылған.

In the article there is presented a linguistic analysis of the female portrait descriptions in the novel “Abai’s Way” by M. Auezov, are identified the types of portrait descriptions in the authors artistic context.

ӘОЖ 371.416.2:310.3

М. Х. Шаяхметова, Ш. Қ. Абдразахова

СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІНІҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ДАМУЫ

Мақалада қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің дамуы жөніндегі өзекті мәселелер қарастырылады.

Тілдік категориялардың басқа да түрлері сияқты, сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің де өзіне тән қалыптасу, даму тарихы бар. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері – тіліміздің грамматикалық құрылысында ертеден келе жатқан синтаксистік құбылыс. Бұған көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін деректер айқын айғақ бола алады. Мысалы, Орхон-Енисей жазуларында сөйлемнің тұрлаулы да, тұрлаусыз мүшелері де бірыңғай түрде кездеседі: Бірыңғай бастауыштар: *Табғач, оғуа, қытан бу үчегу қабысыр*. Бірыңғай баяндауыштар: *Біз сүнүстіміз, санчдымыз. Түрк будун елті, алқынты, йоқ болты*. Бірыңғай толықтауыштар: *Ебін, барқын бұадым. Оғлын, йотазын йылқысын, барқын анта алтым*. Бірыңғай анықтауыштар: *Сарыз алтун, өруң күмүш, қыз кудуә, егритебі, ағы бұнсуә келтүрі. Алтун шуңа, йааш кейікті арыт ығлат-ұлғат, удачына барсым адырылу барды, йыта*. Бірыңғай пысықтауыштар: *Күн иеме, түн иеме йелу бардымыз* [1]. Мысалдарда көрсетілгендей, ескі жазу нұсқаларында да қазіргі тіліміздегі сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері тегіс бірыңғай болып кездеседі, бірақ олар осы күнгідей жиі кездеспейді. Бұлардың ішінде адам аттары, жер, су, ру аттарының санамалап көп аталуына байланысты сөйлемнің басқа да мүшелеріне қарағанда, әсіресе, бірыңғай бастауыштар мен бірыңғай толықтауыштар көбірек қолданылған. Ал құрамы жағынан бұл жазулардағы бірыңғай мүшелер, көбінесе, бір сөзден жасалған дара болып келеді, қазіргі тіліміздегідей жай сөйлемнің құрамын ұлғайтып,

көлемін кеңейтіп күрделендіру сирек кездеседі. Ескі жазбаларда сөйлемді күрделендіріп құрудан гөрі дара, жеке айту әдісі басым болғандығы зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген: «Көне замандағы тілдерде, тіпті қарапайым халық тілінде де сөйлемдерді белгілі грамматикалық, стильдік жүйелі тілдермен құрмаластырып, ұластырып айтудан гөрі, жай сөйлемді дара, жеке айту дағдысы күшті болған. Керісінше, бірнеше сөйлемдерді, шумақты сөз тіркестерін ұластырып, қиюластырып күрделендіру әдеби тілге тән» [2]. Бұл жағдайды Н.Т. Сауранбаев та айтқан: «Заман өткен сайын адам баласының қоғамдық, шаруашылық, мәдени тұрмысының бір басқыштан екінші басқышқа көшіп отыруына байланысты тілдің синтаксистік құрылысы да бірте-бірте дамып отырады. Неғұрлым қоғамның алыс уақыттағы дәуірлеріне терең бойлай берсек, тілдің құрылысының да соншалық жабайы болатынын көреміз. Сол сияқты неғұрлым осы заманға жақындаған сайын тіл құрылысының қиындығын, жаңаланғанын көреміз» [3].

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінде кездесетін бірыңғай мүшелердегі және бір ерекшелік – қазіргі тіліміздегі бірыңғай мүшелерді көбінесе тұлғалас болғандықтан шұбалаңқы етпей, ықшамды етіп айту үшін морфологиялық көрсеткіштер мен көмекші сөздер бірыңғай мүшелердің бәріне ортақ етіліп, бір-ақ рет ең соңғысына ғана жалғанса, ал ескі жазуларда керісінше, мұндай грамматикалық тұлғалар мен көмекші сөздер бірыңғайлардың әрқайсысына жеке-жеке жалғанып келуі жиі кездеседі. *Сіз еліме, кунчуйума, оғланыма, будунума – сізіме алтмыш йашымда адырылтым. (Сізден, елімен, ханымнан, ұлымнан, халқымнан, алтыс жасымда айырылдым, яғни қайтыс болдым). Қадашыма, кешірме, азақ (лығ) атыма, йыта қара будыныма адырылтым, йыта екен. (Жолдасымнан, белбеуімнен, аяқты атымнан, қасірет шегіп, қара халқымнан айырылдым, қайтыс болдым, қасірет шегемін).*

Кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, тіл дамуының көнерек заманында сөйлем құрамындағы сөздерді, сол сияқты жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын, қазіргі дәнекерлер, тәсілдер болмаған. Сөздер бір-бірімен көбінесе тұрған орындарына, мағыналарының жақындығына қарай қабыса байланысқан. Бірыңғай мүшелер арасы интонация арқылы да байланысады. Бірыңғай мүшелер арасындағы интонация тарихи жағынан алғанда жалғаулықты шылаулардан анағұрлым көне және оның қолданылу, жұмсалу өрісі жалғаулықтардан анағұрлым кең. Ал Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің тілінде бірыңғай мүшелердің жалғаулық арқылы байланысқан түрлеріне қарағанда, жалғаулықсыз, яғни мағыналары бір-біріне жақын сөздердің өзара іргелесіп, тіркесіп келген түрлерін жиі кездестіреміз: *Ер ердедім, адақы, егечіме, ана, егмеч, егет йерілтім. (Ерлігімнен, атамнан, анамнан, әйелімнен, күңімнен жеріндім, айырылдым, яғни қайтыс болдым). Қадашым, күнім, йыта, адырылтым сізіме, өз күмүш будунум, йыта,*

адырылтым. (Жолдасым, тұғаным, эттеген-ай, айырылдым, (қайтыс болдым) сізден, өзімнің күміс халқымнан, қайғы шегіп, айырылдым). Ечүміз апамыз Бумын қаған төрт булуңығ қымыс йығмыс йаймыс, басмыс ол қан йоқ болтунда кесре ел йітміс ычғынмыс қачышмыс. (Ағамыз, атамыз Бумын қаған дунниенің төрт бұрышың қысты, жықты, жеңді, басты. Ол хан кейіннен жоқ болғанда ел құрыды, тарап кетті, қашып кетті.) [4].

Сирек те болса бірыңғайлардың жалғаулықтар арқылы байланысып келетін түрлері де кездеседі. Оның өзінде де қазіргі тіліміздегі бірыңғай мүшелерді байланыстыру үшін жұмсалып жүрген жалғаулық шылаулардың бәрі бірдей емес, кейбіреулері ғана ұшырасады. Мысалы, «Да/де» жалғаулығын осы күнгі қалпында ескі орхон жазуларынан ұшыратуға болады: *Анта кісіре інісі қаған болмыс арінч, оғлы та қаған болмыс арінч. Ығыр а іч қағанлық да қылтым.* Ал қарсылықты жалғаулықтардың ескі жазбалар тілінде кездеспейтінін, осындай мағынаны сөйлемдердің лексикалық мағынасының ара салмағынан байқауға болатындығын Р. Әміров аталған еңбегінде айтқан еді. Көне түркі жазу нұсқаларында кездесетін сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің құрамын қазіргі тіліміздегімен бірдей тепе-тең деп қарауға болмайды. Қазіргі әдеби тілімізде кездесетін сөйлемнің бірыңғай мүшелері былай тұрсын, ең көне деп есептелетін ертегілерді, халық дастандарында кездесетін бірыңғай мүшелердің өзі де алғашқы түрімен салыстырғанда дамудың талай өткелдерінен өткен, жетілген түрі деп қаралуы керек. Бірыңғай мүшелердің одан әрі дамып, жиі қолданыс табуына 15-18 ғ. қазақ жазбаларының тілі дәлел. Сол дәуірдегі жазбалар тілінің синтаксисін зерттеген ғалым Т.Р. Қордабаев «Тарихи синтаксис мәселелері» атты еңбегінде «Жамиғат тауарихтың» және «Шежіре түріктің» синтаксистік құрылысына тоқтала келе, онда сөйлем мүшелерінің барлық түрі де бірыңғай мүшелер адам, жер, су, ру аттары сияқты кілең зат есімдер жиі қолданылатынын атап көрсетеді: *Жалайыр, татар, ойрат, меркіт уа шақы андин башқа бағзы қауымдар мағұл ішінде ерділер. Ұйғыр, қыпшақ, Қарлұқ, Қалач, Ағачар, Оғузның ағаларының ұрұғы Орхон, уа Көрхан, уа Көзхан аның аға-ұғланлары оғуз білән бірге ермес ерділер.* Бұл кездегі жазуларда, Т.Р. Қордабаевтың сөзімен айтқанда, «Сөйлем мүшелерінің көпшілігі, әсіресе, бастауыш, толықтауыш, мекен пысықтауыш, бұлардан гөрі сирегірек баяндауыш пен анықтауыш мүшелер бірыңғай түрде кездеседі. Барлық түрі дерлік негізінде, жалғаулықтар арқылы байланысады» [5]. Өлеңдері тәрізді прозасында да бірыңғай мүшелерді жиі қолдану – Абай стиліне тән тәсілдердің бірі, мысалы: *Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім – ұяты, ары, жақыны – бәрі мал. Әрберден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Ишек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, пайдалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің өлшеуі бір.* Синтаксис саласында

Абай прозасының текстерінде көзге түсетін ерекшеліктерді сөйлем қанша ұзын болса да, ондағы сөйлем конструкциясы дұрыс құрылып, ой желісі немесе бірыңғай элементтер тәртібі қатаң сақталған. Бұл – сөз жоқ, проза стилін қалыптастырудағы Абайдың табысы да, үлесі де, өзіне тән стилі де. Абай прозасында ұйқасып немесе бірдей тұлғаға қойылып, не болмаса сөз саны бірдейлестіріліп келтірілген параллель бірыңғай мүшелер, тіркестер, жеке сөйлемдер жиі кездеседі. Ұлы ақынның әдеби творчествосы осы туралы жазған басқа да еңбектердің ішінде Абай қолданған жеке сөздер мен кейбір көркемдеу тәсілдерін және грамматика саласындағы бірқатар ерекшеліктерін талдап көрсетіп келеді. Адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсету, олардың бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой-қиялына әсер ету үшін қолданылатын көркем сөздердің бір түрі эпитет арқылы суреттейді. Өмір картинасын немесе портрет жасау үшін эпитет, әсіресе күрделі эпитеттер көп қолданылады. Бір жолда бір ғана эпитет емес, бірнеше бірыңғай мүшелер, бірнеше эпитеттер қатар келген. ...*Сабырсыз, арсыз, еріншек, /Көрсө қызар, жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін, /Алты бақан ала ауыз.* [1,66]. Адамның психологиясындағы өзгеріс, құбылыстарды суреттеуде қазақ әдебиетінің классигі Абайдың да сүйіп қолданғаны осы бірыңғай мүшелер арқылы тікелей суреттеу әдісі болды. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері арқылы автор жансызға жан беріп, тілсізге тіл бітіреді, не қайғылы, не қуанышты оқиғаны суреттегенде, оған және табиғат қосылады да, оны бұрынғыдан да күшейте түседі. Шығармадағы оқиғаға табиғатты қатыстырып не қайғыртып, не қуанып суреттелген жерлер өте әдемі, оқушыны еріткендей әсерлі және күшті болып келеді. Қысты суреттеген өлеңде, қысқа адам сияқты кейіп беріп, басқан жерін сықырлатып қоюда сөйлемнің бірыңғай мүшелері жәрдемін тигізіп тұрғанын байқаймыз. Қысты әуелі ақ сақалды шалша, ақ киім киіндіріп алмаса, оны дем алғызып, басқан жерін сықырлатып жүргізе алмас еді. Міне, бұл өлеңдерінде бірыңғай анықтауыштар арқылы бірде бәйге атты сынын суреттесе, бірде жылдың төрт мезгілінің бірі – қыстың тамаша көрінісін қарт адам бейнесінде келісті суреттейді, ал енді бірде адам бойындағы жағымсыз қасиетті да санамалап, саралап көрсетеді. Шығармаларында бірыңғай баяндауыштарды да жүйелі қолдау арқылы Абай іс-әрекетке, оқиғаға көтеріңкі, қозғалмалы сипат / динамичность/ береді: *Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, /Масатыдай құлпырар жердің жүзі. /Жан-жануар, адамзат анталаса, /Ата-анадай елжірер күннің көзі. / Жаздың көркі енеді жыл құсымен, /Жайраңдасып жас күлер құрбысымен, / Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал/ Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен* [1,120]. Автор адамды, олардың амалын және басынан өткізген күйініш-сүйініштерін суреттеумен қатар, оқиғаның болған жағдайларын да суреттейді. Шығармаға табиғатты не сол оқиғаның болған жерлеріне жыл мезгілін қатыстырады: *Қырдағы ел ойдағы елмен*

араласып, /Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып [1,122]; *Қызарып, сұрланып, /Лүпілдеп жүрегі/Өзгеден ұрланып, /Өзді - өзі керегі...* [1,135].

Қазіргі қазақ әдеби тілі – сан салалы стильдік жүйелері дамып, қалыптасып жетілген бай тіл. Тілдегі бар әдіс-тәсілдер бұрынғының негізінде соңғы кезде жетіліп, қолдау іргесін кеңейтті, жұмсалы аясын молайтты. Әдеби тілдің қолданысында грамматикалық категорияларды стильдік мақсатқа сай қолдану – адамның ой-өрісі, дүние тануын да кеңейтіп отырады. Мұндай зандылық бірыңғай мүшелердің қолдануы сипатынан да байқалады.

Көркем әдебиет стилінде бірыңғай мүшелі сөйлемдердің экспрессивтік рөлі тек оның мағынасымен, байланысу тәсілдерімен ғана емес, сонымен қатар олардың сонымен де байланысты келеді. Сөйлемде бірыңғайлар қатары: қос/екі/ мүшелі, үш мүшелі, көп мүшелі болып келеді. Көркем әдебиетте ең жиі қолданылатыны – екі мүшелі және үш мүшелі бірыңғайлар. Бірыңғай көп мүшелі модельдердің қос мүшелі, үш мүшеліге қарағанда стильдік мәні ерекше. Бұлар арқылы ақын-жазушылар эпикалық, эмоциялық, юморлық мінездемелер беріп, портрет, табиғат көріністерін толық, жан-жақты, шегіне жеткізе суреттейді: *Жылтыр, қою қара қасы бар, ажарлы, үлкен қара көзді, қырлы кесек мұрынды және әдемі қиылған қысқа мұрты бар қара сұр жүзді Дәрмен Долговқа анық кавказ типінің бірін елестетеді. (М. Әуезов).* Сөйлемде жазушы Дәрмен портретін жасауда көп мүшелі бірыңғайлардың тізбегі арқылы оның сыртқы келбетін қолмен қойғандай көз алдына елестетеді. Ал мына мысалдардан Ф. Мүсіреповтың көп мүшелі бірыңғайларды сатиралық мақсатта, яғни кейіпкерінің портретін толық суреттеумен қатар, әрі осы адамның ішкі болмысына тән ерекше күлкілі бір сипатын әжуалай көрсететінін байқаймыз: *Ол – орта жастарды жоғарылатқан, айналасына паң қарайтын, ашаң жүзді, мұрынды, жұмыр ақ саусақты Фонштейн еді.*

Сөйтіп, бірыңғай мүшелі сөйлемнің әр алуан күрделі түрлерінің қалыптасып дамуы жазу тілінің, әдеби тілдің қалыптасып дамуына байланысты болады. Өйткені, сөйлеу тілі сөйлемді онша ұластыруды, күрделендіруді көтермейді. Сөйлеу тілі сөйлемнің ықшамды болып келуін керек етеді. Қазіргі тіліміздегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері – ертедегі түрімен салыстырғанда, дамудың талай өткелдерінен өткен тарихи қалыптасқан синтаксистік категория. Сөйлемде синтаксистік қызметі бірдей, өз ара тұлғалас сөйлем мүшелері бірыңғай мүшелер болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Балақаев, М., Сайрамбаев, Т.** Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 2003.
- 2 **Оралбаева, Н.** Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. - Алматы : Мектеп, 1975.
- 3 **Сыздықова, Р.** Абай шығармаларының тілі. – Алматы : Ғылым, 1968.

4 **Шаяхметова, М. Х.** Бірыңғай бастауыштардың көркем әдебиеттегі стильдік қызметі. – Павлодар, 1992.

5 **Шаяхметова, М. Х.** Бірыңғай мүшелі сөйлемдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Көкшетау, 2002.

«Туран-Астана» университеті, Астана қ.
Материал 13.03.14 редакцияға түсті.

М. Х. Шаяхметова, Ш. К. Абдразахова

Природа и развитие однородных членов предложения в казахском языке

Университет «Туран-Астана», г. Астана.
Материал поступил в редакцию 13.03.14.

M.Kh. Shaiakhmetova, Sh. Abdrazakhova

Nature and development of homogeneous parts of the sentence in the kazakh language

“Turan-Astana” University, Astana.
Material received on 13.03.14.

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы развития однородных членов предложения в казахском языке.

This article discusses the current issues about the nature and development of homogeneous parts of the sentence in the Kazakh language.

ӨОЖ 372.416.2:310.3[807]

М. Х. Шаяхметова, А. И. Аканова

СИНОНИМДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Мақалада қазақ тіліндегі морфологиялық синонимдердің синтетикалық әдістері жайлы қарастырылған.

Синонимдердің грамматикалық ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын, ең әуелі синонимдердің лексика-грамматикалық түрлерінің я топтарының аражігін ажыратып алған абзал. Академик М.Серғалиев «Синтаксистік синонимдер» еңбегінде: «Тіл білімінде синонимдердің белгілі бір салаларға, тіл білімінің

тарауларына байланысты дараланып, бөлінетіндігі сияқты (лексикалық синонимдер, морфологиялық синонимдер, синтаксистік синонимдер), сөздердің мағыналық айшықтарына, айтушының не жазушының сөз саптау шеберлігіне қарай, қысқасы, стилистикалық тұрғыдан синонимдердің басқа атаулармен жұмсалатын тағы бір түрлері бар. Авторлық, индивидуальдық немесе стилистикалық синонимдер, бір сөзбен айтқанда, контекстік синонимдер осындай қасиеттерімен, белгілерімен көрінеді» - дейді [1,29]. Ал «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» (2005) синонимдердің мынадай түрлері көрсетілген: *лексикалық синонимдер, морфологиялық синонимдер, синтаксистік синонимдер, фразеологиялық синонимдер және сөзжасамдық синонимдер*. Қазақ тілінде синонимдер лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, фразеологиялық, сөзжасамдық синонимдер болып бөлінеді. Олардың әрбірінің өзіндік ерекшеліктері бар, әрқайсысының зерттелу дәрежесі де әр бағытта, әр деңгейде болып келеді. Біріншіден, лексикалық синонимдерге тоқталатын болсақ, оларға ғалымдардың берген анықтамалар желісінің өзі біраз дау тудырғаны анық. Оларға анықтама беруде әр автор әр түрлі белгілерге сүйенеді. Мәселен, Л.А. Булаховский, А.Д. Григорьева, Л.Н. Саркисова, В.К. Фаворин синонимдер мағынасы жағынан тең сөздер десе, К. Аханов, Р.А. Будагов, Ә. Болғанбаев, А.Н. Гвоздеев синонимдер – мағыналары жағынан сәйкес келіп, бір ұғымды білдіреді дейді. Сол сияқты А.Реформатский синонимдер әр түрлі ұғымды білдіреді деп есептесе, Е.М. Галкина-Федорук, Н.М. Шанский, К.В. Горшкова синонимдер бір ғана объективтік шындықты бейнелей келіп, стилистикалық және мағыналық реңктер арқылы айқындалатын сөздер деп тұжырымдайды [2,6].

Ғалымдардың бұл мәселеге қатысты әр түрлі пікірлерін қорытындылай келіп, олардың қай-қайсысы да синонимдерді анықтауда сөздердің мағыналық сәйкестігін басты белгі деп санайтынын түсіну қиын емес. Бірақ бірыңғай синонимдік қатарға енетін сөздердің ұқсас, сәйкес мағыналықтан басқа да ерекшеліктері жоқ емес. Жалпы лексикалық синонимдерді анықтау мәселесінде бір ұғымды білдіре келіп, түрліше экспрессивтік-стилистикалық бояулар арқылы ажыратылатын, бір сөз табына енетін тұлғасы әр басқа сөздердің мағыналық ұқсастығы қатар алынғаны жөн. Синоним сөздердің мағыналық үндестігі оның басқа да белгілері мен ерекшеліктеріне негіз болады: синонимдердің лексикалық мағыналары ұқсас, сәйкес болады; синонимдік қатарға енетін сөздер бір ұғымды білдіреді; өзара синоним сөздер бір сөз табына жатады; синонимдер бір-бірінен эмоциялық реңк пен экспрессивтік мәндері арқылы ажыратылады. Мысалы, *үлгілі-өнегелі-тәлімді-тәрбиелі* синонимдік қатардағы сөздер, жақсы тәлім-тәрбие алған деген ұғымды білдіре келіп, өзара синонимдес болып тұр. Бұл синонимдес сөздердің мағыналары өзара ұқсас болғанымен, бірдей емес. *Үлгілі* сөзінде үлгі боларлық қасиет мол деген мағына басымырақ болса, *өнегелі* сөзінде дәл

осы мағына алғашқы сөзден де тереңдей түсіп, өзіндік мағыналық реңкке ие болады. Ал *тәлімді* сөзінде көрген-түйгені көп, *тәрбиеліде* жақсы тәрбиеден шыққан деген мағыналар ілгергілермен үйлесіп тұр [2,7].

Лексикалық синонимдердің тағы бір ерекшелігі – олардың бір сөз табынан болуы. Мұндай жағдайда белгілі бір синонимдік қатарға енетін сөздер (негізгі түбір болсын, белгілі аффикстердің көмегімен басқа сөз табынан жасалған туынды түбір болсын) бір сөз табында тұруы шарт. Тілдегі сөздердің негізгі екі жағы: дыбысталуы мен мағынасы болатыны тәрізді, лексикалық синонимдердің де екі жағы болады. Синонимдердің бір ұғымды білдіретін сәйкес мағыналылығы – оның мазмұны болып табылса, олардың дыбыстық әр түрлі құрылымы-формасы, тұлғасы болып саналады. Синоним сөздердің мазмұны болатын мағына мен ұғым бір-бірімен тығыз байланысты. Бірақ мәндес сөздердегі ұғым мен мағына өзара бірлікте бола тұра, өзіндік айырмашылықтарға ие болады. Ұғым ойдың негізінде пайда бола келіп, сөздің бәріне бірдей тән емес. Қандай сөзде болсын белгілі бір мағына болуы мүмкін, бірақ сөздің бәрі бірдей белгілі бір ұғымды білдіре бермейді. Сол сияқты сөздің мағынасы әр түрлі эмоциялық реңкке ие бола алса, ойлау категориясы ретінде саналатын ұғымда эмоциялық бояу болмайды. Лексикалық синонимдер әр түрлі жолдармен пайда болады [7,129]. Олардың бастылары мыналар: 1) сөздің мағыналық жақтан дамуы, қосымша жаңа мағыналарға ие болуы синонимдік қатарлардың жасалуына әсер етеді. Көп мағыналы сөз әр мағынасында әр түрлі синонимдік қатарға еніп, синоним сөздердің шеңберін кеңейтіп отырады. Мысалы, әр мағынада жұмсалатын *бет* деген сөз бір мағынасында *жүз*, *дидар* деген сөздермен синонимдес болса, екінші бір мағынасында *беткей*, *төскей* дегендермен (*Мал сонау бетте жайылып жүр, мал сонау беткейде, төскейде жайылып жүр*); *енді бір мағынасында бағыт*, *бет алыс* деген сөздермен синонимдес болып келеді (*осы бетің дұрыс-осы бағытың дұрыс*); 2) заттар мен құбылыстардың бірден көзге түсіп байқала қоймайтын айрықша белгілері мен қасиеттерін бірге-бірге ашып, оларды атау үшін және мағыналардың нәзік реңкін ажыратып айту үшін тілде жаңа сөздер жасалып отырады да, тілдің бүтіндей сөздік құрамы даму, баю күйінде болады. Ал туынды жаңа сөздер сөз тудырудың әр түрлі тәсілдері арқылы пайда болып отырады. Сөз тудырудың түрлі-түрлі тәсілдері арқылы сөздік құрамның даму барысында синонимдер де жасалады. Мысалы, *жаз* бен *көк* деген сөздер түбір қалпында бір-бірімен синонимдес бола алмайды: ал осы сөздердің сөз тудыру тәсілі арқылы болған *жазғытұрым*, көктем тәрізді туынды түрлері өзара мәндес, синонимдес сөздер болып саналады. Туынды жаңа сөздердің жасалу барысында пайда болған синонимдер: *жайылым*, *өріс*; *олқылық*, *кемшілік*; *тірек*, *таяныш*, *сүйеніш*; *кездесу*, *жолығу*, *ұшырасу*, *жүздесу*; *сабырлы*, *салмақты*; 3) әдеби тіл лексикасының диалект сөздердің есесінен толығыуы

нәтижесінде де синонимдер жасалады (*леген*, *шылапшын*; *тақия*, *кепеш*; *шырпы*, *оттық*); 4) Тілде белгілі бір стилистикалық қызметте жұмсалатын эвфемизмдер басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерімен мәндес келіп, синонимдер жасалады. Мысалы: *өтірік айту* дегеннің орнына кейде жұмсартып, *қосып айту* дейміз. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін де эвфемизмдердің қатысымен жасалған синонимдердің қатарына жатқызуға болады: *мастық*, *қызулық*; *ұрлық-қарлық жасасамау*, *ала жібін аттамау*; *өлді*, *қайтыс болды*, *дүниеден өтті*, *дүние салды* т.б. Осы қатарлардың соңғы сыңарлары – эвфемизмдер; 5) белгілі бір тілдің лексикасына басқа тілдерден енген сөздер сол тілдің байырғы сөздерімен мәндес келіп, соның нәтижесінде синонимдер жасалады: *шекер-қант*, *одеколон-иіс су*, *тұрба* - *мұржа*, *доктор* - *дәрігер*, *күршек* - *ілгек*, *мөшек* - *қап*, *қапшық*; *сіріңке* - *шырпы* деген синонимдердің әрқайсысының алдыңғы сыңарлары-орыс тілінен енген сөздер. Ал *дидар* - *бет*, *жүз*; *табиғат* - *жаратылыс*; *құрмет* - *сый*, *тағам* - *ас*; *есім* - *ат*; *мұғалім* - *оқытушы*; *дәреже* - *атақ*; *рақмет* - *алғыс*; *мейман* - *қонақ*; *қораз* - *әтеіш* деген синонимдік қатарлардың алдыңғы сыңарлары араб және иран тілдерінен енген. Өзара мәндес синоним сөздердің мағыналық нәзік айырмашылықтарын жете білген адам синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға дәлме-дәл келетінін тауып қолданады да, оның жазғаны немесе сөйлеген сөзі нысанға дәл тиіп жататын, әрі келісті, әрі мәнерлі болып шығады [7,131].

Лингвистикалық синонимдерді стилистикалық деп бөлу ешбір даусыз болғанымен, бұл мәселе жөнінде әркімнің пікірі әр түрлі. Стилистикалық синонимдерді сөз етуші тіл мамандары оларды (стилистикалық синонимдерді) ұқсас мағынаны білдіре отырып, бір ғана стильде шектеліп қолданылатын сөздер деп есептейді. Мұндай пікірді құптаушы авторлар стилистикалық синонимдердің эмоционалды-экспрессивтік қасиетін ескермейді. Мәселен, түрікмен тіліндегі синонимдерді қарастырушы В. Мескутов стилистикалық синонимдерді тек белгілі бір стильде жұмсалатын сөздер деп таниды. Стилистикалық синонимдерді әр түрлі стильдерге тән сөздер деп санайтын авторлардың (Л.А. Введенская, Т.В. Дыбина, И.И. Шеболева т.б.) бұлай ойлауының себебі бар: олардың қай-қайсы болса да стилистикалық синонимдерді эмоционалды-экспрессивтік мәнге тәуелсіз деп есептеп, стилистикалық синонимдерді бір бөлек, ал эмоционалды-экспрессивтік мәндес сөздерді синонимнің жеке түрі ретінде өз алдына қарастырады.

Ғалымдардың келесі бір тобы стилистикалық синонимдерді сәйкес мағынаны білдіре келіп, эмоционалды-экспрессивтік мән арқылы ерекшеленетін сөздер деп тұжырымдайды. Стилистикалық синонимдердің басты ерекшелігі – олар сәйкес мағынаны білдіре келіп, әрі мағыналық, әрі экспрессивті-стилистикалық қасиетке ие. Яғни стилистикалық мәндес сөздер екі өлшеммен өлшенеді: бірі – мағыналық, екіншісі –

стилистикалық. Стилистикалық синонимдерді семантикалық синонимдермен жақындастыратын белгі оның сәйкес мағынаны білдіруі болса, семантикалық синонимдерден айырмашылығы – оның эмоционалды–экспрессивті мәнінің болуы мен стильдік талғампаздығы бояма мәнге ие болуына байланысты барлық стильде қолданыла бермейді, жеке бір стильді талғап жұмсалады. Стилистикалық синонимдер қолданысына қарай екіге бөлінеді: *ауызекі сөйлеу стилінде қолданылатын синонимдер, әдеби стильде қолданылатын синонимдер*.

Тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды, сонымен мән-мағынасы жағынан үйлес келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолданыла береді. Мұндай құбылыс тіл білімінде фразеологиялық синонимдер деп аталады. Көптеген стилист-ғалымдар синтаксистік синонимдерді зерттеу ісіне ерекше мән береді. Мәселен, академик В.В. Виноградов профессор А. Гвоздевтің «Очерки по стилистике русского языка» деп аталатын еңбегінің жағымды жақтарының бірі ретінде автордың синтаксистік синонимдерге бірнеше бет бергенін және оларды ғылыми жағынан сәтті сипаттағанын атап өтеді [4,55]. Оның «Очерктерінде» орыс грамматикалық және лексикалық синонимиясы саласы бойынша бай да сәтті терілген материал, өзіндік және нәзік біршама байқаулар бар екенін көруге болады» - деп жазады С. Бархударов [1,4]. Қорытындылай келгенде, синонимия құбылысының тіл білімінің барлық салаларына тән өзекті мәселе болып табылатындығына көз жеткіземіз. Синонимия құбылысы түрлерінің барлығы бір-бірімен байланысты, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Серғалиев, М.** Синтаксистік синонимдер. – Алматы, 1991.
- 2 **Оразбаева, Ф.** Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. – Алматы : Мектеп, 1988.
- 3 **Нұрғалиева, М. Б.** Тарихи романдардағы лексикалық синонимдер. – Астана, 2004.
- 4 **Болғанбаев, А.** Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 1988.
- 5 **Османова, А. Ә.** Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі. – Алматы : Ғылым, 1991.
- 6 **Исаев, С.** Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы : Рауан, 1998.
- 7 **Аханов, К.** Тіл білімінің негіздері. – Алматы : Санат, 1993.

«Тұран-Астана» университеті, Астана қ.
Материал 13.03.14 редакцияға түсті.

М.Х. Шаяхметова, А.И. Аканова

Лексико-грамматические виды синонимов

Университет «Туран-Астана», г. Астана.
Материал поступил в редакцию 13.03.14.

M. Kh. Shaiakhmetova, A. Akanova

Lexical and grammatical types of synonyms

«Turan-Astana» University, Astana.
Material received on 13.03.14.

В статье рассматриваются синтетические приемы морфологических синонимов казахского языка.

In this article are considered the synthetic methods of morphological synonyms in Kazakh language.

ӘОЖ 82.02; 82-32

Б. Ә. Ысқақ

МҰХТАР МАҒАУИН ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ӘДЕБИ ТӘСІЛ

Мақалада қазақ жазушысының көркемдік ізденістері аталып, қазақ әңгімесіндегі әдеби тәсіл туралы сөз болады.

Мұхтар Мағауиннің диалогты қолдану шеберлігі әлемдік әдебиеттен кем түспеген, мысалы Э. Хемингуэй шығармаларының белгілерін көресіз. «Кешқұрым», «Әйел махаббаты» (1961) әңгімелерінде Жұмағұл шалдың өміріне соғыс салған жара өрнектелген, екінші әңгімеде бүгінгінің Мәжнүні бейнеленеді. «Жаңылысу» (1961) әңгімесінде жазушы үндемес Омарбайдың ұлды болған қуанышын бейнелеп отырып, адам құпиясының қалтарысына өзі бойлатпаса ешкім кіре алмасына сендіртеді.

«Қияндағы қыстау» (1968) әңгімесінде Көкдауыл итті ертіп Едігенің арқар атқан «өмір күресі» баяндалады.

«Сентябрьде» (1968) әңгімесінде зейнеткердің өмір тарихы арқылы қазақ халқының жалпы сипаты бейнеленеді: соғыс жалмаған үш ұлынан кейін көрген ұл-қызы, кеңестік тыныс, байлығы шіріген министр құдалар мен орысша тәрбиеленген келін, ұлттық дәстүрдің сақталмауы, ең қиыны: «шүлдірлеген немерені өзіміздікі дей алмай жүрміз», – деп ұлт тілі ұрпақ тілінен ажырап бара жатырған әрекетке тосқауыл іздеген.

«Түнгі қонақтар» (1969) әңгімесінде Ақлима ананы бейнелеу арқылы эзәзіл-шайтанның азғыруына түскен жанның бейнесін толықтыратын Токметті, дастарханға арақ ала жүгіретін аналардың ойланбай жүргенін жеткізген.

«Өткіңші» (1969) әңгімесінің негізгі мұраты – дұрысы ұлттық тамырдан ажырамау, – әсіресе табиғат суреттемелері көп көмек еткен, найзағай жасынымен ес жиғызатыны тамаша берілген.

«Шаңқа» (1970) әңгімесінде баланың сүйкімді де пәк шағында барлық жақсылықтың нәрі сіңірілуі тиіс деген тұжырым бекітілген.

«Күтпеген кездесу» (1971) әңгімесі мінез құбылыстарының бейнеленіп берілуімен маңызды.

«Тарпан» (1972) әңгімесінде бос үміттің көңілге қонбайтындығы жақсы ашылып берілген.

«Иесіз» (1972) әңгімесінде үйінен адасып қалған қандан арқылы жаттың жақынға айналуы сирек екеніне ишара жасайды.

«Тұлымханның бақыты» (1973) әңгімесі ер адамдардың ұсақталуы мен жар адалдығына деген ұлы кіршіксіздік жоғала бастап, сананы тұрмыс билегенді бейнелеген.

«Архив хикаясы» (1973) әңгімесінің бұрынғы аты «Мұрагер» деп аталған. Сембек аспиранттың қорғау тақырыбын терең зерттеймін деп мұрағат материалы жаңалығымен он жылын мұрағатшы Сәметпен өткізуі, соның ықпалынан шыға алмауы арқылы зиялылыққа ұмтылған жандардың өзгеге зияны болмаса да өзіне жасаған қатыгездігі, оларды айрықшалайтын өзімшілдік психологиясы танылады. Баяндаушы кейіпкердің аталған Сембектің кебін кимеу үшін әңгіме жазып, докторлық ғылыми жұмыстан бас тартуының да астарлы мәні бар.

«Менің балаларымның туысқан ағасы» (1973) әңгімесі баланың қажет тілегін уақытында орындамаса оның да өкініші болатынын, бала жанының тұнықтығын білдірті.

«Шеше» (1977) әңгімесі асырап алған ұлдың анасына деген адалдығы, дүние кезек қарымтаны көрсетеді.

«Көк кептер» (1977) әңгімесі «әке қадірін, әкелік парызды» баяндайды.

«Ер Тарғын» (1977) әңгімесі ауыз әдебиетінен келе жатқан Тарғын мен Ақжүніс сұлудың батырлық жырын прозамен берген: «Ер арманы – халқының қажетіне жарау. Тұлпар кетсе – тұяғы қалады».

Жазушы «балалар» арқылы енген дәстүрсіздікке соңғы нүкте қоюға болады деп сенеді. Дұрыс тәрбиелей алсаң, немерелер арқылы қайтадан ұлттық дәстүр қалпына оралуы тиіс деген арманы «Әже» (1983), «Биік үйдегі Бөрібасар» (1984) әңгімелерінен көрінеді.

«Жындыбас» (1984) әңгімесінде адамдардың «өмірмен ойнауға болмайтыны, қас-қағым сәт екені» бақыланады.

«Алтын тіс» (1988) әңгімесінде сырттай оқитын студенттер білімі, басқалардың надандық құрбаны болып шықпасына жол бермеу нысаналанады.

«Тәртіпті азамат» (1988) әңгімесі пайда тигізудің де шектеулі өлшемі болу керектігін түсіндіреді.

«Оң мен сол» (1990) әңгімесінде Мүсіреповтік «із» тәсілінің әдемі жалғастығын айтуға болады: «аппақ қарға түсетін оң мен солды айыртатын алғашқы таңбадан басталатыны», – бала аяқ киімінің оңы мен солын тауып алғанымен есейе келе өз бағытының қайда бұрыларына қиналатынын астарлы етіп жазған.

«Пұрқоралдың көк аты» (1990) әңгімесінде жазушы: «арың мен иманың нені қаласа, сонымен бол. Атасының сөзі етіп иа Алла тура жолға», – «тіл шыққаннан демі үзілгенше» бабалар салған жолдан таймауды мансұқ еткен.

«Қант пен ірімшік» (1990) әңгімесінде соғыс уақытындағы таршылықтың бір белгісі қант еді деп келіп: «ата-баба тағамынан қол үзу – ауру сырқауға бастайтын, қараңғы көрге апаратын нағыз қайыршылық деп білгейсің», – деп ащы шындықты анық айтқан.

«Құлаққа талас» (1990) әңгімесі, Әскержанның шұнақ құлақты алмай әділдік іздеп шырылдауы еркелікпен қатар негізі әріде екеніне мән бергізеді: «қазақта ең сыйлы адам – бала. Ал баланың бәрі бірдей тең. Теңдік үшін таласыпты».

«Климмен күрес» (1990) әңгімесінде: «Күрессең жеңу мұрат па. Дәл олай емесін уақыт өте келе аңдаймыз. Үнемі жеңу мүмкін емес, бірақ өз өміріңдегі ең үлкен күрестен жеңілген адам – бақытсыз екен, арманда кетеді», – деп ой қорытады.

«Абақтыда өлген Уан атам» (1990) әңгімесі жеті атасын жаттап алған баланың өмірден кейінгі өлім кезін елестетуі, алланың барына сенуі: «бабаларымның кім болғанын білу, аталарымның қандай ғұмыр кешкенін естіген соң өзімнің кім болуымды білдім, біртүрті-бірте аңғардым», – деуі ұрпаққа қажет жаңаша пайым түрткісі болған.

«Тассудан өткен қашқындар» (1990) әңгімесі бірін-бірі күндеген қылықтың кешірімі жоқтығын, зауал барын бейнелейді.

«Әскержанның ағасы» (1990) әңгімесінде соғыста шейіт кеткендіктен ағасы бола тұра аға мейірімін, өлсе өлігін көре алмаған талай қазақ отбасының тағдыры беріледі. «Ең әділ сайлау» (1990) әңгімесі жазықсыз жалалы болғандар, қудалану тақырыбының бір қыры – адамды адам жау көру өз ішіңнен шығатынына нандыртады.

«Гимн» (1990) әңгімесі өз елдігін аңсаған дала қазағының өміріне балта шапқан, үндемеуге үйреткен тағдыры беріледі. Мектеп балаларының «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсағанды айтуы» – Тәуелсіздіктің жақындағанын білдіретін болашақ болжамы.

«Шығырық» (1989) әңгімесі тап жауы жаласымен өз елінде еркін жүре алмай өз моласын ата-баба жерінен аңсаған Шығыршық шал туралы бала естелігі етіп беріледі.

«Әбдіғаппар сері» (1989) әңгімесінде дала өмірінің мәдениетін жойылтуға әкелген қысымшылық, Ақан серілерді аңсауы – жазушының акты ақ, қараны қара деп нақ айтқан көзқарасын білдіреді. «Ақжалға кеткен Сейіттің баласы» (1988) әңгімесінде желтоқсан оқиғасының шет-жағасы бала Алик диалогынан көрінеді.

«Коммунистік реализм» (1992) әңгімесінде: «қабырғамыз қаусаса да, омыртқамыз үзілмей шықтық. Мұрын тесілгені, құлақ кесілгені, ми шайқалғаны ештеңе емес – алтын бастың садағасы»,– деп сақтансаң сақтармын принципімен өмір сүру қиындығы, жазушы тәубасы ескерілген.

Мұхтар Мағауиннің «Тамыздан кейінгі әңгімелерінде» әдеби тәсілдердің бәрі кірген. Соғыстан кейінгі станиншілдіктің зардабы көрсетіледі. Бала Мадияр мектеп кітапханасынан «Гулливёрдің саяхаттарын», «Дон Кихот», «Гоголь, Толстой, Тургеневтердің шығармаларын» оқып, жүрегіндегі берішін басады.

Кінәсізді кінәлі етіп көрсеткен көркем тарихты жазған: «Оң қолдың кінәсі – сол қолды атқанында емес, арыз-ғұрыз жазып, азаматтың обалына қалғанында деп еді атам».

Бақыт Кәрібаева өзінің «Мәдениеттің түп атасы – әдебиет» деген сұхбатында: «Евразияның Уақыт өзі ұсынған саяси картасын ... мәдени, ішкі психология негізін Әуезов әзірледі»,– деп [1, 13 б.] пікір айтқан. Бұл әдебиеттанушылар үшін зерттеу бағытында көп мәнді білдіретін талдау нысанасы болып табылмақ.

Себебі, сондай талдамалардың басын біріктірсек, қазақ әңгімесінің көркемділік, суреттілік стилі дараланып, содан барып ұлттық және әлем әдебиетінің тұтастық бірлігіне айналуына мол мүмкіндігі бар деп санаймыз.

Жанрлық қалпын сақтай отырып, әңгіме жанры тақырыптық, пішіндік, көркемдеу құралдары жағынан үнемі даму үстіндегі әдеби үрдісте деп айтуға болады.

Жалпы қазақ әңгімесі, оның ішінде 1960 жылдардан кейінгі жазылған әңгімелер өз дәуірінің тынысын береді, өз дәуір кейіпкерлерін бейнелейді.

Қазақ әңгімесінің көркем мазмұнында қазақ қоғамының әлеуметтік сипаты суреттеледі. Сондықтан бұл әр кез әңгіме жанры әдебиетші ғалымдардың, әдеби сыншылардың назарынан тыс қалып көрген емес. Сондықтан әрбір жаңа әңгіме жаңалығы, табысы мен кемшілігі үнемі сарапталып отырған.

Қазақ әңгімесінің көркемдігі, қоғамдық мәні 1960 жылдан кейінгі әдебиеттің әлеуметтік-тарихтық белгісін қарастырады.

Қазақ әңгімесі дәстүрлі пішінді жаңа мазмұнмен өрнектелген.

Көркемдеу жолдарында халықтық дәстүрдің түрленуі байқалады. Бұл жеке қазақ әңгімесіне тән құбылыстар.

Қазақ әңгімесінде жалпылама тәлім оқиғасымен өрілген бейнелілік пен мұраттылық ұштастығы бірнеше тынысты көркем ойлы болуы басым келген. Мысалы, кейіпкерді ойлату, сөйлету ерекшеліктері (Шерхан Мұртазада, Әбіш Кекілбаевта, Оралхан Бөкейде, Мархабат Байғұтта) өзіндік мәнер қалыптастырған. Сондай өзіндік әдеби тәсіл қалыптастыра алған, әсіресе әлеуметтік талдауды психологизммен әдемі ұштастыра алған жазушымыздың бірі Мұхтар Мағауин деп танитынымызды, мақала қорытындысы ретінде береміз.

Әлем әдебиеті әңгімелерінен қазақ әңгімесінің өзгешелік тұстары осы әлеуметтік өмір көрінісінен келіп шығады: 1937 жыл зұлматы, екінші дүниежүзілік соғыс зардабы, ұлттық құндылықтардың құрбандығы, тағы басқа аталмай қалған тарих шындығы.

Әлем әдебиетінің әңгімелерімен салыстырсақ әсіресе, қазақ әңгімесінің көркем мазмұнындағы әлеуметтік өмір көрінісі – ұлттық ерекшеліктермен кіріккен түрде суреттеледі.

Қазақ жазушысының ұлтжандылыққа рухани жақындату жолындағы әдеби шеберліктері түрлі кейіпкерлер мен қазақ көркем тарихын дүниеге әкелді. Бір ғана мысалы, орыстандыру саясаты болмаса, «Балшықбайлар», «Оксаналар» кейіпкер ретінде танылмас еді.

Қазақ әңгімесінің әлем әдебиетіндегі әңгімелерден тағы бір айырмашылығы осы тұста шығады: қазақ халқының әлеуметтік тағдыры.

Әлемдік тұрғыдан көтерілген мәселе емес секілді етіп көрсете отырып, яғни қазақ мәдениетіндегі персонификация теориясымен дәлелдеген. Бұл теория қазір көптеген әдебиет зерттеушілерін қызықтырып жүр, ал Мағауин әңгімесі бұл теорияны бекітіп, нықтап беруге толық мүмкіндігі бар деп санаймыз. Қазақ жазушысы алдымен күнделікті тіршілік жағдайынан-ақ тамаша көркем мазмұн құрай алған.

Гауһар Балтабаева: «Әлеуметтік талдауды нақтылы кейіпкердің өмір сүріп отырған ортасына, әлеуметтік жағдайына қарай қалыптастыру қажет. Әлеуметтік талдау бейненің қалыптасу үрдісін суреттеу жолымен жүргізіледі, көп шығармаларда психологиялық талдаумен ұштасуы тиіс ... Шығарманың әлеуметтік салмағын анықтау арқылы кейіпкер мінезін, психологиясын танып білеміз. Шығарма шырайын, авторлық мұратты айқындау үшін әлеуметтік астарға үнілеміз. Әлеуметтік талдау символ, көркемдік шарттылық, астарлау, психологиялық егіздеу арқылы шешіледі»,– [2] деген болатын диссертациялық еңбегінде. Сонымен қатар, қазақ әңгімелерінің суреттілігін, әлеуметтік өмір сипатын сөз ету үшін, оның жазылған уақытымен санасып, қазіргі теориялық зерттеулермен дәлелдеп толықтыру керек. Сонда қазақ әдебиетінің әдебиеттанудағы ролі жаңа қырынан жазушы еңбегі (әдеби тәсілі) арқылы жаңарады, әрі әлем әдебиетіне өз орнын таныта алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Кәрібаева, Б.** Мәдениеттің түп атасы – әдебиет // Қазақ әдебиеті. – 09.01.2004. – Б.13

2 **Балгабаева, Г.** Қазіргі қазақ әңгімелері (1980-1990 жж): филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.01.02. – Алматы : ӘжӨИ, 1999. – 25 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 11.04.14 редакцияға түсті.

Б.А. Ыскак

Литературный прием в рассказах Мухтара Магауина

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 11.04.14.

В. А. Yskak

A literary device in the stories of Mukhtar Magauin

S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 11.04.14.

В статье речь идет о литературном приеме в казахском рассказе, в котором анализированы новые грани художественного искания казахского писателя.

The article is about literary devices in the Kazakh story, in which are analyzed the new facets of artistic quest of the Kazakh writer.

НАШИ АВТОРЫ

Абышева А. Б. - Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

Абушахманова К.Е. - Литературно-художественный, общественно-политический журнал «Найзатас», г. Павлодар.

Абилов Алджар - к.ф.н., доцент, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда.

Абдразахова Шолпан Кайбылдаевна - магистрант, Университет «Туран-Астана».

Айтбаева Айман - к.ф.н., доцент, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда.

Аканова Айкерим Ибрагимовна - магистрант, Университет «Туран-Астана».

Алкебаева Дина Акбергенкызы - д.ф.н., профессор кафедры «Казахская филология», Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы.

Баекеева Айнура Толыбаевна - магистрант, Казахский гуманитарно-юридический университет, г. Астана.

Балкен Толкын Корабайкызы - Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

Баратова Мухаббат Нуржауовна - к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

Вафеев Р. А. - Югорский государственный университет, Российская Федерация.

Газдиева Б. А. - Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан.

Досанова А. Ж. - Университет “Туран-Астана”, Университет имени Сулеймана Демиреля.

Дуйсенова Маржан Молдакасымовна - PhD докторант, кафедра «казахского языка», Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави, Республика Казахстан, Южно-Казахстанская область.

Енсебаева Алтын Кабдыровна – магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

Жапарова Асемжан Жапарқызы - магистр филологии, старший преподаватель, Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы.

Жактай А. М. - Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

Жакупова А. Д. - Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан.

Жусип Куандык Пазылулы – д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Жусупов Нартай Куандыкович - д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Жумабекова А. С. - Казахско-турецкий лицей-интернат для одаренных девочек, г. Павлодар.

Жундибаева Арай - магистр педагогики, докторант PhD, Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссави, г. Туркестан.

Зейнулина Айман Файзулловна - к.ф.н., профессор, зав. кафедрой казахского языка, член – корреспондент РК АПН, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Ибраева Айгерим Тарбиновна - студент 3 курса историко - филологического факультета, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

Кадирова Ф. М. - Университет “Туран-Астана”, Университет имени Сулеймана Демиреля.

Кадырова Бакытжан Масалимовна - к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Канабекова М. К. - Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.

Капасова Бахытгуль Касымбаевна - к.ф.н., доцент литературовед. наук, кафедра журналистики, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Карипжанова А. О. - Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Коровайко Ирина Владимировна - Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Насырова Алия Базарбаевна - к.п.н., зав. кафедрой казахского языка, Карагандинский государственный медицинский университет, г. Караганда.

Оразбек Макпал – д.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Сагындыкова Ж. О. - Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан.

Сарбалаев Жаксыбай Турсынович - к.ф.н., профессор Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Сарбалаев Е. Ж. - к.ф.н., Образовательный центр Министерства внутренних дел Республики Казахстан.

Смольникова Елена Ивановна – магистрант, старший преподаватель кафедры «Русская филология», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Степаненко А. А. - Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Сыздыкбаев Нурғали Артыкбаевич - к.ф.н., доцент кафедры русского языка и литературы, Узбекский государственный университет мировых языков, г. Ташкент.

Темирбулатова Айнура Нурлановна - Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Толбаева К. Т. - Казахский инновационный гуманитарно-юридический университет, г. Семей.

Фаткиева Г. Т. - Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан.

Шаймарданова Светлана Кабиденовна - к.ф.н., доцент ВАКа, профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Шяхметова Майдан Хасеновна - к.ф.н., профессор, Университет «Туран-Астана».

Ыскак Бакыт Амирханкызы - к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА
 («ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,
 «КРАЕВЕДЕНИЕ»)

1. В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с межстрочным интервалом 1,5, с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

2. Общий объем статьи, включая аннотацию, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы не должен превышать **8-10 страниц**.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени. Для статей, публикуемых в журнале «Вестник ПГУ» химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

4. Периодичность издания журналов – два раза в год (№1 – с января по июнь; №2 – с июля по декабрь)

Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

1. УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;
2. Инициалы и фамилия (-и) автора (-ов) – на казахском, русском и английском языках, абзац по левому краю;
3. Название статьи – на казахском, русском и английском языках, заглавными буквами жирным шрифтом, абзац по левому краю;
4. Резюме на казахском, русском и английском языках: кегль – 10 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см, интервал 1,0 (см. образец);
5. Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).
6. Межстрочный интервал 1,5 (полупетерный);
7. Список использованной литературы (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 (см. образец).

На отдельной странице

В бумажном и электронном вариантах приводятся:

– название статьи, сведения об авторе: Ф.И.О. полностью, ученая степень, ученое звание и место работы на казахском, русском

и английском языках (для публикации в разделе «Наши авторы» и «Содержание»);

– полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

1. Иллюстрации, перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

2. Математические формулы должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

3. Автор просматривает и визирует грани статьи и несет ответственность за содержание статьи.

4. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

5. Оплата за публикацию в научном журнале составляет **5000 (Пять тысяч) тенге**.

6. Статью (бумажная, электронная версии, оригинал квитанции об оплате) следует направлять по адресу:

140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137.

Тел. 8 (7182) 67-36-69, (внутр. 1147), факс: 8 (7182) 67-37-05.

E-mail: kereky@mail.ru

Наши реквизиты:

РГП на ПХВ Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова РНН 451800030073 БИН 990140004654	РГП на ПХВ Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова РНН 451800030073 БИН 990140004654
АО «Цеснабанк» ИИК KZ57998FTB00 00003310 БИК TSESKZK A Кбе 16 Код 16 КНП 861	АО «Народный Банк Казахстана» ИИК KZ156010241000003308 БИК HSBKZKX Кбе 16 Код 16 КНП 861

УДК 316:314.3

А. Б. Есимова

СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА

В настоящей статье автор дает анализ отличительных особенностей репродуктивного поведения женщин сквозь призму семейно-родственных связей.

На современном этапе есть тенденции к стабильному увеличению студентов с нарушениями в состоянии здоровья. В связи с этим появляется необходимость корректировки содержания учебно-тренировочных занятий по физической культуре со студентами, посещающими специальные медицинские группы в.....

Продолжение текста публикуемого материала.

Пример оформления таблиц, рисунков, схем:

Таблица 1 – Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

	СКР, 1999 г.	СКР, 1999 г.
Всего	1,80	2,22

Диаграмма 1 – Показатели репродуктивного поведения





Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Эльконин, Д. Б. Психология игры [Текст] : научное издание / Д. Б. Эльконин. – 2-е изд. – М. : Владос, 1999. – 360 с. – Библиогр. : С. 345–354. – Имен. указ. : С. 355–357. – ISBN 5-691-00256-2 (в пер.).

2 Фришман, И. Детский оздоровительный лагерь как воспитательная система [Текст] / И. Фришман // Народное образование. – 2006. – № 3. – С. 77–81.

3 Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] : научное издание / сост. К. Б. Жарикбаев, сост. С. К. Калиев. – Алматы : Рауан, 1995. – 512 с. : ил. – ISBN 5625027587.

Место работы автора (-ов):

Международный Казахско-Турецкий университет имени
Х. А. Яссави, г. Туркестан.

Материал поступил в редакцию 22.04.14.

А. Б. Есимова

Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Түркістан қ.
Материал 22.04.14 редакцияға түсті.

А. В. Yessimova

The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors

К. А. Yssawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.
Material received on 22.04.14.

Бұл мақалада автор Қазақстандағы әйелдердің отбасылық-туыстық қатынасы арқылы репродуктивті мінез-құлықты айырмашылықтарын талдайды.

In the given article the author analyzes distinctions of reproductive behavior of married women of Kazakhstan through the prism of the kinship networks.



Теруге 12.05.2014 ж. жіберілді. Басуға 22.05.2014 ж. қол қойылды.
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 14,9 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген А. Елемескызы
Корректорлар: Б.Б. Ракишева, А. Елемескызы, Ә.Р. Омарова
Тапсырыс № 2269

Сдано в набор 12.05.2014 г. Подписано в печать 22.05.2014 г.
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 14,9 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка А. Елемескызы
Корректоры: Б.Б. Ракишева, А. Елемескызы, А.Р. Омарова
Заказ № 2269

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: publish@psu.kz
kereky@mail.ru